**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**45minut.kz – 45minut.org**
**Ұстаздарға арналған басылым редакциясы**

# «НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ»

## I ЖИНАҚ

**Шығармашылық еңбектердің**
**іс-тәжірибелік жинағы**

**Редактор: Нағиев Ізгілік**
**Байдрахманұлы**

**Алматы, 2016**

**УДК 37.3 (072)**

**ББК 74.03**

**Н 86** **"Нұрлы жол – болашаққа бастар жол"**:І-жинақ. Ұстаз шығармашылығы 45minut.org топтамасы. Шығармашылық еңбектердің іс-тәжірибелік жинағы /Редактор І.Б. Нағиев – Алматы, 2016. – 198 б.

**Н 86**

**ISBN 978-601-7579-17-3**

«Нұрлы жол» - «Мәңгілік елге» бастау алған сара жол, болашақтың басты бағдары, жаңа істер бастамасы. Бұл тіркестің өзінде терең ассоциациялық мән бар. Бұл — дағдарыс кезеңінен шығу жолы, инфрақұрылымдардың дамуы, жаңа жолдардың салынуы, экономикалық серпілістің жалғасы, әлеуметтік әл-қуаттың артуы.

Жер бетінде қанша ел болса, әр елдің мәдениеті, салт - дәстүрі мен білім беру жүйесі болады. Біздің мемлекетіміздің де білім беру саласына көптеген өзгерістер енгізілуде. Жаңа заман – қай кәсіпте болмасын жаңашылдықты талап етеді. Басты мақсат – жас ұрпақтың сапалы білімді игеруі. Оқушыларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Сондықтан, мұғалім үнемі ізденісте, жаңашыл және әрқашан білімін жетілдіріп, жаңа әдіс – тәсілдерді меңгеруге тиіс.

Білім саласы мен кәсіпорын мамандары арасындағы байланыс ғылым, білім және өндіріс ықпалдастығының арта түсуіне қызмет етеді. Ал басты басымдылық ретінде адам капиталы, тәжірибелік білім мен біліктілікке инвестиция салынатын болады. Өйткені, заманауи маманға оның білімі, кәсібилігі, оқып-білуге деген қабілеттілігі құнды қасиетке баланады.

**УДК 37.3 (072)**
**ББК 74.03**

**ISBN 978-601-7579-15-9**

**© Нагиев И.Б., 2016**

**Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылы**
**«Тайпақ мектеп-гимназиясы»КММ-нің жоғары санатты**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Урынгалиева Манет Төреғалиқызы**

Тақырыбы: Ш.Уәлиханов –ұлы ғалым.
Сабақтың мақсаты: білімділік –халқымыздың ойшылы, ұлттық мақтанышымыз Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын, өмір сүрген ортасын тарихи деректермен байланыстыра түсіндіру.
Дамытушылық –оқушылардың өз бетімен ізденуіне, қосымша деректерді пайдалана білуге баулып, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту.
Тәрбиелік –Көкше топырағында тәрбиеленіп, сұңқардай биікке самғаған, демократ ағартушы Шоқанның бойындағы алғырлық, зеректік, ойшылдық қасиеттерді оқушылардың санасына ұялату, халықтың сүйікті адал перзенті бола білуге тәрбиелеу.
Сабақтың түрі: ізденіс сабағы.
Сабақтың әдісі: сұрақ –жауап, мәнерлеп оқу, СТО технологиясының элементтері.
Көрнекілігі: Ш.Уәлиханов портреті, өмір деректеріне арналған слайдтар, шығармалар жинағы, Шоқан туралы әдебиеттер.
Сабақтың барысы: І.Ұйымдастыру бөлімі
ІІ. Шоқан туралы көркем әдебиеттен, зерттеу еңбектерінен алған мағлұматтарын ортаға салу.
1.Абылай ханның шөбересі.
2.Балалық шаққа саяхат.
3.Өзгеден озық шәкірт.
4.Қащқарияға саяхат.
5.Талантын мойындатқан ғалым.
6.Шоқан –публицист жазушы.
2.Топтастыру

суретші ағартушы географ  дипломат Шоқан саяхатшы публицист әдебиетші этнограф

**3. Семантикалық кестемен жұмыс.**

| Жылдары Шоқан өміріндегі елеулі оқиғалар | 1864 ж. Наурыз -маусым | 1856-1857 ж. | 1857 ж. 17 ақпан | 1855 ж. | 1858-1859 ж. | 1859-1861 ж. | 1835-1865 ж. | 1863-1864 ж. | 1847-1853 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстанның орталық, шығыс бөлігін, Жетісу, Тарбағатай өлкесін аралауы. | | | | | | | | | |
| Қырғыз еліне, Жоңғарияға, Құлжа қаласына саяхат жасайды. | | | | | | | | | |
| Қашқария саяхаты | | | | | | | | | |
| Петербургте болады. | | | | | | | | | |
| Омбы қаласында «Сот реформасы туралы жазбалары» еңбегін жазды. | | | | | | | | | |
| Черняев жорығына қатысты. | | | | | | | | | |
| Орыстың императорлық географиялық қоғамына мүше болды. | | | | | | | | | |
| Шоқанның өмір сүрген жылдары | | | | | | | | | |
| Омбыдағы Кадет корпусынан білім алуы | | | | | | | | | |

ІІІ.Шоқан бейнесі поэзияда. Т.Молдағалиев «Шоқан Уәлиханов»
Қ.Бекқожин «Петербург»   ҒайсағалиСейтақ «Шоқанның соңғы сөзі»

Е.Ибраһим «Шоқан ескерткіші алдында» Ғ.Орманов «Шоқан ескерткіші»

ІҮ.Сатылай кешенді талдау

Шыққан тегі: Шыңғыс хан –Абылай хан –Уәли хан
өскен ортасы: әжесі Айғаным –парасатты, терең ойлы, көреген,білімді адам.
әкесі Шыңғыс –Омбыдағы Сібір қазақ әскерлері училищесін бітірген, аға сұлтан.
анасы Зейнеп –әйгілі Шорман бидің қызы, ақылды, адамгершілігі мол.
інісі Сақыпкерей (Қозыке) Ақсен серімен бірігіп бірнеше ән шығарған. Шоқанға арнап «Көкенің аманаты» әнін жазған.
Інісі Мақы (Мақажан)- Петербургтегі көркемөнер академиясының шеберханасында суретшілік қызмет атқарған.
білімі: ауыл мектебінен мұсылманша хат танып, Омбыдағы Кадет корпусынан білім алған.
саяхаттары: Жетісу өңірі, Орталық Қазақстан, Ыстыққөл сапары, Қашқария.
жазған еңбектері: «Тәңірі», «Қазақтардағы шамандықтық қалдығы», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақ халық поэзиясының түрлері», «Ыстыққөл сапарының күнделіктері», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Жоңғария очерктері», т.б.
әскери атағы: адъютант, поручик, штабс-ротмистр.
марапатталуы: Владимир орденінің ІҮ дәрежесі, 500 сом күміс ақша, бір жолғы сыйақы.
атқарған қызметі: Бас штабтың әскери –ғылыми комитетінде, Азия департаментінде, университетте, географиялық қоғамда.
орыс достары: Г.Потанин, П.П.Семенов –Тяншанский, Ф.М.Достоевский, С.Ф. Дуров, А.Майков т.б.
түсірілген оқу фильмдері: «Ш.Уалиханов», «Жоңғария очерктері», «Ыстыққөл күнделігі».
ескерілуі: 150 жылдығы аталып өтті, 5 томдық шығармалар жинағы шығарылды. «Алтынемел» мемориалдық музей –кешені ашылды. Халықаралықғылыми –теориялық конференция өтті, Шоқан ескерткіштері орнатылды. Музей ашылды.
Ү.Оқушыларды бағалау.
ҮІ. Үйге тапсырма. «Шоқан –ұлы ғалым» шығарма жазу.

---

**Ақтобе қаласы №30 орта мектебі Картжанова Амангуль Узакбаевна**

**Пән аты: Әдебиет**
**Сабақ тақырыбы:** Ғафу Қайырбеқов. Алғашқы қоңырау.
**Сабақ тақырыбы: 1**.Өлеңмен таныстыру, өлең мазмұнын ашу, өлеңдегі негізгі ойды ұғындыру, оқушыларға қазақтың ұлы ағартушы-педагогы Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру.
**2**. Өз беттерінше жұмыс жасауға бағыт-бағдар бере отырып, талдау және жинақтау, өз ойларын ашық әрі жүйелі айта білу машықтарын дамыту, мәнерлеп оқу дағдысын арттыру.
**3.** Өлең мазмұны арқылы оқушыларды білім алуға шақыру, қызығушылығын арттыру, кітапты қастерлей білуге және ұстазды құрметтеуге тәрбиелеу.
**Сабақ типі:** Жаңа сабақ. **Сабақ түрі:** Аралас сабақ.
**Сабақ әдісі:** дамыта оқыту, ақпараттық технология, сын тұрғысынан ойлау.
**Сабақ әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру, талдау, жинақтау, топпен жұмыс, мәнерлеп оқыту, қызығушылығын ояту.
**Сабақ көрнекілігі:** Ғ. Қайырбеков, Ы. Алтынсариннің суреттері, сызбалар, кітап, қоңырау, кітап суреттері, ұран, интерактивті тақта, үнтаспа.
**Пәнаралық байланыс:** музыка пәні.
**Сабақтың барысы: Ұйымдастыру бөлімі.** Психологиялық сәт.

**Сабақтың ұраны: <u>слайд.</u>**

Жақсылардың үлгісі,
Жанып турған шамдай.
Шешендердің сөздері,
Ағып тұрған балдай.

**Үй тапсырмасын тексеру.** 145-147 бет, Ж. Тұрлыбаев «Раиымбек бастауы» мәтінді түсініп оқу, мазмұнын айту.
Шығармашылық тапсырма: Раиымбек туралы мәнжазба, тақырып бойынша сурет салу.
Үй тапсырмасы: 3-4 баладан ауызша, 4-5 баладан дәптер бойынша сұралап, бағаланады. Мадақтау.
**Жаңа сабаққа дайындық.** Қызығушылығын ояту. Ой қозғау.
***<u>1 слайд</u>.*** Интерактивті тақтада қазақтың жазық даласы, киіз үй, жайылып жүрген малдары бар көрініс көрсетіледі. Кенет бәрі тыныштала қалады. Бір кезде күмбірлеген қоңырау үні естіледі.
– Балалар, көргендерің мен естігендеріңді әңгімелеп беріңдерші?
– Оқушылар өз ойларын жеткізеді.
- Қазақтың күйін естідік, қазақ даласын көрдік. Қоңырау үнін естідік.
***<u>2 слайд.</u>*** – Тақтада қоңырау суреті көрсетіледі.
- Мынау ненің суреті ?
– Қоңыраудың.
- Қоңырау не үшін қажет?
– Сабақ басталарда, сабақ аяқталғанда соғылады. Бірінші қыркүйекте,
соңғы қоңырауда соғылады, т.с.с.
- Яғни, бір сөзбен айтқанда қоңырау тікелей мектепте байланысты екен.
Мен сіздерге қонырауды бекер көрсеткен жоқпын.
**Жаңа сабақ.** - Бүгінгі тақырыбымыздың аты «Алғашқы қоңырау» деп аталады.
Авторы Ғафу Қайырбеков. Бұл өлең ақынның «Дала қоңырауы» атты поэмасынан берілген үзінді.
***<u>3 слайд.</u>*** Тақтада Ғ. Қайырбековтың суреті көрсетіледі. Өмірбаяны туралы айтылады.

- Ғ. Қайырбеков Қостанай облысы, Торғай қаласында 1928 жылдың 15 тамызында дүниеге келген. Алғашқы жинағы «Құрдастар» 1954 жылы, «Дала қонырауы» поэмасы 1956 жылы, «Жер астындағы жұлдыздар» өлені 1965 жылы жарық көрген. Ғ. Қайырбеков – қазақтың халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті ақын.
- Автормен таныстырған соң өлендi мәнерлеп оқып беремін.
  - Өлең мазмұнын баяндау. - Өлендегі жаңа тіркестердің мағынасын ашу.

***4 слайд***. Сөздік жұмыс.

қалың ел қара қазан сары бала
↓ ↓ ↓
халқы, елі, жұрты отбасы, жанұясы ұрпағы

- Өлеңдегі қоңыраушының аты кім?
– Ыбырай.
- Алғаш қазақ даласына білім есігін ашқан кім деп ойлайсыңдар?
– Ыбырай Алтынсарин.
- Ыбырай есімі бізге таныс па?
– Таныс.
– Олай болса, Ыбырай Алтынсарин – кім?
– Оқушылар жауап береді.
  - Ұстаз, мектеп ашты, жазушы, педагог, ағартушы, т.с.с.

Оқушылар жауаптарынан соң тақтада слайд көрсетіледі.
***5 слайд*** педагог ұстаз ағартушы мектеп ашушы философ, жазушы қоғам қайраткері
***6 слайд.*** - Тақтада Ы. Алтынсариннің суреті мен қысқаша өмірбаяны көрсетіледі.
Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Арқарағай ауылында дуниеге келген.
Ыбырай қазақ балаларына арнап алғаш рет мектеп ашып, ұстаздық еткен. Балаларды оқуға шақырып, оларға арнап көптеген өлең, ертегі, әңгіме жазған. Ыбырай Алтынсарин – қазақтың аса көрнекті ағартушы – педагогы, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері. 1889 жылы дүниеден өткен.
**Оқулықпен жұмыс.** – Кәне, балалар, енді өлеңді әрқайсымыз 1 шумақтан, содан соң бәріміз бірге оқып шығайық.
– Оқушылар тізбектеп, одан соң хормен оқиды.

**Сергіту сәті**

- Дәптерімізді ашайық,
Қолға қалам алайық.
Түп-түзу боп отырып,
Көркем етіп жазайық.

**Дәптермен жұмыс.** Ақпанның бесі. Класс жұмысы.
***7 слайд.*** Ғафу Қайырбеков. Алғашқы қонырау.
Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласына тұңғыш білім есігін ашып, алғашқы қоңырау үнін күмбірлеткен ағартушы – педагог.
**Ой қозғау. Ой тамыздық.**
– Ыбырай атамыз бізге мектеп ашумен қатар тағы не ұсынады? – Оқулықтар жазды, өлең, әңгіме, ертегі т.б.
– Ал, білім көзі неде деп ойласыңдар? – Кітапта.
– Олай болса, кітапқа байланысты мына тапсырмаларды орындайық.
**Шығармашылық тапсырма.** Топпен жұмыс.
***8 слайд***.

- I топ. Мақал-мәтел. - II топ. Тыйым сөздер. - III топ. Жұмбақ.

- Үш топтың жауаптары тексеріліп, бағаланады, мадақтау.

**Ой тамызық.** – Өздерің айтқандай, «білім көзі – кітап» екендігін түсінгендерің көрініп тұр. Осы кітапқа деген журектеріңнен шыққан сөздеріңді тілекше түрінде жазып, «кітапшаға» жапсырамыз.
– Әр оқушы өз ойын, тілегін оқып, іледі.
– Оқушылар мадақталады.
**Бекіту.**
– Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын айтыңыздар? – Ғафу Қайырбеков. Алғашқы қоңырау.
– Өлеңде кім туралы айтылған? – Ыбырай Алтынсарин.
– Ы. Алтынсарин кім? Неге ақын оны алғашқы қоңыраушы деп атады?
– Өйткені ол алғаш мектеп ашушы, ұстаз, педагог, жазушы.
– Өте жақсы, бүгінгі сабаққа барлығыңда өте жақсы қатыстыңдар.
Мадақтау.
**Үйге тапсырма.** ***9 слайд.*** – Олай болса, үйге тапсырма алайық.
Күнделікті ашып жазайық. 147 бет, өлеңді мәнерлеп оқу, мазмұнын түсін.
Шығармашылық тапсырма. Ы. Алтынсарин (мәнжазба), «Менің болашақ мектебім» тақырыбына әңгіме.
**– Бағалау.**
– Балалар, бүгінгі сабағымыз қазақ даласын дүр сілкіндіріп, қоңыраулатып білім есігін ашқан Ыбырай Алтынсарин аталарына арналғандықтан, болашақта сіздерде осы Ыбырай аталарың сияқты қазақ елін дүр сілкіндіретіндей жаңалық ашатын үлкен ғалым болуларыңа тілек білдіре отырып, өз жаңалықтарыңның алғашқы қоңырауы болыңдар дей келе, бүгінгі көрсеткен білімдеріңізді мынадай әсем қоңырауларымен бағалаймын.
***10 слайд.***
– Ал енді сабағымызды Ыбырай атамыздың білімге шақырған «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен аяқтайық.
– Өлеңді хормен орындайды.
– Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!
– Сау болыңыздар!

**Атырау қаласы, №34лингвистикалық мектеп-гимназиясы**
**І санатты бастауыш сынып мұғалімі Альдешова Сәнім**

**Сабақтың тақырыбы: Ж.Смақов «Айтшы әжетай» Әдебиеттік оқу**
**Сабақтың мақсаты:**
**Білімділігі:** Оқушыларды Ж.Смақовтың «Айтшы әжетай» өлеңімен таныстыру және мазмұны мен идеясын меңгерту.
**Дамытушылығы:** Оқушыларды сауатты ,мәнерлі,әсерлі оқуға баулу.Шығармашылықмен жұмыс істеуге ықпал ету,ойлау шеберлігі мен сөйлеу мәдениетін дамыту.
**Тәрбиелігі:** Туған жерін қастерлеуге,адамгершілікке,білімділікке тәрбиелеу.Еңбекке баулу.Үлкендердің еңбегін бағалауға,құрметтеуге үйрету.
**Сабақтың типі:** Жаңа білімді меңгеру, аралас сабақ.
**Әдіс –тәсілдері:** түсіндіру,сұрақ-жауап, сахналау, ой шақыру.
**Көрнекілігі:**мультимедиа, слайд, проектор, суреттер.
**Сабақтың барысы: І. Ұйымдастыру:** **ІІ.Психологиялық дайындық:**
**(Слайд)** Күн шуағы
Қол ұстасып бәріміз, Жылылықты сезейік. Шуақ шашқан күндей боп Күлімсіреп жүрейік.
-Көңіл күйлеріңіз қалай?
-Керемет! (бас бармақпен көрсету)
-Сабаққа дайындықтарыңыз қалай?
-Тамаша! (алақан шапалақтау)
-Ынталарың қалай?
-Ғажап! (қол көтеру)
Бүгінгі көңіл-күйлеріңізді бет әлпеттеріңіз арқылы көрсетіңдерші.
**ІІІ. Үй тапсырмасымен жұмыс: «Мысық пен тышқандар»**
1 топ –Мысық пен тышқанның суретін салу;
2 топ-Ертегіден түсінік айту;
3 топ-Ертегіні сахналау.
**Жаңа сабақ.**
**IV. Ой қозғау**
Ертегіден қандай нақыл сөз үйрендік?
«Бәрі таппаған ақылды кәрі табады»; «Үлкенді тыңдаған ұтылмайды»;
Кәрі деген сөзді қалай деуге болады?
Қарт, үлкен деген мағынаны білдіреді.
Ал отбасымыздағы қарт адамдарды кім дейміз?
Ата, әже.
Олай болса, біз бүгін «Айтшы, әжетай» өлеңімен танысамыз. Өлеңді жазған Жақан Смақов.
1. Жақан Смақов туралы айту.
2. Өлеңді оқып таныстыру.
3. Сөздік жұмысы.
**Ақтабан**-белгілі бір аттың жеке аты. **Қаракөл қойы**-қойдың түрі.
**V. Оқулықпен жұмыс** Тізбектеп оқыту. -Өлеңде кім туралы айтылған?
**VI. Сергіту сәті** «Әже» (іс-қимылмен көрсету).
**VII.** Алмаларға тілек жазу. Тілек орындалсын деп тілек ағашына орналастыру.
**VIII. Дәптермен жұмыс.** Менің әжем ертегі айтады.
**IX. Нақыл сөзді түсініп оқу**
Ата –асқар тау.
Ана-бауырындағы бұлақ,
Бала –жағасындағы құрақ.
Нақыл сөздің мағынасын түсіндіру.
Суретін салу.
**X. Топтастыру.**
**XI. Топтық жұмыс.** «Ойлан,тап» Сурет арқылы мамандық иесін табу.
1 топ-құрылысшы, мұғалім 2 топ-сауыншы, монтер 3 топ- жылқышы, космонавт.
**XII. Кестемен жұмыс:**

| Туыстық атауы | Мамандығы |
|---|---|
| Атасы | Тәрбиеші |
| Нағашысы | Монтер |
| Жеңгесі | Жылқышы |
| Ағасы | Сауыншы |
| Жиен ағасы | Құрылысшы |
| Апасы | Егінші |
| Жездесі | Қойшы |

XIII. **Қорытындылау. Ой толғау.** Біз не үйрендік?

XIV. **Үйе тапсырма.** «Айтшы, әжетай» өлеңін мәнерлеп оқып келу.

***XV.Бағалау.***

**Ю-ю дыбысы мен әрпі**

**ОҚО Шымкент қаласы №103 ЖОМ**
**бастауыш сынып мұғалімі Усеинова Гүлзахира**

**Тақырыбы:Юю дыбысы мен әрпі**
**Сабақтың мақсаты:**
1. Оқушыларды Юю дыбысы және әрпімен таныстыру. Ю дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Дыбыстың бас әрпі және кіші әріптерін көрсету және таныстыру
2. Әріптердің дыбысталу ерекшелігіне қарай отырып, сөз ішіндегі орнын анықтау дағдыларын дамыту. Юю дыбысының й және у дыбыстары түрінде естіліп, жазуда Юю әрпімен таңбалану ерекшелігін сөздерге дыбыстық талдау жасай отырып, Юю дыбысының сөздегі орнын анықтату. Мәнерлеп оқуға, түсінгендерін айтуға үйрету
3. Дүниетанымын кеңейту, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету. Жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
**Сабақтың құрылымы:**
1.Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны 2 мин
2.Психологиялық дайындық 2 мин
3. Миға шабуыл Сұрақ-жауап 3 мин
4.Үй жұмысы 5 мин
5. Ой қозғау «Ойыншықтар әні» 2 мин
6. Жаңа сабақ Жұмбақ шешу 2 мин
7. Оқулықпен жұмыс 5 мин
8. Дәптермен жұмыс 4 мин
9. Кім шапшаң? 2 мин
10. Мәтінмен жұмыс 4 мин
Сабақты қорыту: «Тапқышбектің тапсырмасы» 2 мин
11. Үйге тапсырма 1 мин
12. Бағалау 1 мин
**Сабақ барысы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады**
**Психологиялық дайындық**
-Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз айларын атаймыз. -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?
-Жыл құстарын атаймыз. -Бізде қандай құстар қыстап қалады?
**«Миға шабуыл»** Сұрақ-жауап жүргізіледі
**Үй жұмысы «Сыйлық»**
-Аяулым кім? -Саятпен анасы дүкенге не үшін келді? -Олар қандай сыйлық таңдады? -Аяулым неге қуанды?
**Ой қозғау «Ойыншықтар әні» хормен орындалады**
**Жаңа сабақ** Жаңа тақырып бойынша жүргізілетін жұмыстар:
**Жұмбақ шешу:**
Балпаң-балпаң басады,
Қыр-жотадан асады.
Паналайды үңгірді,
Іздемейді тасаны. Шешуі: аю
**Оқулықпен жұмыс**
«Таңқурай мен Қорбаңбай» өлеңі
Қызарып пісті таңқурай
Теріп жүр аю қалдырмай
Жапырып бәрін қоғадай
Қос қолдап келіп соғады-ай
-Көшетін өзім егіп ем,
Шелектен суды сеуіп ем-
Деп қойып аю ербеңдеп,
Жидекті соқты телмеңдеп.
Оқыған өлең бойынша сұрақтарға жауап алу.
-Не қызарып пісті? -таңқурай қызарып пісті.
-Не теріп жүр қалдырмай? -Теріп жүр аю қалдырмай.
-Нені өзім егіп ем? -Көшетін өзім егіп ем
-Немен суды сеуіп ем? -Шелекпен суды сеуіп ем.
**Оқулықпен жұмыс** Оқулықтағы сөздерді тұтас оқу.
**Аю, ою, ию, ұю, үю**
Сөздікпен жұмыс жүргізу: Ию-майыстыру сөздерімен алмастырып түсіндіру
Ұю-сүттің ұюы сөзімен алмастырып түсіндіру Үю-бір затты екінші жерге ретсіз қою
**Дәптермен жұмыс** Дәптердегі Юю әрпін көркем жазу
Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю Ю
ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю ю
**Сергіту сәті Кім шапшаң?** ойыны ойналады

**Сабақты қорыту. «Тапқышбектің тапсырмасы»**
Аң-аңдар, тиін-.............. аю- ........ түлкі-.............

Үйге тапсырма Өлеңді жатқа айту, бағанадағы сөздерді оқу
Бағалау **Жақсы жауап берген оқушыларға жұлдызшалар мен текшелер беру**

**ШҚО. Аягөз қаласы Аягөз аудандық білім бөлімінің**
**"№1 жалпы орта білім беретін мектеп"КММ**
**Бастауыш сынып мұғалімі Серикова Нұргүл Сапаровна**



**Сабақтың тақырыбы: Заттың сынын білдіретін сөздер. Домалақ ана. 1 сынып**

**Мақсаты:**1.Оқушыларға заттың сынын білдіретін сөздер туралы мағлұмат беру. «Домалақ ана» өлеңімен таныстыру.
2.Өлеңді түсініп,мәнерлеп оқуға жаттықтыру. «Домалақ ана» тарихына шолу жасап,оқушының дүниетанымын кеңейту.Қанша?Неше?Нешінші?сұрақтарына жауап беруге дағдыландыру.
3.Туған өлкеге деген қызығушылығын оята отырып,оның табиғатын сүюге,қорғауға тәрбиелеу.
Оқушыларды халқымыздың мақтанышы,ұрпағының тілеуін тілеген әулие анамызды құрметтеуге тәрбиелеу.
**Сабақтың түрі**:Жаңа сабақты меңгерту. **Сабақтың әдісі**:Сұрақ-жауап,түсіндіру,ассоциялау.
**Көрнекілігі:**Электронды оқулық «Ана тілі»1кл.«Қазақ тілі
1 кл.М.Мақатаев,Т.Рахимов суреттері.үнтаспа,Аякөз қаласына байланысты суреттер,слайд.Әл-Фараби суреті,Домалақ ана кесенесі.
**Сабақтың барысы:**
**І.Ұйымдастыру.** А) психологиялық даярлық. ә) оқушыларды түгендеу.
**І.Қызығушылығын ояту.** 2.Үй тапсырмасын тексеру. ( «Өнерлі жігіт» мәтіні бойынша жұмыс)
**Дидактикалық ойын: «Бұл кім?»** Ойын шартын түсіндіру.
1) Мәтінде кім туралы айтылған?
2) Фараби жігіттің қандай өнерін байқады?
3) Ол өнерлі жігіттен не деп сұрады?
4) Өнерлі жігіт не деп жауап берді?
5) Фараби жігітке қандай ұсыныс айтты?
6) Өнерлі жігіт қандай жақсылыққа жетті?
7) Әл-Фараби кім?
(Суретін ашу.
1.Әл-Фараби портреті.
2.Дүниежүзілік білімнің екінші ұстазы.
3. Дүниежүзілік мәдениеттің екінші ұстазы.
4.Данышпан.
5.Ойшыл
6.ғалым.7.50 шақты еңбегі жеткен.)



Міне,»Бұл кім?» ойыны арқылы біз Әл-Фарабидің кім екенін білдік және сұрақтарға жауап бердік.Ненің бейнесі шықты?
Оған не жетіспейді?
**Жұптық тапсырма**: (үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс.)

- Дұрыс жазылған сөзді тап және буынға бөл.
- 1) а автобуз 2) автобус 3) автобус
- Берілген сөздерден сөйлем құра.Ақылды,қызыл,бала,алма,үй,шеткі. (жапырақ бейнесі.)

1)Жұптық тапсырма тексеріледі (гүл сабағына қою)
2) Жұптық тапсырма оқылады да,
-Енді осы сөздерге сұрақ қойыңдаршы?
-Олай болса,Қандай?Қай? сұрақтары қандай сөздерге қойылады? (заттың сынын білдіретін сөздер туралы ережені еске түсіру.) Гүл жапырақтарын қою.
**ІІ.Мағынаны тану.** 3.Жаңа сабақ.
-Бүгінгі сабақта біз заттың санын білдіретін сөздер туралы білетін боламыз.
-Саяхат жасағанды жақсы көресіңдер ме?Олай болса,өзіміздің қаламыздың көрнекті жерлеріне саяхат жасап,оның табиғат үніне құлақ сап,көктемгі табиғатты тамашалаймыз.
-Балалар,кәзір жылдың қай мезгілі?
-Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
(Көктем туралы слайд көрсетіледі)
-Қаламыз қалай аталады?
-Бір сәт,көзімізді жұмып,көктемгі табиғат өзгерістерін көз алдымызға елестетейік.
(Үнтаспадан әуен тыңдау.
Сонымен бірге жер көгеріп,алғашқы рет қар астынан бәйшешек,жауқазын сияқты гүлдер шыға бастайды.(Тақтадағы гүл бейнесін көрсету)
-Енді,саяхатымызды сүйікті мектебімізден бастайық
*№1 аялдама:№1 орта мектеп.*
Тапсырма:Мына сұрақтарға жауап беріңдер және сұрақтарына назар аударыңдар?
1.Сендердің сыныптарыңда **қанша** оқушы бар?
2.Сыныптарыңда **неше** оқу озаты бар?
3.Сендер **нешінші** мектепте оқисыңдар?-Тапсырмада қандай сұрақтар қойылды?(қанша? неше? нешінші?)
Жаңа сендер 10 оқу озаты,20 оқушы,№4 орта мектеп деп жауап бердіңдер.Осы 10,20,4 деген не?
-Бұл заттың санын білдіреді.
Олай болса, ереже айтайықшы
-Заттың санын білдіретін сөздерге қандай сұрақтар қойылады екен?

Ия, дұрыс айтасыңдар.
Қанша? Неше? Нешінші?
Сұрақтарынна жауап беретін сөздер заттың санын білдіреді.
Мысалы:бес,он,отыз,екінші.
Біз мектебіміздің тапсырмасын жақсы орындадық.Енді келесі аялдамаға барамыз.
*№2 аялдама: «Аякөз» өзені.* **Аякөз өзені туралы қысқаша дерек.**
Аякөз өзені өзінің бастауынТарбағатай тау жоталарынан алады.Ол Балқаш көліне құяды.Аякөз өзені-Алматы,Шығыс Қазақстан аумағы арқылы ағатын өзен.Өзен суы-тұщы.Қаламыз осы өзеннің атымен аталады.
Ақын М.Мақатаев Аякөз өзені туралы»Аякөз-ару!» өлеңін жазған.Өлеңнен үзінді оқу.
Ал, жерлесіміз Тұрсынғазы Рахимов осы өлеңге арнап ән шығарған.
Жыл өткен сайын өзеннің суы азайып барады.Аякөз өзені-өлкеміздің табиғат байлығыСондықтан оның суын ластауға болмайды.Оны сақтауымыз керек.
Тапсырмасы: Кітаппен жұмыс.133-жаттығу. Орындамас бұрын «Көркем жазу» минутын орындайық.
*№3 аялдама: «Демалыс»*.Сергіту сәті. Енді осы өзен бойында демалайық . (Музыка ырғағымен)
*№4 аялдама: «Мешіт»* Мешітті барлықтарың көрдіңдер ме? Мешітте намаз оқылады,құран-қатым түсіріледі.Мешіт адамды тазалыққа,адамгершілікке,имандылыққа тәрбиелейді.Мешіт-АЛЛАның үйі.
Тапсырма:125-жаттығу(ауызша)
1.Суретке қарап,құстардың санын анықтаңдар?
2.Мына екі сұраққа ауызша жауап беріңдер. 3.Нешеу? деген сұраққа жауап беретін сөздерді ата.
Компьтерде орындату:Барлығы ......... құс. -Енді айтыңдаршы өлкемізде осы құстар кездесе ме?
*№5. аялдама:Орталық алаң.* -Алаңда не орналасқан? -Ия,елі үшін ерлікпен қаза тапқан батырларға арналған ескерткіш «Мәңгілік алау» және «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» мәдениет үйі. Осы батыр ағаларымыз бен апайларымызды құрметтеп, мақтан етуіміз керек.
**Тапсырма:**1.Өлеңді түсініп оқы. «Домалақ ана» -Өлең кім туралы?
-Ал,балалар сендер Домалақ ананың кім екенін білесіңдер ме?(Домалақ ана туралы мәлімет беру,слайд көрсету.
**Қосымша мәлімет:** Домалақ ананың шын аты-Нұрила. Нұрила-арап сөзі,қазақша «Алланың нұры» деген ұғымды білдіреді. Ол 1378-1456 жылдары өмір сүрген Түркістандағы Яссы қыстағында туылған.Нұриланың әкесі Әли Слан әскер басқарған.Ол жастайынан жетім қалып, атасының қолында тәрбиеленеді.Өзгені де өз баласындай көріп, төңірегіне аналық мейірін шашқан, барынша кішіпейіл, алдағы күнді болжай білген, көреген қасиетін құрметтеген ұрпақтары сол заманның өзінде ақ оның атын атамай, бойы шағын болғандығына қарай «Домалақ ана» деп атаған домалақ ананың қадір қасиеті ерте-ақ танылған.Домалақ ана Жетісу,Әулиеата,Шымкент,Ташкентті мекен еткен барлық халықтардың анасы саналады.Нұрила ана 1456жылы қайтыс болды.Оның немересі Дулат ана басына кесене тұрғызды.Домалақ ана кесенесі бірнеше рет бұзылып,қайта өңделген.Соңғы рет Домалақ ана кесенесі 1998 жылы жаңартылып, 2000жылы айналасын көгалдандыру жұмысы аяқталды.
Енді өлеңді тізбектеле оқиық. Инсерт әдісі бойынша сөздік жұмыс: Қасиетті ана,мазар.
-Жақсы адам қандай болады деп ойлайсыңдар?Қазір дидактикалық ойын «Күн нұры»арқылы ассоциация құрайықшы. Міне біз жақсы адам қасиеттерін айтып шықтық.
ІІІ.Ой толғаныс./Сабақты бекіту/.
*№6 аялдама. «Вокзал».* «Кубизм» стратегиясы бойынша , ана туралы қандай мақал-мәтел білеміз.
**Қорытынды:**Бүгін не білдік? Не үйрендік?.
Қаламыздың әдемі болуы үшін оны таза ұстап, көгалдандыру жұмысына қатысуымыз керек.
**Үй тапсырмасы**:134-жаттығу,ереже жаттау. «Домалақ ана»өлеңін оқу.
***Оқушы білімін бағалау***

---

## Жақсылық жасай білейік (Өзін-өзі тану пәні 4 сынып )

**Астана қаласы №68 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі**
**және педагог- психолог Рустемова ЖанарТлеубергеновна**

**Тақырыбы:** Жақсылық жасай білейік (Өзін-өзі тану пәні 4 сынып )
**Мақсаты:** Оқушылардың «қайырымдылық», «қамқорлық», «жақсылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту
**Міндеттері:** -жақсылық жасаудың адами қарым-қатынастағы мәнділігін түсіндіру:
-жақсы істер жасай білу іскерліктеріни дамыту: -қайырымды,қамқор болуға тәрбиелеу:
**Көрнекі құралдар:** окулық , дәптер, оқушылардың папкалары,тамшылар,бұлт,дария суреттері, слайдтар.
**Шаттық шеңбері ;** **Жақсы болу - өзіңнен ,** Жаман болу - өзіңнен.
Өзіңді өзің ая да, Өзің үйрен өзіңнен
-Оқушыларды топқа бөлу;
**Мұғалім:** - Балалар,біз бүгін жақсылық жасаудың,жақсылықтың адам өміріндегі маңыздылығын тағы бір рет еске түсіреміз. Оқу ақпараты; Ө.Ақыпбеков. «Өзіңді тану пайдасы»
**Сұрақтарды талдату:**
1. «Жақсы болу - өзіңнен, жаман болу -өзіңнен.» -деген өлең жолдары туралы қандай пікір айта аласыңдар?
2. Ақынның « Жақсылық көрсең біреуден,», «Мен қандаймын? деп ойла деген сөзіне көзқарастарың қандай?
**Мәтінмен жұмыс:** Іштей, көзбен « Жақсылық пен жамандық» ертегісін оқыту, рөлдерге бөліп, сахналау.
**Мәтін бойынша сұрақтарды талдау:**
1. Неліктен адам жақсылықтың айтқандарын орындады деп ойлайсыңдар?
1. Жамандыққа ерсең жаман боласың, жақсылыққа ерсең жақсы боласың деген ой туралы қандай пікір айта аласыңдар?
**Мұғалімнің толықтыруы:** - Жақсылық жасау дегеніміз өздерің айтқан адамдарға айнала табиғатқа қайырымдылық пен қамқорлық жасауды, көмек көрсетуді білдіреді. Адамдардың бір – біріне жиі жақсылық жасауы оларды жақындастырады,

достастырады. Олардың бір – біріне деген сыйластығы артады. Өйткені қиналған сәтте алынған көмек ешқашан ұмытылмайды.
**Тыныштық сәті:** Слайдтан суреттерге тоқталу:
Мына слайдтан көріп тұрған жағдайларға байланысты қалай қол ұшын беруге болады.
**Шығармашылық тапсырма:** Жақсылық тамшысы.
1- Менің істеген жақсы істерім.
2- Алдағы уақытта халқыңа қандай жақсылық жасар едің?
Мұғалім: Міне, балалар әрқайсысының тамшыдай жасаған жақсылықтарыңды қосқанда үлкен дарияға айналды.
1. Яғни әр адамның жаны жақсылыққа толы болса, жер бетінде бейбітшілік орнап, адамдар бақытты өмір сүреді.
***Топтық жұмыс:*** **Достық тобы.** Қарлығаш пен дәуіт.
**Бірлік тобы**: Аю мен тышқан.
2. Әрбір топ бірлесе отырып, ойланып, әңгімені өз ойларымен жалғастырып айтады.
*Дәйек сөз*: - Адамға жақсылық жасағанда риясыз жасау керек. Өйткені ол жан ашырлықпен, шын көңілмен, адал ниетпен жасалған іс. Оған ақы сұраудың, жақсылығымды қайтар деудің қажеті жоқ. Жасағаны жақсылық бәрібір алдыңнан шығады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин аталарың «Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе» - деп айтқан.
**Жағдаяттар:** ***I – топ: « Достық»***
- Сен мектепке асығып бара жатырсың. Көшеден жүгіріп бара жатқанда қарама – қарсы бір әжей кездесіп қалды. Әжейдің қолында ауыр, әрі үлкен сөмкесі бар. Әрең көтеріп барады. Сен не істер едің? Әжейге көмектесер ме едің?
***II – топ: «Бірлік»*** Аружанның кішкентай сіңілісі- Алтынай дүниеге келді. Үйдегілер қуанышта. Туыстары жақсы тілектер айтып, Алтынайға әкелген сыйлықтарын беріп жатыр. Аружан бұған өкпелі. Алтынай өмірге келгенге дейін анасы өзін алдына алып, құшақтап аялайтын. Барлық сыйылық та, жақсы тілектер тек өзіне айтылушы еді. Енді өзіне көңіл бөлінбегеніне ренішті. Аружанның қылығы дұрыс деп ойлайсыңдар ме, неліктен?
**Сен Аружанның орнында болсаң не істер едің?**
**Қорытындылау:**
3. «Жақсылық істеуден жалықпа, істеген жақсылығыңа өкінбе!»
4. Адамдар бір – біріне жақсылық жасаудан жалықпаса өмірде сыйластық, қамқорлық, достық, сүйіспеншілік қарым – қатынас та болады. Ал қоғамда татулық, бірлік, ынтымақ орнайды.
**Жүректен жүрекке.** Балалар өзін осы сабақтан кейін қандай бала деп есептейтіндерін айтады.
1 – оқушы ; Мен жақсылық жасаймын, сондықтан да жақсы боламын.
2 – оқушы ; Ал мен мейірімдімін, себебі әр адамға қамқорлық етемін.
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Жуа тұқымдастар. Гүлі мен жемісінің құрылыс ерекшеліктері, тіршілік формалары**

**Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Темір ауылы «С.Әлиев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің биология пәні мұғалімі Сара Жанатаева 6-сынып**

**Қысқа мерзімді жоспар**
**Сабақтың тақырыбы:** **<u>Жуа тұқымдастар. Гүлі мен жемісінің құрылыс ерекшеліктері, тіршілік формалары.</u>**
**Мақсаты:** <u>Жуа тұқымдас өсімдіктердің гүлдері мен жемісінің құрылысымен танысу.</u>
**Күтілетін нәтиже:** 1. Оқушылар жуа тұқымдас өсімдіктердің түрлерін және құрылысын ажыратады;
2. Зертханалық жұмыс барысында гүлі мен жемісінің құрылысымен танысып өмірде қолдана біледі.
3. Жуа тұқымдас өсімдіктердің халық шаруашылығындағы маңызын біледі.
4. Бір - біріне сұрақтар қойып, қайта бағыттай алады.
5. Ой қорытып, пікірлерін айтады.
**Әдіс-тәсілдер:** Жеке, топтық жұмыс, сұрақ - жауап, қорыту, талдау, бекіту, бағалау. АКТ
**Ресурстар:** интерактивті тақта, стикерлер, маркерлер, флипчарттар, плакат, сурет, пияз, сарымсақ.
**Сабақ жоспары:** 1. Амандасу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.
3. Үш топқа бөлінеді. Оқушыларға карточкада жазылған өткен тақырыпқа байланысты лалагүлділер тұқымдасы бойынша өсімдік аттары таратылады, өздері тауып топқа бөлінулері тиіс.

| Кезеңдері | Мұғалім әрекеті | Оқушы іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Топқа бөлу 2[1]** | «Ынтымастастық атмосферасын құру», салемдесу, оқушыларды түгелдеу. | Үш топқа бөлінеді. Оқушыларға карточкада жазылған өткен тақырыпқа байланысты лалагүлділер тұқымдасы бойынша өсімдік аттары таратылады, өздері тауып топқа бөлінулері тиіс. |
| **Білу 5[1]** | Оқушылардың жай немесе күрделі сұрақ қоюларын бақылаймын. Лездемелік сұрақтар. | 1- Лалагүл тұқымдастарына қандай ерекшеліктер тән?<br>2- Лалагүл тұқымдастарына жапырақ құрылысы қандай?<br>3- Лалагүл тұқымдастар гүлінің құрылысы қандай?<br>4- Лалагүл тұқымдастарының жемісі?<br>5- Қызғалдақтың нақты атауы?<br>6- Лапыздың ауылшаруашылығындағы маңызы?<br>7- Қызғалдақ туралы не білесіздер? |
| **Түсіну 7[1]** | Жуа тұқымдастар. Гүлі мен жемісінің құрылыс ерекшеліктері, тіршілік формалары. | Оқушылар өзбетінше оқулықтан оқып танысады. |
| | | 1- Алқа А. қызғалдақ, |

| | | |
|---|---|---|
| **Қолдану** **7[1]** | Сәйкестендіру тесті. | құртқашаш, пияз<br>**2-** Орамжапырақ В. қарбыз, қауын, қияр<br>**3-** Бұршақ С.қызанақ, картоп, тәтті бұрыш<br>**4-** Асқабақ Д.күнбағыс, бақбақ, түймедақ<br>**5-** Күрделігүл Е.шалған, шомыр, орамжапырақ<br>**6-** Лалагүл Ж.асбұршақ, соя, мия |
| **Талдау** **13[1]** | Зертханалық жұмыс | Жуа тұқымдастар. Гүлі мен жемісінің құрылыс ерекшеліктері, тіршілік формалары. Постер құрады, топтастырады. |
| **Жинақтау** **5[1]** | Биологиялық диктант<br><br>«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»<br>Жұмбақ шешу. Қазақша, орысша, ағылшынша жауабын айту. | **2.** Пиязтұқымдастарды «тұқымынан» өсімді мүшесінен де көбейтуге болады.<br>**3.** Қабықшақтарының барлығы қысқарған сабақ «түбіртекте»те орналасады.<br>**4.** Пияшығынының құрамында «14 % »қант «2», нәруыз болады.<br><br>**5.** Сарымсақ пиязшығы өте көп пиязшықтардан «тілшелерден»тұрады.<br>**6.** Пияз бен сарымсақта болатын ерекше ұшпа зат «фитонцидтер»деп аталады. |
| **Бағалау 2[1]** | Бағалау парақшалары. | Жеке, топтық бағалау |
| **Рефлексия 2[1]** | «Б. Б. Ү.» әдісін қолдану. | Білемін, Білгім келеді, Үйрендім |
| **Үйге Тапсырма** **2[1]** | Жуа тұқымдастар. Гүлі мен жемісінің құрылыс ерекшеліктері, тіршілік формалары. | Оқушылар түгел тыңдайды. Өздерің тұрған жерде пияз бен сарымсақ себілеме, себілсе қандай іріктемелері қолдалынаты жайлы хабарлама жазыңдар. |

**Биологиялық диктант**

1. Пияз тұқымдастарды____________,өсімді мүшесінен де көбейтуге болады.
2. Қабықшақтарының барлығы қысқарған сабақ__________те орналасады.
3. Пиязшығынының құрамында_______қант_____________, нәруыз болады.
4. Сарымсақ пиязшығы өте көп пиязшықтардан - ________________тұрады.
5. Пияз бен сарымсақта болатын ерекше ұшпа зат____________деп аталады.

**Биологиялық диктант**

1. Пияз тұқымдастарды____________,өсімді мүшесінен де көбейтуге болады.
2. Қабықшақтарының барлығы қысқарған сабақ__________те орналасады.
3. Пиязшығынының құрамында_______қант_____________, нәруыз болады.
4. Сарымсақ пиязшығы өте көп пиязшықтардан - ________________тұрады.
5. Пияз бен сарымсақта болатын ерекше ұшпа зат____________деп аталады.

**Биологиялық диктант**

1. Пияз тұқымдастарды____________,өсімді мүшесінен де көбейтуге болады.
2. Қабықшақтарының барлығы қысқарған сабақ__________те орналасады.
3. Пиязшығынының құрамында_______қант_____________, нәруыз болады.
4. Сарымсақ пиязшығы өте көп пиязшықтардан - ________________тұрады.
5. Пияз бен сарымсақта болатын ерекше ұшпа зат____________деп аталады.

1. Оқушылар жуа тұқымдас өсімдіктердің түрлерін және құрылысын ажыратады;
2. Зертханалық жұмыс барысында гүлі мен жемісінің құрылысымен танысып өмірде қолдана біледі.
3. Жуа тұқымдас өсімдіктердің халық шаруашылығындағы маңызын біледі.
4. Бір - біріне сұрақтар қойып, қайта бағыттай алады.
5. Ой қорытып, пікірлерін айтады.

1. Оқушылар жуа тұқымдас өсімдіктердің түрлерін және құрылысын ажыратады;
2. Зертханалық жұмыс барысында гүлі мен жемісінің құрылысымен танысып өмірде қолдана біледі.
3. Жуа тұқымдас өсімдіктердің халық шаруашылығындағы маңызын біледі.
4. Бір - біріне сұрақтар қойып, қайта бағыттай алады.
5. Ой қорытып, пікірлерін айтады.
**1. Оқушылар жуа тұқымдас өсімдіктердің түрлерін және құрылысын ажыратады;**
**2. Зертханалық жұмыс барысында гүлі мен жемісінің құрылысымен танысып өмірде қолдана біледі.**
**3. Жуа тұқымдас өсімдіктердің халық шаруашылығындағы маңызын біледі.**
**4. Бір - біріне сұрақтар қойып, қайта бағыттай алады.**
**5. Ой қорытып, пікірлерін айтады.**

**Ми бөліктері және үлкен ми сыңарлары қыртысының аймақтары**

**БҚО Казталов ауданы Талдыапан ауылы Талдыапан ОЖББМ мұғалімі А.Есенова**

**Қысқа мерзімді сабақ жоспары**

| | |
|---|---|
| **Сыныбы** | **8-сынып. Күні: 24.10.15.** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ми бөліктері және үлкен ми сыңарлары қыртысының аймақтары. |
| **Мақсаты** | Адамның ми бөліктерін және үлкен ми сыңарларының құрылысы мен қызметін, жүйке жүйесінің гигиенасы туралы білімдерін меңгеру. |
| **Күтілетін нәтиже** | **А.**Ми бөліктерін, жүйке жүйесінің гигиенасын біледі.<br>**В.**Ми бөліктерінің құрылыс ерекшеліктерін ажыратады, үлкен ми сыңарларына зиянды заттардың әсерін сипаттайды.<br>**С.**Жануарлар мен адамның ми бөліктерінің ерекшеліктерін салыстырады, маңызын дәлелдеп, қорытынды жасайды. |
| **Керекті жабдықтар** | Оқулық, ноутбук, бассүйек қаңқасы, адам қаңқасы, суреттер, смайликтер ғаламтор материалдары. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақ кезеңдері** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** |
|---|---|---|
| **Кіріспе** 3 мин.<br><br>7-мин. | - оқушылармен амандасу;<br>- сыныпты түгендеу;<br>- кезекшілік қызметін қадағалау;<br>- оқушылардың назарларын сабаққа аудару.<br>Ш. Қалдаяқов әндерімен **сыныпты 3 -топқа бөлу.**<br>«Арыс жағасында» және «Ақ бантик», «Ана туралы жыр» топтары болып, бөлінеді.<br>Үй тапсырмасын: **«Блум түймедағы» әдісімен** төмен және жоғары деңгейдегі сұрақтар қою арқылы сұралады.<br>1.Адам миы туралы не білесің?<br>2.Сопақша мидың қызметі туралы не айтар едің?<br>3.Ортаңғы ми адам ағзасында қандай роль атқарады деп ойлайсың?<br>4.Аралық мидың қызметін ортаңғы мимен салыстыр?<br>5.Мишықтың қызметі бұзылса, адамда не өзгерістер байқалады? | - мұғаліммен сәлемдесу;<br>- кезекшілік қызметін атқару;<br>- сабаққа зер салу;<br>- топқа бөліну;<br>- орындарын ауыстыру;<br>- үй тапсырмасының сұрақтарына жауап беру арқылы өткен тақырыпты қайталайды,бірінің ойын бірі толықтырады. Топ мүшелері қолдау көрсетеді, барлығы қатынасуға тырысады.<br>Оқушылар сұрақтарға толық, жан-жақты жауап береді, өз ойларында айтып, бірін-бірі толықтырып, тақырыпты терең ашуға, ой бөлісуге, ойдан ойды дамыта отырып, тақырып толық талданады, жаңа пікірлер қалыптастырады. |
| **Тұсаукесер**<br>5-мин. | **Қызығушылығын ояту.**<br>«Адам миы» туралы **суреттер көрсету** және сыни тұрғыдан ойландыратын сұрақтар арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу.<br>Мына суреттерден не көрдіңдер?<br>Адам миының ең үлкен бөлігі қайысысы деп ойлайсыңдар және неліктен? | Оқушылар суреттер көру арқылы және сыни тұрғыдан ойланатын сұрақтарға жауап беру арқылы, өз ойлары мен көзқарастарын білдіре отырып, жаңа сабақтың тақырыбын ашады. Сабақтың мақсатын өздері айқындай алады. |
| **Негізгі бөлім**<br>15-мин. | **«Зерттеушілік әңгіме» әдісімен «Ми бөліктері және үлкен ми сыңарлары қыртысының аймақтары»** жаңа тақырыпты өздігінен меңгерту. Жаңа тақырыпты оқулық мәтінінен жеке оқып үйрену үшін оқуға уақыт беру. Оқып болғаннан кейін әр топ өзара тақырыпты топ мүшелерімен талдайды. Суреттер, адамның бассүйек қаңқасы мен оқулық мәтініндегі суреттерді салыстыра отырып жұмыс жасайды. Оқулық мәтінімен толық танысып, болғаннан соң постер түсіруге уақыт беріледі. Постерді толық аяқтағаннан соң топ мүшелері ортаға шығып, қорғайды. Әр топ бірін-бірін екі жұлдыз, бір ұсыныс арқылы бағалайды<br>Бағалау критерийлері арқылы өзара бағалау. | Әр топтар оқулық материалын, суреттер, қаңқаларды, кестелерді пайдалана отырып, флипчартқа постер түсіру барысында өз ойларын, өз көзқарастарын қолдану арқылы зерттеу жұмыстарын жүйелі жасайды. Жұмысты болғаннан кейін басқа топтардың алдында өздері жасаған постерлерін қорғайды. Оқушылар өз ойларын еркін әрі ашық айта алады. Топ мүшелері барлығы өз ойларын білдіріп, сөйлеуге тырысады және бірін-бірі тыңдай білуге, толықтыра білуге, сыйлай білуге, бағалай білуге үйренеді.<br>Бағалау критерийлері арқылы өзара топтар бірін-бірін бағалайды. |
| **Қорытынды**<br>10-мин. | Бекіту тапсырмаларына **«Суреттер де, сөйлейді» әдісімен** әр топ оқушылары оқулықта берілген суреттермен жұмыс жасап, сәйкестендіру кестелерін толықтырады және оқушылар тақырыпқа сай қосымша сұрақтар қою арқылы бірін-бірі жетелеп ойларын толықтырып қолдау көрсетеді. Оқушылардың жұмыстарын мадақтау, ынталандыру арқылы бағалау. | Оқушылар оқулықтағы берілген суреттермен жұмыс жасау арқылы кестелерді толық толтырып, үйренуге дағдыланады және мәтінмен, суретпен тиянақты, жүйелі ізденуге тырысады. Оқушы бірнеше сұрақтарды өздері құрастыру арқылы бірінің ойын, бірі толықтырады және қайталау арқылы есте сақтау қабілеттерін шыңдайды. Оқушылар бірін-біріне шапалақтау арқылы қолдау |

| | | |
|---|---|---|
| | Әр оқушы бүгінгі сабақты **«смайликтер»** арқылы қорытындылап, өз деңгейлерін бағалайды.<br>**Үйге тапсырма:** «Ми бөліктері және үлкен ми сыңарлары қыртысының аймақтары» тақырыбын оқып, соңындағы сұрақтармен жұмыс жасау. Ғаламтордан қосымша мәліметтер алу. | көрсетеді. Сабақ соңында өз көңіл-күйлерін **«смайликтер»** арқылы бағалайды. |
| **Сабақтың талдауы** | Сабақты ұйымдастырудан кейін, сабағымды бағдарлама идеясына сәйкес топқа бөлуден бастадым. «Арыс жағасында» және «Ақ бантик», «Ана туралы жыр» 3-топ болып жұмыс жасады. Сабақта оқушылардың өзара бағалайтыны туралы айтып өттім.Осы іс-әрекетім арқылы бағалауды көргім келді.Жаңа нәрсені оқыту адамның нені білетінімен және түсінетінімен байланысты болғандықтан, білім алу аспектілері маңызды. Сондықтан үй тапсырмасы мен өткен материалдың арасында байланыс болу үшін «Блум түймедағы» әдісімен сұрақтар дайындадым, онда төмен және жоғары деңгейдегі сұрақтарды қолдану арқылы адам миының бөліктерінің ерекшеліктері туралы жан-жақты жауап алдым. Мысалы: «Адам миы туралы не білесіңдер?» деген сұраққа Айнұр: «Адам миы-ақпараттың үлкен көлемін қабылдап, өңдеуге қабілетті күрделі мүше. Мидың пішіні күрделі және ол бас сүйек қуысында орналасқан. Ересек адам миының орташа салмағы 1300-1400 г. Бұл дегеніміз - организмнің жалпы массасының 2%-ы» - деп жауап берді. Оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында сыни тұрғыдан ойландыру сұрақтарын қою арқылы оқушылардың ой-пікірлері тыңдалды және олардың ойлау деңгейлерінің өте жақсы екендігін байқадым. Содан соң жаңа сабақтың тақырыбын оқушылар өздері ашып, сабақтың мақсатын айқындады. Жаңа тақырыпты «Зерттеушілік әңгіме» әдісімен күтілетін нәтижеге жетуге қарай, ресурстар, қажетті құралдар беріліп,оқушылар постер түсірумен жұмыстанды. Постер қорғауда өз ойларын ашық, еркін айта білген Айнұр, Нұрлыгүл, Айдана мен Мөлдір жан-жақты мәлімет берді.Сыныптағы төмен оқушым Кенжебек, Темірбек тақырыпты ашуға өз үлестерін жақсы қосты деп есептеймін. Оқушылардың бірін-бірін бағалауды тез меңгеріп, алғандары үшін қатты қуандым. Үш топ бір-бірінің жұмыстарына екі жұлдыз және бір ұсыныстарын берді. Постерді қорғап болған соң «Суреттер де, сөйлейді»әдісімен суреттермен, кестелермен жұмыстар жасау арқылы «В» және «С» деңгейдегі нәтижеге жету мақсатында әр оқушының ойлау, сөздік қорларын жүйелі жинақтау арқылы тапсырмаларды сәтті орындады деп есептеймін.Сабақ соңында әр оқушы өз ойларын білдіріп, өздерінің сабақты меңгеру деңгейлерін «Смайлик» арқылы көрсетті. Оқушылар топтық ережеге сай бір-біріне көмектесіп, топ түгелдей жұмыстанды. | |
| **Сабақ бойынша өзгертулер** | Оқушылардың өздерін реттеулеріне көңіл бөлу, уақытты сабақтың құрылымындағы бөлімдеріне қарай тиімді пайдалану | |

## Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырымының квадратының формулаларына есептер шығару

**Жамбыл облысы. Байзақ ауданы. Байзақ ауылы. С.Абланов атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Бегжонов Куввандык Усенович**

Сабақтың тақырыбы: *Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырымының квадратының формулаларына есептер шығару. 7сынып*

Сабақтың мақсаты:

Білімділік:Көпмүшені көпмүшеге көбейтуді, екі өрнектің қосындысының квадраты және айырымының квадратының формуласын қолданып есептер шығара білу

Дамытушылық: Оқушылардың$(а\pm в)^2=а^2\pm2ав+в^2$ формуласын қолданып есептеу дағдыларын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру

Тәрбиелік: Оқушыларды ұқыптылыққа, белсенділікке тәрбиелеу

Сабақтың типі: Білімді жинақтау, бекіту

Сабақтың түрі: Аралас сабақ. Сабақтың әдісі: Сұрақ - жауап, практикалық

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта, формулалар, кеспе

Сабақтың жоспары:

I. Ұйымдастыру кезеңі
II. Үй жұмысын тексеру
III. Ой жинақтау
IV. Сәйкесін тап
V. Есептер шығару.
VI. Сабақты қорытындылау, бағалау
VII Үйге тапсырма беру

I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды түгендеу, көңілін сабаққа аудару.

II. Үй жұмысын тексеру №187 Теңдеуді шешіңдер

1. $(x+4)^2-(x-2)(x+2)=0$ жауабы: -2,5
2. $(2x-5)^2-(2x-3)(2x+3)=0$ жауабы: 1,7
3. $(3x+5)(3x-5)-(3x-1)^2=10$ жауабы: 6
4. $2(2x+1)^2-8(x+1)(x-1)=34$ жауабы: 3

III. Ой жинақтау
1. Негіздері бірдей дәрежелерді көбейту қалай орындалады?
2. Негіздері бірдей дәрежелерді бөлу қалай орындалады?
3. Теріс санның жұп дәрежесінің таңбасы қандай?
4. Теріс санның тақ дәрежесінің таңбасы қандай?
5. Көбейтіндіні дәрежеге шығару ережесін айтып беріңдер.
6. Бөлшекті дәрежеге шығару ережесін айтыңдар.
7. Дәрежені дәрежеге шығару ережесін айтыңдар.
8. Қандай өрнекті бірмүше деп атайды?
9. Көпмүше деп нені айтамыз?
10. Бірмүшені көпмүшеге көбейту ережесін айтыңдар.
11. Көпмүшелерді көбейту ережесін айтыңдар.
12. Жақша сыртына шығаратын ортақ көбейткішті қалай анықтайды?
13. Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласы
14. Екі өрнектің қосындысының квадратының формуласы
15. Екі өрнектің айырымының квадратының формуласы

IV. Сәйкесін тап

| жауабы<br><br>тапсырма | (а+1)(в+с) | 9у(х-1) | 19 | 3 | (а+в)(х-у) | 8у-8 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ах-ау+вх-ву | | | | | | |
| $8\cdot2^{-4}+18{,}5$ | | | | | | |
| 9ху-9у | | | | | | |
| | | | | | | |
| ав+в+ас+с | | | | | | |
| 8(у-1) | | | | | | |
| $27\cdot3^{-2}$ | | | | | | |

V. Есептер шығару. №189 Теңдіктің ақиқаттығын дәлелдеңдер:
1. $(х-у)^2+(х+у)^2=2(х^2+у^2)$;
$(х-у)^2+(х+у)^2=х^2-2ху+у^2+х^2+2ху+у^2=2х^2+2у^2=2(х^2+у^2)$ жауабы: теңдік ақиқат
2. $(а-2в)^2-4в(а+в)=а^2+8в^2$;
$(а-2в)^2-4в(а+в)=а^2-4ав+4в^2-4ав-4в^2=а^2-8ав$ жауабы: теңдік ақиқат емес
3. $(6+х^2)^2-(8-х^2)^2+28=28х^2$;
$(6+х^2)^2-(8-х^2)^2+28=36+12х^2+х^4-64+16х^2-х^4+28=28х^2$ жауабы: теңдік ақиқат
4. $(4-5х^3)^2-(3+5х^3)(5х^3-3)=5(5-8х^3)$
$(4-5х^3)^2-(3х+5х^3)(5х^3-3)=16-40х^3+25х^6-25х^6+9=25-40х^3=5(5-8х^3)$ жауабы: теңдік ақиқат

№190 Есептеңдер:
VI. Сабақты қорытындылау, бағалау
VII. Үйге тапсырма №191
Бағалау парағы

| Р/с | Оқушының аты - жөні | Үй жұмысы | Ой жинақтау | Сәйкесін тап | Есептер шығару. | Ұпай саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | |

15-22 «5»
9-14 «4 »
5-8 «3»

---

**Мемлекеттік рәміздер**

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Алатау батыр ауылы, №3 Қазақстан бастауыш мектебінің мұғалімі. Жунаева Жанат Жорабаевна**

| Пәні:Дүниетану | Сыныбы: 3 «в» | Мерзімі: 27.02.15. |
|---|---|---|
| Тақырыбы; Мемлекеттік рәміздер | | |
| Мақсаты | Рәміздердің пайда болуы және оның тарихтағы орны жайлы білімдерін тереңдету. | |
| Сілтеме | Қ. Аймағамбетова ,Н.А.Ким, Г.Д.Мырзақанова, Т.Г.Капалкова. | |
| Күтілетін нәтижелер | Рәміздердің пайда болу және оның тарихтағы орны жайлы білімдерін білді. | |

| | |
|---|---|
| Негізгі идея | Егеменді еліміздің толағай табыстарын паш ету |
| Оқыту технология әдістері | СТО, АКТ, Шығармашылық жұмыс, |
| Жұмыс түрлері | |

| Кезең | Уақыты | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау |
|---|---|---|---|---|
| Психологиялық дайындық | 3 мин | Сабаққа дайындау<br>Шаттық шеңберіне<br>Тұрғызу<br>Ал ендеше экранға назар аударайық.<br>«Күлкі» бейнеленсе бір – бірімізге қарап күлеміз.<br>Ал егер « алақан » бейнеленсе бір – біріміздің қолымызды қысамыз | Қуан шаттан<br>Қуан шаттан<br>Қуанатын күн бүгін<br>Қайырлы күн достарым<br>Қайырлы күн болсын!<br><br>Дос боламыз бәріміз<br>Атсың күліп таңымыз<br>Тыныштықты сақтайық<br>Дос боп бүгін бәріміз<br>Дос болайық екеуміз, дос болайық төртеуміз, дос болайық алтаумыз деп топқа бөлінеді | |
| Қызығушылық ты ояту | 5 мин | Балалар кәзір қандай мезгіл?<br>Көктемде қандай мерекелер бар?<br>Көктем мезгілінде ерте ашылатын гүл? Олай болса бәйшешек гүлі арқылы үй жұмысын сұраймын. | Сұрақтарға жауап беру арқылы үй жұмысын пысықтау | Мадақтау<br>Стикер<br>лермен бағалау |
| Ой қозғау | 3-мин | Балалар біз тәуелсіздігімізді немен паш ете аламыз ?<br>Басқа мемлекеттерге қалай дәлелдей аламыз?<br>Еліміздің қандай нышандары бар? | Елтаңба, ту, әнұран ,шекара , ата заңымыз бар.<br><br>Ту, әнұран , елтаңба. | |
| Мағынаны тану | 15 мин | Оқулықпен жұмыс<br>Қазақстан дейтін менің бар елім.<br>Жатыр алып жатыр дүние әлемін.<br>Бұл даланы анам жаспен суарған .<br>Бұл далада атам қолға ту алған. | Отан , рәміздер туралы тақпақтар айтады. | Мадақтау<br>Мақтау<br>Стикер<br>лермен бағалау |
| Сергіту сәті | 2 мин | Видеоклип қойылады | Музыка ырғағымен билейді | |
| Топтық жұмыс | 8 мин | Оқулықпен жұмыс<br>Топтық тапсырма | 1-топ. «Ту» - постер қорғау<br>2-топ « Елтаңба » - постер қорғау<br>3-топ. « Әнұран » - постер қорғау | Топтық бағалау.<br>Мадақтау |
| Шығармашылы қ жұмыс | 5 мин | Авторлармен таныстыру. | Оқушылар слайд арқылы, постер қорғау. | Мадақтау |
| Рефлексия | 2 мин | Стикерлер таратып береді | Кері байланыс жасайды<br>Түсіндім<br>Түсінбедім<br>Бүгін сабақ қызық болды | Фармативті бағалау |
| Үйге тапсырма | 2 мин | «Болашаққа» деген тақырыпқа эссе жазу | Күнделікке жазады | |

**Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы Сәлімбай ауылы Бірлес орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Талқанбаева Тұрсынкүл Кендирбаевна**

| | | |
|---|---|---|
| Класс: 3 урок 3-4 | | |
| **Тема:** Наша Родина.<br>Слово. Буквы и звуки А,О.<br>Звукобуквенный анализ слов. Деление слов на слоги.Ударение. | | |
| **Цель урока:** Расширить знания и представления учеников о своей Родине, показать красоту природы Казахстана. Развивать чувство прекрасного; умение наблюдать, высказывать своё мнение, развивать творческие способности учащихся; умения работать с картой. Содействовать воспитанию патриотизма, побуждать беречь природу окружающей среды. | | |
| | Деятельность учителя | Деятельность обучающихся |
| 3 мин. | I. Организационный момент. Приветствует учеников, проверяет готовность к уроку, желает успеха. Для создания псих-кой атмосферы проводит игру «Путаница». | Ученики осмысливают поставленную цель. |
| 5 мин. | **II. Проверка домашней работы.**<br>Отгадывание кроссворда «Профессии».<br><br>.Мастер по приготовлению пищи.<br>2.Рабочий, занимающийся покраской предметов.<br>3.Пашет поле.<br>4.Делает снимки.<br>5.Рабочий, специалист по обработке, сборке и починке металлических изделий.<br>6.Работник, который пасет скот.<br>7.Рабочий, занимающийся обработкой дерева.<br>8.Лицо, заведующее кассой, занимается выдачей и приемом денег.<br>9.Ухаживает за телятами.<br>**Ключевое слово: _________________________**<br>**Ответы к кроссворду:** (Повар, маляр, тракторист, фотограф, слесарь, пастух, столяр, кассир, телятница). Ключевое слово: профессия.<br>-Как нужно относиться к людям разных профессий? | Ученики демонстрируют свои знания. |
| 20 мин. | III. *Осмысление новой информации.*<br>**Упражнение " Ассоциации".**<br>- Ребята, какие ассоциации возникают у вас, когда вы слышите слова "Наша Родина"? Напишите на листочках три слова, которые ассоциируются у вас с этими словами. (Учащиеся называют свои ассоциации и приклеивают свои листочки – стикеры к "Дерево Казахстана").<br><br>Игра «Бабочка».<br>Бабочка-красавица<br>Всем нам очень нравится!<br>Раз – росинкою умылась,<br>2 – к цветочку наклонилась,<br>3 – почистила сапожки,<br>4, 5 – махнула мошке,<br>6 – лапками подрыгала,<br>7 – быстренько попрыгала,<br>8 – платьице расправила,<br>9 – причёсочку поправила,<br>10 – полетела, на цветочек села.<br>(в конце игры ребята «садятся» на цветочки, которые расположены на полу).<br>-Ребята, каждый из вас выбрал себе цветок, а сейчас распределитесь на две группы и сядьте за те столы, на которых вы увидите свои цветы. | Ученики демонстрируют свои знания.<br>- Имя прилагательное – самостоятельная часть речи, обозначает признак предмета и отвечает на вопросы какой? чей?<br>- В предложении обычно бывает определением.<br>- Сравнительная и превосходная.<br>Выполняют упражнения. |

| | | |
|---|---|---|
| 10 мин. | IV. Закрепление урока. По методу **«Кто смелее»**<br>**.Работа по карточкам - диалог.**<br>Группа №1.<br>1.Объясни, что такое Родина?<br>2.Как называется наша Родина?<br>3.Что ты знаешь о Казахстане?<br>4.Назови президента нашей республики.<br>5.Назови столицу Казахстана.<br>6.Назови достопримечательности Астаны.<br>Группа №2.<br>1.Родина – это место, где человек родился и живет.<br>2.Казахстан.<br>3.Казахстан - огромная страна. В ней есть реки, леса, степи, моря и горы.<br>4.Нурсултан Абишевич Назарбаев.<br>5.Астана.<br>6.Байтерек, Пирамида, Хан Шатыр … . | Учащиеся составляют ассоциативную карту. |
| 5 мин. | V. Итог урока. Вы сегодня многое узнали о спряжении глаголов. Каждый воспринял новую информацию по-своему. Давайте, напишем телеграмму своим одноклассникам. (По стратегии «Телеграмма»)<br>Оценивание фишками ● ● ● Проводит рефлексию.<br>- За что бы вы себя могли похвалить?<br>- Какие трудности встретились на уроке?<br>. Что же такое язык как явление?<br>Подсчитаем количество набранных командами баллов, определим победителя | Ученики пишут телеграммы своим одноклассникам. Оценивают свои работы. |
| 2 мин. | VI. Домашнее задание. Объясняет особенности выполнения д/работы. | Записывают домашнюю работу в дневниках. |

## Қазақстанның түсті металлургиясы

**Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр кенті**
**«Ай-Нұр» жекеше лингвистикалық гимназиясы**
**Тарих және география пәні мұғалімі: Идрисова Санта Әнетқызы**

**Мерзімі:** 24.11.2015 **Сынып:** 9А **Пән:** Қазақстанның экономикалық географиясы
**Сабақ тақырыбы:** Қазақстанның түсті металлургиясы
**Мақсаты:**
**Оқыту мақсаты:** Оқушылардың төрт деңгейлік саты негізінде Қазақстанның түсті металлургиясы тақырыбы бойынша алған білімдерін бекіту.
**Дамытушылық мақсаты:** Оқушылардың білім-білік деңгейлерін анықтай отырып, картмен жұмыс жасауға дағдыландыру.
**Тәрбиелік мақсаты:** Қазақстанның пайдалы қазбаларының маңызын анықтай отырып, неғұрлым дұрыс және тиімді пайдалану керектігін оқытып-үйрету.
**Көрнекіліктер:** Қазақстан картасы,интерактивті тақта,постер
**Пәнаралық байланыс:** химия
**Әдіс-тәсілдер:** жеке жұмыс, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс
**Сабақта пайдаланылатын технологиялар**: оздыра оқыту технологиясы,Ж.Қараевтың деңгейлеп- саларалап оқыту технологиясы,сындарлы оқыту технологиясы
**Сабақ түрі:** Бекіту сабағы
**Негізгі терминдер:** флотация, шашыранды металл
**Сабақ кезеңдері:** 1. Үйренушілік (Репродуктивтік) кезең;
2.Эвристикалық кезең;
3.Алгоритімдік кезең;
4.Шығармашылық кезең;
**Сабақ ұстанымы:** ***«Естідім – ұмыттым, көрдім – еске сақтаймын, жасадым – мәңгілік менікі».***

**Сабақ барысы:**

**I. Ұйымдастыру сәті:** *Оқушылардың сабаққа дайындығын және көңіл –күйін психологиялық тұрғыдан анықтап алу(оқушыларға геометриялық фигуралар беріледі, мұғалім оқушы көтерген фигураға анықтама береді.)*
**II. Репродуктивті деңгей тапсырмалары:**
**А)«Серпілген сауал» (Слайд № 1)**
1. 1730 жылдан 1832 жылға дейін бір ғасыр ішінде Қазақстанның Алтайдағы ірі кен орындарын ата.
2.Мыс өндірумен Қазақстанда қандай компаниялар жұмыс атқарады?
3. Полиметалл кендері деп нені айтады?
4. Елімізде никель мен кобальттың неше кен орны бар?
5.Алюминий шикізаты?
6.»Посук Титаниум» зауыты не өндіреді?

7. ТМД бойынша өндірілетін алтынның неше пайызы Қазақстанда шығарылады?
8. Әлемде Қазақстанға уранның неше пайызы келеді?
9. Вольфрам кені қоры жөнінен Қазақстан дүние жүзінде нешінші орында?
10.Шашыранды және сирек металдарға қандай металдар жатады?
11. Уран өндіруде қандай кәсіпорындар жұмыс жасауда?
12. «Флотация» деген не?

**III. Алгоритімдік деңгей тапсырмалары:**

**А) «Мюнхаузеннің 11 қатесі» (Слайд № 2 )**

1. Мыс өндірумен «Оңтүстікникель » компаниясы жұмыс істейді (Қазақмыс)
2. Баяу балқитын түсті металдар: вольфрам және уран. (уран емес молибден)
3. Қазақстан дүниежүзінде мыс кені қоры жөнінен 4-ші орында. (3-ші орында)
4. Қазақстан мырыштың 60-70 % экспорттайды.(85-88%)
5. Қазақстанда алтынның барланған қоры – 2000т. (1700 т)
6. ТМД-дағы тантал және оның ұнтағын , уран ұнтағын шығаратын Қазақстандағы жалғыз «Қазатомпром» компаниясы. (Үлбі металлургия комбинаты,Өскемен қаласы)
7. Шымкент қорғасын зауытында 1991ж. Дейін өнімнің 25 түрі өндірілді. Қазіргі кезде 15 түрі өндіріліп, шикізаттан 15 элемент алынады. (9 элемент)
8.Құрамында белгілі бір ғана элементі бар кен түрін полиметалл кендері деп атайды. (көп элементі бар болуы қажет)
9. Сирек және шашыранды металдар топтары: Уран,германий,тантал,алтын,галий, титан,теллур,цирконий,платина,қалайы. (алтын,титан, платина,қалайы)
10.Республикамыздағы ең алғашқы түсті металлургия комбинаттары: Риддер полимтелл комбинаты және Зырян комбинаты (Қарсақбай комбинаты)
11. Қаратау етегінде өндірілетін ванадий кені Жапонияның «Тошиба» компаниясына жіберіледі. (Ресейдің Чусовск металлургия комбинаты)

**Б) «Ойлан,тап!» (географиялық есеп) (Слайд № 3)**

А қаласы мен В қаласының арақашықтығы - 5000км. 1т алюминий алу үшін 2т глинозем және 18000кВт*сағ.электр энергиясы қажет. Теміржолмен 1т глинозем тасудың өзіндік құны 3000тг. А қаласыда 1кВт*сағ-тың құны – 2тг, В қаласында – 1тг. Егер А қаласы шикізат көзіне жақын , ал В қаласы электр энергетикасы көзіне жақын орналасқан болса, қай қалада алюминий зауытын салу қолайлы болар еді? (Жауабы: В қаласына, себебі алюминий зауыты электр энергетикасын көп қажет ететін металл).

**IV. Эвристикалық деңгей: (Слайд № 4)**

А) Салыстыр және мәлімет бер:
1) Қорғасын мен мыс
2) Алюминий мен титан
3) Алтын мен күміс
4) Уран және тантал

**Б) Картамен жұмыс: Кен орындарын анықтау (Слайд № 5)**

1. Соколов-Сарыбай
2.Зырян
3.Риддер
4. Жезқазған
5.Саяқ
6.Қоңырат
7. Мырғалымсай
8. Ащысай
9.Байжансай
10.Қараоба
11.Ақмола
12.Оңтүстік Қазақстан

**V. Шығармашылық деңгей.** (Оқушыларға алдын ала берілген тапсырма негізінде күнделікті тұрмыста қолданылатын заттардан түсті металды тауып, анықта беру тапсырылады).
***1.Фольга қағазы,лампочка,Алтын киімді адам суреті, термометр,кабель, күміс сақина,алтын сырға.***

***VI.Сабақты «ИНСЕРТ түртіп алу әдісімен» қорытындылау: (оқушылар кестеге алынған мәліметті жазып шығады.)***

| *Білемін* | *Меңгердім* | *Нені түсінбедім* | *Мені таңқалдырды* |
|---|---|---|---|
| | | | |

***VII. Үйге тапсырма беру***: «Қазақстан экономикасында түсті металлургияның маңызы» (эссе, презентация)
***VIII.Бағалау:*** Оқушылардың сабақ барысында жинаған ұпайларын есептеп шығару.

(Ашық сабақтан көрініс)

**Имя прилагательное.  Поурочный план по русскому языку**

**Учитель русского языка и литературы Кыдыралиева З.Б.**
**Средняя школа имени Н.К.Киикбаева**
**село Сарыкемер, Байзакского района**

| | |
|---|---|
| Тема урока: | Имя прилагательное. Описание |
| Дата проведения: | 12.01 |
| Класс: | 6 классы |
| Источник, ресурсы: | Интернет ресурсы, флипчарт, стикеры, интерактивная доска, раздаточные материалы, карточки с грамматическими заданиями |
| Цель урока: | Углубить знание об именах прилагательных. |
| Задачи: | • Уметь склонять прилагательные по падежам.<br>• Уметь определять прилагательные по родам.<br>• Уметь применять прилагательные для описания. |
| Ожидаемый результат: | • Умеют склонять прилагательные по падежам.<br>• Умеют определять прилагательные по родам.<br>• Умеют применять прилагательные для описания |
| Вид урока: | Освоение новой темы |
| Применяемые модули | Икт, диалог, новые подходы, оценивание обучения и оценивание для обучения, управление и лидерство в обучении |
| Методы : | Карусель, мозайка, ЗХУ, диалоговое обучение, Дерево желаний |
| Наглядность урока: | Наглядности, флипчарт, стикеры, интерактивная доска |
| Межпредметная связь: | Қазақ тілі |
| План урока: | I. Организационный момент<br>II. Опрос домашнего задания<br>III. Новая тема.<br>IV. Закрепление новой темы.<br>V. Оценивание<br>VI. Домашнее задание<br>VII. Рефлексия |

| Ход урока: | Действие учителя: | Действие учеников: |
|---|---|---|
| Организационный момент: | Приветствие | Приветствие |
| Тренинг  | 3 Какое время года?<br>4 Чем ассацируется зима?<br>5 Какие праздники бывают зимой?<br>Предлагает спеть новогоднюю песню<br>Просит назвать девиз | -Зима<br>-Радость, веселье, праздник, снег, зимние игры и т.д.<br>Ребята поют<br>«Я сегодня молодец!<br>На уроке удалец.<br>Спину ровненько держу,<br>Всё я знаю, всё скажу!<br>Всё красиво напишу!» |
| Деление на группы | Деление группы по цвету «Красный», «Зелёный», «Жёлтый» | Ученики делятся на группы |
| Опрос домашнего задания | 1.Обратная связь «Что я знаю?» Даётся 2 мин. для заполнения таблицы<br>2. Карусель<br>3. Проверка дом. зад. в тетрадях. Составить два-три предложения с прилагательными | 1.Заполняют таблицу по пройденной теме.<br>2.По Карусели отвечают на вопросы<br>3. Показывают дом. зад. в тетрадях и зачитывают их |
| Новая тема | 1.Объявление и запись новой темы<br>2.Заполнение рубрикатора формативного оценивания<br>3.Диалоговое обучение:<br>- О чём сегодня мы с | 1. Запись темы в тетради<br><br>2. Собственное предложение и заполнение рубрикатора оценивания<br>3. Ответы на вопросы учителя |

| | | |
|---|---|---|
| | вами будем говорить на уроке?<br>-Кикие члены предложения относятся к второстепенным?<br>-Приведите примеры. | |
| Письменная работа | 1. Раздача материала для работы.<br>2. Образовать данные глаголы в будущее время<br>3. Записать предложения в тетради и сделать синтаксический разбор | Образовывают глаголы в будущее время.<br>Записывают предложения в тетради.<br>Выполняют синтаксический разбор предложения |
| Работа по учебнику | Упр. 5, стр. 202<br>Найти главное и зависимое слово.<br>Определить род, число, падеж прилагательных | Записывают упражнения в тетради и выполняют задания |
| Групповая работа | Предлагает заполнить постеры по теме | Заполняют постеры и защищают их |
| Домашнее задание | Упр 7,8 стр 202 | Записывают в дневники |
| Оценивание | Предлагает формативно оценить (взаимооценка и самооценка) | Оценивают по предложенному рубрикатору |
| Рефлексия | Предлагает заполнить стикеры по ЗХУ | Заполняют стикеры |

## САМОЕ ВАЖНОЕ СЛОВО

**Актанова Гүльнур Учительница русского языка**
**Средняя школа №105 имени А.Жанпеисова**
**Қызылодинская область Кармакшинский район**

### ХОД ЗАНЯТИЯ:

| **Этапы** | **Деятельность учителя и обучающихся** |
|---|---|
| Организационный момент. | Прозвенел звонок.<br>Проверь, дружок,<br>Готов ли ты начать урок?<br>Всё на месте, всё в порядке:<br>Книги, ручки и тетрадки? |
| Закрепление пройденного материала | *Выписать из текста «Книга» по пять существительных, которые отвечают на вопросы кто? что?* |
| Целеполагание и мотивация. | - Что вы видите на доске? (буквы)<br>- Какие буквы? ( русские, английские)<br>-Тогда выбирайте только русские буквы. Сложите. Какое слово у нас получилось?( Родина)<br>- Давайте проверим.<br>- Родина |
| Постановка учебной задачи | - А вы, ребята, как понимаете слово «Родина»? Что означает слово «Родина» для каждого из вас?<br>*Учитель раздает стикеры.Ученики составляют кластеры.* |

| | |
|---|---|
| Актуализация знаний. | -А с чего начинается Родина?<br>На этот вопрос, ребята, я хочу ответить песней. Давайте послушаем её. Звучит песня «С чего начинается Родина?»<br>Авторы: В.Баснер, М.Матусовский. Видеоклип №1.<br>- Итак, давайте сделаем вывод: с чего же начинается Родина?<br>*Ответы учащихся.*<br>Родина начинается с семьи.<br>Родина начинается с родного дома.<br>Родина начинается с родного села или города.<br>*( Выставка рисунков «Моя малая Родина»)* |
| «Открытие» нового знания детьми.<br><br><br>Игра «Слоги» | - Чтение текстов<br>*Работа над текстами:*<br>*1.Чтение текста.*<br>*2.Защита постеров.*<br><br>Ученикам раздается карточки со словом, где они должны определить количество слогов. |

| | |
|---|---|
| Продолжение работы по теме Физкульт-минутка | Работа с текстом «Наша Родина» с грамматическим текстом<br>танец |
| Закрепление.<br><br><br>Игра «Собери пословицу о Родине».<br>Работа в группах | Наш народ очень любит Родину. О Родине есть ещё много пословиц и поговорок.<br>(Там, где ты родился, где твоя родина, лучше всего.)<br><br>Давайте вспомним пословицы о Родине. Попробуйте соединить части пословиц.У вас на столах лежат разрезанные карточки. Вы, работая в группах, соедините их.<br>Жить – Родине служить.<br>Человек без Родины, что соловей без песни.<br>Народы нашей страны дружбой сильны. |
| Итог занятия. Рефлексия.<br><br><br><br>Самооценка учащихся.<br><br><br><br>Задание на дом | - Итак, ребята, наш урок подходит к концу.<br>- О чём мы сегодня говорили?<br>- Что нового вы узнали о нашей Родине?<br>- Вы, ребята, должны дорожить своей Родиной.<br>А сейчас, ребята, у вас на партах лежат шаблоны цветов. Давайте с вами украсим нашу Родину цветами, для этого вы должны оценить свою работу на занятии.<br>Дети выбирают цветы. Голубой цвет - справился сам,<br>желтый – было трудно, но я справился, красный - прошу помощи.<br><br>Упр. 7, 8, 9 стр.29<br>- На этом наше занятие закончено. Спасибо вам за работу. |

## АТЫРАУ- ТУҒАН ӨЛКЕМ

**Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамбы селосы №23 «Ынтымақ» балабақшасының тәрбиешісі Султаналиева Зухра Фаридқызы**

Білім беру саласы: Қатынас,Таным, Шығармашылық.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Тіл дамыту, Құрастыру, Музыка.
Тақырыбы: **«Атырау- туған өлкем».**
Мақсаты: Білімділігі: Атырау қаласы туралы түсініктерін кеңейту.
Дамытушылығы: Балалардың ой-өрістерін дамыту, сөздік қорларын толықтыру, өз қаласындағы көрікті орындарды танып,қадірлей білуге үйрету,қала мен ауылдық жердің айырмашылықтарын ажырата білу.
Тәрбиелігі: Эстетикалық тәрбие беру арқылы сұлулықты сезіне білуге, туған жерін сүюге тәрбиелеу.
Методикалық әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, Венн диаграммасы, топтастыру, дидактикалық ойын: «Ажырата біл», қимылды ойын: «Қалалар».
Алдын-ала жұмыс: Ауылдық жердің ерекшелігі туралы әңгімелесу, ауылға саяхат жасау.
Қос тілдік компонент: Саяхатшы-путешественник,қала-город, ауыл-село.
Көрнекіліктер:Слайд, қала мен ауыл бейнесін құрастыруға арналған суреттер, Формат А 2,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеттері |
|---|---|---|
| Мотивацялық-қозғаушылық | Сәлемдесу:<br>Қош келіпсіз,қонақтарым апайлар!,<br>Жүздеріңнен мейіріммен нұр тамар,<br>Алдарыңда жауқазындай құлпырған,<br>Біз алаңсыз,балғын шақты балалар! | Балалар шеңбер құрып,қонақтарға жылы лебіздерін білдіреді.<br>- Әр жыл мезгілінде үш ай бар.<br>-Қазір жылдың көктем мезгілі. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сәлеметсіздер ме апайлар!<br>Ғажайып кезең:Залға саяхатшы келеді.<br>Сахатшы:-Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Мен әр қаланың көрікті жерлері туралы ақпарат жинап жүрген саяхатшымын.Сендердің туған өлкелеріңмен таныспас бұрын,сендерге қояр сұрағым бар.<br>1.-Балалар,әр жыл мезгілінде неше ай бар?<br>2.Қазір жылдың қай мезгілі?<br>3.Көктем мезгілі қай айдан басталады?<br>4.Наурыз айында қандай мейрамдар тойланады?<br>5.«Наурыз тойын» қай жерлерде тойлайды?<br>6. -Балалар,сендер қай қалада тұрасыңдар?<br>7.-Атырау қаласының ауылдық жерінде тұрасыңдар ма ,қалалық жерінде тұрасыңдар ма?<br>-Жарайсыңдар,балалар,ақылды балалар екенсіңдер.<br>Тәрбиеші:-Саяхатшы,Атырау қаласына хош келдіңіз!Біз бүгін Атырау қаласының көрікті әсем жерлерін тамашалаймыз,сізде таныс болыңыз. | -Көктем мезгілі наурыз айынан басталады.<br>-Наурыз айында «Аналар мейрамы», «Наурыз мейрамы», «Көрісу айты».<br>-«Наурыз тойын»,әр үйде, ауылда,қалада тойлаймыз.<br>-Біз -Атырау қаласында тұрамыз.<br>-Атырау қаласының ауылдық жерінде тұрамыз. |
| Ұйымдастырушылық -ізденістік | -Балалар,Атырау қаласы бұрын «Гурьев»қаласы болып аталған,кейіннен тәуелсіздік алғаннан кейін «Атырау»қаласы болып аталған.Бұрынғы «Гурьев» қаласын көргілерің келе ме?<br>1.Ескі «Гурьев» қаласы.Слайд.Фото суреттері.<br>2.Қазіргі Атырау қаласы.Слайд.Фото суреттері.<br>1.Мынау Жайық өзені.Ол Атырау қаласының ортасымен ағып жатыр.Жайықтың жағасында түрлі ағаштар өскен.<br>2.Махамбет-Исатай алаңы.Өткен жылдарда өмір сүрген бұл батырлар еліміздің егемендік алуы үшін күрескен.<br>3.Махамбет Өтемісұлы атындағы театр.Театр дегеніміз-түрлі концерт,бағдарламалар көрсететін орын.бұл жерде балаларға арналған ертегілер,қойылымдар болады.<br>4. Жеңіс саябағы.Ұлы Отан соғысына қатынасқан жауынгерлерге арналған ескерткіш.<br>5.Көпір. Көпір өзеннің арғы жағы мен бергі жағына өту үшін адамдар мен машиналарға арнап салынған.Бұрын-1көпір болса,қазір көпір саны 5-ке жетті.<br>Тәрбиеші:Осындай әдемі ғимараттарды,үйлерді,мәдени орындарды біздерге кімдер салып берді?<br>Атырау мұнаймен әлемге әйгілі.Біздің жерімізде мұнайдың қоры мол.Мұнай түсі-қара,сұйық.Біз мұнайдан бензин,керосин аламыз.Атырауда балық шаруашылығы жақсы дамыған. Іргеміздегі Каспий теңізінде бағалы балықтар бар.<br>Атырау қаласына,ауылдық жеріне арналған балалар тақпақтары:Жанерке,Дархан,Ләйлі,Бексултан,Ақнур, Қарақат.<br>Қос тілдік компонент:Саяхатшы-путешественник,қала-город,ауыл-село.<br>Қимылды ойын:«Қалалар»<br>Мақсаты:Допты бір-біріне беру арқылы, Қазақстан қалаларының атын атау. | Балалар қаланың бұрынғы келбетін тамашалайды.<br>Атырау қаласының көрікті жерлерін, ғимараттарын тамашалайды.<br><br>Балалар Атырау қаласының көрікті жерлерімен,мәдени орталықтарымен танысады.<br><br>-Құрылысшылар<br><br>Балалар сөздерді қайталайды.<br><br>Балалар Қазақстан қалаларын атайды.<br>Балалар тақпақтар айтады. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | Дидактикалық ойын:«Ажырата біл!»<br>Мақсаты:<br>1.Атырау қаласының көрікті жерлері мен ғимараттар атын атау.<br>2.Ауыл мен қалалық жерлерді ажырата білу,бейнесін құрастыру.<br>Балалар жұмыстарын тақтаға ілу.<br>«Атырау әнұраны»<br>Саяхатшы балалармен қоштасады.<br>Балаларды мадақтау,оқу іс-әрекетін қортындылау, балаларға оқу іс-әрекетінен естеліктер табыстау. | Балалар Атырау қаласының көрікті жерлерін атайды,ауыл мен қала бейнесін құрастырады,айырмашылықтарын атайды,<br>Балалар өлең жолдарын айтады.<br>Саяхатшыға естелік ретінде, қаламыздың көрікті жерлері сурет терін естелікке табыс етеді. |

**Күтілетін нәтиже:**
Біледі:Өз мекенжайы мен тұрғылықты қаласының атын,ондағы сәулетті,мәдени орындары туралы айта білуі.
Игереді:Атырау қаласы туралы білімді игереді.

Меңгереді:Кез-келген істің адам еңбегімен келетіндігін,қаланың көркеюіне өздерінің үлес қоса алатынынтүсінеді.

**Дәулеткерей.**
Біздің ауыл көктемде,
Көл жағалай қонады,
Айдын шалқар көк көлге,
Аққу-қаздар қонады.
**Қарақат**
Ауыл қонды жайлауға,
Дала жатыр жадырап,
Қой қаптады қойнауда
Қозы,лақтар жамырап.
**Жанерке**
Атырау балығыңның дәмі қандай,
Сорпасын татып көрсең дәмі қандай?
Астынан асау теңіз аумен сүзіп,
Алады ерінбеген ерлер талай.
**Ақнұр**
Атырауым-кең байтақ туған далам,
Өзіңнен мен күннен күнге қуат алам,
Сен менің-ән жырым,
Көрікті сән гүлім,
Қаламсың көркейген Атырау.
**Ләйлі**
Атырау орналасқан аласаға,
Алыстан көрінбейді қарасада,
Бір кезде теңіз басқан ойпат еді,
Кететін бірте-бірте аласара.
**Бексултан.**
Каспийдің кім білмейді бекіресін,
Мақтамаймын мен оны асыра тым,
Бір ет,бір май аузыңнан дәмі кетпес,
Жемесең оны өмірде өкінесің
**Арайбек.**
Жағалай қалың қамыс теректері,
Жел соқса дір-дір қағып өбектеді,
Секіреді сары сазандар толқын асып
Төгілген маржан тастай себеттегі
**Дархан.**
Мұнай-газы елімнің берекесі
Қазағымсың сенсің ғой ,кең өлкесі,
Мақтаны елімнің
Артады сенімім,
Өзің деп ән айтам Атырау.





---

**Мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балаларды психолого-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру**

**Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамбы селосы**
**№23 «Ынтымақ» балабақшасының әдіскері**
**Ищанова Айтбике Махбиденқызы**



**«Мүмкінділігі шектеулі адамдарға аса құрметпен қарау керек».**
**ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан жолы-2050.**
**Бір ел, бір мақсат, бір болашақ" атты халыққа жолдауынан**

Әлеуметтік – экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде мүмкіндіктері шектелген балаладың жеке даралық ерекшеліктеріне, қазіргі қоғамдағы орнына, олардың мінез-құлық және мінез ерекшеліктеріне мән бермеу бүгінгі қоғам дамуында мүмкін емес. Дегенмен «ерекше» балаларды оқыту мен тәрбиелеу және әлеуметтендіру күрделі мәселе болып қалып отыр. Аталған балалар категориясын қоғамға интеграциялауға дайындаудағы жағымды беталыстардың алдын-алу үшін оларды оқыту, тәрбиелеу және барлық өмірлік әрекеттерін ұйымдастыруда арнаулы (түзетім) білім берудің қазіргі проблемаларын талдаудан шығатын жаңа теориялық ықпал жасауды талап етеді және де бұл мүгедек балаларды әлеуметтік қорғауға қатысты медициналық, педагогикалық, әлеуметтік, әлеуметтік психологиялық және өзге де проблемалар комплексін ескере отырып шешілу қажеттігін туындатады. Мүмкіндігі шектелген бала ерекше қарауды қажет етеді. Осындай тұлғаны қалыптастыруды нәтижелі басқару үшін, түрлі жас кезеңіндегі бала дамуының өзіндік психологиялық-педагогикалық заңдылықтары туралы терең білу керек. Егер адамды тарих пен табиғаттың бір бөлігінің өнімі ретінде биоәлеуметтік нәрсе деп қарастырар болсақ, мұнан дамуға әсер ететін биологиялық (табиғи) және әлеуметтік (әлеуметтік орта) фактор шығады. «Психологиялық ой түйіндісі бойынша физиологиялық кемшілік әлеуметтік тәртібі нормаларының бұзылуын туындатады. Осындай кемшіліктері бар балалардың

барлық психологиялық ерекшеліктері биологиялық емес, әлеуметті құбылыс болып табылады»деген болатын (Л.С.Выготский)
Психиканың тарихи-мәдени қалыптасу теориясында Л.С.Выготский кез-келген кемшілік, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасын шектеуде, оған адамзаттың мәдени, әлеуметтік тәжірбиесін игеруге кедергі келтіретініне баса назар аударады.
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға өзгелермен бірдей оқуға, жұмыс істеуге, демалуға т.б. яғни қоғамдық өмірге араласуға құқық беру қажеттігі еш күмән келтірмейді, дегенмен бұны шынайы түрде іске асыру оңай еместігі белгілі. Білім алу, қоғамдық өмірге араласу, түрлі мүмкіндіктерді игеру, мемлекет, жергілікті әкімшілік білім беру жүйесін қолдау таппаған жағдайда тек қағаз жүзінде ғана қалып қояды. Арнаулы білім беру мәселелерін қайта қараудың нақты бағыттары білім беру жүйесінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды интеграциялау туралы ұсыныстар және интеграциялық оқыту практика барысында қолға алынып, практикаға енгізіліп, жақсы нәтижелерге қол жетіп жүрген инклюзивтік оқыту барысы Атырау қаласында да, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектеп интернат пен балабақшасы жұмыс жасауда.Осы мекемелердегі педогтар,дефектолог,лагопедтер ,жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу сабақта және сабақтан тыс уақыттардағы ұйымдастырылған сабақтар мен экскурсияларда өткізіледі. Сабақ барысында арнайы құрылған жағдаяттар бойынша балалар қажетті тұрмыстық икемдерді, қоғамдық тәртіп ережелерін игереді. Ол үшін сабақтан тыс уақыттарда білгілі бір жағдайда қалай жасау керектігін бірнеше рет қайтара көрсетіп отырады.. Бірнеше қайтара жаттығу, жүйелі қойылатын талаптар балаларда қоршаған ортаға икемделуге көмектесетін жағымды әдеттерді шыңдайды. Ал танымдық әрекеттерін дамыту олардың жеке бас қасиеттеріне әсер етеді, жасөспірімдер еңбек әрекетін сәйкес бағалай алады, орындаған жұмысының сапасына да жәй қарамайды. Тапсырманы жаман орындаса қынжылып, ал жақсы бұйым жасаса жолдасына, мұғаліміне көрсетіп, мадақтауды ұнатады. Балалар осылайша еңбек әрекетіне қатысудың маңыздылығын түсіне бастайды. Бұның бәрі балалардың тұлғалық қалыптасуы туралы айта отырып, олардың өмірлеріндегі еңбектің рөлі мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етеді.
Тәрбиеленушілерді әлеуметтік оқыту барысында көрнекі құралдар негізгі тиімді әдіс болып табылады. Бұл жерде көрнекілік шынайылық деген мағынаны білдіреді. Педагог мүмкіндіктері шектелген балаларды экскурсия, сюжетті-рольді ойындар, ертегі қойылымдар, театрландырылған қойылымдар барысында сыртқы ортаның қасиеттерімен, құбылыстарымен таныстырады. Бұл балалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздеріне қызмет ету, тұрмыста және арнаулы өндірісте қиын емес еңбек операцияларын орындауға, мүмкіндігінше қоршаған ортаға икемдеуге бағытталған жұмыстар. Осындай жұмыстар барысында дамуында проблемасы бар балалар белсенділік көрсетіп, өз беттерінше жұмыс істей алуға, түрлі жағдаяттар барысына сай әрекет етуге, өзін өзгелердің бағалауына парапар ұстауға үйренеді. Түзетім жұмыстары барысында жасаған жұмыстарына сын көзбен қарауға үйреніп қана қоймай, салыстырмалы түрде бағалауға, өзгелердің сындарын қабылдай және текшелей алуға, керек кезінде жолдастарын қолдауға, көмек қолын созуға үйренеді.
Психологиялық-педагогикалық жұмыстарының бағыты ерекше балалардың қоғамдық өмірге араласулары үшін әлеуметтік-тұрмыстық білім мен икемдерін қалыптастыруда педагогтардың еңбектері орасан зор. Арнайы сабақтарда оқушылардың көлік, пошта, қоғамдық орындарда өздерін ұстай алу, қажетті хабарламалар мен жарнамалық ақпараттарды түсіне бастауға үйрету керектігін де басты назарда ұстайды. Мысалы, жаяу жүргіншіге арналған белгілер, ойнауға тиым салынатын белгілер, қандай мекеме екенін білдіретін сыртқы жарнамалар немесе жақын жердегі асхана, қонақ үй, емхана бар екені туралы айтатын белгілерді көріп, керегіне жарата алу, кез-келген жағдаятта шығатын жол болатынын түсіндіру әрине жалпы пәндерге оқыту барысында алатын біліммен байланысты. Мүмкіндіктері шектелген балаларда қоршаған орта туралы сәйкес түсінік қалыптастыру көп жағдайда педагогтың оқыту мен тәрбиелеудің түрлі әдістері мен формаларын қолдана отырып, дұрыс педагогикалық процесс ұйымдастыруымен анықталады. Ерекше көзқарасты қажет ететін балардың дамуы оқу мен тәрбие барысында практикалық әрекеті негізінде құрылады. Сондықтан бұл балаларды өмірге бейімдеу экскурсия және сабақтар, түрлі ойындар формасында ұйымдастырылып, бала дамуында жетекші орын алады. Егер сабақтарда «Тағамдар», «Дүкенде» тақырыптары өтілсе, сабақтан тыс уақытарда тақырыптық эксурсия өткізудің маңызы ерекше. Бірақ балалар белгілі бір объектіні сырттай бақылап қана қоймай, ересектердің әрекеттеріне еліктей отырып, өздеріде жас шамаларына қарай әрекет ете алатындай етіп ұйымдастыру өте маңызды. Мысалы, дүкен жұмысын бақылаудағы экскурсиялар балалар сауда залдарында жүріп түрлі бөлімдерді белгілер арқылы анықтауға болатынын, әр тағамның жарамдылық, сақтау ерекшеліктеріне қарай бөлінетінін біліп қана қоймай, олардың өздері саудаларын төлеуге, сатушыдан керектерін сұрауға, сатып алған затын сөмкесіне орап салуға, сөмке сақтауға арналған шкафтарды, телешкілерді қолдана алуға, ең аяғында дүкендегі қалыптасқан қоғамдық тәртіп ережелерін сақтауға үйренетіндей және өздері әрекет жасайтындай етіп жоспарлану керек. Мұндай экскурсия үлкен, егжей-тегжейлі ұйымдастыру жұмыстарын қажет етеді. Егер педагог әрбір ұйымдастырылатын әрекет, іс-шаралардың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатын, алынған материалдарын игертіп қана қоймай, балаларға (экскурсия барысына есеп беру, әңгіме жазу немесе бір баланың әрекеттерін сипаттау) т.б. тапсырмалар жүйесін дайындаса, бұл мүмкіндіктері шектелген балаларды өз ісіне, жұмысына, берілген тапсырмаларды орындауға дағдыларын қалыптастырумен қатар, балаларға үлкен жауапкершілікті сезіне бастауға дайындап, жүктей бастайды. Практика мүмкіндіктері шектелген балалар жүйелі жүргізілетін психологиялық-педагогикалық жұмыстар нәтижесінде тігін машинасында, компьютерде, қылқаламмен көптеген әдемі туындылар жасай алатынын, белгілі бір еңбек даярлығын, кейін түрлі өндірісте ұжыммен бірлесе отырып, мүмкіндігіне сай айналыса алатын еңбек түрін анықтай алатынын көрсетіп отыр.
Қорыта айтқанда бала-ата-ана-педагог, отбасы және білім мекемесі арасындағы сабақтастықтың ойдағыдай жүзеге асуы тұлғаның әлеуметтік бейімделуінің алғы шарттарының бірі болмақ.

**Қыс мезгілі көңілді**

**Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамбы селосы**
**№23 «Ынтымақ» балабақшасының тәрбиешісі**
**Хамзаева Гүлайна Карапиденқызы**

Білім беру саласы: Қатынас.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Тіл дамыту.
Тақырыбы: **«Қыс мезгілі көңілді»**
Мақсаты: Білімділігі: Балаларға маусымдық өзгеріс жайлы түсінік беру. Қар мен мұздың қасиеттерімен таныстыру. Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту.
Дамытушылығы: Қыс мезгілі туралы өлең тақпақтар айтқызу арқылы баланың тілін, ойлау қабілетін жетілдіру.
Тәрбиелігі: Өздерінің ойға түйгендерін қағаз бетіне түсіру арқылы балалардың шығармашылығын жетілдіріп, табиғатты қорғауға, бағалай білуге тәрбиелеу.
Көрнекілігі: қыс мезгілінде шанамен сырғанап, хоккей ойнап, коньки теуіп жүрген балалардың суреттері, қол моторикасын дамытуға арналған жаттығу жасау, күннің бейнесін салу, қардың суретін саусақ арқылы салу, интерактивті тақта және күннің суреті.
Әдіс-тәсілі: тақпақтар жаттау, сұрақ-жауап, дидактикалық ойындар, әңгімелеу, суретпен жұмыс, музыка.
Тәрбиеші: - Балалар, « сәлем сөздің-анасы» амандасу.
- Адамгершілік, әдептіліктің баспалдағы. Сондықтан да алдымен қонақтармен амандасып алайық.Шаттық шеңберіне тұрады.

Мейірімді жүрекпен,
Ақпейілді тілекпен,
Амандасып алайық,
Бір жадырап қалайық,
Ақпейілді тілекпен,
Амандасып алайық,
Бір жадырап қалайық

Тәрбиеші: Балалар бір жылда неше мезгіл бар?
Тәрбиеші: Балалар мен бүгінгі сабағымды жұмбақ жасырумен бастағым келіп тұр. Менің жұмбағымды шешуге дайынсындарма?

Аяз қысып,
Өрнек сызып,
Терезеңді торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып,
Сырғанап балдар ойнайды.

Кейде ұлып,
Кейде жұлып,
Ұйытқып боран соғады.
Бөбектерім айтындаршы.
Бұл қай кезде болады?

Балалар: Қыс мезгілінде.

- Балалар қазір қандай мезгіл?

Қыс мезгілі.

- Қыс мезгілінде неше ай болады?

3-ай Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

- Қазір қандай ай?

Ақпан айы, қыстың соңғы айы.
-Балалар мына суреттерге қарандаршы, қыс мезгілі, сендерге несімен ұнайды?
Қыста қар жауады, қардың түсі ақ болады. Ол аспаннан жапалақтап жауады.
Шаңғы тебеміз, коньки тебеміз, төбеден төмен қарай сырғанаймыз, қар лақтырып ойнаймыз. Аққала жасаймыз.

- Қыста қандай мерекелер болады?

Желтоқсан мерекесі.
Жаңа-жыл мерекесі.
- Дұрыс айтасыңдар.
- Күн жылы болса, қар жауғанда аспаннан жапалақтап жауады.
- Ал жел болса борап, ұйытқып жауады.
- Аяз болса, қарды басқанда сықыр-сықыр етеді. Қарды басқанда оны байқап жүрсіңдерме?
- Иә, байқап жүрміз.
- Осы кезде топқа ақырып, аю кіріп келеді.
- Аю: Қайсысың мені тәтті ұйқыдан оятқан. Ой мына балалар ғой, балалар мен қайда келдім? Ал енді тәтті ұйқымнан оятқан екесіңдер, маған қыс мезгілі қандай болатынын айтып беріңдер. Балалар мені танитын боларсыңдар, мен қандай аңмын.
- Иә мен аюмын. Мен орманда өмір сүремін.Балалар мен сендер айтқандай жаз бойы бал жинап жеймін де, қыста тәтті ұйқыға кетемін. Сондықтанда қыс мезгілі қандай болатынын білмеймін. Балалар маған қыс мезгілі қандай болатынын білуге көмектесесіңдерме?
- Балалар: Иа-иа-иа.
- Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, біз әрқашанда бәріне көмектесуге дайынбыз. Біз тату, дос балалармыз. Балалар біз қызық ойын ойнайық, сөйтіп аюға қыс мезгілінің қандай болатынын көрсетейік.
Ойын: Қыс мезгілі.
-Тәрбиеші:- Балалар мынау ненің суреті.
Көңілді күліп тұрған және көңілсіз тұрған күннің суреті.
Артында қорапша бар.
Шарты: Қыс мезгілінің қандай болатынын айтып мына қорапшаларға саламыз.

1) Егер жақсы жағын айтсаңдар мысалы: Жаңа жыл келеді, шаңғы тебеміз, коньки тебеміз, қар лақтырысып ойнаймыз, шанамен сырғанаймыз, ақша қар жауады.
2) Ал ұнамайтын жағын айтасыңдар: Мысалы: Қатты аяз болады, суық жел тұрады, аң-құстарға жем табылмай қалады, балалардың шанадан құлап қалған, жарақаттанған. Балалар ұнайтын және ұнамайтын жағын қорапшаларға салады. Енді балалар аюға одан әрі түсінікті болуы үшін мынандай тапсырмалар орындайық.
1-тап. Суретке қарап айтайық.
а) Қыс мезгілі көңілді ( көңілді қыс мезгілінің суреті)
ә) Аспаннан ақ қар төгілді (аспаннан қа қардың жауып жатқан суреті)
б)Шанамен біз ойнаймыз (шанамен ойнап жатқан суреті)
в) Шаңғы теуіп зырлаймыз ( шаңғы теуіп жүрген балалардың суреті)
2-тап. Аппақ мамықтай қарды баспай, секіріп, тақпақ айту крек.
Далида, Мұстафа, Ақниет, Сұлтан тақпақ айтады.
Сергіту сәті:
Аяқпен топ-топ-топ,
Алақанға лоп-лоп-лоп,
Бір оңға, бір солға,
Айналайық кел мұнда.
Қолымызды бір сілтеп.
Басымызды шайқайық.
Бір оңға, бір солға,
Айналайық кел мұнда.
Секіреміз жоғары,
Қиын емес секіру,
Бір оңға, бір солға,
Секіреміз кел мұнда.
3-тап. Көңіл-күймен айтып, қол моторикасын дамытуға арналған жұмыс.
Тәрбиеші балаларда екі топқа бөледі.
1-ші топқа. Күннің суретін береді. Соған балалар алақанды губкаға батырып, шуақтарын салуы керек. Балалар мына күннің шуақтары жоқ екен, соған шуақтарын салуларың керек.
2-ші топқа. Күннің бұлттанып тұрған кезі, оған балалар саусақпен қардың жауып жатқан суретін салады. Саусақты губкаға батырып, қар жауып жатқанын бейнелейді. Міне балалар «Қыс мезгілі көңілді» атты сабағымыз өз мәресіне жетті. Аю да риза болып, балаларға рахметін айтып, қыс мезгілінің көңілді екенін түсініп:
Балаларға мынадай сұрақ қояды:
- Балалар су қыста қатып қалса, неге айналады?
- Мұзға айналады.
- Дұрыс айтасыңдар балалар. Даладағы мұзды жеуге болмайды. Сендерге мұзға ұқсайтын тәтті мұз кәмпит сыйға тартқым келеді. Оны апайларың таратып береді, сау болыңдар балалар деп аю шығып кетеді,
- Сау бол аю дейді балалар.
Балалар өте жақсы жауап бердіңдер. Мен сендерге сұрақтар қоямын.
Егер ұнаса тамаша деп, ұнамаса үндемей қаласыңдар.
1) Көңілді-күйіміз қандай? -Тамаша!
2) Қыс мезгілі қандай? -Тамаша! -Тамаша!
3) Қысқы ойындар қандай? -Тамаша!
4) Бізге кел 5) Ауа-райы қандай? Келген қонақтар қандай? -Тамаша!
Сау болыңыздар апайлар!

---

## Көліктер

**Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамбы селосы**
**№23 «Ынтымақ» балабақшасының тәрбиеші**
**Серікпаева Мөлдір Мендібекқызы**

Білім беру саласы: «Таным»
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Қоршаған ортамен таныстыру»
Тақырыбы: **«Көліктер»**
Мақсаты: Білімділігі: Балаларға көлік туралы түсінік беру.
Дамытушылығы: Көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып (жерде, суда, әуеде), атқаратын қызметі аясына қарай салыстыра білуге үйрету.
Тәрбиелілігі: Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту.
Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, саяхат, ойын.
Көрнекілігі: Тақырып мазмұнына байланысты суреттер слайдтар.
Мотивациялық қозғаушы.
Шаттық шеңбер:
Тәрбиелі баласы,
Алдымен үлкенмен,
Амандасып алады.
Қайырлы таң апайлар!
Қайырлы таң достарым!
Ұйымдастырушы - ізденушілік.
-Жылдың қай мезгілі?
-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Қыс мезгілінде күн қандай болады?
-Қыс мезгілінде қалай киінеміз?
Дұрыс айтасыңдар балалар. Балаларды оқу іс-әрекетінің тақырыбымен таныстыру. Бүгін біздер «Көліктермен» танысамыз. Балалар ерте заманда көлік түрлері болмаған кезде адамдар алыс жерлерге қалай барған? Ауыр жүктерді бір жерден екінші жерге қалай жеткізген?
Балаларға ерте заманғы көліктер туралы қысқаша түсінік беру. Сурет бойынша әңгімелеу.
Балалар ерте заманда көлік түрлері болмаған кезде адамдар көлік ретінде және жүк тасу үшін үй жануарларын пайдаланған. Ат, түйеге арба жегіп адам, жүк тасымалдаған. Алыс жерлерге жету үшін айлап, жылдап жүріп барған. Балалар қазіргі ғылым мен техника дамыған заманда көлік түрлері өте көп. Көліктер әуе, су және жер көліктері болып үшке бөлінеді.
Әуе көліктеріне ұшақ, тікұшақ, зымыран жатады.
Су көліктеріне кеме, қайық, желкенді қайық жатады.
Жер көліктеріне машина, мотоцикл, автобус, велосипед, поезд т.б. жатады.
Ал кәнекей барлығымыз саяхатқа шығайық, автотұрақа барайық. Балалар кәнекей барлығымыз қалың киімізді киелік.
Автотұрақа әуенмен келеміз. Автотұрақтың иесі Самат ағаймен танысамыз. Ол кісі балаларға автотұрақ туралы толық мағлұмат береді.
Ойын ойнатады: «Ұшты-ұшты»
Шарты: ұшатын заттарды айтқанда қолдарын жоғары көтереді.
Самат ағай: балалар өте ақылды балалар екенсіңдер. Балалар ағаймен қоштасты. Ал енді балабақшамызға қайтайық. Балалар әуенмен топқа келеді. Ал енді үстіміздгі сыртқы киімдерімізді шешейік. Балалар шешініп орындарына отырады. Балалардан қорытындылап сұрау
Рефлексивті коррекциялаушы.
Дидактикалық ойын: «Не қайда жүреді?»
Шарты: Көлемді бейнелі сурет арқылы көліктердің жүру жолдарын тауып, көліктерді орналастыру.
Сұрақ –жауап әдісі арқылы балалардың оқу іс-әрекетінде алған білімдерін қорытындылау. Белсенді араласқан балаларды мақтап, мадақтау.
Күтілетін нәтиже:
Меңгереді: көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастыра білуі.
Игереді: тапсырмаларды орындайды.
Қолданады: күнделікті өмірде көлік қызметін қолданады.

---

**Баланың шығармашылық қызығушылығын арттыруға инновациялық технологияны тиімді пайдалану**

**Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамбы селосы №23 «Ынтымақ» балабақшасының**
**ІІ-санатты бейнелеу пәні маманы Утегалиева Света Сергейқызы**

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, мүсіндеу пәніне деген қызығушылықтарын арттыру.
Салеметсіздерме құрметті әріптестер. Бүгінгі біздің тәжірбиелік кеңесте СТО әдісінің бірнеше әдіс-тәсілін тәжірбие түрінде қолданып көреміз. Әдіс –тәсілдеріміз педагогтарға анағұрлым түсінікті болу үшін тәрбиеленушілердің орнына тәрбиешілермен жұмыс жасаймыз.
Тәрбиешілер шеңберге тұрады. Алақандарын ашып, әр тәрбиеші өз атының бас әріпімен бастылатын бір сын есім айтады. Мыс : Света –сары, Зухра-зерек, т\б. Сын тұрғыдан ойлау әдісі: Монитордан көкөністердің суреті көрсетіледі. Көкөністер: қияр, сәбіз, қызанақ. Мақсаты: Ойландыру, берілген суреттерге қарап баланы сөйлету. Бір зат турулы өз ойын айтуға дағдыландыру.
Топтастыру әдісі: Осы үш көкөністің ішінен өздеріңізге ұнаған көкөністі таңдап, сол бойынша топтасып отырыңыздар. Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.
Сипаттама Әр топ өздерінің топтары туралы сипттама береді. Мыс: қияр сопақ, жасыл т\б. Жарайсыздар әріптестер.
Қызықтыру әдісі: тосын сый; тәрбиленушілерді қызықтырумақсатында түрлі көрнекіліктерді өз қолыңменде жасауға болады. Өзім қолдан жасаған, балалардың жұмыстарымен толықтырылған көрнекіліктерден көрме көрсетемін. – Қараңыздаршы мына егінші апа - ағаларымыз жәрменкеде сауда жасап тұр екен олардың көк өністері таусылып қалапты.Саудагерлерге көк өністер жасап беремізбе, көмектесемізбе?
Ендеше алдымыздағы етмексаздан қажетті тусті таңдап, домалақтау,сопақтау қимылдарын орындап, көкөністерді мүсіндейміз.
Сен маған,мен саған әдісі. Бұл әдістің шарты бойынша әр топтан бір тәрбиеші шығып, өз топтпрының бейнесімен бейнеленген карточканы алып келесі топқа береді. Солай үш рет қайталанады. Бұл карточкада сұрақтар жазылған. Мектепке дейінгі ұйымдарда негізгі екі ұстанымды ата. Тәрбиелеу, дамыту мектепке дейінгі ұйымдарда неше сала бойынша білім беріледі. Саланы ата: мектепке дейінгі ұйымдар қандай бағдарламамен жұмыс жасайды. ҰОӘ кезінде сұрақтар баланың жасына, тақырыпқа сай болуы керек. Нәтижеге жету: көк өністеріміз дайын болса егіншілеріміздің себегіне көк өністерімізді апарып салайық. Міне қараңыздаршы себегі толған егіншілер қуанып үйлеріне қайтып барады.
Сын тұрғыдан ойлау әдісі:
Сергіту сәті: «Молекула атом» ойын. Ойын шарты: молекула деп айтқанда тәрбиешілер әуеннің ырғағымен әрлі - берлі жүреді. Атом екі деп айтқан кезде екі-екіден бірігіп тұрып қалады. Атом төрт деген кезде төртеуден бірігіп тұрып қалады. Бірнеше рет қайталанады.
ВЕНН диаграмасы әдісі: Алма мен қиярдың суреттері көрсетіледі, осы екі тағамның ұқсастығы мен айырмашылығын атап айту керек. Осы әдіс арқылы ҰОӘ қортындылауға қолдануға болады.
Бүгінгі кеңесте біздер СТО әдісінің кейбір әдіс-тәсілдерімен таныстық, бұл әдіс- тәсілдер қол жетімді әрі тиімді тәсілдер. Құрметті әріптестер бүгінгі кеңесім сіздердің көңілдеріңізден шықты деп ойлаймын. Кеңесіміздің соңын тосын сыймен аяқтағым келеді. Алдарыңыздағы ақ парақшаға карандаш, желім мен кез-келген сурет сала қойыңыздар, мен оны жинап алап жылтыр сеуіп беремін. Бұл ТРИЗ әдісінің бір түрі. Осы мен бүгінгі кеңесіміз аяқталды. Назарлараыңызға рахмет!

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Жапсыру
Тақырыбы: **Тауыс**
Мақсаты:
Білімділік: бірнеше бөліктерден тұтас бейне құрастырып жапсыруға үйрету, қаптап қию, бірден бірнеше бөліктерді қиюға үйретуді жалғастыру.
Дамытушылық: түстерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру, қол, саусақ, қимылдарын дамыту.
Тәрбиелік: өз жұмыстарын бағалай білуге шыдамдылыққа тәрбиелеу.
Шаттық шеңбері: Қуан шаттан алақай,
Қуанатын күн келді,
Күліп шықты кун бүгін.
Қайырлы күн апайлар,
Қайырлы күн достар.
«Сын тұрғыдан ойлау» Балалар экраннан әртүрлі құстардың бейне клипін көреді.
Сұрақ қою арқылы олардың ойларын жинақтап, білетін мағлұматтарын естеріне түсіремін.Тауыс құсын көрсетіп, ол туралы түсіндіріп, тіршілігімен таныстырамын.
6 Тауыс құсы әлемдегі ең әдемі құс. Ол табиғатта өте сирек кездеседі. Көбіне ол хайуанаттар паркінде мекендейді. Сол себепті «Қызыл кітапқа» енгізілген.
«Ғажайып сәт» Мұңлы әуенмен тауыс құсы келеді.
- Сәлеметсіздерме балалар, мен ертегілер елінен келдім. Менің сендер сияқты достарым жоқ. Көңіл-күйімде жоқ.
- Балалар мен тауыс құсын аяп, көмектескім келіп тұр.
- Ал сендер ше? Ендеше балалар тауыс құсына арнап, тауыс құсын қағаздан жасап берейік.

Балалар қолдарына түрлі-түсті қағазды алып жұмыстарына кірісіп кетеді. Алдын ала дайындалған қағазын алып сызық бойымен қияды.
Сергіту сәті. Қане, қанат жазайық,
Құс боп қалықтап ұшайық.
Шық алға оң қанат,
Шық алға сол қанат.
Ұшып – ұшып алайық,
Орнымызға қонайық.
Балалардың дайын болған жұмыстарын көремін. Әдемі қиған балаларды мадақтаймын.Тауыс риза болып, көңілді әуенмен балаларға билеп береді. Биінің соңында балалармен қоштасып өз еліне ұшып кетеді.
«Дидактикалық ойын» Не артық?
«Бес жол өлең» Тауыс құсының суретін көрсетемін.
Бұл не? құс
Ол қандай? әдемі, үлкен,
Ол не істейді? ұшады, жүреді, жейді.
Ол не? Тауыс.
«Бес жол өлең» арқылы балалардың осы тақырыптан алған білімдерін байқап, оқу іс-әрекетін аяқтаймын.

---

**Бізге көлік қалай, қандай көмек көрсетеді ?**

**Қызылорда облысы Қармақшы ауданы№ 21 «Тоғжан » ясли бақшасы**
**«Ботақан » тобы Тәрбиеші: Тасбулатова Тұрар**

***Тәрбие сағаты тақырыбы: «Бізге көлік қалай, қандай көмек көрсетеді ?»***
Мақсаты:Көліктерді атап олардың қызметін әңгімелей білуге үйрету. Балалардың көлік туралы түсініктерін бекіту, тиянақтау, қызығушылықтарын арттыру. Көліктердің адамға қажеттілігіне назар аудару еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
Әдіс-тәсілі: Көрсету, үйрету, түсіндіру.
Көрнекілігі:Көліктердің суреттері.

| **Әрекет кезеңі** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы күш түрі | Шаттық шеңбері: | Шаттық шеңберін құрды |
| Ұйымдастырушы ізденушілік | Балалар тыңдайықшы мынау ненің дыбысы?<br>Жарайсыңдар балалар дұрыс айтасыңдар.<br>Бүгінгі біздің ашық ұйымдастырылған тәрбие сағатымыздың тақырыбы: : «Бізге көлік қалай, қандай көмек көрсетеді ?<br>-Балалар мына суретке назар аударайық мына суретте біз қандай көлік түрін көріп тұрмыз?<br><br>-Балалар қана кім жерде жүретін көлік тұрлеріне арналған тақпақ біледі?<br>Әли: Отыр мын рулъде ,<br>Маторым гүрілде?<br>Ойыншық машина<br>тарт алға асыға | Көліктердің<br><br>Балалар өз ойларын айтты<br><br>Балалар тақпақтарын айтты<br><br>Тақпаған айтты |

| | | |
|---|---|---|
| | Тұмар: Паравозға қарашы<br>Түтіні бұлт бұркеген<br>Жалғыз өзі санашы<br>Неше вагон тіркеген<br><br>-Балалар мынау қандай көлік түрі ?<br>-дұрысайтансындар бұлар  кеме және желкенді қайқ деп аталады.<br>-Суда жүзетін көлік түрін капитан жүргізеді.<br>-Қане Мөлдір бізге қайық жайында тақпақ айтып берші<br>Мөлдір: Суда жүзген қайықпен<br>Жүзіп жүрген бала көп<br>Оңға солға бұрылып<br>Жүзеді екен қайық кеп<br><br>Ал мынау қандай көлік түрі ?<br>-Ұшақ неге ұқсайды ?<br>Ұшақтар жайында кім тақпақ біледі?<br>Зере:<br>Отырсаң ішінде ұшақтың<br>Қалалар көрінер ұсақ тым<br>Биіктен қалқыған бұттарды<br>Ақбура түтінге ұқсаттым<br>Паравоз әні<br>Сөздік жұмыс:<br>-Балалар көліктер әртүрлі дыбыстар шығарады екен бізде айтып көрейік<br><br>-Көлікті қоттағанда қандай дыбыс шығарады?<br>Кеме жүзгенде?<br>Поезд жүргенде?<br>Поезд тоқтағанда ?<br><br>Жүріп келе жатқан көліктің алдынан шығып қалғанда қандай белгі береді?<br>Кәне  Бейбарыс бізге өзіңнің тақпағыңды айтып бере қойшы<br>Бейбарыс: Бип-бип-бип тиді<br>Жолдан былай кеттейді<br>Күшікті басуға басуға<br>Болмайды болмайды машина<br>Бип-бип-бип<br><br>Көшеде бізде көліктердің жүрісін реттеп отыратын не бар ?<br>Аяулым:<br>Бір көзім «кідір»дейді<br>Бір көзім «жүгір»дейді<br>Бір көзім «абайла »дейді<br>Қарап ал маңайға дейді<br><br>Ойын «кімнің  көлігі ?»<br><br>Көңілді ән | Әуеде ұшатын<br>Ұшақ және тік ұшақ<br><br>Құсқа екі жағында қанаты бар<br><br>Р р р р р р р р р<br><br>У у у у у у у у у<br><br>Дук-дук-дук-дук<br>Пыш-пыш-пыш<br><br>Бип-бип -бип<br><br>Бағдаршам<br><br>Балалар ойын ойнады<br><br>Балалар ән орындады |
| Ревлексивті коорекцялаушы | өткен сабақты қайталау еске түсіру сабаққа белсене араласқан балаларды анықтау мадақтау марапаттау.өткен сабақты қайталады  естеріне түсірді | Балалар қайталады естеріне түсірді |

***Күтілетін нәтиже:***
***Білу керек: Көліктер жайлы білу керек***
*Үйрену керек:өлең айтып үйрену керек*
***Игеру керек: Оқу іс әрекетін игеру керек***

**Күзгі Ханшайым мен Ханзада**

**Қызылорда облысы,Қармақшы ауданы**
**№21 «Тоғжан» ясли бақшасының тәрбиешісі**
**Телеубаева Назерке Оңғарқызы**

«Аққогершін» тобы Ата- анамен жұмыс
**Тақырыбы:** ***«Күзгі Ханшайым мен Ханзада»***
**Мақсаты:** Күз туралы балалардың дүниетанымындарын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау. Әр баланың бойындағы қасиеттерін ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту. Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ қызымен жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу.
Ұйымдастыру кезеңі
Өзіңсің жер дүниенің гүлдендірер,
Сап - сары алтындай боп айналамыз
Алтын күз мерекесі күз айының
Береке боп орныңсың арамызда.
Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата - аналар мен балалар! Ел байлығын арттырған, берекелі күз айы да келді. Күз бізге жемістерімен, көкөністерімен егістіктегі астығымен келеді. Бүгінгі « Күзгі Ханшайым мен Ханзада» атты сайысымызға қош келдіңіздер!
Армысыз асыл халқым ақ жүректі,
Баласына арналған ақ тілекті
Сыңға түсер достары арасында,
Ер намысты ер жүрек ұлдар кепті
Жас ұлан ғой ертеңі ел мақтаны
Қырандар ғой тәңірі көк аспаны
Арта берсін абырой мен атақ даңқы
Қарсы алайық құрметпен қыздарымызды
Ұстанған қазағымның ата - салтын
Жансың лайым бәрінің жұлдыздары -, дей келе Ханзада мен Ханшайымдарымызды ортаға шақырайық! Қарсы алыңыздар!
(Байқауға қатысушылар кезекпен ортаға шығады)
Куанышбекова Тумар, ата- анасымен.
Барақбай Нұрсезим,ата-анасымен.
Бакытбек Дамир, ата-анасымен.
Қалдыбек Мирас, ата-анасымен
Жүргізуші:
Күз келіп хан мен ханшайым
Өткізді күзгі бал айын
Ханшайым тапқыр қыз болады
Ағызар сөйлеп сөз майын
Ал, ханымыз ақылды
Барша жұртты шақырды
Би де билеп ән айтты
Қуаныштан шалқыды.
Жүргізуші:
Кімдер жүйрік өнерпазды білейікші
«Ханзада мен Ханшайым» деп жүрейікші
Әділқазы алқасынан әділдікті
Ал балаларға сәттілік тілейікші - дей келе сайысымызға әділ бағасын беріп, төрелік жасайтын әділқазы алқасымен таныстырайық
Балабақша меңгерушісі:
Тәрбиеші:
Ата - ана
Жүргізуші:
Қайсы әнші, кім биші,
Талабына қарайық
Кімдер зерек, кім жылдам,
Таланттарын табайық!- деп өнер сүйер қауым бүгінгі сайыстың барысымен таныстырып өтейін.
1 - бөлім: «Тегімді менің сұрасаң...» (өзін таныстыру)
2 - бөлім: «Өнерлі бала – елдің көркі» (өнер сайысы)
3 - бөлім: «Сұлулық сыры» (сән үлгісі)
4 - бөлім: «Бар ізгілік тек білімнен алынар» (Жумбақтар шешу,ата-анаменбала).
5 - бөлім: «Дарумендер денсаулық сақшысы» (Салат жасау,ата-анамен бала).
6-болім: «Күз сыйы» корме (көкөністер мен жемістерді жарнамалау,ата-анамен бала).
Жүргізуші:
Есте қалар бұл күндер,
Бал - бұл жанған жыр күндер
Бүгін өнер көрсетпек
Оза шапқан дүлділдер

Ойнап, тойлап күлейік
Жеңімпазды білейік
Талапкердің бәріне
Шалқар шабат тілейік.
Жүргізуші:
Ақыл - көрік бойларында жетеді,
Әлі талай сынақтардан өтеді
Мына отырған баршаңызды өзімен
Тез арада таныстырып өтеді - деп сайысымыздың бірінші бөлімі «Тегімді менің сұрасаң...» деп аталады. Сайысқа қатысушыларымыз өздерін таныстырып өтеді.
Дамир:
Ассалаумағалейкум халқым, жерім,
Кіші жүз Қаракесек елім менің
Нүрсеитов Асланбектің бел баласы,
Нұрыммын Жетпіспайдан шыққан тегім
Үйің мықты болады,
Тандай білсең ағашын
Орта жүздің ішінде
Қыпшақ болады нағашым
Болашағы қазақтың
«Тоғжан» балабақшамыз
Әлемді таң қалдырған
Тобым менің «Көгершин»
Бірі – әнші, бірі - ұшқыш,
Бірі болар өнер тапқыш
Ел қорғайтын қол басшы,
Мүмкін шығар ел басшы
Тумар:
Қорқыт бабам жатқан,киелі елім
Қорқыт бабамыздың тұяғы едім
«Тоғжан» балабақшам үкілеген
Сәлемін дүйім жұрттың ала келдім
Атым – Тумар болады сұрасаңыз
Тілеу деген кешегі бір атамыз
Ақканат пен Айгерімдей әкем - анам
Пана болып біздерге жүз жасаңыз
Көп айтып өз жайымды не қылайын
Одан да өнеріммен таң қылайын
Кішіге үлгі үлкенге өнеге боп
Сахынаның төрінде сән құрайын
Жүргізуші:
- Балалар жылдың қай мезгілі
- Балалар күз мезгілінің ерекшеліктерін ата?
Б: Жапырақтар сары, қызыл болып, шөптер қоңыр, сарғыш түске боялды. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күн бірте қысқарады. Жаңбыр жауады. Адамдар жылы киім киеді.
Т: Күз айларын атаңдар?
Б: Қыркүйек, қазан, қараша
Бауыржан:
Алтын,сары қызыл көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзги бақта күлимдеп,
Коз тартады жалбырап.
Қ.Айша:
Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.
Ансар:
Жемісі мол теретін,
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген
Гүлфаруз:
Күзім-ау,күзім-ау,
Мінезің бұзық-ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау.
Жүргізуші:
2 - бөлім: «Өнерлі бала – елдің көркі»

Ал кімнің өнері бар қаншалықты,
Би - билеп, ал біреуі ән салыпты
Бүгінгі сайыста бәйге алуға
Сайыскерлер аянбай жан салыпты,- деп өнер сайысына кезек береміз.
Қуанышбекова Тұмар - өзбек биі.
Барақбай Нұрсезим –Sing a rainbow әні.
Бақытбек Дамир – Жау-жау жанбыр әні.
Қалдыбек Мирас – Тоғжан балабақшасына арналған әні.
Жүргізуші: - Ал енді тағы да тақпақтарымызға кезек берейік.
Диас:
Опять осенная пара!
Но, мягкой свежисти полна
Мне сердце веселит она-
Люблю я это время года!
С.Айша:
Осень,осень,
В гости просим!
С листопадом и дождем.
По устрам морозы
В рощах желтый листопад.
Листия около березы
Золотым коврам лежат.
Гүлдана:
Мауе пісип балбырап,
Маужыраган коңыр күз.
Алма пісіп албырап,
Коз тартқанын көриниз.
Сары жапырақ төгілген
Тоғайды да кордим мен.
Қайрулла:
Жайдарлы күз,жарқын күз.
Аяулы күз,алтын күз.
Дәнге толы ен дала
Дариядай шалқар күз.
Айдана:
Қуандырып біздерді
Өлкемізге күз келді
Келді бізге алтын күз
Кемелденді халқымыз.
Елнұр:
Молдіретіп жүзимдерін
Келді алтын күзім менің
Молшылық күз-береке күз
Береке күз – мерекеміз.
Азамат:
Здраствуй Осен!
Здраствуй Осен!
Хорошо что ты пришла,
У тебя мы,осень спросим
Что в подарок принесла?
Ақылбек:
Жетти желмен алтын күз
Жемис жинау салтымыз
Жиып-терип болган соң,
Той жасайды халқымыз.
Нұрәлі:
Күз ұсынып егисімен жемісин
Әкелипти халыққа бір молшылық
Сары жапырақ алтындай боп төгілсін
Елімізде болсын әр кез молшылық.
3 - бөлім: «Сұлулық сыры»
Сынбатына сән киім жарасатын,
Аспандағы айменен таласатын
Өнеріне сай келіп, дайын тұрған
Қыздарымызбен, ұлдарымызға қызығып қарасатын
Сіздерге жаңаша сән үлгісін ұсынамыз!
Кішкентай бүлдіршіндеріміз де бүгінгі біздің сайысымызға келіп сән үлгісін көрсетпекші, ортамызда балдаурен тобы бүлдіршіндері қарысы алыңыздар!
4 - бөлім: «Бар ізгілік тек білімнен алынар» (Жұмбақтар шешу)

Білім жолы сара жол,
Білімді адам бастар қол
Жұмбақтарды тыңдап ал,
Жауап беруге дайын бол.
1. Жиын- терін болатын,
Қамбаға астық толатын.
Қызыл қырман ойнайтын,
Қай мезгелгіл деп ойлайсын? (Күз)
2. Қос құлағы қалқайып,
Су ішкен сайын марқайып,
Күн ысыса тон жинайды,
Доп болғанда ел жинайды. (Қырыққабат)
3. Аласы бар,жасылы бар, көгі бар,
Ішин ашсан кара молдір дәні бар.(Қарбыз)
4. Қызыл жасыл кемелер
Су бетіне қалқиды.
Соқса егер салқын жел
Ырғалады толқиды.(Жапырақ).
5. Қауын,қарбыз дей алмасын,
Піскенменен жей алмасың.
Жарғанменен қап-қатты,
Ал,асқанда тәп-тәтті. (Асқабақ).
6. Алтын сары тоны бар
Қойнында дәні бар. (Бидай).
7.Көк аланы когенде көрдім,
Көгеннен қиып жегенде көрдім. (Қауын).
8.Қалың киімұнатады,
Шешіндірсен жылатады.(Жуа).
Алдарыңызда бүлдіршіндеріміздің «Балапандар»бинін тамашалаңызыздар.
5 - бөлім: «Дәрумендер денсаулық сақшысы».(Салат жасау).
Шеберлері өнер тамған қолынан,
Жаңылмаған ата - баба жолынан
Шебер қолдар өз - өнерін көрсетсін
Біз айтайық төрелігін соңынан.
Ата - анасымен біріге отырып, салат жасауға кезек береміз.
Ән «Күз келгенде».
Жүргізуші:
Қазағымның жігіттері мен қыздары жұп болып сынға түсті,
Салт - дәстүрлер жаңарып еске түсті
Ханшайым мен Ханзада анықталып сын сағатта,
Бұл сағатты ата - ана көптен күтті.
Қуаныш бүгін мынау құтты болсын
Қыздарымыз бен ұлдарымыз өсе берсін болып мықты!
6-бөлім: «Куз сыйы»корме. (Көконістер мен жемістерді жарнамалау).
«Куз» әні.
Жүргізуші:
Кімдер жүйрік, өнерпазды білейікші,
Әділқазыларға төрелік берейікші
Жеңіп шыққан аруға,
Құттықтап сәттілікті тілейікші.
Келесі сөз кезегі әділқазылар алқасына беріледі.
Жүргізуші:
Жүзден жүйрік күшімен
Мыңнан тұлпар мықты шың
Құттықтаймыз ал енді
Ханзада мен ханымды
Өрге жүзіп өнері
Тауға өрлесін талабы
Шоқтай болып жанады
Қуанышпен жанары,- деп «Күз ханшайымы мен ханзадасын» шын жүректен құттықтаймыз.
Бүгінгі мерекелік іс - шарамыз аяқталды. Келесі кездескенше күніміз нұрлы болсын.

**Дос болайық бәріміз**

**Қызылорда облысы,Қармақшы ауданы № 21 «Тоғжан»**
**ясли бақшасының тәрбиешісі «Қызғалдақ»тобы Әбілханова Жанат**

**Білім беру саласы:** Әлеуметік
**Тақырыбы:** Дос болайық бәріміз.
**Мақсаты:** «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсінік беру. Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Бір бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.
**Құндылығы:** достық сезім **қасиеттер:** Бір-біріне сенім арту
**Ресурстар(құралдар, мәліметтер):** Слайд, стикерлер, журекше, гул бейнелері, қайшы түрлі түсті қарындаштар.
**Балабақша:** №21 «Тоғжан» ясли-бақшасы **Мерзімі**: 27.11.2015 жыл
**Тәрбиешісі:** Ж. Әбілханова **Бала саны**:16

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | -Құрметті қонақтар бүгінгі «Қызғалдақ » ересексек тобынды өзін-өзі тану оқу іс-әрекетіне келгендеріңіз көп рахмет. Көңіл-күйлеріңіз көтеріңкі болып балаларды қарсы алыңыздар!<br>-Сәлеметсіздер құрметті қонақтар!<br>**Шаттық шеңбері**<br>Өзімді-өзім жақтаймын,<br>Денсаулықты сақтаймын,<br>Жүректен жылы соншама,<br>Тілейміз саулық баршаға!<br>Шын жүректен,<br>Үлкен махаббатпен,<br>Бәріңізге денсаулық тілейміз!<br>Тәрбиеші:--Балалар бүгінгі тақрыбымызды шанайы достыққа арнаймыз. Яғни балалар бүгінгі тақырып «Дос болайық бәріміз!» деп аталады. Біз балалар баршамыз бірге достармыз. Олай болса өздеріңнің достарыңның бірі сендердің сүйікті ойщықтарың. Достарыңның жағымды жақтарымен мінездерін айта отырыңдар.<br>**Балалар ойыншықтармен сырласады**<br>-Балалар кез-келген адамда дос болады. Доссыз өмір бос, «Адал дос-алтыннан да қымбат» деген ұлы сөз бар. Шанайы достар қашанда бір –біріне қамқор жанашыр болу керек. Сонымен қатар дастықтың әрдайым жағымды жақтары бола бермейді. Достар арасында түсініспеушілік болады. Ондай жағдайларда ақылмен шешу керек. Егер өзің қалаған адаммен шынайы дос болғың келсе сен әрқашан мынадай қағидаларды есте сақтауларың керек:<br>-Достық әнгіме-сөзді жақтырмайды,<br>-Өтірікті қаламайды,<br>-Адалдықты бағалайды,<br>-Әрқашан бөліскенді мадақтайды<br>-Балалар достар қандай болу керек | Балалар қонақтармен амандасты.<br>Балалар шеңбер жасау арқылы шаттық өлеңімен қимыл жасайды.<br>Тақырыппен танасып, балалар өз ойыншықтарына қарап жылы тілектерін айтады.<br>.<br>Балалар дос туралы өз ойларын айтты.<br>Бөлісіп ойнайтын едік,<br>Кешірімді екі доста сұрау керек |
| Ұйымдастырушылық іздестірушілік | **Осы кезде оқу іс-әрекетіне сайқымазақ және оның Боби досы келеді.**<br>**Сайқымазақ**:-Сәлем балалар! Сендердің көмектерің керек бізге. Мына досымыз екеуміз мына ойыншықты бөлісе алмай жатырмыз және ол маған жүрегім тиетін ауыр сөздер айтты. Кешірім сұрамай жатыр. Сендер менің орнымда болсаңдар не істейсіңдер?<br>- Достар бұл қылықтарың жарамады. Достар әрқашанда тату, кешірімді болу керек. Сайқымазақ сен білісің бе? Балалар кезекті қуыршақ театрына назар аударуларыңды сұраймын.<br>**Қуыршақ театр Тақырыбы: « Достық »**<br>Саханаушылар: тәрбиешілер ОрынбаеваМ, Әлімбаева Г,<br>**Сайқымазақ:**- Рахмет балалар сендердің арқаларыңда мен қалай дос болу керек екенін түсіндім. Сендерге алғысым шексіз. Боби екеуміз сендермен қоштасамыз.<br>**Дәйексөз:** Балалар енді «достық» құндылығының мәнін аша түсу үшін дәйексөздің мағынасын түсіндіру. | Балалар сайқымазақпен амандасады.<br>Балалар қуыршақ театрын мұқият тамашалайды.<br>Хормен дәйек сөзді қайталап |

| | | |
|---|---|---|
| | -Балалар «Өміріміздегі ең ізгі нәрсе ол-достасу» Бұл сөз балалар халық даналығы. Осы сөзді әрқашанда жадымызда сақтап, әрдайым айта жүрейік.<br>**Сергіту сәті**<br>Балалар әсем әуенмен түрлі қимылдар жасау.<br>Шығармашылық жұмыс жасау<br>-Балалар біз қазір күннің сәулесін толықтырамыз. Әрқайсымыз дос қандай болады тақырыбына сөздер айтайық.<br>Ұжымдық жұмыс жасалады.<br>Балалар күн суретін салу арқылы қиялымызды дамытйық. Айызбіршіліпен жұмыс көрсетейік. | жаттау.<br><br>Сергіту қимылын жасайды.<br><br>Балалар жылы тілектер арқылы күн сәулесін құрастырып, күнннің суретін салып жұмыс жасайды. |
| Рефлексивті-түзеткшілік | **Ойын «Нағыз дос болайық!»**<br>Балалр шеңбер бойымен тұрып , өлең жолында жақсы қасиеттер аталғада, алға бір қадам жасайды, қуаныш білдіріп қол сағады. Достықтың жараспайтын сөздерді атағанда балалар керсінше артқа қарай бір қадам жылжилы «Бізде мұндай бала жоқ» деп айтады.<br>Қосыл, қосыл шеңбереге,<br><br>Нағыз адал дос болып,<br>Қосыл , қосыл шеңберге,<br>Ең сенімді дос болып.<br>Қосыл, қосыл шеңберге,<br>Ең зиянды дос болып.<br>Қосыл, қосыл шеңберге,<br>Ең мейірбан дос болып.<br>Қосыл , қосыл шеңберге,<br>Нағыз сараң дос болып,<br>Қсыо қосыл шеңберге,<br>Нағыз жақсы жос болып.<br>**-Балалар достық туралы тақпақтар айтады.**<br><br>**Ғажайып сөздер**<br>-Балалар оқу іс-әрекетінде айтып үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады.<br>Хормен:Достық жақсы қасиет,<br>Мен адал, сенімді, мейір бан, жақсы доспын.<br>**Тыныштық сәті**<br>-Балалар өзін-өзі тану оқу іс-әрекетінің ерекше бөлімі . әсерлі кезі бұл тыныштық сәті. Олай болса ойымызды тынықтырып , бойымызды тыныштық орнатып әсем ән тыңдай.<br>**Қорытындылау**<br>-Балалар , біз бүгінгі өзін-өзі тану оқу іс-әрекетінде адалдостық жайлы әңгімелестік. Достар әрқашан бір-біріне үнемі үнемі қодау жасап, қамқорлық көрсетәп, әрқашан көмектесіп, қажет нырселерімен бөлісетін адамдар. Нағыз достар осындай болады.<br><br>**Дос болайық бәріміз.**<br>Дос көп еді жүретін сыр ақтарып,<br>Жандарынан тұратын шуақ тамып,<br>Домбырамның үні де естіледі.<br>Достарымның сырлары сияқтанып,<br>Дос жүрегі қашанда аңсағаным,<br>Соларменен қосылып ән саламын.<br>Ақ пейілді аңсаған достарымды,<br>Қуанышпен күлімдеп қарсы аламын.<br>Шын достықтың оттары жалындайды<br>Дос қамалдар ешқашан алынбайды.<br>Дос көңілдер есепке бағынбайы,<br>Дос жүректер өсекке бағынбайды.<br>Күн шығады дүнені нұрландырып,<br>Достар әні өшпейтін бір мәңгілік.<br><br>**Балалар оқу іс-әрекетімізді Достық әнімізбен аяқтайық**. | Балалар өлең жолдарын мен қимыл жасап ойын ойнайды.<br><br>Балалар тақпақтарын айтады.<br><br>Балалар ғажайып сөзді жаттау<br><br>Әсем әнмен тынығады.<br><br>Балалар шеңбер арқылы бір-біріне тілектер беру.<br><br>Балалар жақсы көңіл күймен достық әнін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**

Білу керек:        Достық, адамгершілік  қасиеттерін  білу керек
Игеру керек:      Досқа қамқор, адал, тату, кешірімді  болуды игеррк керек.
Үйрену керек:  Досқа жанашыр,  қамқор, миірбан  болуды   үйрену

---

**Our favourite recipes**

**Атырау қаласы №28 жалпы білім беретін орта мектебінің**
**Ағылшын пәнінің мұғалімі: Мукангалиева Айжан  Кабделовна**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ тақырыбы:** | Our favourite recipes | |
| **Жалпы мақсат:** | Тағам және сусын атауларымен таныстыру, жаңа сөздерді әңгімеде қолдануға, саналатын және саналмайтын зат есімдерді ажырата білуге үйрету. Оқушылардың сөйлеу, тыңдау, қабілетін дамыту. | |
| **Сілтеме:** | Нұсқаулық, Ағылшын тілі оқулығы, | |
| **Оқушылар үшін оқу нәтижелері:** | Топпен бірлесіп жұмыс жасай біледі. Жаңа сөздермен танысады. Саналатын және саналмайтын зат есімдерді ажырата біледі. Өзін-өзі бағалай алады. | |
| **Негізгі идеялар:** | Оқушы өз бетімен ізденеді. | |
| **Сабақта қолданылатын материалдар:** | Слайдтар, суреттер, үлестірмелі карталар, бейне үзінді | |
| **Оқыту әдістері:** | Интерактивті топтық оқыту әдістері | • Жеке жұмыс 2.Топтық жұмыс 3. Жұптық жұмыс |
| **Дерек көздері:** | Ғаламтор | |

| **Ойлау деңг.** | **Мақсат** | **Күтілетін нәтиже** | **Түрткі(сұрақ, тапсырма,жағдаят)** | **Бағалау** | | | **Мұғалімнің іс-әрекеті** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | критерийлер | дискрептор | ұпай | |
| Білу | Үй тапсырмасын тексеруде оқушының бұған дейінгі білетінін анықтау. Бұрын таныс тағам және сусын атауларын еске түсіру. | Есте сақтау қабілеті дамиды. | Ойға шабуыл: тренинг, топқа бөліну. | Білім көлемін зерделеу | Толық біледі Жартылай біледі Білмейді | 2 1 0 | Тақтадағы жемісті тандай отырып 3 топқа бөлінеміз<br><br>Тағамдар мен сусындарды өз категориясына жіктеп кестені толырып жазыңдар |
| Түсіну | Жаңа сөздермен танысады | Сөздік қоры дамиды, ауызекі сөйлесуге қолдана біледі. | а Бейнебаян: а) «Қалай омлетті жеңіл жасауға болады?» | | Толтырды Жартылай толтырды: Толтырмады | 5 3 0 | Бейнебаянға назар айдарайық: бүгінгі сбақ не туралы |
| Қолдану | Шығармашылық қабілетін арттыру | Шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы алған білімдерін өмірде қолдана алатынын ұғады. | а) Жеміс салаты, оливье, котлет тағамдарынынң құрамы, жасалу жолдары | Шығармашылыққа баулу | Толық орындады Жартылай орындады Орындай алмады | 6 3 0 | Тақтада көріп тұрған тағам түрлерінің құрамындағы тамақтарды атап жазамыз |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Талдау | Оқушылардың мәтінді оқуы, сөздікпен жұмыс жасай алуы | Мәтінді жеңіл оқыды, сөздікті тиімді пайдалана отырып, мәтінді аудара алды | А) Мәтінді оқу және аудару «Қызыл өрік» Сергіту сәті | Логиклық ойлау қабілетін дамыту | Меңгерді: Жартылай меңгерді: Меңгермеді: | 4 3 0 | «Stone soup» мәтіні тпқа бөліп бередіАл енді балар билеп сергіп алайы |
| Жинақтау | Тақырыпты қорытындылау бағытында диалог құрау | Еркін ауызекі өйлеу | Диалог оқу | Ойын еркін айтуға баулу | Шапшаң Саябыр Баяу | 2 1 0 | Әр топқа бүгінгі тақырыпты қорытындылау үшін диалог құру керек |
| Бағалау | Ойын жинақтау дағдысын қалыптастыру, ізденімпаздыққа бағыттау. | Ойланып шешім қабылдайды, ізденуге жол табады. | «Айдаһар» рефлексиясы | Шынайы әсерлерін бейнелеу | | | «Айдаһар» рефлексиясы арқылы өздеріңнің бүгінгі сабақтағы көңіл күйлеріңді білдіре қойыңдар |

## Сәбит Мұқанов «Шыбынсыз жаз»



**Қарағанды облысы Осакаров ауданы**
**«Осакаровка кентінің №1 орта мектебі» КММ**
**Бастауыш сынып мұғалімі Тусупова Айжан Тлеужанкызы**

**Қысқа мерзімді жоспар Сыныбы:3 Пәні:Ана тілі**
**Тақырыбы: Сәбит Мұқанов «Шыбынсыз жаз»**
**Максаты:**Окытуда жеті модульдерді тиімді колдана отырып,сабакта сыни ойлай алатын,өзіндік көзкарасы дамыған тұлғаны калыптастыру.
**Міндеттері:** -мәтіннің негізгі идеясын ұғынып,сыни ойлауға машыктану;
-жаңа білімін ұштай білу,жеке пікірін айта алуға әрекеттену;
-өзін-өзі реттеу дағдысын калыптастыру

**Қолданылған модульдер:** Оқыту мен окудағы жаңа тәсілдер.Талантты және дарынды балаларға білім беру.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
.**Стратегиялар:** «Ыстык алакан» «Топтык жұмыс» «Кубизм» «Миға шабуыл» «Топтастыру» стратегиясы «Бірін –бірі бағалау» стратегиясы «Екі жұлдыз,бір тілек» «Кар үйіндісі» әдісі Сергіту сәті «ыстык орындык»

| Уакыты Кезеңдер | Мазмұны | Мұғалім іс-әрекеті | Окушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресустар:іс-әрекеттер үшін маған не керек |
|---|---|---|---|---|---|
| Кіріспе | Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялык ахуал туғызу. | Сәлеметсідер ме, балалар! Бүгінгі көңіл-күйлерін калай? Сабакка дайынсыздар ма? Олай болса сабакты бастамас бұрын «Алтын ережені»еске түсіріп жіберейікші.... Окушыларды шенбер бойына тұрғызып «Ыстык алакан»атты тренинг өткізу. Казір көңіл-күйлерін кандай болды? | Амандасып болғаннан кейін балалар кезектесіп «Алтын ереженің» бөліктерін айтып шығады. Шеңбер алакандарын тигізіп тұрып,бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді. Көңіл-күйлерін бас бармак аркылы білдіреді. |  | Алтын ереже фигуралар |
| | Топка бөліну | Түрлі-түсті фигураларды ұсыну. Сабак бастамас бұрын топтык бағалау парағын таратып беру. | Түрлі-түсті (көк, кызыл, жасыл)фигураларды таңдап алады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Тұсау кесер | Білу<br>Өткен сабакты бекіту.<br><br>«Кубизм»стратегиясы | Диалогтік окыту әдісін пайдалана отырып,өткен сабакка корытындылау,жаңа сабакпен байланыстыру.<br>-Үйге кандай тапсырма берілді?<br>-мәтінде жылдың қай мезгілі суреттелген?<br>-Шілде айында табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Қазақтың қандай салт-дәстүрі туралы айтылған мәтіннен оқы<br>-Шөпті қалай шабады?<br>-Мәтінде жерді қалай сипаттаған? | Үйге Міржакып Дулатов «Шілде» мәтінің әңгімелеу. | «Диалогтік окыту» аркылы окушылардың түсінігін смайлик аркылы бағалау. | Интерактивті такта |
| | Түсіну | Визуалды окыту әдісі бойынша видеодан шыбынның тіршілігін көрсету | Балалар көру аркылы білетіндерін айтады. | Мадактау | Интерактивті такта |
| Негізгі бөлім<br><br>Корытындылау | 1.Кызығушылыкты ояту «Миға шабуыл»<br><br>Колдану<br><br>2.Окулыкпен жұмыс. «Шыбынсыз жаз»<br>Дәптермен жұмыс<br>Талдау<br>Мәтіннің мазмұнын аныктау<br><br>«Кар үйіндісі»әдіс<br><br>Сергіту сәті «Қаражорға биі»<br>Ыстык орындык» әдісі | Шыбынсыз жаз бола ма?<br>Шыбындар кай кезде тіріледі.<br>Бүгінгі біздің өтетін сабағымыз Сәбит Мұқановтың «Шыбынсыз жаз» мәтінімен танысамыз<br>Сәбит Мұқанов туралы сұрау.<br><br>«Шыбынсыз жаз» мәтінің оку<br><br>«Кар үйіндісі»әдіс тәсіл бойынша берілген тапсырманы әр окушы жеке карастырады,сосын жұптык талкы болады кейін ол жұмысты топта талкылайды.<br>Тапсырма: 1-топ<br>Екі шығармада да жылдың кай мезгілі суреттелген?Оны неден аңғардын?<br>2-топ<br>М.Дулатов пен С.Мұкановтың шығармаларын салыстыр: Шілдедегі ауа райы туралы кай шығармада сөз болады?<br>3-топ<br>С Мұканов жаз табиғатының суретін неге теңейді?<br>Казак халкының кандай салт-дәстүр?Ол жөнінде кай шығармада айтылған?<br><br>Биді көрсетіп жасатады<br><br>«Ыстык орындык»әдісі бойынша екі окушы | Әр топ өз ойларын айтады.<br><br>Автор жайлы білетіндерін айтады. Косымша мағлұмат алады.<br><br>Окушылар топ-топ болып,мәтінді іштей окиды.<br><br>Топтасып жұптасып талкылайды.<br>Топпен жұмыс біткен соң салыстыру кестесін құрамыз.<br><br>Каражорға биін билейді<br><br>Сыныптастары | Бірін-бірі геометриялык фигуралар аркылы бағалайды.<br><br><br><br>Мадактау | Интерктивті такта аркылы табиғаттың таудың суретін көрсету.<br><br>Интерактивті тактадан өмір баянын көрсету.<br><br>Ыстык орындык<br><br>Стикерлер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Бағалау*<br><br>*Үйге тапсырма* | шығарылады.<br>*«Екі жұлдыз,бір тілек»әдісі аркылы окушыларға сабакта түсінген екітұсын және түсінбегенін жазу үшін стикерлер таратылады,топтык бағалау парағын жинап алу.*<br><br>*Окушылардың толтырған бағалау паракшары мен сабак бойындағы бағалау түрлерін косып бағаны шығару.*<br><br>Сәбит Мұкановтың «Шыбынсыз жаз» мәтінің оку әнгімелеу.Мәтін бойынша сурет салу. | сұрак кояды.<br><br>Окушылар стикерге алған әсерлерін,жазып тапсырады.<br><br>Бүгінгі іс – әрекеттегі топтык жұптык, жекелене жұмыстар бойынша бірін-бірі,өздерін бағалау жүргізеді. | Смайлик аркылы бағалау.<br><br>Бағалау | |

**Оқудағы басқару және көшбасшылық**

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы «Осакаровка кентінің №1 орта мектебі» КММ Бастауыш сыныптар мұғалімі Байхазан Алмагул Бірінші (ілгері) деңгейлі ұстаз.**

**Коучинг жоспары**

| **Тақырыбы** | **Оқудағы басқару және көшбасшылық** |
|---|---|
| **Мақсаты** | 7 Мұғалімнің көшбасшылық қасиеттерін анықтау және әрбір элементтерімен танысу;<br>8 Көшбасшы болу құдіретті және қасиетті екенін зерделеу;<br>9 Кез келген жағыдайда көшбасшылық қабілетімен мақсатқа жету; |
| **Модульдардың кіріктірілуі** | СТО, ДИАЛОГ, АКТ |
| **Әдіс-тәсілдер** | Жұптық және топтық жұмыс,постер әдіс,екі жұлдыз,бір тілек,ролдік ойын,диалог құру,аялдама әдісі,топ мүшелері өзін-өзі бағалау кестесін пайдалану |
| **Ресурстар** | Нұсқаулық I деңгей, педагогика:оқу құралы, интербелсенді әдістеме:оқу құралы,үлестірме,интернет жүйесі |
| **Тәлімгкерлік барысы**<br><br>**Проблемалық сұрақтар** | **I. Психологиялық ахуал:**<br>Сағат тілімен сәлемдесу<br>**II. Топқа бөліну:**<br>2 Қызыл,сары,жасыл,көк (кемпірқосақ)<br>Сұрақтар: Көңіл-күйлеріңіз қандай?<br>Өзімізге сәтті күн тілейміз!<br><u>Топтық ережені еске түсіреміз</u> (бірлесіп жұмыс істейік)<br><br>**IV. Миға шабуыл**. Видео бақылау:<br>• «Құмырсқалар бірлігі»<br>• «Оқытудағы басқару және көшбасшылық» слайд<br>**V. Негізгі бөлім**.<br>№1 тапсырма :Үлестірме тарату<br><br>• **<u>Топ Мұғалімнің көшбасшылық қасиеті</u>**<br>• **<u>Топ «Бақылау біліктілігі», «Сұрақ қою біліктілігі»</u>**<br>• **<u>Топ Оқушыны қолдау біліктілігі</u>**<br>• **<u>Топ Фасилитаторлардың араласуы</u>**<br>10 минуттан кейін «Кемпірқосақ» әдісімен бастапқы топ сарапшы топқа барады.Мәліметті 10 мин. талқылайды.Қайтып бастапқы топқа қайтады . «Аялдама» әдісі арқалы түсінгендерін қағазға түсіреді.Әр топ өзіне тиімді топтастыру немесе кластер әдісін пайдаланса болады.<br>*Жазғандарына есеп береді.*<br><br>№2 тапсырма :Көшбасшылыққа арналған аңыз-ертегілер<br>• Егінші мен егін ортасына ұя салған құстар (ролдік ойын)<br>• Таршылық пен талпыныс (диалог құру) |

| | |
|---|---|
| <br>**Белсенді рефлексия** | • Екі түрлі арман: қыран мен балшық (сызба арқылы)<br>• Маржан мен бос бақалшақ (сурет салу арқылы түсіндіру)<br><br>№3 тапсырма : «Көшбасшы» тақырыбына постер жасау<br>**Бағалау:** Әр топ әр тапсырма бойынша өзін-өзі бағалап отырады.Мұнда топбасшы сайланады,ол бағалауды жүргізіп отырады. Баға 1-5 баллдық жүйемен жүргізіледі.<br><br>**VI.Қорытынды**<br>• Проблемаларды айқындауда қандай мәселелер туындады?<br>• Сабақта 7 модульдердің қайсысы кездесті?...<br>• Сабақтың сәтті тұсын және сәтсіз тұсын атаңыз.<br>• Қай әдіс-тәсіл ұнады?<br>• Егер ұнаған болса, қалай пайдаланар едіңіз?<br>• Қандай әсер болды?<br>Ұнатқан топтарыңызға стикер арқылы 2 жұлдыз, 1 тілек білдіріңіздер |
| **Қорытынды Тәлімгердің өзін-өзі дамытуы** | Тәлімгерлік бойынша кері байланыс:<br>Сендвич әдісі:1-бөлік-позитивті коментарий,не ұнады;<br>2-бөлік-сындарлы сын,нені жақсарту керек;<br>3-бөлік-келешекке арналған коментарий:маған ұнады,бірақ келесі жолы.......... |

## ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы «Осакаровка кентінің №1 орта мектебі» КММ**
**География және математика пәндерінің мұғалімі Рахимова Жазира Абуталиповна**

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың меңгерген білімдерін іс-тәжірибеде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін негізгі білім жүйесін меңгеруі. Мектеп оқушыға не береді немесе оқушы мектепте алған білімін неге және қалай жұмсайды? Осы орайда оқушылардың танымдық қабілетін дамыту, білім сапасын арттырумен қатар ақыл - ой шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру үшін жеке пәндерді оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін іздестіру қазіргі білім беру саласының алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі таңда мектебімізде оқушыларының функционалдық сауаттылығын мұғалімдердің кәсіптік шеберлігі мен құзыреттілігін қалыптастыруды жолға қойып, басты назарда ұстауды жөн көрдік.

Мұндағы мақсатымыз: Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын жетілдіруде тиісті әдістемелік көмек беру.

Міндеттері:

-Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу-тәрбие үдерісінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуын қамтамасыз ету.
-Білім беру технологияларының мектеп практикасына енгізу және білім сапасын көтеруге ықпал жасау.
-Озық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау, насихаттау және тарату.
-Мұғалімдер мен оқушылардын шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру.

Бүгінгі күні ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білімнің және іскерліктің керектігін талап етеді. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, оқушының табиғи дарындылығын пайдалана отырып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін дамыту керек. Шығармашыл адам - ол жасампаз тұлға. Ол өзін, айналасын, қоғамды жаңартып отырады. Сондықтан жалпы білім беру саласының алдына қойылған осы мақсаттарды іске асыруда бірінші кезекте мектеп оқушыларының жекелеген пәнге сауаттылығын арттыруға келіп тірелетіні мәлім. Ал оқушылардың пәндік мәдениеттілігі тек берілген білімге ғана емес, оның деңгейін анықтау критерийіне тексеру құралы емес, тәсіліне де тәуелді.

Қазіргі таңда еліміздің барлық ғылым мен білім саласында қайта құру яғни технологияландыру, жаңа үрдістерге көшу процесі жүріп жатыр. Оқушыларға сапалы білім беру де осындай қажеттілікті керек етуде. Сонымен бірге оқушылардың өз өмірлерінде кездесетін жағдайларды кірістіріп, өз беттерімен тақырыпты қарастыруы оларды әр түрлі мәліметтер жинап, олардан қажеттілерін іріктеп, таңдап алуға, қажеттілігін түсіне білуіне үйретеді.

Көрнекті педагог В. Ф. Сухомлинский «Егер мен сабақ беруші ғана болсам, педагогтік деңгейге көтеріле алмас едім, шәкірттерімнің жүрегі мен үшін қақпасын мәңгі ашпас тас қамалдай болып қала берер еді»-, деген сөзін өз санамызға сіңіріп, бұл тұжырымға көп мән беруге болады. Мысалы, мектеп оқушыларының көпшілігі математика пәнін меңгеруде көптеген қиыншылықтарға ұшырайды. Қайсыбір оқушы болмасын одан осы пән туралы сөз қозғасаң, оның дұрыс түсіне алмай жүргеніне, оған деген құштарлығының жоқтығына көз жеткізуге болады. Әрине, басқа пәндерге қарағанда бұл пәннің қиыншылығы да баршылық. Бірақ кез келген пәнді жақсы меңгеру үшін оқушылардың сол пәнге деген қызығушылығын арттыру керек. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мұғалімнің шеберлігіне келіп тіреледі. Сонымен бірге мұғалімнің басты міндетінің бірі- оқушылардың жекелеген пәнге деген сауаттылығын арттырып, өмірге деген дұрыс көзқарастарының қалыптасуына ықпал ету.

Қорыта айтқанда мұғалімдердің шығармашылық жұмыс істеуіне жағдай жасай отырып, оқушылардың білім, білік, деңгейлерін көтеру үшін мектепішілік бақылау мен басшылықтың рөлі зор. Себебі мектепте жасалынған жұмыстарға бақылау нәтижелері - мектеп жұмысының алға басуының, оқушыларға нәтижелі, сапалы білім берудің негізгі көзі. Мектепішілік бақылаудың бағыттарын дұрыс анықтай білу оқушылардың білім, білік, дағды деңгейлерін нақтылауға, оқыту сапасының нақты бағалауына әсерін тигізеді.

Еліміздегі оң өзгерістерді, әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, білімнің басты күш екендігін ескергеніміз абзал. Сол арқылы білім беру мазмұнын жаңартуға қол жеткізуге болады . Оны жүзеге асыруда мұғалім шығармашылығын мен құзыреттілігінің мәні зор десек, ал оның мақсатты түрде кәсіптік деңгейінің үздіксіз өсуіне жағдай жасау, көмек көрсету, кәсіптілігінін табысты дамытудағы жауапкершілікті, сезінушілікті ұйымдастыруға ықпал жасау, үніне үн қосу білім мекемесіндегі басшыларының бірден-бір міндеті болмақ.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Әдістемелік нұсқау. – Алматы: «Өрлеу»
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
3. Интернет желілері.


-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Өз біліміңді тексер**


**Қарағанды облысы Осакаров ауданы «Осакаровка кентінің №1 орта мектебі» КММ Бастауыш сынып мұғалімі Азнаева Жанат Маратовна**


**Сабақ жоспары**

| **Пәні:** Ана тілі | **Сынып 3** | **Күні:** |
|---|---|---|
| **Тақырыбы** | **Өз біліміңді тексер** | |
| **Сабақ мақсаты:** Оқушылардың тарау бойынша алған білімдерін қорытындылау. Күз мезгілі жайлы алған білімдерін тиянақтай отырып, өзіндік пікір айтуға үйрету, сөздік қорын, сөйлеу қабілетін дамыту. Әр түрлі ой дамыту стратегиялары | | |
| **Сабақтың түрі:** Қайталау сабағы | | |
| **Нәтижесі:** Берілген тапсырмалар арқылы алынған білімді қолданады. Өз ойларын оңай жинақтауға, өздерін, өзгені бағалауға, сабақтан алған әсерін жеткізуге машықтанады. | | |

| *Ке зең* | *Уа қыт* | *Мұғалім нің әрекеті* | *Оқушының әрекеті* | *Әдіс-тәсілдер* | *Бағалау* | *Ресурстар кабинет жабдықт алуы көрнекілік* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдас тыру** | 3 мин | Ынтымақ тастық атмосфер асын қалыптас тыру.<br>2. Топқа бөлу | 1. Шеңбер бойымен тұрып, бір – бірінің алақандарын ұру арқылы тілектер айтады.<br>2. Жеміс түрлері бойынша топтастыру. (алма, алмұрт, жүзім) | «Мен саған тілеймін...» Топтық жұмыс | | Жеміс суреттері |
| **Қызығуш ы лықты ояту** | | 1. Күз мезгілін бейнелейтін бейне ролик ұсынила ды.<br>2.Өткенді пысықта уға арналған сұрақтар қойылады. Бейнерол икте қай жыл мезгілі бейнелен ген?<br>- Оны неден аңғардың | Презентациядан көрген көріністерін бұрынғы алған білімдерімен ұштастыра отырып сұрақтарға жауап береді.<br>«Күз» тақырыбы төңірегінде ойларын жинақтап, параққа жазып, ортаға шығып оқиды. | Көрсетілім «Ассоциация» Топтық жұмыс | | Бейнеролик |
| **Ойшақы ру** | 3мин | Мәтін жайлы алған | Әр топ берілген мәтінді | Түрткі сұрақтар | | Интеракти вті тақта. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | білімдерін еске<br>түсіру.<br>3 топқа<br>үш түрлі<br>мәтін<br>таратылып<br>беріледі. | оқи отырып,<br>мәтіннің<br>қай түріне<br>жататынын<br>ажыратады.<br>Мәтінге ат<br>қояды. | | | |
| **Ойтолған<br>ыс** | 7 мин | «Суреттер<br>сөйлейді»<br>шығарма<br>шылық<br>тапсырма<br>.<br>Күз<br>мезгілі<br>бейнеленген<br>суретті<br>үш топқа<br>таратып<br>береді.<br>Уақыт<br>беріледіде,<br>аяқталған соң<br>әртоптан<br>спикер<br>шығып,<br>жауап<br>беруін<br>қадағалайды.<br>қорғайды. | Берілген сурет<br>бойынша ой<br>қозғап,<br>алдымен жұпта,<br>содан<br>соң топта<br>талқылайды.<br>Пікірлерімен<br>санасады.<br>Ойын постерге<br>жазып | 1-топ: «Күзгі<br>еңбек»<br>(Әңгімелеу<br>мәтінін<br>құрастыру)<br>2-топ: «Күзгі<br>табиғат»<br>(Сипаттау<br>мәтінін<br>құрастыру)<br>3- топ:<br>«Жануарлардың<br>күзгі тіршілігі»<br>(Пайымдау<br>мәтінін<br>құрастыру) | «Бағдарша<br>м» арқылы<br>топтардың<br>өзара<br>бағалауы<br>.-5<br>-4<br>-3 | |
| | 5<br>мин<br><br>2<br>мин | «Шығар<br>малар<br>кестесі»<br>Кесте<br>бойынша<br>жұмыс<br>жүргізеді<br>.<br>Сергіту сәті<br> | Шығармалардан<br>берілген үзінділер<br>кімдердің қандай<br>шығармаларынан<br>келтірілгенін<br>ойланады.<br>Жұмысты<br>орындайды.Топ<br>болып<br>ақылдасады,<br>кестені<br>толтырады | «Шығармалар<br>кестесі»<br>әдісі | | Интеракти<br>вті тақта,<br>кесте |
| | 8 мин | Текше<br>қырлары<br>ндағы<br>жазуларғ<br>а сәйкес<br>тапсырма<br>береді. | І топ: Күздің бір<br>көрінісінің суретін<br>салу<br>ІІ топ: «Күз»<br>жапсырмалау<br>ІІІтоп: «Ойлан тап»<br>(Мақал құрастыру)<br>Осы<br>тапсырмаларды<br>орындайды. | «Қиялдан туған<br>ойлар» әдісі | | Постер |
| | 10 мин | «Өзіңді<br>тексер»<br>Тест<br>тапсырма<br>лары<br>таратыла<br>ды. | Тест тапсырмалары<br>бойынша<br>сұрақтарға<br>жауап береді.<br>Жұбымен<br>бірге талқылайды.<br>Берілген дұрыс<br>жауаптар бойынша<br>өз<br>жауаптарын<br>салыстырады. | Жұптық жұмыс | Критерий<br>бойынша<br>бағалайды | Тест,<br>кесте |
| **Қорытын<br>ды** | 2 мин | 1.Рефлек<br>сия<br>жасау<br>2. | Сабақтан алған<br>әсерлерін<br>смайликтер<br>арқылы көрсету | | смайликтер<br>арқылы<br>бағалау | Смайликтер<br> |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
|  | | Бағалау.<br>3.Үйге тапсырма | «Ауыл күзі» тақырыбына шығарма жазу | |  өте жақсы | жақсы  жаман |

**Ц дыбысы мен әріпі**

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы «Осакаровка кенті №1 орта мектебі» КММ**
**Бастауыш сынып мұғалімі Момынбекова Сауле Жумашевна**

**Тақырыбы: Ц дыбысы мен әріпі**
**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға Ц дыбысы мен әріпін таныту, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру;
Ц дыбысына қатысты жаңа сөздерді таныту арқылы оқушылардың білімін жетілдіру, тілін дамыту, сөздік қорын молайту;
Оқушыларды білімділікке, ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;
**Сабақтың көрнекілігі:** Суреттер, буындар, слайд, сайқымазақ суреті.
Психологиялық дайындық: Үлкенге де сіз,
слайд Кішіге де сіз. Сәлем бердік сіздерге, Құрметпенен біз.
**Ынтымақтастық атмосферасы:** Үй тапсырмасы: Щ дыбысы мен әріпі.
Щетка, щетка, щеткалар,
Неше түрлі щетка бар:
Бірі тісті жуады,
Бірі шаңды қуады.

Балқашта бар көл,
Балықтары мол.
Шығысында ащы,
Батысында тұщы

Үлкен көлдің суы,
Балықшыға жақсы.
Қармақ салды суға,
Балық түсті торға.

Анам жақсы көреді,
Ас мәзірін біледі.
Бүгін дәмді борщты,
Анам құйып берді.

(Щ дыбысы бар сөздерді атау)
**Бәйге ойыны:**
слайд 10 – щетка сөзіне дыбыстық талдау жаса
9 – Щ дыбысы бар сөз айту
7 – Монтер сөзіндегі дауысты дыбыстарды ата
5 – Сөйлемді оқы « Ағам хат жазды.»
10 Ендеше, хатта не айтылған екен.
Бұл хат электрондық почта арқылы келіпті, оқып көрейін.
11 Құрметті балалар, мен бүгін сендердің сабақтарыңа керек болғандықтан хат жолдып отырмын. Менің қызметім сендерге қызықты болады. Өйткені өздерің циркте көретін сайқымазақпын. Менімен бірге жұмыс істейтін жолдастарым сендерге қонаққа келмек. Сендер оларды білетін боларысыңдар? Олардың тапсырмалары бар. Ендеше бірге орындап көрейік.
Сайқымазақтың тапсырмасына назар аударайық:
12 Балалар, «Цирк» сөзінде сендерге таныс емес қай дыбыс бар?
13 Ц дыбысы (оны карточкадан көрсету)
14 «Цирк» сөзіне дыбыстық талдау жасап көрейік
.слайд
дыбыс дауыссыз дыбыс нешеу?
Цирк дауысты дыбыс нешеу?
буын әріп
Келесі тапсырмаға көшейік: Сиқыршы бізге «Сиқырлы сөздер» әкеліпті. (мағынаны ашу)
**Цирк** – көтеріңкі көңіл күй!
**Цех** – қажеттерді жасап шығару орталығы.
**Цемент** – құрғақ, ұнтақ, тез қататын құрылыс материалы.
**Авиация** – ауаға ұшақтарды ұшыру орталығы.
**Офицер** – әскери адам.
**Сергіту сәті:**
Ал енді, «Цирк» деген мәтінді түсіндіремін. Ассоциация құру.

Енді плакатпен хормен оқыту. Оқушылар орнында кітапен іштей оқу. Енді парта бойынша тізбектей оқу, дауыстап.
Гимнастикашының тапсырмасын орындайық:
Мен әдемі қимыл жасап майысып елді қызықтырамын. Көркем жаттығу жасаймын. Қазір біз де дәптерге көркем жазып көрейік.
Өлең оқу: «Клоуын сыры» слайд
Циркте жұрт самсаған,
Мәз болса деп жан салам.
Ду күлдірсем оларды,
Қуанамын мен соған.
**Жонглердың тапсырмасы:**
«Кім тапқыр?» ойыны арқылы көп нүктенің орнына Ц,Щ әріптерін қойып сөзді толықтыр.
...ирк, кон...ерт, ...ех, ...емент, а...ы, тұ...ы,
Тақтамен жұмыс: Цемент, цирк.
Балалар қонақтардың тапсырмасын орындадық. Сендерге рахмет!
Бағалау. Мадақтау. Смайликтер.

## ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы**
**«Осакаровка кентінің №1 орта мектебі» КММ**
**Математика пәнінің мұғалімі Мереке РОЗА**

Бүгінгі таңда тұрған негізгі мәселе – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Жеке тұлға дегеніміз – қоғам мақсатына сай, ойлау-сөйлеу қабілетінің нәтижесінде саналы әрекет, қарым-қатынас жасайтын, рухани, зерделілік мінез-құлық ерекшеліктерімен дараланатын адам. Олай болса, жеке тұлғаны дамыту үшін оқытудың жаңа әдістерімен оқытып, тәрбиелеуіміз керек.

Білімнің жаңа үлгісі өзіне сәйкес жаңа мұғалімдерді талап етеді. Ол мұғалім шығармашылықпен қызметтің барлық келеңді-келеңсіз жақтарын зерттеп-меңгеруге ынталы, өзінің пәнін жетік меңгерген, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігін, парасаттылығын, ақылдылығын,
мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылған мұғалім болу керек.

Сабақта мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңызды-ақ, бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні одан да маңыздырақ. Нағыз ұстаз, міне, осынысымен бағаланады. Әрбір мұғалімнің алдына қойған мақсаты – оқушылардың алған білімінің терең болуы және алған
білімінің оқушы есінде сақталуы. Білім оқушының есінде сақталуы үшін оқушы осы білімді өзі қалыптастыруы қажет, яғни мұғалім сабақта оқушыға осындай жағдай тудыруы қажет. Оқушылардың көбірек білетін басқа адамдармен, әрине, бұл рөлдерде сыныптастары мен мұғалімдері
болуы мүмкін, диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, білім беру жеңіл болмақ. Диалог негізінде білім беру мен білім алушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал
екенін меңзейді.

Мұғалімнің жетекші сұрақтары арқылы сабақ барысында талқылауға түскен тапсырмалар, оқушы мен оқушы арасындағы зерттеушілік әңгімелер оқушы есінде ұзағырақ сақталады және олар қойылған қалың сұрақтарға жауап беру арқылы сыни тұрғыдан ойлайтын тұлға болып қалыптасады.
Осы мақсатта мен өзімнің сабақтарымда диалог арқылы оқытуды пайдалануға тырыстым. Менің оқушыларым алғашқы өтілген "Санды өрнектер. Әріпті өрнектер" тақырыбындағы сабағымда сұрақтарға тек бір сөзбен ғана жауап бергісі келді және өздерінің ойын жеткізе алмады. Сұрақ тек «Бастама-жауап-кейінгі әрекетпен» ғана шектеліп қалды: Бастама: *Мұғалім:* Әріпті өрнек деп қандай өрнекті айтады*?*
Жауап: Құрамында әріптері бар өрнекті.
Кейінгі әрекет: *Мұғалім:* Жақсы!
Осының нәтижесінде сабақта диалог өз дәрежесінде көрініс таба қойған жоқ.
Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың білім алуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады.

Осы кездескен қиындықтарды жою үшін оқушыларға сабақ барысында берілген тапсырмалардың, сұрақтардың сипатына біршама өзгерістер енгіздім. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар кең қолданылады деген пікір бар. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атайды. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап («дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп) бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға,
кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады.
Сыныпта өтілген келесі сабақтарымда сабақтың әр кезеңіне сәйкес сұрақтарды нақтырақ қоюға назар аудардым. "Натурал санның еселігі" тақырыбындағы сабағымның «Тұсаукесер» кезеңінде тапсырманы
баяндаған әр оқушыға қосымша сұрақтар беруге тырыстым. Мысалы,
Мұғалім: Берілген натурал санның ең кіші еселігі қандай сан?
Оқушы: Еселіктерінің ең кішісі
Мұғалім: Ал, санның еселіктерін қалай табамыз?
Оқушы: Осы санды 1-ге, сосын 2-ге, сосын 3-ке және ары қарай солай көбейте береміз
Мұғалім: Сонда берілген санның ең кіші еселігі қандай сан болады?
Оқушы: Сол санның өзіне тең болады. Бұл мұғалім мен оқушы арасында болған диалог формасы. Менің түйгенім, диалогтың бұл түрін қолдану оқушы білімінің тереңдеуіне көп септігін тигізеді. Оқушыны ізденімпаздыққа, әлдікке үйретеді. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады. Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу. Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сондай-ақ
«Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар тапсырманы орындау барысында оқушыға бағдар беріп отырады. Қайта бағыттау: сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау, мысалы, «Көмектесе алатындар бар
ма?» Әр сабағымда мен де сұрақ қоюдың әртүрлі техникаларын қолдануға тырыстым. Мысалы «Пифагор теоремасын қайталауға есептер шығару» тақырыбындағы сабағымда осы әдістер пайдаландым.

Сабақ барысында оқушылар арасында зерттеушілік әңгіменің болуы олардың сабаққа деген ынтасының артуына, пәнге деген қызығушылығының артуына көп көмектеседі деп ойлаймын. Жаңаша әдіспен сабақ өту барысында менің түйгенім, сыныпта диалог өз дәрежесінде жүру үшін:
- Топтағы оқушылардың рольдерін дұрыс бөліп алуына ықпал ету;
- Сабақта берілетін тапсырманы дұрыс таңдау;

- Тақырыпқа байланысты қойылатын сұрақтарды дұрыс таңдау;
- Сабақта қойылатын сұрақтардың түрлі әдістерін пайдалану;
- Топта зерттеушілік әңгіме жүретіндей жағдай жасау керек деп ойлаймын.

Сондықтан әр сабақты өткізу барысында оқушыға олардың арасында зерттеушілік әңгіме өрбіп, диалог болатындай тапсырмалар беруіміз қажет деп ойлаймын.

Қорыта айтарымыз, оқушылардың білетіндігін және білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынастық, тілдік дағдылар және түсіністікпен қарау талап етіледі. Мұғалімдер қолданысындағы оқушылар қысқа жауап беретін сұрақтармен салыстырғанда, диалогтік сұхбаттасу мұғалімдер де, оқушылар да білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болып табылады. Бұл менің деңгейлік курстан өткен әріптестерімнен алған жаңащша сабақ беру үлгім. Сонымен қатар білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер оқушылар білімінің сапалы болуына көп септігін тигізетініне көз жеткіздім. Әр ұстаз өздері қалыптастырған білім арқылы үлкен нәтижелерге жетеді деп ойлаймын.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

*«12-жылдық білім» журналы, №2,2008 ж*
*«Математика және физика» журналы,*

---

**Ақан әнінің эстетикалық қуаты**



**Қарағанды облысы Осакаров ауданы**
**«Осакаровка кентінің №1 орта мектебі» КММ**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хабай Хазира**

**Сынып: 5В**
**Тақырыбы: «Ақан әнінің эстетикалық қуаты»**
**Мақсаты:** Ақан серінің сазды әндерінің эстетикалық құдіретін түсіну. Топтық жұмыс істеуде, кейіпкелерді ашу.
**Міндеттері:**
-Әсем де сазды ән құдіретін түсіну ;
- Өзіндік алған білімін өмірде қолдан алу;
- Кейіпкерлердің жеке қасиеттерін саралай алу;
-Бірін- бірі түсіну, ойын дәлелдеу;
-Ақпаратты тиімді қолдану.
-Дарынды және талантты оқушымен жұмыс жүргізу
**Күтілетін нәтижелер:**
- Әсем де сазды ән құдіретін түсінеді.
- Өзіндік алған білімін өмірде қолдана алады.
- Кейіпкерлердің жеке қасиеттерін саралайды.
-Бірін- бірі түсініп, ойын дәлелді жеткізе біледі.
-Ақпаратты тиімді пайдалана алады.
- Дарынды және талантты оқушымен жұмыс жүргізілді.

Қолданылатын модульдер: Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясы; Ақпараттық коммуникативті технологияны қолдану; Оқыту үшін бағалау; диалогтық оқыту
**Стратегиялық әдіс- тәсілдер:**
Шарттық шеңбер, ыстық орындық, ментальды карта, сементикалық карта, диалог, түртіп алу,синквейн,БҮБ

| № | Сабақ кезеңдері, уақыты | Мұғалім іс-әрекеті | Оқушы іс- әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кіріспе**<br>10 мин | 1.Ұйымдастыру кезеңі<br>2.Психологиялық атмосфера құру<br><br>3. Топқа бөлу | 1.Сәлемдесу.<br>2.Шаттық шеңбер құру.<br>**«Ыстық алақан»** әдісі тұлға аралық қарым –қатынас орнату.Енді бір-бірімізге жылы, жақсы сөздер айталық! Мысалы: Мен саған сәттілік тілейміз! т.б.<br>3. Топқа бөлу.<br>Енді қазір біз түрлі-түсті таяқшалар арқылы топқа бөлінеміз.<br>Топтарыңызға отырыңыздар.<br>**«Алтын ереже»** еске түсіру.<br><br>**Ыстық орындық** арқылы үй | 1.Амандасады<br>2. Шаттық шеңберде достарына жылы лебіздерін айтады.Ыстық алақанның жылуын сезінеді.<br>Тілектерін білдіріп,психологиялық ахуал тудырады.<br><br>Топқа бөлінеді.<br><br>«Алтын ережені» еске түсіреді, оған бағынады. | Ауызша бағалау<br><br>Уәж тудыру<br><br>Мадақтау<br><br>Жарайсың<br><br>бағалау парағы | Түрлі-түсті стикерлер<br><br>Маркер және А4 кағазы.<br><br>Слайдтар таныстырылым<br><br>түрлі –түсті бағалау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырмасын сұрау. | <br>Ыстық орындық арқылы бір –біріне сұрақ қою арқылы үй тапсырмасын айтады. | |  |
| 7мин.<br>Тұсау кесер | Қызығушылық ояту<br><br><br>Ой қозғау<br><br><br>Ментальды карта | Оқушыларға экраннан Ақанның «Маңмангер»өлеңінты ндау арқылы тақырыпты ашу.<br><br>Лездеме сұрақтар айтамын.<br>Әр топ өзіне берілген тақырып бойынша топтастыру ұсынамын | Оқушылар экраннан ән тыңдайды . Мазмұны жайлы ойларын ортаға салады.<br>Оқушылар жауап береді.<br>Әр топ өзіне берілген тақырып бойынша топ таныстырылымын қорғайды. | Смайлик<br><br> | Интер белсенді тақта. |
| Негізгі бөлім 20 мин | Жаңа білімді игерту **«Болжау»** стратегиясы Белсенділіктерін дамытуға ықпал ету.<br><br><br>**«Миға шабуыл»** әдісі<br><br><br>Семантикалық карта<br><br><br>Диалог құру<br><br>**Сергіту сәті**<br>Ойды дене мүшелерін сергіту<br><br>**Синквин** | Ән құдіретін сезіне отырып тақырыпқа болжау жасау.<br>Сабақтың тақырыбын хабарлау, мақсатын айту,оқушыларды мақсат қойуға тарту.<br><br><br>Әңгімеге сатылай кешенді талдау жасай отырып,кейіпкелердің бейнесін ашқыздыртамын.<br>Семантикалық карта арқылы кейіпкелер сөзінің иесін тапқызамын.<br><br>«Ән мен әнші» тақырыбына диалог құратамын.<br><br><br>«Қара жорға» биіне оқушылар сергіту сәтін жасатамын.<br><br>Әр оқушыға жекеп 5жолды өлең жазғызу. | Әнді тыңдау арқылы арқылы сабақтың тақырыбын ашады.<br><br><br>Өз ойларын жүйелейді.<br><br><br>Әңгімеге сатылай кешенді тардау жасайды.<br><br>Кейіпкерлердің бейнесін ашады.<br><br><br>Семантикалық карта арқылы кейіпкелер сөзінің иесін табады.<br><br>«Ән мен әнші» тақырыбына диалог құрайды.<br><br><br>«Қара жорға» биіне оқушылар сергіту сәтін жасайды.<br>Әр оқушыға жекеп 5жолды өлең жазады. | Жарайсың!<br><br><br><br>Фармативті бағалау<br><br><br><br><br>Жарайсың! мадақтау | Оқулық, Қосымша материал дар,<br><br><br>Интербел сенді тақта<br><br>Қосымша дерек көздері Фостр Маркер А4 қағазы смайлик |
| *Қорытын ды Бөлім 8мин* | *Рефлексия* ***«Білемін,үйрен дім,білгім келеді»*** *стратегиясы*<br><br>*бағалау*<br><br><br>*Үйге тапсырма беру.* | *«Білемін , үйрендім, білгім келеді» әдісі бойынша сабаққа қорытынды жасаймын.*<br>*Бағалау парақшасы арқылы сабақты бағалау.*<br><br>*«Құлагер-омыртқамның ішіндегі жұлыным-ау»ойтолғау* | *«Білемін , үйрендім, білгім келеді» әдісі бойынша сабаққа қорытынды жасайды.*<br>*Бағалау парақшасы арқылы сабақты бағалайды.*<br><br><br>*Күнделіктеріне үйге берілген тапсырманы жазып алады.* | *Жарайсың!*<br><br><br><br>*БАҒАЛАУ* | *Кестемен жұмыс*<br><br>*PowerPoint* |

**Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр кенті**
**«Ай-Нұр» жекеше лингвистикалық гимназиясы**
**Тарих және география пәні мұғалімі: Идрисова Санта Әнетқызы**

**Мерзімі:** 24.11.2015 **Сынып:** 9А **Пән:** Қазақстанның экономикалық географиясы
**Сабақ тақырыбы:** Қазақстанның түсті металлургиясы
**Мақсаты: Оқыту мақсаты:** Оқушылардың төрт деңгейлік саты негізінде Қазақстанның түсті металлургиясы тақырыбы бойынша алған білімдерін бекіту.
**Дамытушылық мақсаты:** Оқушылардың білім-білік деңгейлерін анықтай отырып, картмен жұмыс жасауға дағдыландыру.
**Тәрбиелік мақсаты:** Қазақстанның пайдалы қазбаларының маңызын анықтай отырып, неғұрлым дұрыс және тиімді пайдалану керектігін оқытып-үйрету.
**Көрнекіліктер:** Қазақстан картасы,интерактивті тақта,постер
**Пәнаралық байланыс:** химия
**Әдіс-тәсілдер:** жеке жұмыс, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс
**Сабақта пайдаланылатын технологиялар**: оздыра оқыту технологиясы,Ж.Қараевтың деңгейлеп- саларалап оқыту технологиясы,сындарлы оқыту технологиясы
**Сабақ түрі:** Бекіту сабағы
**Негізгі терминдер:** флотация, шашыранды металл
**Сабақ кезеңдері:** 1. Үйренушілік (Репродуктивтік) кезең;
2.Эвристикалық кезең;
3.Алгоритімдік кезең;
4.Шығармашылық кезең;
**Сабақ ұстанымы:** ***«Естідім – ұмыттым, көрдім – еске сақтаймын, жасадым – мәңгілік менікі».***

**С а б а қ б а р ы с ы :**

**І. Ұйымдастыру сәті:** *Оқушылардың сабаққа дайындығын және көңіл –күйін психологиялық тұрғыдан анықтап алу(оқушыларға геометриялық фигуралар беріледі, мұғалім оқушы көтерген фигураға анықтама береді.)*
**ІІ. Репродуктивті деңгей тапсырмалары:**
**А)«Серпілген сауал» (Слайд № 1)**
1. 1730 жылдан 1832 жылға дейін бір ғасыр ішінде Қазақстанның Алтайдағы ірі кен орындарын ата.
2.Мыс өндірумен Қазақстанда қандай компаниялар жұмыс атқарады?
3. Полиметалл кендері деп нені айтады?
4. Елімізде никель мен кобальттың неше кен орны бар?
5.Алюминий шикізаты?
6.»Посук Титаниум» зауыты не өндіреді?
7. ТМД бойынша өндірілетін алтынның неше пайызы Қазақстанда шығарылады?
8. Әлемде Қазақстанға уранның неше пайызы келеді?
9. Вольфрам кені қоры жөнінен Қазақстан дүние жүзінде нешінші орында?
10.Шашыранды және сирек металдарға қандай металдар жатады?
11. Уран өндіруде қандай кәсіпорындар жұмыс жасауда?
12. «Флотация» деген не?
**ІІІ. Алгоритімдік деңгей тапсырмалары:**
**А) «Мюнхаузеннің 11 қатесі» (Слайд № 2 )**
1. Мыс өндірумен «Оңтүстікникель » компаниясы жұмыс істейді (Қазақмыс)
2. Баяу балқитын түсті металдар: вольфрам және уран. (уран емес молибден)
3. Қазақстан дүниежүзінде мыс кені қоры жөнінен 4-ші орында. (3-ші орында)
4. Қазақстан мырыштың 60-70 % экспорттайды.(85-88%)
5. Қазақстанда алтынның барланған қоры – 2000т. (1700 т)
6. ТМД-дағы тантал және оның ұнтағын , уран ұнтағын шығаратын Қазақстандағы жалғыз «Қазатомпром» компаниясы. (Үлбі металлургия комбинаты,Өскемен қаласы)
7. Шымкент қорғасын зауытында 1991ж. Дейін өнімнің 25 түрі өндірілді. Қазіргі кезде 15 түрі өндіріліп, шикізаттан 15 элемент алынады. (9 элемент)
8.Құрамында белгілі бір ғана элементі бар кен түрін полиметалл кендері деп атайды. (көп элементі бар болуы қажет)
9. Сирек және шашыранды металдар топтары: Уран,германий,тантал,алтын,галий, титан,теллур,цирконий,платина,қалайы. (алтын,титан, платина,қалайы)
10.Республикамыздағы ең алғашқы түсті металлургия комбинаттары: Риддер полимтелл комбинаты және Зырян комбинаты (Қарсақбай комбинаты)
11. Қаратау етегінде өндірілетін ванадий кені Жапонияның «Тошиба» компаниясына жіберіледі. (Ресейдің Чусовск металлургия комбинаты)
**Б) «Ойлан,тап!» (географиялық есеп) (Слайд № 3)**
А қаласы мен В қаласының арақашықтығы - 5000км. 1т алюминий алу үшін 2т глинозем және 18000кВт*сағ.электр энергиясы қажет. Теміржолмен 1т глинозем тасудың өзіндік құны 3000тг. А қаласыда 1кВт*сағ-тың құны – 2тг, В қаласында – 1тг. Егер А қаласы шикізат көзіне жақын , ал В қаласы электр энергетикасы көзіне жақын орналасқан болса, қай қалада алюминий зауытын салу қолайлы болар еді? (Жауабы: В қаласына, себебі алюминий зауыты электр энергетикасын көп қажет ететін металл).
**ІV. Эвристикалық деңгей: (Слайд № 4)**
А) Салыстыр және мәлімет бер:
1) Қорғасын мен мыс
2) Алюминий мен титан

3) Алтын мен күміс
4) Уран және тантал
**Б) Картамен жұмыс: Кен орындарын анықтау (Слайд № 5)**
1. Соколов-Сарыбай
2.Зырян
3.Риддер
4. Жезқазған
5.Саяқ
6.Қоңырат
7. Мырғалымсай
8. Ащысай
9.Байжансай
10.Қараоба
11.Ақмола
12.Оңтүстік Қазақстан
**V. Шығармашылық деңгей.** (Оқушыларға алдын ала берілген тапсырма негізінде күнделікті тұрмыста қолданылатын заттардан түсті металды тауып, анықта беру тапсырылады).
***1.Фольга қағазы,лампочка,Алтын киімді адам суреті, термометр,кабель, күміс сақина,алтын сырға.***

***VI.Сабақты «ИНСЕРТ түртіп алу әдісімен» қорытындылау: (оқушылар кестеге алынған мәліметті жазып шығады.)***

| *Білемін* | *Меңгердім* | *Нені түсінбедім* | *Мені таңқалдырды* |
|---|---|---|---|
| | | | |

***VII. Үйге тапсырма беру*:** «Қазақстан экономикасында түсті металлургияның маңызы» (эссе, презентация)
***VIII.Бағалау:*** Оқушылардың сабақ барысында жинаған ұпайларын есептеп шығару.

----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

## The song “ Live forever”

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы Дина Нұрпейісова атындағы**
**№116 жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ботабекова Еркинай Исрайловна**

The theme of the lesson: The song “Live forever”
The aims of the lesson:
To broaden students’ knowledge on the theme “Live forever”
To develop students’ listening and speaking skills;
Outcomes: Students will be able to speak fluently on the theme:
To broaden their knowledge.
Method of the lesson: Blum’s taxonomy, brainstorming, question-answer, individual work, group work, six thinking hats.
Integrating of seven topics of the programme : New approaches to teaching and learning, learning to think critically, assessment for and of learning, using ICT in teaching and learning, management and leadership of learning
Type of the lesson: mixed
Connection of subjects: Kazakh- Russian-Music-English
The visual aids: active board, slides, cards, posters, cards, assessment cards, hats, pictures, stickers.

**The procedure of the lesson**

| Stages of the lesson | Teacher’s activity | Student’s activity |
|---|---|---|
| 1.Introduction. (Creating a collaborative environment) | Ask pupils to stand in a circle and begin the lesson with the best wishes to each other.<br>Group students according to the names of the bands: Ulytau, Pesnyary, Oasis and receive their group rules.<br>of the lesson.<br>Give assessment cards.<br>Explanation of the lesson objectives. | Students stand in a circle and wish the best wishes to each other.<br>According to the names of the bands they’ll make groups.<br>Groups make up their group rules and receive it.<br>Students are introduced with the aims of the lesson.<br>Leaders of the groups get assessment cards. |
| Knowledge | Brainstorming .<br>Can you find the compounds? Each group begins with the same word.<br>1.Bow Coat Fall<br>2.Rise Set Shine Day<br>3.Wife Hold Work Keeper<br>4. Craft Line Mail Port<br>5. Paste Ache Brush<br>Checking up the home task.<br>WB . Exercise 4 a. b. p.26<br>Home research task : to find information about the rock band Oasis and its songs. | Students find the compounds.<br>Possible answers:<br>Rainbow Raincoat Rainfall<br>Sunrise Sunset Sunshine<br><br><br><br><br>Exercise 4a<br>Students look at the pictures.<br>Find five words in the grid to complete the phrases.<br>Complete the sentences with the expressions from exercise 4a. |

| | | |
|---|---|---|
| Comprehension | Revising the previous lexical and grammar material. Give cards which are written sentences in different colours:<br>Gelert saved the baby's life.<br>Its given me some ideas about how to run a business.<br>There were boxes of old piled outside the shop.<br>Give someone a warm smile<br>Ask students to tell the class about the famous bands Ulytay, Pesnyary, Oasis.<br>Exercise 9<br>Ask students to tell the class what they have found out.<br>Is it possible for a rock star to "live forever"?<br>Handsome is that handsome does.<br>We'll talk about Oasis band and its song.<br><br>Before listening the song let's read information about Oasis.<br>Elicit that one way that pop stars "live forever" is through their music.<br>Ask students to read through the words of the song and discuss the meaning of *gonna (going to)*. | Students read the sentences and match them according to the topics:<br>A true friend<br>Communication<br>A working life<br>The book of Thoughts.<br>Body language.<br><br>Students tell about the rock bands.<br>Students tell about the rock band Oasis.<br><br>Students answer the questions.<br><br>Exercise9 d<br>Students read the text "Do you know?"<br>Live forever was the third single that Oasis released from their first album Definitely Maybe and it was the song that helped them become one of the world's biggest bands. It was their first top ten hit in the UK and reached number two in the US. The song was written by guitarist Noel Gallagher as a response to the pessimistic attitude of grunge bands that were popular at the time, such as Nirvana and Pearl Jam. Noel wrote the song before he was in the band and when he played it to his brother Liam , he liked it so much he invited Noel to join his band. |
| Application | Play the recording while students follow the words and try and spot those that are wrong.<br><br>Vocabulary work<br>Help understand with unfamiliar words .<br>BBC is open<br>Translate into English:<br>Может я не желаю знать<br>Как там разрастается твой сад<br>Ведь я просто хочу улетать<br>Мы видим то чего другие не замечают | After they have listened to the song they correct words.<br>Maybe I don't really want to know<br>How your garden grows<br>Cos I just to fly<br>Lately did you ever feel the pain<br>In the morning rain<br>As it soaks you to the bone<br>Students ask some unknown words.<br><br>Students find Russian equivalents.<br>They sing the song. |
| Analysis | Ask students to put the necessary information into the suitcase, unnecessary information into the bin, interpretation into the meatgrinder.<br>There are pictures of suitcase, bin, meatgrinder on the board. | Children write the necessary information and put it into the suitcase, unnecessary information put into the bin, interpretation put into the meatgrinder. |
| Synthesis | Ask students what do they think the song about and prepare creative posters. Use lines from the song to support their ideas. | Groups prepare creative posters.<br>Presentation of posters to the class. |
| Evaluating | Six thinking hats.<br>Blue hat thinking – Process<br>White hat thinking- Facts<br>Green hat thinking- Creativity<br>Yellow hat thinking- Benefits<br>Black hat thinking- Cautions<br>Red hat thinking- Feelings<br>Setting the home task:<br>WB. page 28 | Students express their opinion about the lesson.<br>Group leaders give marks. |
| Reflection | Give out stickers to write reflection . | Students write reflection and stick on the picture of the guitar. |

**Абайдың қара сөздері-асыл қазына**

**Ш. Смаханұлы атындағы №62 гимназия**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С.Ә. Смаилова**

**Сайыстың тақырыбы: Абайдың қара сөздері-асыл қазына**
**Сайыстың мақсаты:**
**Білімділік:** Білім алушыларға қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының философиялық тұжырымдарға толы қара сөздерінің мазмұнын, тәрбиелік мәнін ұғындыру, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық ойларының тереңіне үңілуге үйрету;
**Тәрбиелік:** Білім алушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру, ақын көтерген мәселелер тағылымынан үлгі алып, азаматтық ұстанымдарды қалыптастыру;
**Дамытушылық**: Білім алушылардың дүниетанымын, ой-өрістерін кеңейту, оларды өзінше ой қорытуға, ой түюге баулу, шығармашылық жұмысқа жұмылдыру арқылы таным-түсініктерін дамыту.
**Сайыстың түрі:** Сайыс сабағы
**Сайыстың әдіс-тәсілдері**: Сұрақ-жауап, электрондық оқулықпен жұмыс, мәтінмен жұмыс, шығармашылық жұмыс, талдау, бейнесюжет.
**Оқыту құралдары:** интерактивті тақта, слайд-презентация, электронды оқулық

**Сайыс барысы:** Ең бірінші мұғалім балаларға Абай туралы кішкене бейнеклип көрсетеді. Абайдың кім екенін білім алушылар аздап болса да ой қалыптастырады. Содан кейін мұғалім өзі оқушыларға топтың атын береді. Ол топтар: I топ «Жас білімпаз » тобы, II топ «Жас өрен » тобы болады. Содан кейін әділ-қазы алқаларын тағайындайды. Олар: гимназияның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Салимханова Әлия, гимназия кітапханашысы-Сегізбаева Назгүл, және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі-Бұрлыбекова Айнұр. Бұл әдәл-қазы алқалары әділ шешім шығарады деген оймен сіздерге сәттілік тілей отырып,сайысымызды бастаймыз!

Сөнбес сәуле сепкен Алаш елінде,
МәшҺүр еткен қазақты жер жүзіне.
Жанына жақын Татьянаның хаттары,
Жырлаған қазақ - орыс жерінде.

Қара сөзің біз үшін үлгі емес пе?
Әуендерің құлаққа жақын емес пе?
Жүрекке жылы тиер ән - жырларың,
Қазағым, Ұлы Абайым, сен емес пе?

**I. Ұйымдастыру кезеңі**
1. Білім алушылармен сәлемдесу, тізім бойынша түгендеу;
2. Білім алушылардың зейіндерін сайысқа аудару.

**II. Жаңа идея қалыптастыру**
- Жаңа ойға кіріспе айту.
- Қара сөз туралы теориялық түсінік беру.
Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.
Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.
Абай өз қара сөздерін 1890-1898 жылдар арасында жазған. Қара сөздерін жазуды бастағанда Абай 45 жаста болған. Ақыл-ойы толысып, жасы кемелденген, көрген-білгенін ой елегінен өткізіп, сараптар жасқа жеткен кезінде қара сөздерін жазуды қолға алған. Бұған дейін Шығыс ойшылдары Әл-Фараби, Фирдоуси, Бабыр, Батыс философ, ғалымдары Галилей, Коперник, Спенсер, Дарвин, Ньютон, Пифагор еңбектерімен танысып, үлкен дайындықтан өтіп келеді.
Өзінің қара сөзді жазуды қолға алғандағы мақсатын Абай бірінші қара сөзінде атап көрсетеді.
- Бірінші қара сөзін тыңдау.
- Абай қара сөздерін зерттеген ғалымдарды атау.
1956 жылы Абайдың қарасөздерін алғаш жеке зерттеу обьектісі ретінде қарастырып, оны XIX ғасырдағы жазба әдебиетте үлкен орны бар прозалық шығарма деп бағалаған – Х. Сүйіншәлиев. Бұдан бөлек С. Мұқанов, Қ. Бейсенбиев, Т. Әлімқұловтардың зерттеу еңбектері бар. Ұлы ақынның бұл философиялық мұраларын шет тілдеріне аударған Ғ. Мұқанов, С. Санбаев. 1933 жылы М. Әуезов қара сөздердің мағынасына қарай өзінше жүйелеп орналастырған.
- Абай қара сөздері тақырып жағынан бірнеше топқа бөлу:
Өмірбаяндық: 1 - сөз.
Халықтарды салыстыру: 2 - сөз.
Қазақ сахарасын билейтін әкім, тергеуші, соттар жайында: 3 - сөз.
Күлкі туралы ойлаған ойы, сыны. 4 - сөз.
Қазақтың мақал - мәтелдері туралы: 5 – сөз.
Ел мінезін суреттеу: 6, 8, 9, 10, сөздер.
Жас баланың психологиясын еске алып талдаған сөз: 7 - сөз.

IY. Жаңа сабақты бекіту
Білім алушылар 2 топқа бөлініп отырғызылады, топпен жұмыс жүргізіледі. Әр топқа тапсырма беріледі.
a. Абай қара сөзінің мағынасын ашу (кез келген қара сөзі беріледі соның мағынасын ашып, түсіндіріп береді)
b. Абай қара сөзін мағыналық тақырыптар бойынша топтастыру;(адамгершілік, білім, мансапқұмар деген секілді тақырыптар беріледі, ал қара сөздерді сол бойынша қайсысы қай тақырыпқа жататындығымен топтастырады)
c. Абай қара сөзін үн таспадан тыңдап, қай қара сөзі екенін анықтау; (қара сөздің нешінші сөз екендігі айтылмайды, оқушылар тыңдап отырып табу қажет)
d. Қара сөзді толықтыр;(қара сөз бос орындармен беріледі, орындарға естеріне түсіріп, берілген қара сөзді толықтырып жазу керек)
e. Ойлан, тап (қара сөзде кездескен мақал, нақыл сөздерді жалғастырып мағынасын ашу керек)
f. Болмасаңда ұқсап бақ (қара сөз жазған Абайдың кез-келген қара сөзінен үзіндіні мәнерлеп оқу)
g. Көнерген сөз-тарих қазынасы (Абай қара сөздерінде кездескен көнерген сөздерге түсінік беру)
h. Қорытынды.

**1 тапсырма «Қара сөздің мағынасын айт»**
Абайдың әр топқа екі қара сөзі беріледі. Кеспе қағаздан өздері таңдағандары бойынша жауап береді. Мұнда **төртінші, алтыншы, бесінші, тоғызыншы** қара сөздері беріледі. **12 минут беріледі.**
Білім алушылар мына сұрақтар бойынша берілген қара сөздің мағынасын ашады.
1. Бұл қара сөздің идеясы қандай?
2. Қандай мәселе көтерілген?
3. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

**2 тапсырма** «Қара сөзді мағыналық тақырыптар бойынша топтастыру»
Бұл кезде оқушыларға постер беріледі , олар осы постерге он қара сөзін өздері топпен ойласа отырып түсіреді, содан соң оны міндетті түрде қорғайды. **6минут беріледі.**
**3тапсырма** «Үнтаспадан тыңдау» Мұнда электронды киіз үйден Абайдың қара сөздері тыңдатылады, оқушылар қай қара сөз екенін табу керек. Онда **үшінші, жетінші, екінші және оныншы** қара сөзі тыңдатылады. **4 минут**
**4 тапсырма** Қара сөздерден үзінді алынған және ол қара сөздерде берілген бос орындарды топпен ойласып отырып төмендегі берілген сөздермен толықтыру керек. шешу керек. **8минут**

**Үшінші қара сөзден үзінді**

Қазақтың бірінің біріне ------------ болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, ---------------------- болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір----------- кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір ------------ қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір ------------ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ----------- надан, арсыз келеді; әрбір ----------- жалқаудан сұрамсақ, өзі -----------, ----------, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.
Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, ---------, ----------, --------- солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, ---------- жайлап, ----------- байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, ------------- , ------------- , байлық қызметінен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек - әр қазақтың ойы осы.
**қызметке таласқыш, қайратсыз, қаскүнем, жалқау, арсыз, ақылсыз ,**
**мақтаншақ , сауда, өнер, ғылым, арызы жеткендік , сыйы өткендік , сұлуды, жүйрікті**

**Бесінші қара сөзден үзінді**

Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ ---------- үшін, --------- үшін, ---------- үшін, ---------- үшін қам жемейді екен, -------- үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды ---------- ---------- яки -------- --------- екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да-------- көрмейді екен. Әйтеуір -------- , --------- - --------, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.
Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала ---------- --------қорқушы еді, бұлар ---------- да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ------------- еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма?
**тыныштық** , **алдап алмақ, ғылым, білім, мақтап алмақ** , **әділет, ұрлық** , **қызыл ошақтан, құлық-сұмдық, ене жаздаушы, тіленшілік, тозақтан**
**5 тапсырма «Ойлан, тап!»** Абай қара сөзіндегі мақал, нақыл сөздердің жалғасын тауып, түсіндіру керек. Әр топқа кезекпен айтылады.
I топқа Ісі білмес...... (кісі білер)
Би екеу болса, ...... (дау төртеу болады)
Кісі ақылымен бай болғанша, ......(өз ақылыңмен бай бол)
II топқа Өнер алды –бірлік....(ырыс алды-тірлік)
Өз білгенің –өзіңе ..... (өз білгенім өзіме)
Балвның жақсысы-қызық.....(жаманы күйік)
**6 тапсырма «Болмасаңда ұқсап бақ»** Мұнда балалар өздерінің таңдауы бойынша қара сөзден үзіндіні мәнерлеп оқиды.
**7 тапсырма« Көнерген сөздер-тарих қазынасы»** Мұнда оқушылар қара сөздерде кездескен көнерген сөздерге түсінік берулері керек.
I топқа
Башалшік-ұсақ саудагер
Сәнің шақшы-лас, былғаныш
Жарғы-Тәуке ханның жеті жарғысы

II топқа
Хасил-тыныштық,рахатшылық
Һәм-және, тағы да
Ахирет-о дүние
**8. Қорытынды:** Оқытушының қорытынды сөзі:
Абай қара сөздерінің бізге, кейінгі ұрпаққа берері көп екені, тәрбиелік, үлгі аларлық насихат сөздерге толы екеніне көзіміз жетті.
- Абай қара сөздерінен қандай үлгі-өнеге алдық, тәлімдік ой түйдік?
Абай – ұлы ақын, ғалым, философ, көркем әдебиеттің темірқазығы.
Абай насихаты – ынтымақшыл, арлы, адал, еңбекқор, иманды, талапты, үлкен жүректі кісі болу.
**Абайдың өз сөзімен айтсақ:**
**Терең ойдың түбінде теңізі бар,**
**Тесіле көп қараса, көңіл ұғар.**
Абай Әлемін бүкіл дүниеге таратушы **кемеңгер Ұлы Мұхтар «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы ғұлама тереңінен тек қана дәм таттық деп ойлаймын.** Сол себептен оқудан бас тартпайық, білуге құмар болайық, ізденуден жалықпайық.
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

## Бүлдіршіндерді тәрбиелеуде адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы

**Атырау облысы, Атырау қаласы Боран Нысанбаев атындағы мектептің**
**мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі Абдрахманова Аманқыз Бабасқызы**

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі –жас ұрпаққа адамгершілік –рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра отырып, адамгершілік ықпалдың әр –түрлі әдістерін пайдалану арқылы істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілердің жетістіктерін зер салып талдау қажет. Адамгершіліктің негізі мінез – құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез –құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым - қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету, өзара көмек, сондай -ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл - сананың, сезімдердің, мінез –құлық пен өзара қарым – қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық экономикалық жатады. Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани –адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым қатынастың тығыздығы артқан сайын жүзеге асады. Баланың бойында бір міндетті орындауда өзіндік ерекшеліктері бар жағдайлар болуы керек. Бүлдіршіндер арасында адамгершілік сезімдер қалыптасады үлкендер еңбегіне деген құрмет, бір –біріне деген сыйластық, достық қарым –қатынас, ұйымшылдық, жауапкершілік парыздық сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар қалыптасады.

Атақты педагог В. Сухомлинский «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады.Тәрбиенің негізгі мақсаты -дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол - балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры деп атап көрсеткен. Өзімнің бүлдіршіндерді тәрбиелеуде шығармашылық жұмысымның мақсаты бала бойына отбасына, туыстарына, достарына, Отанына, туған жеріне, үлкендерге деген құрмет, өздерінен кейінгі бауырларына деген құрметті, сыйластықты бойларына сіңіре білуге тәрбиелеу. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуде ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Осы мақсатта бүлдіршіндерімді бір –біріне деген достық қарым –қатынастарының берік болу мақсатында «Достық қымбат өмірде» тақырыбында тәрбиелік шара өткіздім «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін кейіпкерлендіру арқылы достық сезімнің қандай болатынын және оны бағалай білуге тәрбиелеу. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. Оны «Жақсымен жолдас болсаң - жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң - қаларсың ұятқа...», «Жаман дос жолдасын жауға қалдырар» деген мақалдардан көруге болады. Мақал –мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер - адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс –әрекет барысында , әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі. Мектепалды даярлық сыныбы бүлдіршіндерімен өткізілген «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбындағы ашық сабақтың тәрбиелік мәні өте кең. Бүлдіршіндерімізді Отанына деген патриоттық сезімге тәрбиелеу. Өзін – өзі тану пәнінен «Көмектесе білейік» тақырыбында өтілген ашық сабақта бала бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, қамқорлық, достық, көмектесу, қайырымдылық іс – әрекеттеріне баулу. Әрбір күнделікті өткізетін сабақтарымды, тәрбилік шараларды, ашық сабақтарды шығармашылық жұмысыммен байланыстырып отырамын. Тіл дамытудан «Біздің ойыншықтарымыз» тақырыбында өтілген ашық сабақта бүлдіршіндер әрбір ойыншықтарға байланысты тақпақтарын оқып, әндерін орындап, ойыншықтарға байланысты кейіпкерлендіруді көрсете білді. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыта оқыту – кешенді құбылыс. Ал осы процесс барысында қандай жұмыстың алдымен атқарылуы тиіс екенін айқындау және олардың саналы әрі тиімді болуы мұғалімнің жеке тұлғаның рухани адагершілігін дамыта оқыту мақсатын, міндеттерін және оны ұйымдастыру формалары мен тиімді әдіс тәсілдерін ғылыми түрде белгілеп алуына келіп тіреледі. Еңбегімнің жетістігі алдымдағы кішкентай бүлдіршіндерімнің күлкісі, үйреткенімді меңгеріп, түсініп, кішкентай да болса ұмтылып, үйренуге талпынып мені қуантатыны. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде басты мақсатым үйреткен тәлім – тәрбиемді болашақта өздеріне жігер беретіндей үлгі алса әрине еңбегіміздің зая кетпегені деп білемін. Бала жанын сүйемін, кішкентай періштелерімнің болашақта адал, кішіпейіл, қайырымды, қамқор, ортасына түсіністікпен қарайтын, қоршаған дүниеге деген аялы алақандары болса екен деп сеніммен қараймын.

**Электр тізбегі және оның негізгі элементтері**



***Алтыбаев Қанат Еркинбекович***
**№103 жалпы орта мектебінің технология пәні мұғалімі,**
**Шымкент қаласы.**

**Сабақтың тақырыбы:** **<u>Электр тізбегі және оның негізгі элементтері.</u>**
**Сабақтың мақсаты:**
**Білімділік:** *Оқушыларды электр тізбегінің негізгі элементтерімен таныстыру. Сызба бойынша шартты белгілерді оқи білуге үйрету.*
**Дамытушылық:** *Оқушылардың бойына еңбек дағдысын қалыптастыру. Қарапайым электр тізбегін жинай білуге, тұрмыстық электр құралдарын ақауларын жөндеуге дағдыландыру.*
**Тәрбиелік:** *Электротехникалық жұмыстарды орындағанда ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.*
**Сабақтың объектісі:** *Түрлі электротехникалық арматуралар, электромонтаждық құрал-саймандар.*
**Сабақтың көрнекілгі:** *Сымдардың ұштарын аршып жалғаудың технологиялық картасы.*
**Пән аралық байланыс:** *сызу, физика.*
**Сабақтың барысы:**
**Ұйымдастыру бөлімі:** *Психологиялық дайындық.*
**Үй тапсырмасын тексеру.**
<u>I топқа</u> *1. Металдар қандай топтарға бөлінеді?*
*2. Қандай метал қорытпаларын білесіңдер және олардың химиялық құрамы қандай?*
*3. Ток көздері деп нені айтамыз?*
*4. Электр өткізгіш материалдарды ата?*
*<u>II топқа Электр</u> тогын жақсы өткізетін металдарды ата?*
*Диэлектриктер деп қандай затты айтамыз?*
*Дәнекерлеу әдісі қандай құбылысқа негізделген?*
*Электр энергиясын қабылдағыштарды ата*
**III. Жаңа сабақ.** Балалар өндірісте қолданылатын көптеген машиналар, аппараттар, қондырғылар, механизмдер, электр энергиясы күшімен жұмыс істейтінін сендер білесіңдер. Оны алу үшін электр энергиясы көзі болу керек. Ток көзі ретінде Гальваникалық элемент, аккумулятор немесе генератор пайдаланады. Электр энергиясын ток көзінен тұтынушыға жеткізу үшін арнайы өткізгіш қажет. Жақсы өткізгіштер тобына металдар жатады. Ток көзі мен электр тұтынушыны өткізгішпен қосу арқылы электр тізбегі алынады. Тізбек қосылған кезде онымен ток жүреді, ал егер оны кез келген жерден үзіп тастаса ток тізбек арқылы жүрмейді. Демек токты жүргізу үшін тізбекті қосу керек ал оны тоқтату үшін тізбекті үзу керек.
Тізбекті қосып үзу үшін арнайы электр ажыратқыштар қолданылады. Ең қарапайым электр тізбегі төрт элементтен тұрады-ток көзі, ажыратқыш, электр тогын өткізгіш және қабылдағыш.
Тұрмыстық электр құралдарын пайдалану барысында оның ақауларын жөндеумен айналысуға тура келеді. Тұрмыстық құралдардың сымдарында ақаулар жиі болып тұрады. Электр сымын ауыстырғанда, алдымен ток өткізгіш желілерден үзілген орындарын табады. Әдетте бұл электр сымдарының майысқан жерлерінде кездеседі. Бұл жұмыстардың орындалу тәртібі мынадай.
**IY. Плакаттағы суретпен жұмыс**.
**Y. Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру**.
*Электро-техникалық жұмыстар барысында қауіпсіздік техникасының ережелерін бұлжытпай орындай отырып жұмыс істеу керек. Электр тогы адам өміріне қауіпті.*
**YI. Сарамандық жұмыс.** *Топқа бөлініп тапсырмалар орындайды.*
*I топқа қажетті электр арматураларды пайдалана отырып, қарапайым электр тізбегін құрастыру тапсырылады.*
*II топқа электро шырақ құрастыру міндеттеледі.*
**YII. Қорытындылау. Бағалау.** *Сарамандық жұмыстары бағаланады.*
**YIII. Үйге тапсырма. Түрлі электро шамдарының эскизін орындап келу.**

---

**Сабақта ұлттық ойындарды пайдалану**

**ОҚО Түлкібас ауданы Балықты ауылы И. Рыбалко атындағы**
**жалпы орта мектебі. Бастауыш сынып мұғалімі**
**Алтыбаева Мадина Талғатқызы**

***Тақырыбы: Сабақта ұлттық ойындарды пайдалану***
**I.Кіріспе:** Бала ойынмен өседі. Халқымыз бала мінез-құлқының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы аңғарған. Ойында баланың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез-құлқы қалыптаса түседі. Бала ойынының түрі де, мазмұны да сан алуан. Ойын үстінде бала достыққа, жолдастыққа, тапқырлыққа, іскерлікке , ептілікке , адамгершілікке баулынады. Ұл бала табиғатынан қимыл-қозғалысқа құмар. Ойын- балалық шақтың басты ерекшелігі . Мысылы: «Базар –қаланың ажары, ойын- баланың базары», «Баланың ойынын бұзба, өнегең болса –ойын қозға », «Бала ойынмен өседі, дана оймен өседі», «Қыз- қуыршақ, бала- құлыншақ»-дейді . «Ойнай білмеген , ойлана да білмейді» деген мақал- мәтелдер де баланың ойынға аса құмар келетіні , ұл мен қыздың ойыны да түрліше болатыны, ойын арқала баланың сана-сезімі , кәсіп таңдауы, ақыл-ойның жетілетіні көрсетіледі.
Халықтың рухани бай қазанасының бірі , һәм бірден – бір тәрбие құралы – халық ойындары . Халық оның алуан түрін тауып, өз ұрпағын өрелілікке , ойшылдыққа, тапқырлыққа , шеберлікке , дәлдік пен мергендікке тәрбиелеген.
Сабақта ойын элементтерін қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді, ізгілендіреді. Ойынның басты мақсаты баланы қызықтыра отырып, тіл үйрету. Біз ойын элементтерін сабақта екі түрлі мақсатта пайдаланамыз. Оның біріншісі –оқушының сабаққа қызығушылығын , ынтасын

арттыру, тілін дамыту , екіншісі – оқушыларды тапқырлыққа баулып, зейінін, байқампаздығын арттыру және ойлау қабілетін дамыту. Ойын арқылы оқушылардың білім- білік дағдылары қалыптасады.
1. Оқытудағы ойынның міндеті.

- Білім деңгейі мен дағдыларын жетілдіре отырып, ойын арқылы оқу және тәрбие ұштасады.
- Ойната отырып жаңа білімді меңгерту.
- Танымдық қызметі мен ой -өрісі кеңейеді.
- Оқушылардың өзіне деген сенімі артады, оқуға деген қызығушылығы , белсенділігі дамиды.
- Оқушыларды адамгершілікке, бір-бірін сыйлай біліп, көмектесуге үйретеді.

2. Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі:
15 Сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге итереді, тәртіп сақтау дағдысы қалыптасады, есте сақтау қабілеті дамиды.
3. Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:
3 Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.
4 Ойынға кірер алдында оның жүргізілу тәртібі оқушыларға әбден түсіндіру.
5 Ойынға оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
6 Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
7 Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
8 Ойынды баланың жас ерекшеліктеріне қарай түрлендіріп пайдалану.
9 Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
10 Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет
11 Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын
12 айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады дегенді айтады.
13 А.С.Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,» - деп балалар ойынын жоғары бағалаған.
14 Мұғалім үшін басты міндет оқушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына жағдай туғызу, сөйлей қабілетін дамыту. Бастауыш сынып оқушысы –балалықпен толық қоштаспаған, мектепке жаңа бейімделе бастаған ойын баласы. Сондықтан оқу орыс және тілдерде жүргізілетін бастауыш мектеп оқушысының жас ерекшелігіне сай сабақты ойын түрінде өткізу қазақ тілі сабақтарында жақсы нәтиже береді . Ойын арқылы баланың сана – сезімі , ақыл – ойы өседі.
15 Ойындардың қажеттісі сабақтың тақырыбына қарай іріктеп ала білу ұстаз шеберлігіне байланысты . Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

**Ойын**

| **Ұлттық** | **Дидактикалық** | **Логикалық** |
|---|---|---|
| **«Асық»** | | |
| **«Хан талапай»** | **«Ғажайып алаң»** | **«Сөз жұмбақ»** |
| **«Ақ сүйек»** | **«Кім жылдам»** | **«Ребус шешу»** |
| **«Алтын сақа»** | **«Әріпті кубик»** | **«Есеп жұмбақ»** |
| **«Арқан тарту»** | **«Сөз ойла, тез ойла»** | |
| **«Сақина салу»** | **«Сергіту сәті»** | |
| **«Теңге ілу»** | | |
| **«Қыз қуу»** | | |

**Соның ішінде түрі де, мазмұны да өте бай халықтық ойын – ұлттық асық ойындары. Асықты көбіне ұсақ мал-қойдың асықты жілігінен алады. Соның бірі – «Алтын сақа» деп аталады.**
**Сабақ үстінде біліктілігін, іскерлігін дағдысын, дүниетанымын, шығармашылық іс-әрекетін, қызығушылығын арттыру.**

**Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет – ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады.**
**Баланың бойында**
***Ойлау*** ***шыдамдылық*** ***белсенділік***
***тапқырлық*** ***ұйымдастырушылық***
**қасиеттері қалыптасады.**
**Оқушылардың сабақ уақытында алған тәлім тәрбиесі , сабақтан тыс уақытта , көпшілік орында қарым-қатынасына , үлкенді сыйлауға байланысты көрініс береді.**
***тынығады***
***өмір танымын кеңейтеді***
***оқушы***
***бірлеседі***
***ұйымшылдыққа үйренеді***
**Төзімділік, шыдамдылық пен ұстамдылық өзін-өзі тежеу сияқты қасиеттердің қажеттілігін алғаш сезіну осы ұлттық ойындардан басталады. Оушылармен ойнауға , мынадай қазақтың ұлттық ойындарын ұсынуға болады: «Арқан тарту», «Алтын сақа», «Ұшты-ұшты», «Теңге ілу», және т.б.**
**Ұлттық ойындарды өткізу мынадай кезеңдерден тұрады.**

**Ойынды ұйымдастыру жаңа ойынды баяндау**
**ойынды өткізу өткізілген ойынды талдау қорыту.**
«Алтын сақа »
**(Ойын түрінде біріктірілген сабақ: математика, қазақ тілі)**
***Сабақтың мақсаты:*** **Балалардың математика , қазақ тілі сабағында алған білімдерін тексеру. Халықтық дәстүрлер мен әдет – ғұрыптар , ұлттық тұтыну, заттармен үй жабдықтары туралы балалардың танымдарын байқау.**
***Көрнекі құралдар:*** **кеспе қағаздар, қоржын, үлестірмелі материалдар, киіз үй макеті, қамыстан жасалған мал қора**
***Сабақтың жүргізу тәсілі:*** **Сұрақ- жауап ойын.**
***Сабақтың барысы***
***I. Ұйымдастыру бөлімі:***
**II. Балаларға бүгінгі сабақтың мақсатын хабарлап, «Алтын сақа» ойынының шартын түсіндіру.**
**Ойын шарты: Балаларды екі топқа бөліп, әр топтың аттарын белгілеу. Екі топтың жетекшілерін тағайындау. Екі топтан екі ойыншы шығып сақаны иіреді. Асықтың түсуіне қарай алдын-ала дайындалған қоржыннан сұрақтарды таңдап алып, жауап береді.**
**Егер асық алшы түссе , ол ойыншы жеңіске жетеді.Ол ойыншыға сыйлық беріледі.**
**Егер асық тәйке түссе , ол ойыншы сұраққа жауап бермейді , оның қорасына 2- қой кіреді.**
**Асық бүк немесе шік түссе , арнайы қоржыннан сұрақтар алып, жауап береді, егер сұрағына дұрыс жауап берсе, оның үлесіне 1 қой тиесілі. Ойынның соңында қай топ көп қой жинаса , сол топ жеңіске жетеді.**
**Ойынды бастамас бұрын қазақ тілі, математика сабақтарынан білімдерімізді тексеріп көрейік.**
**а) Қазақ тілі сабағында үлестірмелі материалдар арқылы «қой » сөзіне дыбыстық талдау жасау.**
**ә) Математика сабағынан ауызша есептер құрастыру. Берілген суреттер бойынша әр бала есептер құрастырады.**
**Мысалы: Екі қызда барлығы 9шар болды. Бірінші қыздың 2шары, ал екінші қыздың 3шары ұшып кеткенде, қыздардың шарлары тең болды. Әр қыздың қолында неше шардан болды?**
**«Алтын сақа» ойынының басталуы.**




**I- бөлім: Екі топтан екі бала шығады, асық иіреді. Сұрақтарды асықтың түсуіне байланысты , өздері таңдайды.**
***Қазақ тілі пәніне байланысты сұрақтар:***
**Сурет бойынша сөйлем құра. (кереге)**
**Сусынның түрін ата: 5 әріптен тұрады. (қымыз)**
**«Шабандоз » сөзін буынға бөл:**
**«Асық » сөзіне дыбыстық талдау жаса.**
**Төрт түлік мал туралы жатқа тақпақ айт.**
***Математика пәніне арналған сұрақтар:***
**Ауызша есеп. Жылқышының 6 жылқысы да құлындады. Сонда барлығы қанша жылқы болды?**
**Қандай геометриялық фигураларды білесің?**
**Геоматриялық фигуралардан құрақ құра .**
**Бір көйлек тігу үшін 3м мата қажет. Осындай 7 көйлек тігу үшін неше метр мата қажет?**
**Есептеп шығар: 48:2 246:2**
**236*45 784*56**
***Музыкалық сәт.***
**Егер музыкалық сәт деген сұрақ келсе , бір ән орындап береді.**
***III. Ойынның екінші бөлімі «Сақина салу»***
**Мұнда кеспедегі сұрақтарға жауап береді, қанша жауап берсе , сонша сақина жинайды .**
***IV. Ойынға қорытынды*:**
**Екі топ жетекшілері өздері жинаған ұпайларын, яғни қойларын санап шығады. Жеңіске жеткен топтың аты аталып, ынталандыру мақсатымен сыйлықтар мен бағаланады.**
***V. Сабаққа қорытынды*** **:** Бүгінгі сабағымызда математика , қазақ тілі сабақтарынан алған білімдерімізді тексердік . Сөздерге дыбыстық талдау жасадық , сөйлемдер құрадық, ауызша есептер шығардық .
**IV. Қорытынды:** Ойын элементтерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалап алынса, оның берер пайдаса мен танымдық , тәрбиелік маңызын күшейте түсері анық. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлілігін, танымдылығын дамытып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

**Нәтижесінде:** сабақтағы ойын арқылы білімін шыңдап, балада еркін ой қалыптасады. Мен бұл әдісті өз сабақтарымда қайталау, қорытынды жинақтау сабақтарында жиі қолданамын. Әсіресе, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырумен құнды деп есептеймін. Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында өзара бәсекелесе отырып жұмыс істейді.

---

**Қазақ тілі сабағында жаңа технологиялар пайдалану арқылы шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу**

**Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Екпетал мектеп-балабақшасының қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Арыстанова Жанат Ахметжановна**

Қазіргі таңда мемлекетіміздің алдында тұрған үлкен мақсат - дамыған елу елдің қатарына ену.Осы мақсатқа жету үшін қазіргі мұғалімдердің, әсіресе, мемлекеттік тілді үйретуші ұстаздардың алдында үлкен міндет тұр.Ол - білімі мен қабілеті жаңа заманға, жаңа Қазақстанға сәйкес жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Осыған орай, педагогикалық ғылым алдында да нақты міндет туындауда:ол баланың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа оқыту технологияларын ойлап табу, яғни оқытудың жаңа инновациялық технологиясын қалыптастыру. Атақты ғалым В.М.Шепель «Технология, бұл - өнер, шеберлік, іскерлік әдістерінің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі» десе, М.Чошанов «Технология, бұл - дидактикалық жүйенің құрылымдық бөлігі» деп анықтама берген болатын.

Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі жаңа технологиялар екені мәлім.Әлемнің бірнеше елінде сынақтан өткізілген жаңаша оқыту технологиясы төрт бағытты қамтиды. Олар мыналар:

- Модульдік технология
- Рейтингтік жүйе
- Дамыта оқыту технологиясы
- Сын тұрғысынан ойлау

Әрбір технология өзіндік жолда әдіс - тәсілдермен ерекшеленеді.Көрнекті ғалым В.А.Сухомлинский «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр сабақ болып , мұғалім білімді түсіндіріп қоюшы,бақылаушы,бағалаушы емес, толық іс - әрекетті ұйымдыстыратын ұжымдық істердің ұйытқысы», - деп түсінік береді. Тек осылай оқыту ғана баланың интелектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Оқушы тұлғасының дамуына,қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт.Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Қысқаша осы технологияларға шолу жасайық.

**Модульдік оқыту технологиясы**

Модуль – белгілі бір жүйенің өзіндік бөлшегі (С.И.Ожегов). Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі – тұлғаның танымдық қабілеттерін

және танымдық процестерді арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, тұлғаның қажеттілігін қанағыттандыруға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы. Бұл технология тұлғаның даму ерекшеліктері туралы психологиялық ғылым мәліметтеріне, тұлғаның қызығушылық аясын дамытуға, тұлғаның танымдық құрылымын дамыту ерекшеліктеріне негізделген. Мұндағы қызығушылық немесе қызығу дегеніміз – ынталық, алғырлық, тұрақтылық және білуге құмарлық тәрізді бөліктерден тұратын, белгілі бір нәрсеге зейін қою арқылы эмоция тудырып, жүзеге асатын жеке басқа тән ерекшелік. Ал танымдық процестерге жады, ойлау, ынта, зейін, қабылдау, ес, елестету, т.б. жатады.

Модульдік технологияның оқыту мақсаты – қазақ тілінде ауызекі сөйлеуді меңгеру.

Мәселелері:

1. Модульдік технологияны нақты нәтижелерге жету үшін пайдалану.
2. Модульдік технология оқу процесінің жоспарлығын, жүйелігін, тақырыпқа бөлуін талап етеді.

Жоспарлау:

Оқу процесін жоспарлағанда мұғалім оқыту сапасын көтеру үшін бүгін, ертең, жыл бойы қалай жұмыс істейтінін күні бұрын нақты жоспарлауы керек.

Тақырыпқа бөлу.

Оқу материалын тақырыптарға бөлу. Модульдік технология нақтылы бір тақырыпты өтуді көздейді.

Бір модульдің тақырыбымен тығыз байланыста болу керек.

Жүйелеу.

Модульдік технология оқу процесін жүйелеп оқытуды талап етеді. Жүйелеп оқыту көптеген тақырыпшаларды бір-бірімен байланыстырып, ретке келтіреді.

Сонымен ол біртұтас грамматикалық және лексикалық блок болып табылады.

Модульдік оқыту нәтижесінде оқушы неге дағдылану керек:

1. Өзіне тілді үйрену мақсатын қою.
2. Оқу материалын қабылдау үшін ойлау қабілетін белсендіру керек. Алған білімін, талдап, жинақтау керек.
3. Керекті сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді есте сақтау.
4. Тілдің 4 әрекетін пайдалану арқылы қазақ тілін үйрену.
5. Талдаудың барлық түрлерін (морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық) жасай білу керек.
6. Грамматикалық және лексикалық материалдарды ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін пайдаланып үйрену.
7. Әр түрлі жазба жұмыстарын орындай білу: шығарма, мазмұндама жазу, жазба жұмыстарын орындай білу.
8. Оқу, сауатты жазу, мәтінді түсіне білуі керек.
9. Сөз тіркестерін, Сөз тіркестерінен сөйлемдерді, сөйлемдерден сөз тәртібін сақтай отырып мәтін құруға дағдылану.
10. Диалог құрастырып, сапалы түрде монолог айтып үйрену,
11. Жатталған өлеңдерді, әндерді, мақал – мәтелдерді, жұмбақтарды және басқа тілдік материалдарды есте сақтау.

Келесі оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған технология- **СТО ( Сыни тұрғыдан ойлау)**

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарлама бойынша ол

- шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;
-күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық;
-үйрету мен үйреу бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

- Қызығушылықты ояту.
- Мағынаны тану.
- Ой толғаныс.

Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі мынадай нәтиже береді:
-оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай біледі;
-басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға;
-өз ойын топ алдында ашық айта алу, қорғай білуге;
-керек кезде өз көзқарасын өзгертуге үйретеді, дамуын қамтамасыз етеді;
-оқушының оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге үйретеді;
-ең бастысы сабаққа қызығушылығы артып, балалардың белсенділігі өте жоғары болады.

**Коммуникативтік оқыту технологиясы**- қарым- қатынас негізінде оқыту.

Балаларды сөйлеуге, сөйлесу арқылы оқуға, тыңдауға үйретуге болады.

Ең алдымен олар мына жаттығуларды орындайды.

Тіл үш салаға бөлінеді.

а) лексикалық
ә) грамматикалық
б) фонетикалық

Олар бір бірімен тығыз байланысты, сондықтан сөзді жекелей үйретуге болмайды. Белгілі бір тілді үйрену үшін тілдің өзін емес, қоршаған ортаны сол тіл арқылы үйрену керек.

Технологияның ерекшелігі

Берілген әдістеменің мақсаты болып табылатындар
-білім беру үрдісінің нәтижесін жоғарылату;
-белсенді және толық қатынасқа үйрету;
-белгілі жағдаятқа байланысты оқушылардың ауызекі сөйлеу үрдісінің қалыптасуына мүмкіндік жасау.

Аталған технологиялар арқылы шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлғаны тірбиелеу жолында түрлі әдіс- тәсілдерді пайдаланып жүрміз.Олар:

**Ассоциация** (Әр оқушы жауаптарын дәптерге жазады,мұғалім тақтаға жазады,оқушылар жеке топтарға бөлінеді, әр топ өз жобасын көпшілік алдында қорғайды)

**«Миға шабуыл»** (проблемалық сұрақ туғызу, сұрақтарға жауап сұрау,талдау)

**Түртіп алу** (V, +, + -, -, ?)

**Тоқтат оқу** (Мәтінді бөліп, әр бөлікті жеке талдау)

**Дискуссия** (Берілген сұраққа екі жақты жауап беруге болады.Иә,.......Жоқ,....Әр топ өз пікірін төрт, бес сөйлеммен дәлелдейді.Басқа топтың оқушыларымен пікірлесуге түседі,мәселені талдайды.

**Дебаттар. Кубизм. Эссе. Үш деңгейлік интервью. Тірек сөздер. Даналық ағашы. «Жиксо»** әдістеріне ауызша тоқталып өтейін.

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып - көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»,- деген президентіміздің сөздерін сол елдің, сол тілдің иесін тәрбиелеуші, соларға білім беруші ұстаздармыз, сондықтан да біздің міндетіміз өте зор дегім келеді

---

## Сөз құрамы. Түбір мен қосымша

**Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы**
**М. Жұмабаев атындағы жалпы орта мектебі.**
**Бастауыш сынып мұғалімі Сариева Баян**

Қазақ тілі 2 сынып

Сабақтың тақырыбы: Сөз құрамы. Түбір мен қосымша

Сабақтың мақсаты: Сөз құрамы және түбір мен қосымша туралы білу. Өз бетінше іздене отырып ереже шығару, түсіну. Жаттығулар мен әр түрлі тапсырмалар орындай отырып қосымшаларды қолдану, салыстыру, талдау.

Күтілетін нәтиже: Жаңа сабақты түсінеді, түбір мен қосымшалармен жұмыс жүргізеді. Топта , жұпта ынтымақта болады. Құрдастар арасындағы оқу болады. Сауатты көркем жазуға талпынады.

Табыс критерийі:

- Жаңа сабақты түсінуі
- Көркем , сауатты жазуы
- Топта белсенділігі
- Өз ойын ашық айта білуі

Сабақтың түрі: жаңа сабақ

Сабақтың әдісі: Блум таксономиясы, «Айналмалы бекет», «Сұрақтар пирамидасы», СТО әдістері, топтық, жұптық жұмыс, «Бағдаршам» , «Сағат» тәсілі

Көрнекі – құралдар: Слайдтар, кестелер, семантикалық карта, үлестірмелер, тірек сызбалар, сұрақтар пирамидасы, ноутбок, бағалау парағы, стикерлер.

Пән аралық байланыс: әдебиеттік оқу, математика, дүниетану, бейнелеу

| № | Уақыты | Кезеңі | Модуль | Ресурстар | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 3 мин | Блум Таксон | Жас ерекшелігін | Топтасты ру | 16 Ұйымдастыру кезеңі | Сабаққа керекті құрал-жабдықтарын алады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | о<br>миясы | е<br>Қарай білім беру | | 17 Сөз құрамына қарай топқа бөлу<br>18 Топ ережесін құру<br>19 Табыс критериийімен таныстыру | Түбір, қосымша, жұрнақ, жалғау тобына бөліну.<br>Топ ережесін қабылдау.<br>1.Ұйымшыл болу<br>2.Бір – бірімізді мұқият тыңдау<br>3.Сабаққа белсене араласу<br>4.Бір – бірімізді қолдау<br>5.Бірлесіп жұмыс жасау<br>6. Уақытты тиімді пайдалану<br>7. Ойланып, тиянақты жауап беру.<br>8. Талқылаудың қорытындысын шығару. |
| | 1 мин | | Диолог | Мозайкалық оқыту | Шаттық шеңберіне тұру | Мұғалім айтқан өлеңді бірге айту<br>Күлім қағып қолымды<br>1,2,3 деп соғайын.<br>Қарап тұрған көршіме<br>Қолымды мен бұлғайын.<br>Жылы – жылы сөзбенен<br>Жүрегімді сыйлайын.<br>Ыстық алақаныммен<br>Қолыңды бер қысайын.<br>Амандасып өзіңмен<br>Құшақтасып алайын. |
| 2 | 4 мин | Білу | Акт | Ойын әдісі «Айналмалы бекет» | Үй тапсырмасын сұрау.<br>5- жаттығу. Мағынасы қарама- қарсы сөздерді қою.<br>Тар- кең, жаңа- ескі, жақсы- жаман,жуан- жіңішке, жарық- қараңғы<br>Жұптар бір- бірінің үй тапсырмасын тексереді бағалайды.<br>Өткенді тиянақтауға тапсырма:<br>Түбір тобына : мағынасы қарама- қарсы сөздер жазу<br>Қосымша тобына: мәндес сөздер жазу.<br>Жұрнақ тобына:<br>көп мағыналы сөздер жазу<br>Жалғау тобына: сөздерді мағынасына қарай топтап жазу<br>« Айналмалы бекет» әдісімен топтар бір- бірінің жұмысын тексеру. | Үй тапсырмасына жауап береді.<br><br>Топта ынтымақтаса жұмыс жүргізеді. Біреуі жұмысты қорғайды. |
| 3. | 4 мин | Білу | Сыни ойлау<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Дарынды және талантты баламен | «Не қажет?» ойыны | Нанның суретін көрсету.<br>Нанның құрамында не бар екенін айту.<br>Нан- ұн- су- тұз- ашытқы<br>Біздің тіліміздегі сөздер де бірнеше бөліктен тұрады.<br>1.Дәрігер ауруға дәрі берді. Осы сөйлемдерден не ұқсастық, не айырмашылық байқадыңдар?<br>Дәрі-гер, дәрі сөздерінің түбірі мен қосымшасын ажырату.<br>257- жаттығу. | Дәрі-гер, дәрі, сөздерінің түбірі мен қосымшасын ажыратады. Ережесімен танысады.<br><br>257-жаттығуды орындайды. Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талдайды. Әр сөздің мағынасын түсіндіру. Сөз мағынасын өзгерткен қосымша жұрнақ, сөздерді байланыстырған қосымша жалғау екенін түсінеді.<br>Күй-ші –кім? күй- не? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жұмыс | | Сөйлемдерді көшіріп жазу. Қарамен жазылған сөздерді салыстыру. | Құрылыс- шы- кім? құрылыс- та – қайда? |
| 4. | 4 мин | Түсіну | Көшбасшылық | Оқулықпен жұмыс | Ережені оқу. Кестені толтыру .<br>Түбір сөз<br><br>Қосымша<br><br>Жұрнақ жалғау | Кестені топта бірлесіп толтырады. Әр топ өз тобының атына байланысты ережені кестеге түсіреді. «Сағат» әдісімен басқа топтың жұмысын тексереді. |
| 5. | 5 мин<br><br><br><br><br>2 мин | Қолдану | Оқытудағы жаңа- әдіс тәсілдер | Топтық жұмыс | 258- жаттығу.Өлеңді оқу. Қарамен жазылған сөздердің қосымшасы мен түбірін сызықшамен бөліп, көшіріп жазу.<br>Сурет- ші, мүсін-ші, терезе- нің, аяз- дың<br>« Семантикалық карта» | Дәптермен жұмыс. Топ басшы тобындағы оқушының жұмысын тексеріп отырады.<br><br>«Семантикалық карта» Әр оқушы жеке толтырады. Топ басшы тексереді. |
| 6. | 3 мин | Талдау | Сыни ойлау | Жұптық жұмыс | 259- жаттығу. Түбір сөздерді тиісті сөздерімен сәйкестендіру.<br><br>Сый гіш<br>Жұмыс -лі<br>Біл - шы<br>Өнер -қыш<br>Үш - лық<br>Қалай сәйкестендіреміз? Не себепті? Қандай дәлелің бар? | Сәйкестендіру тесті |
| 7. | 2 мин | | Сергіту сәті | | Музыка « Жаяу» | Музыка ырғағымен билеу, қимыл- қозғалыс жасап сергіп алу |
| 8. | 5 мин | Жинақтау | Сыни ойлау | « Суретке жан бітір» ойыны<br><br><br>Топтық жұмыс | Балық, кітап, жылқы, домбыра, дәрі, ғарыш суреттерін көрсете отырып , ол сөздеріне жұрнақ жалғап айту.<br>1. Топтастыру<br>2. Венн диаграммасы<br>3. Бес жолды өлең<br>4. Сурет бойынша эссе жазу | Сурет бойынша жұрнақ жалғап жаңа сөз жасайды. |
| 9. | 7 мин | Бағалау | Сыни ойлау | « Сұрақтар пирамидасы» | Үлестірмелер тарату. Жауабы блумның қай сұрағына сәйкес келетінін тауып жапсыру.<br>1.Түбір дегеніміз не?<br>2.Қосымша дегеніміз не?<br>3.Жұрнақ дегеніміз не?<br>4.Жалғауды қалай түсіндің?<br>5.Түбір мен қосымшаның айырмашылығын түсіндір?<br>6. Жұрнақ пен жалғаудың айырмашылығын дәлелдеп көрші?<br>7. –шы,- ші, -лық, -лік жұрнақтарын пайдаланып сөз құра<br>8. Әншілер сөзіне талдау жаса | Әр топтағы екі оқушыға үлестірме беру. Тобындағы басқа оқушылармен ақылдасып, дұрыс шешімін тауып айтады. Блум таксономиясының « Сұрақтар пирамидасы» тәсілімен жауаптарын сәйкес келетін сұраққа қою. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 1 мин<br><br>2 мин<br><br>2 мин | Үйге тапсырма<br><br>Топтық және формативті бағалау<br><br>Кері байланыс | | | 261- жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Қосымшаны табу.<br><br>Топ басшылар бағалау парағын толтырады. Өзім ауызша және « бағдаршам» тәсілімен бағалаймын.<br><br>Бүгінгі сабақтан алған әсерлерін смайликтердің тұсына стикерге жазып ілу. | Үй тапсырмасын күнделікке жазып алады.<br><br>Топтық бағалау, мадақтау, стикермен және формативті бағалау<br><br>Көңіл- күй смайликтерінің тұсына сабақтан алған әсерлерін жазып ілу. |

## ТЕЛЕДИДАР. БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ДАМУЫ



**Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,**
**Қармақшы аграрлы-техникалық колледжі,**
**Бағыланбаева Нұргүл Яхобқызы физика пәнінің мұғалімі,**
**II санат, педагогикалық өтілі 8 жыл**

**Сабақтың тақырыбы: Теледидар. Байланыс құралдарының дамуы**
**Сабақ мақсаттары:**
**Білімділігі:** Студенттерге электромагниттік толқындар көмегімен іске асырылатын теледидар және байланыс құралдарының қолданылуын, тұрмыста пайдалануын және оның шығу тарихын жан-жақты түсіндіру.
**Дамытушылық:** Электромагниттік толқындарды оқи отырып, студенттердің өз бетінше, жеке талдай білуі, оның ерекшеліктерін аңғарту, алған білімдерін өмірде қолдану дағдысын қалыптастыру.
**Тәрбиелік:** Студенттерге электромагниттік толқындардың мысалдары арқылы қоршаған орта мен пәнішілік байланысты және оның заңдылықтарын көрсете білу, сабақтың барысында өзін-өзі бағалай білуге дағдылану, жауаптың нақтылығына, дұрыстығына, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.
**Сабақтың түрі:** аралас сабақ
**Сабақтың типі:** жаңа сабақты меңгерту
**Сабақтың әдісі:** есеп шығару, тірек сызбалары, сұрақ –жауап, физикалық диктант.
**Сабаққа қажетті:**
**Оқулықтар\әдебиеттер:** Б.Кронгарт.Физика 11 кл, Физика есептер жинағы.
**Құрал –жабдықтар:** оқу құралдары, суреттер, интербелсенді тақта, теледидар, компьютер, радио, ұялы телефон.

### Сабақ барысы:

**I. Ұйымдастыру кезеңі**. Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Журналға белгі соғу. Назарларын сабаққа аудару.
**II. Өткен сабақтар бойынша білім деңгейлерін тексеру (үй тапсырмасын сұрау)**

### Радиотолқындардың таралуы. Радиолокация

**«Ғажайып екілік»** оқушыларға есептер жасыру.
**1 есеп**
Толқын ұзындығы 300 м радиотолқындар шығаратын ашық тербелмелі контурдағы тербеліс периоды қандай?
Бер: $c=3*10^8$ м/с формуласы: $T=\lambda/c$
$\lambda=300$ м шешуі: $T=300$ м/ $3*10^8$ м/с$=10^{-6}$ с
т/к: T=?

**2 есеп**
Радиостанция 75 МГц жиілікте хабар жүргізіп отыр. Толқын ұзындығын табыңдар?
Бер: $c=3*10^8$ м/с формуласы: $\lambda=c/\upsilon$
$\upsilon=75$МГц$=7,5*10^7$ Гц шешуі: $\lambda=3*10^8$ м/с / $7,5*10^7$ Гц $=4$ м
т/к: $\lambda$=?

**«Бағалы дүние».** Сұрақтарға жауап беру арқылы жасырылған дүниені табу. Яғни бүгінгі сабақтың тақырыбына сәйкес сурет шығады.
- Радиолокация дегеніміз не?
- Электромагниттік толқын ұзындығы дегеніміз не?
- Толқынның дифракциясы дегеніміз не?
- Радиотолқындар деп қандай толқындарды атаймыз?
- Қандай толқын поляризацияланған деп аталады?
- Ең алғаш рет радионы ойлап тапқан ғалымды ата?
- Толқынның интерференциясы дегеніміз не?

- Радиотелефондық байланыс дегеніміз қандай байланыс?
- Электромагниттік толқын ағынының тығыздығы дегеніміз не?
- Қандай толқынды электромагниттік толқын дейді?

**ІІІ. Жаңа сабақты түсіндіру:**

Теледидар.Байланыс құралдарының дамуы

*Сабақ жоспары:*

- *Теледидар*
- *Байланыс құралдарының дамуы*

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.

*«Өнер - білім бар жұрттар» өлеңімен Байланыс құралдарына теңеген кім?*

Ой қозғау.

**Байланыс құралдары**

| *Пошта арқылы байланыс* | *Электромагниттік толқындар көмегімен іске асырылатын байланыс* | |
|---|---|---|
| хат<br>газет журнал<br>посылка | **Телеграф** | гректің «теле» алыс 1832 жылы орыс ғалымы П.Л.Шишкен ойлап тапты. Фототелеграф сурет, графиктер. |
| | **Телефон** | грекше «фон» дыбыс «теле» алыс<br>1876жылы американ ғалымы А.Г.Белл ойлап тапты. Атқаратын қызметі сөйлеу информацияларын алыс қашықтыққа жеткізу. |
| | **Радио** | латынша «радио» сәуле таратамын.<br>1895 жылы 7 мамырда орыс ғалымы А.С.Попов ойлап тапты. Сондықтан 7 мамыр Радио күні деп аталды. |
| | **Теледидар** | «видео» көремін деген сөз. Қызметі объектінің кескінін көру немесе дыбысты есту. Алғаш ойлап тауып пайдаланған Англияда 1925 жылы Джон Берд. |

Теледидар - электромагниттік толқын арқылы алыстағы бейнені көрсететін радиотехникалық құрал.

Түрлі-түсті кескінді тарату және қабылдау үшін күрделі теледидарлық жүйелер қолданылады. Бір жеткізуші түтіктің орнына үш түсті қызыл, көк және жасыл түстердің сигналдарын жеткізетін үш түтік қолданылады. Теледидардың экраны да үш түрлі люминафор кристалдарымен қапталған. Үш электрондық зеңбіріктен шығарылатын электрондар шоқтары экранға түскенде сәйкесінше қызыл, көк, жасыл түстермен жарқырайды. Олар қабаттаса келіп көп түсті бейне туғызады.

Телехабарлар жиіліктері 50 МГц пен 230 МГц аралығындағы диапазонда таратылады. Теледидар бүкіл әлемнің адамзаттың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Кішкентай балалардан еңкейген қартқа дейін теледидердан көз алмай қажетін тауып, тамашалайды. Теледидардың шығу тарихы «Televisorium» латын тілінен аударғанда алыстан көруші дегенді білдіреді.

**Теледидар мынадай бөліктерден тұрады:** электрондық лампалар, жартылай өткізгіш приборлар, резисторлар, конденсаторлар, контурлар, трансформаторлар, айырып қосқыш, панелдер.

**Техника қауіпсіздік ережесі**

Теледидардың ішіндегі шаң-тозаңдарды тазартқанда ылғал шүберекпен сүртуге болмайды - бұл электрлік изоляцияның және детальдардың бүлінуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Шаң-тозаңды жылына 1-2 рет шаңсорғышпен және жұмсақ қыл щеткамен, құс қауырсынымен немесе бензинге батырылған жұмсақ шүберекпен тазарту қажет.

Найзағай жарқылдаған кездері теледидарды жұмыс істетпеген жөн, ол кезде сыртқы антеннаны жермен қосып тастау қажет.

Хабар, кино біткен соң тек теледидарды ғана емес, кернеу тұрақтандырғышты (стабилизаторды) да немесе кернеу реттеуішті де ток желісінен ажыратып тастау керек.

Балаларға телевизиялық хабарларының ұзақтығы бір сағаттан аспауы керек.

Экраны үлкен теледидарды 2-3 метрдей қашықтықта отырып көрген дұрыс.

Теледидар экранының ортасы отырған адамның көз деңгейінің биіктігіндей болуы қажет.

Теледидарды жатып көруге болмайды.

Таратқыш телестанцияда кез келген нәрсенің кескіні электр сигналдарына түрленгеннен кейін, ол кескіннің электр сигналдары жоғары жиілікті тербелістерді модуляциялайды. Ол үшін әр түрлі жеткізуші электронды-сәулелік түтікшелер (иконоскоп, видикон, суперотикон) қолданылады. Сенімді әрі қарапайым болып келетін электронды-сәулелік түтікшенің өзгертілген түрі – видиконың құрылысы.

- Электронды зеңбірік.
- Электрондар шоғы.
- Жартылай өткізгішті экран.

- Жоғары коллектор.
- Объектив.
- Нәрсенің кескіні.
- Ара тісті кернеу
- Катушка

Теледидарлық қабылдағышта – теледидарда детекторленгеннен кейін тура дәл әлгіндегідей бейнесигнал қабылдағыштың электронды-сәулелік түтігінің экранында – кинескопта көрінетін кескінге түрлендіріледі. (3.30, а -сурет) Жеткізуші түтікте электрондық шоқ мозаикалы экранды қалай сыпыра шарлап шықса, қабылдағыш түтікте дәл осы тәрізді горизонталь және вертикаль бұрушы катушкалардың магнит өрістері электрондық шоқты барлық экранды сыпыра шарлатып шығарады. (3.30, ә -сурет)

Байланыс құралдарының түрлері : *телефон, компьютер, телеграф, радио, теледидар, факс*

Қазақстан Республикасында тұңғыш радиостанция 1913 жылы Форт-Шевченко қаласында салынған еді.

Ұшқындық хабарлағыштың қуаты небәрі 1 кВт болатын және радиусы 300 км қашықтыққа дейін тұрақты байланыс орнатты.

Теледидарлық хабар 1958 жылы әуелі Алматыда, одан соң Өскемен мен Қарағандыдағы телемұнаралардан таратыла бастады. Радиотелехабарлардың сапасы мен таралу аймағын арттыруда Алматыдағы Көктөбеде 1984 жылы іске қолсылған телемұнараның рөлі аса маңызды болады. Көктөбедегі телемұнараның биіктігі 250 метрге жетеді.

**ІҮ.Өтілген сабақты (материалды) бекіту**

**І. Байланыс құралдарының даму кезеңдері:**

| Кеше | Бүгін |
|---|---|
| Телеграф | Факс |
| Телефон | Ұялы телефон |
| Радио | Теледидар<br>Плазмалық, жазық (плоский) 3D |
| ЭЕМ | Компьютер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Компью** | **теле** | **тер** | **теле** | **радио** | **мұнара** |
| **дидар** | **граф** | **теле** | **фон** | **теле** | **станция** |

**ІІ. «Сөздердің жұбын тап!»** сөздерді құрастыру.

**ІІІ.«Физикалық диктант» өзін өзі бағалау.**

20 ............................ теледидарда детекторленгеннен кейін тура дәл әлгіндегідей бейнесигнал шығады.

21 Бейнесигнал қабылдағыштың электронды сәулелік түтігінің экранында ...........................көрінетін кескінге түрлендіріледі.

22 Қазақстан Республикасында тұңғыш радиостанция........жылы ................қаласында салынған еді.

23 Көктөбедегі телемұнараның биіктігі ........... метрге жетеді.

24 Теледидарлық хабар ..........жылы әуелі.........., одан соң ................ мен .......................телемұнарадан таратыла бастады.

25 Ұлттық серіктестік байланыс жүйесі жасалынуда .......жылдың 18 маусымда ..................ғарыш айлағынан «Kazsat» бірінші Қазақстандық байланыс серігі ұшырылды.

**Ү. Сабақ\ оқу қорытындысын жасау, бағалау.**

*Ойтүйін Бүгінгі сабақ және тақырып бойынша қорытынды жасау.*

| ***Нені бұған дейін білдім*** | ***Нені бүгінгі сабақта білдім*** | ***Нені әлі де білемін*** |
|---|---|---|
| | | |

**Бағалау.**

*Студенттердің жауабына маталар қиындысы таратылып отырады. Мамандықтарына сәйкес көрпешеге сегіз жапырақ құрағын құрастырамыз.*

*Сары мата - 3*
*Көк мата - 4*
*Қызыл мата - 5*

**ҮІ. Үйге тапсырма**

**§ 3.5** ***оқып келу. Рефераттар жазу***

# МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Атырау облысы, Атырау қаласы Жалпы білім беретін Абай атындағы №15 орта мектептің математика пәні мұғалімі Мырзабаева Дина Жұмабайқызы**

Мемлекетіміздің білім жүйесінде жылдар бойы қалыптасып келе жатқан Ұлттық Бірыңғай тестінің мектеп бітіруші түлектердің келешек өмірінде алатын орны ерекше.Ұлттық бірыңғай тестіге қатысты әрбір мектептерде жылдар бойы үздіксіз қызу дайындықтар жүріп келеді. Еліміздің білім беру саласының шешкен шешімі бойынша әрбір мектеп оқушысы Жоғарғы оқу орнына түсіп, өз қалаған мамандығында білім алуы үшін тестіден стандартқа сай нәтиже көрсете алуы тиіс.

Ұлттық Бірыңғай тесті оқушылардың келешек өмір баспалдағына тікелей ықпал ететінін ескерсек, жіберілген әрбір қателер кесірінен қаншама талапкердің арман-мақсаттарына нұқсан келтіріп жатады. Алайда жыл бойғы дайындықтың нәтижесінде оқушылардың да ойға тоқырлары да көп болары сөзсіз.

Ұлттық Бірыңғай тесті оқушылардың білімін саралауда өте қолайлы, әрі тыңғылықты дайындықты талап ететін, жауапкершілігі мол сынақ деп қабылданды. Ұлттық Бірыңғай тестінің нәтижесінде мұғалімнің де, оқушының да білім деңгейі мен осы сынаққа деген дайындығының сараптамасы анық көрінеді. Бұл тестінің басты мақсаты ол талапкерлерді сүріндіру емес, керісінше олардың мектеп қабырғасындағы білімдеріне дәлелдеп, үлкен өмірге аяқ басуына сілтеме жасау. Сондықтан бұл сынаққа толық, нақты, жұмыла жасалған дайындық керек. Алайда оқу-тәрбие процесін ұйымшылдықпен жүргізуде мұғалімдердің ықпалы өте зор.

Мен математика пәнінің мұғалімі ретінде жыл сайынғы ұлттық бірыңғай тестілеуде оқушыларымның тест нәтижесінің стандартқа сай болуы үшін жұмыстанамын. Әрбір жыл сайын ұлттық бірыңғай тестіге дайындалудың материалдарын жаңартып отыруға тырысамыз себебі жыл сайынғы сынақта есептердің өзгертілген, жаңа нұсқалары келіп отырады. Ең алдымен 11 сынып оқушыларын өткен материалдарын, яғни 9 – 11 сыныптардағы тақырыптарымен жұмыс жасап, жалпылама қайталау,шолудан бастаймыз. Ұлттық бірыңғай тестілеуде математика міндетті пән, бұл бойынша гуманитарлық пән таңдаған оқушыдан да сынақ алынатын болғандықтан, жаппай дайындық басталады. Әр пәннің өз қиындығы бар сол себепті оқу үлгерімі қандай оқушы болса да оның жақсы нәтиже көрсетуі үшін жоғары деңгейде дайындауың керек. Бірақ барлығының бірдей математикаға деген қабілеті жетпей жататыны анық. Сол себепті өзіңе арнайы бағдарлама жасақтауың керек. Оның үстіне оқушы сынаққа жан – жақты да дайын болуы міндетті.

***Математика пәні бойынша ҰБТ — ға дайындалу үшін талапкер бойында мынандай негізгі факторлар:***

- Ең негізгісі – ынтасы, талабы, құлшынысы
- Қандай деңгейде болса да математикалық білімі
- Сұранысына байланысты – диагностика
- Психологиялық жағдайы
- Әлеуметтік жағдайы.

Барлық оқушының математикалық сауаты болады, бірақ барлығында бірдей емес. Сондықтан математика курсын топтарға бөліп оқытқан қандай деңгейдегі бала үшін де тиімді.

***Математика курсын үлкен 14 топқа бөлдік:***

1. Теңдеулер және теңдеулер жүйесі
2. Теңсіздіктер және теңсіздіктер жүйесі
3. Өрнектерді ықшамдау
4. Мәтін есептер
5. Прогрессиялар
6. Тригонометрия
7. Туынды және туындыны функцияны зерттеуге қолдану
8. Алғашқы функция, интеграл, сызықтармен шектелген фигураның ауданы
9. Функция, түрлері, қасиеттері, графиктері, анықталу және мәндер облысы, кері функция
10. Виет теоремасын қолданып шығаратын есептер
11. Пифагор теоремасы және Пифагор үштігін қолданып шығаратын есептер
12. Векторлар және оларға амалдар қолдану; координаталық жазықтық
13. Планиметрия есептері
14. Стереометрия есептері

Ұлттық бірыңғай тестіге қатысушылардың дайындығы үшін, мектепте комплекстік дайындық бағдарламасын жыл сайын оқу жылы басында құрып, сол бағдарлама негізінде жұмыстар жүргізіледі. Бірақ мектептегі комплекстік бағдарламадан бөлек әр мұғалімнің өзіндік дайындық жоспарлары болуы қажет. Математикалық курс топтарының жоспарын құрғаннан кейін арнайы дайындық уақыттарына берілетін сағат пен күнін есептеп, тақырыптарды орналастыру және сол бойынша дайындық сабақтарын жүргізіп отыру, әр сабақты қорытындылау үшін бүгінгі және өткен тақырыптар бойынша тест жұмыстарын өткізіп, нәтижесін хабарлау. Менің осы айтқан дайындау әдістерімде ұсынаған тест нұсқаларым:

**Тригонометриялық өрнектің мәнін есептеңіз:**

Жоғарыда аталғандардың барлығы қайталау тақырыптарына арналған жұмыстар болса, 11 сыныпқа арналған тақырыптарға арнайы түсіндіру, толықтыру, мысалдармен жұмыстар жүруі міндетті. Мысалы, өтілетін жаңа тақырыптар «Алғашқы функция», «Ирационал бөлшектер», «Логарифм» т.б. болса оларға толықтай дайындық сабақтарында тоқталып тест тапсырмаларына жаңа тақырыптарды да енгізіп қою.

***y(x)=3x – 4*** функциясына кері функцияны анықтаңыз.

функциясы берілген, $f`(1)$ нүктесіндегі туындыны табыңыз:

- функциясы үшін алғашқы функцияның жалпы түрін анықтаңдар:
- Екі шардың көлемдерінің қатынасы ***m:n*** қатынасындай. Олардың беттерінің аудандарының қатынасын табыңыз:

8 сиыр 12 күнде дайындалған жемнің бөлігін жеді. Қалған жем 24 күнге жету үшін неше сиырды сату керек?
**Жауабы:** 2 сиыр.
- Теңдеуді шешіңіз:

Тақырыптық тест жинақтарын қолдана отырып, оқушылардың материалды меңгеру деңгейлерін бағалау және олардың тест тапсырмаларын орындауға дағдыландыру, тестік жаттықтыру жұмыстары ҰБТ — ті тапсыру кезінде оқушыларға балын жоғарлатуға көмектеседі. Тест тапсырмаларының құрлысын білетін оқушы уақытын ережемен танысуға бөлмейді. Математика пәнінен ҰБТ –ге дайындық кезінде жие қиындық туғызатын мәселе - оқушылардың формулаларды жаттамауы мен еске сақтай алмағандары, мәтінді есептерді шығаруда есепті талдай алмау жағдайлары кездеседі.
Есепті қалай шығару керек. (Оқушыға кеңестер)
1. Есептің шартын мұқият, не берілгенін, нені табу керектігін қысқаша жазу керек.
2. Есеп сұрағына жауап беру үшін нені білу керектігін ойлап, жоспар құр.
3. Егер жоспар құру қиын болса, есеп шартын тағы да оқып шығып, бөліктерге бөл.
4. Әрбір заттың атауын формуламен алмастыр.
5. Есепте берілген шамалар байланысын анықта.
6. Есеп шартынан туындайтын қорытындыны жаз.
7. Бұрын осыған ұқсас есеп шығарылған жоқ па, соны дәптерінен, кітаптан қара.
8. Есепті шығарып болған соң, тексер, шығару жолының басқаша түрі бар ма,ойлан.

**Кез келген есепті шығарар алдында мына сызбаны оқушы есте сақтаған жөн.**
**Қосымша сабақтарды тарауды қайталау тест тапсырмаларын орындамас бұрын үнемі формулаларды дайын слайттар арқылы қайталау мен дәлелдеуден бастау керек.**

**Қорытындылай келе, мынаны айтқым келеді. ҰБТ орта білімнен кейінгі немесе жоғарғы білім беретін білім беру ұйымдарына түсу емтиханымен біріктірілетін жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау нысандарының бірі. Сондықтан бұл жауапкершілік пен дайындықты талап ететін маңызды сынақ. Мектептің жақсы материалдық базасын пайдаланып шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогикалық ұжым болса, оқушылардың білімді қажеттілік есебінде тиянақты меңгеруіне жетуге болады.**

---

## Математика –білім желісі

**Бейсембаева Б.Ж.математика пәні мұғалімі**
**Мектеп негізгі мектебі С.Қ.О.Есіл ауданы .Мектеп ауылы.**

Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында 5-6сынып оқушыларымен өткізілген сайыс.
**Тақырыбы: «Математика –білім желісі»**
**Мақсаты:**
-Оқушылардың ой-өрісін тереңдете отырып, білім-білік дағдыларын қалыптастыру;
-логикалық ойлау ,есте сақтау қаблеттерін дамыту;
-тапқырлыққа ,зеректікке, шапшандыққа тәрбиелеу;
Жоспары:
1)Тез жауап...
2)Логикалық тапсырмалар
3) Викториналық сұрақтар
4)Ой сергіту(жұмбақтар шешу)
5) Мақал –мәтелдер сайысы.
Қолданылған нақыл сөздер:
1. Арифметика математиканың, ал математика ғылымдардың патшасы.
(К. Гаусс)
2. Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін математика.
(М. В. Ломоносов)
3. Математика – барлық ғылымдардың тұңғышы және оларға пайдалы да, қажет те. (Р. Бэкон).

I. Мұғалім:
- Қазіргі заманда жас ұрпақтың білімді, білікті, зерделі, өнерлі де талапты болуы - заман талабы. Білімге құштар, дарынды жастарға ел басы Нұрсұлтан Әбішұлы тарабынан да үлкен мүмкіндіктер жасалып жатыр. Олардың шет елдердің мықты-мықты деген жоғарғы оқу орындарында оқып, білім алуларына мүмкіндіктер жасалып жатыр. Сондықтан да терең білім алып, жан-жақты дамыған азамат болып өсу - сіздерге парыз. Ендеше, бүгінгі сайысымызды білімге арнайық. Алғашқы сөзді топ басшыларына берейік.

**Қарсылас екі топтың бір-бірімен сәлемдесуі**
«Дарын» тобы
«Формулалар» тобы:
**1-кезең.Тез жауап**.
Жарыс заңы ежелден,
Женімпазды анықтау
Женімпаз болу шарты сол,

Еңбектену жалықпау,- дей отыра әр топқа10-сұрақтан қойылады. Әр сұраққа дұрыс жауап берсе, 2- ұпайдан алады.
**«Дарын» тобы**
1.Бір тәулікте қанша сағат ? (24)
2. Сегіз қойдың неше аяғы бар ?(48)
3.Тік бұрыш шамасы (90-градус)
4.Миллионда неше нөл бар(6)
5.Бестің төрт дәрежесі неге тең?(625)
6.Ең үлкен екі таңбалы сан (99)
7.Шеңбердің радиусы 6 см, диаметрі неге тең? (36)
8.Бір жылда неше күн бар ?(365)
9.Жеті жай санба,құрама санба? (жай сан)
10.Санды қандай санға бөлуге болмайды?(0-ге)
**«Формулалар» тобы**
1.90-градустан кіші бұрыш қалай аталады?(сүйір бұрыш)
2.Оң санға да теріс санға да жатпайды ол қандай сан?(0)
3.Екі жағы шектелген түзу(кесінді)
4.Төрт жұп сан ба тақ сан ба?(жұп)
5. Өзіне және 1-ге бөлінетін сандар (жай сандар)
6. Екінің екі дәрежесі неге тең (төрт)
7.Алымы бөлімінен үлкен бөлшек (бұрыс бөлшек)
8.Бір минутта неше секунд бар(60)
9. Диаметрдің жартысы (радиус)
10.Бір жағы шектелген түзу(сәуле)
**2 кезең Логикалық тапсырмалар**.
Мықты болсаң,алдыңдағыны басып оз,
Мықты болсаң,арттағыны жеткізбе.
Мықты болсаң, тайғанама көк мұзға,
Мықты болсаң, бөгеттерді бұзып өт,- келесі кезең « **Логикалық тапсырмалар»** сайысына кезек береміз.Бұл кезенде екі топқа ортақ әр түрлі логикалық тапсырмалар беріледі.

| | | |
|---|---|---|
| 20 | 20 | 20 |
| 30 | 30 | 30 |
| 40 | 40 | 40 |

**Сол жақтағы 20**.Мен бір сан ойладым,оны 3-ке азайттым да,шыққан санды 4-ке көбейтіп,2-ге бөлдім.Одан шыққан саннан 8-ді азайтқанда 4-саны шықты.сонда мен қандай санды ойладым?(9)
**Ортадағы 20**
Түнгі сағат 11-де жаңбыр жауса,48 сағаттан соң күн шығады деуге бола ма?
**Оң жақтағы 20**
11 түйе,5 жылқы,
2 сиыр,2 ешкі,
2қоян,3 түлкі,
Таба алмасаң бол күлкі! (25)
**Сол жақтағы 30**
Екі адам 5 метірлік бөренені ұзындықтары тең 5 бөлікке кесті.Егер бөлікті кесуге 1,5 минут кетсе,бөренені кесуге қанша минут кетеді?(6 минут)
**Ортадағы 30**
Бір жанұяның үш ер баласы және олардың әрқайсысының қарындастары бар.Жанұяның қанша баласы бар?(4 бала)
**Оң жақтағы 30.**
Еменде үш бұтақ,ал әр бұтақта үш алмадан бар.Барлығы неше алма?(еменде алма өспейді)
**Сол жақтағы 40**
Жолдас 3 баланың жастарының қосындысы 29-ға тең. Бес жылдан кейін олардын жастары бірге алғанда қанша болады?(44)
**Ортадағы 40**Сол жақтан оқысаң да, оң жақтан оқысаң да бірдей сан қайсы?(қырық)
**Оң жақтағы 40** Баспалдақ 15 басқыштан тұрады.Баспалдақтың ортасында тұру үшін нешінші басқышты басу керек?(8)
**3кезең Викториналық сұрақтар.** Әр сұраққа дұрыс жауап берсе, 4- ұпайдан алады.
**«Дарын» тобы**
1. Ең үлкен хорда. (диаметр)
2. 86 санын еш амал қолданбай 12-ге арттыр. (98)
3. Нанды үш бөлікке бөлу үшін, нанды неше рет кесу керек? (2)
4. Қай ыдыстан тамақ ішуге болмайды. (Бос ыдыстан)
5. 1/10 санының кері саны? (10)
**«Формулалар» тобы:**
1. Үш сызықтан пайда болған фигура? (үшбұрыш)
2. Үстелде 3 стақан сүт бар. Алмаз бір стақан сүтті ішіп қойды. Үстелде неше стақан бар? (3)
3.Дүйсенбіден кейін 3 күннен кейін қай күн келеді?(жұма)
4.Ең кіші натурал сан (1)
5.Барлық қабырғалары тең тіктөртбұрыш (шаршы)
**4кезең Ой сергіту(жұмбақтар шешу. Әрбір дұрыс жауабы үшін 5 ұпай.)**
**«Дарын» тобына**
1.Бұл зат әр оқушыға қажет.Тіпті,мектепке әлі бармайтын бүлдіршіндер оның болғаның ұнатады.Жоғарғы сыныптың оқушыларында ол көп болады.Мұғалімдер оларды үйлеріне ары-бері тасып әлек.Бұл не?**(дәптер)**

2.Бүтін сан,бөлшек сандар,
Барлығы да бар онда.
Бұл қандай сан айтындаршы
Оң, теріс сан бәрі осында.**(Рационал сандар)**
**«Формула» тобы**
1. Бұл сенің ең негізгі құралың. Басқа құралдарыңды кейде ауыстырып әкеліп отырсаң, бұлқұрал жыл басынан соңына дейін сөмкеңнен түспейді. Оны мұғалімге бергенде кейдеқуанасың, ал кейде жылағың келеді. Бірақ ол өзіңе байланысты.. Егер қатты қуансаң оны сен мамаң мен папаңа өзің көрсетіп мәз боласың, ал кейде ешкім сұрамаса екен деп ойлайсың.Өйткені онда сенің бар құпияларың жасырынған ғой... Бұл не?**(Күнделік)**
2.Нәрселерді санағанда керек ол бізге ауадай.
Айтыңдаршы,бұл қандай сан
Жаң-жағыңа қарамай. **(натурал сан)**

**5кезең . Мақал –мәтелдер сайысы**. Топтар цифрлардан құралған мақал-мәтелдердің жалғасын тауып жарысады . Әрбір дұрыс жауабы үшін 10 ұпай.)
**«Дарын» тобы:**
1.Алты жасар бала атқа мінсе,(Алпыстағы шал алдынан шығар)
2.Өзі жақсы кісіге,(бір кісінің орны бар)
3.Жеті жұртың тілін біл,(жеті түрлі білім біл)
4.Бір елі ауызға ,(екі елі қақпақ)
**«Формулалар» тобы:**
1.Қырық кісі бір жақ,(Қыңыр кісі бір жақ)
2.Отызың да орда бұзбасаң, (Қырқыңда қыр аспассың)
3. Бір тал кесең,( оң тал ек)
4.Оқымаған - бір бала ,(оқыса- екі бала)
**Қорытынды:** Әділ-қазылар алқасы сайысты қорытындылап,женімпаз топты анықтайды.

---

## Бұлшық еттер,бұлшық ет типтері, олардың құрылысы мен маңызы

**Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы ЖББ №3 ОМ**
**Биология пәнінің мұғалімі Нұртаза Гүлзат Алпысбайқызы**

***Сабақтың мақсаты:*** *1.* Оқушыларға бұлшық еттің негізгі топтарын, бұлшық еттердің маңызын түсіндіру
2. Бұлшық еттердің атқаратын қызметін салыстыра отырып, оқушылардың ойлау қабілеттерін қалыптастыру.
3. Адамгершіліке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
***Сабақтың түрі:*** Аралас сабақ.
***Құрал –жабдықтар:*** интерактивтік тақта, үлестірме қағаздар, маркер, ватман.
***Пәнаралық байланыс:*** қазақ әдебиеті, география, салауаттану, сурет.
***Ұйымдастыру кезеңі:*** ***Үй жұмысын тексеру:***
Үлестірме қағаз арқылы үй тапсырмасын тексеру.
Адам қаңқасы қанша сүйектен құралған? (200 ден аса)
Кеуде қуысында қандай ішкі мүшелер болдады? (Өкпе, жүрек)
Сүйектің пішініне қарай атап жаз?А (жалпақ) Ә (Ұзын) Б (Қысқа)
Сүйектің қозғалмалы байланынысы ... дейміз (буын)
Сүйектер байланысының түрлері А (Қозғалмалы) Ә (Қозғалмайтын)
Б (Аз қозғалатын)
Сүйек қандай ұлпадан тұрады? (Дәнекер)
Тірек – қимыл апаратын не құрайды? (Сүйек, бұлшық ет)
Қысқа сүйектерді ата (Омыртқа, білезік, алақан)
Жалпақ сүйектерді ата (жауырын, бас сүйектің ми және бет сүйектер, қабырғалар, жамбас)
Ұзын сүйектерді ата (жіліктер)
Сүйек тұтастығының бұзылуын не деп атайды? (сыну)
Сүйек сынуының түрлерін ата? (ашық, жабық)
***І Қызығушылығын ояту.*** Бұлшық ет деген сөзді естігенде ойымызға не түседі?
(әр оқушы жеке жұмыс жасап, дәптерлеріне түсіреді және жұппен, топпен талқылайды)
Бұлшық ет туралы не білгіміз келеді? сұрағына жауап жазады.

| Білемін | Білгім келді | Үйрендім |
|---|---|---|
| | | |

***ІІ Мағынаны тану Мәтінмен жұмыс*** *І. Мәтінді бөлікке бөлу*
*1. Жеке жұмыс*
***3-*** *Жұппен жұмыс*
***4-*** *Топпен жұмыс*
***5-*** *Ортаға ой салу*
**Бұлшық еттердің маңызы.** Біздің организміміздің енжар бөлігі – қаңқаны бұлшық еттер қимыл – қозғалысқа келтіреді. Бұлшық еттер тірек – қимыл жүйесінің белсенді бөлігін құрайды. Олар біздің денемізді тік бағытқа ұстайды және денеміздің әр түрлі қалыпқа келуіне мүмкіндік береді. Құрсақ бұлшық еттері ішкі мүшелерді біркалыпты ұстайды және қорғайды.

Көкет (диафрагма) кеуде қуысын құрсақ қуысынан бөледі. Көлденең жолақты бұлшық еттер көз алмасының қозғалуын, жұтуды; қабырғааралық бұлшық еттер тыныс қозғалыстарын т.б. қамтамасыз етеді. Адамда 600 –ден астам қаңқа бұлшық еттері бар және олар көлденең жолақты ұлпадан түзілген.

**Бұлшық еттің құрылысы.** Біріңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек (миокард) бұлшық еттері болады. *Біріңғай салалы бұшық еттер* көптеген ішкі мүшелер, тамырлар қабырғасын құрайды. Біріңғай салалы бұлшық ет ұлпасы бір ядролы, ұршық тәрізді жасушалардан тұрады. Олар арқылы қозу баяу, яғни адам еркінен тыс жүзеге асырылады. *Көлденең жолақты* (қаңқа) бұлшық еттер көлденең жолақты талшықтардан тұрады. Талшықтар ішінде нәруыз жіпшелері өтеді, оларға байланысты бұлшық еттер жиырылады .Талшықтардан бұлшық ет шоғырлары, ал бұлшық ет шоғырларынан бұлшық ет түзілген. Бұлшық еттер сіңірге айналатын дәнекер ұлпасымен жабылған. Олар сіңір арқылы сүйек ойысына, төмпешігіне бекиді және қаңқаны қозғалысқа келтіреді. Бұлшық еттерде көптеген қан тамырлары болады. Олар арқылы бұлшық еттер қоректік заттармен және оттекпен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар осы тамырлар арқылы алмасу өнімдері – тіршілік әрекетінің зиянды заттары сыртқа шығарылады.

**Бұлшық еттердің негізгі топтары.** Бұлшық еттерді орналасуына қарай бас және мойын, дене және аяқ – қол бұлшық еттері деп бөледі. *Бас бұлшық еттеріне* мимикалық және шайнау бұлшық еттері жатады. *Шайнау бұлшық еттері* үстіңгі және астыңғы жақ сүйектері арасында орналасады. Олардың бір ұшы астыңғы жақ сүйекке, екінші жағы бас сүйектеріне бекиді. Олардың жиырылуына байланысты тамақты шайнағанда және сөйлегенде астыңғы жақ сүйектері қозғалады.

*Мимикалық бұлшық еттер* бетке белгілі бір көрініс – мимика береді: көз және ауыз айналасындағы бұлшық еттер, күлкі бұлшық еттері. Олар теріге, не бір ұшы теріге, екінші ұшы бас сүйектің бет сүйегіне бекиді.

Мойын бұлшық еттері басты тепе – теңдікте ұстайды, бас пен мойын қозғалысына, сондай – ақ жұтуға қатысады.

**Дене бұлшық еттері.** *Қабырғааралық бұлшық еттер* және *көкет* тыныс қозғалыстарын қамтамасыз ететін кеуде қуысы көлемін өзгертеді. Құрсақтың алдыңғы қабырғасы құрсақ бұлшық еттерінен түзілген. Бұл бұлшық еттер жиырылып омыртқа жотасының иілуіне, тыныс алу қозғалыстарына, ішкі мүшелердің жұмысына қатысады. Сонымен қатар құрсақ қуысының мүшелерін қорғайды. Арқада бас, кеуде қуысы мен қолдың қозғалуына қатысатын арқаның трапеция тәрізді, жалпақ бұлшық еттері орналасады.

**Аяқ – қол бұлшық еттері.** Дельта тәрізді бұлшық еттер иық белдеуінде қолды қозғалысқа келтіреді. *Бицепс* (екі басты бұлшық ет) қолды шынтақ буынында бүгеді, ал *трицепс* (үш басты бұлшық ет)қолды жазады.

Сан арқылы тігінші бұлшық еті өтеді. Бұл – ең ұзын бұлшық ет. Санның алдыңғы жағында санның төрт басты бұлшық еті - – тізе буынын жазатын бұлшық ет орналасады. Ол сонымен қатар санды жамбас – сан буынында бүгуге қатысады.

**Мәтінмен танысып, қорғап болған соң кестені толтырады.**

***ІІІ Ой толғаныс*** Мақалдың жалғасын табу

І топ Шымиырдың сезім..... (Сергек)

ІІ топ Білім баста ------------------ (Күш білекте)

ІІІ топ Білек сүріндіре алмағанды ----------------------- (Білім сүріндіреді)

ІҮ топ Білегі күшті бірді жығады -------------------------------- (Білімі күшті мыңды жығады)

**Тест арқылы білімдерін бекіту**

***Үйге тапсырма:***

***Бағалау:*** Бағалау парағы бойынша оқушыларды бағалау

------------------------------------------------------------

## Екі вектордың векторлық көбейтіндісі арқылы параллелограмның және үшбұрыштың ауданын есептеу

**Байгазиева Назира Амантаевна**
**Іле ауданы, № 7 орта мектебі МКМ**
**математика пәнінің мұғалімі**

Екі вектордың векторлық көбейтіндісі арқылы параллелограмның және үшбұрыштың ауданын есептеу үшін ең алдымен екі вектордың векторлық көбейтідісі дегеніміз не және оның қасиеттері қандай болады деген сұраққа жауап берейік.

**Анықтама.** Берілген және екі векторының көбейтіндісі үшінші бір векторы мынандай:

1) ; ;

2) , және олардың көбейтіндісінен шыққан үшінші үш векторларының алыну реті координаталар өстерінің ( оң немесе сол жүйе, 1-сурет) алыну ретімен сәйкес;

3) ( және векторларынан құрылған параллелограмның ауданы) болатын үш қасиетті қанағаттандыратын көбейтіндіні және векторларының векторлық көбейтіндісі деп атап, оны немесе түрінде белгілеп жазады.

Сонымен бұл анықтамадан біз параллелограмның ауданын есептеу формуласын алып отырмыз. Ал енді осы векторлық көбетіндіні орындау үшін векторлық көбейтіндінің қасиеттерін қарастырайық.

### Векторлық көбейтіндінің қасиеттері.

$1^0$. Векторлық көбейтуде көбейткіштердің орындарын ауыстырудан оның таңбасы өзгереді, ал бірақ оның абсолют шамасы өзгермейді:

(1)

$2^0$. Векторлық көбейтіндіде терімділік заң орындалады:

(2)

$3^0$. Және векторлық көбейтіндіде үлестірімділік заң орындалады:

(3)

$4^0$. Егер болса, онда және векторлары өзара коллинеар болады.

Осы қасиеттердің негізінде орттардың векторлық көбейтіндісі келесі түрде болады:

(4)

(5)

(6)

Ал енді  және  векторлары координата арқылы берілген болсын, яғни: .  Онда осы екі вектордың векторлық көбейтіндісін координата арқылы қарастырайық.
). Векторлық көбейтудің үлестірімділік заңын және 4-6 формулаларын қолданып, келесі нәтижеге келеміз:
()+
Яғни екі вектордың векторлық көбейтіндісі координата бойынша мынандай формуламен анықталады:
(7)
Мысал 1. ABCD параллелограмның төбелері A(-1;2;1), B(2;5;2), C(2;1;3), D(-1;-2;2) берілген. Параллелограмның ауданын табыңдар.
Шешуі: 1) ;
. Ал енді  және  векторларының векторлық көбейтіндісін табайық:
.
Векторлық көбейтіндінің модулін есептесек, ізделінді параллелограмның ауданын табамыз, яғни:

Жауабы:
Мысал 2. ABC үшбұрышының төбелері A(2;-1;4), B(2;0;3), C(4;-1;5) берілген. Үшбұрыштың ауданын табыңдар.
Шешуі: 1) ;
.  және  векторларының векторлық көбейтіндісін табайық:
Векторлық көбейтіндінің модулін есептеп екіге бөлсек үшбұрыштың ауданын табамыз, яғни:
Жауабы:

**Қолданылған әдебиеттер:**
1. Аяпбергенов С. Аналитикалық геометрия. – Алматы, Мектеп, 1971
2. Есельбаева Р.У., Игликов А.И., Молдабаева С.П. – Аналитикалық геометрия және сызықтық алгебра элементтері. – Алматы, Мектеп, 1985
---

**Үш бақытым. М.Мақатаев**



**Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой мектеп бала бақшасының бастауыш сынып мұғалімі  Мухтарова Гульмира Танжарбаевна**

***Сабақтың тақырыбы:*** Үш бақытым. М.Мақатаев
***Сабақтың мақсаты:***
***Білімділік:*** Оқушыларды «Үш бақытым» өлеңімен, Мұқағали Мақатаевтың өмірімен, шығармашылығымен таныстыру, өлеңді мәнерлеп оқи білуге үйрету.
***Тәрбиелілік:*** Туған халқын, елін, жерін сүюге, ана тілін құрметтеуге, патриоттыққа тәрбиелеу
***Дамытушылық:*** Ой -өрісін, тіл байлығын, сөздік қорын, дүниетанымын, шығармашылық қабілеттерін дамыту
***Сабақтың түрі:*** Жаңа сабақты меңгерту
***Сабақтың технологиясы:*** Сыни ойлау технологиясы
***Сабақтың әдіс-тәсілдері:*** Мәнерлеп оқу, суретпен жұмыс, ой қозғау, сұрақ-жауап, әңгімелесу, шығармашылық тапсырма, дәптермен, оқулықпен жұмыс
***Сабақтың көрнекілігі:*** М.Мақатаев портреті, , слайдтар тақырыптық суреттер,
***Пәнаралық байланыс:*** Дүниетану, қазақ тілі

***Сабақтың барысы:***

***І. Ұйымдастыру сәті***
Оқушылармен сәлемдесу. Сынып оқушыларын түгендеу. Психологиялық дайындық.

Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз.
Барша жанды құрметтеп
Бас иеміз біз!

***ІІ. Үй тапсырмасын тексеру***
Ш.Құдайбердіұлының «Бостандық таңы атты» өлеңін мәнерлеп оқу.

***ІІІ. Жаңа сабаққа кіріспе***
**Ой қозғау**
а) Қазақстан – кең байтақ Отаным
ә) Қазақ ұлты туралы әңгімелеу
б) Тіл туралы мақал-мәтелдер айту

***ІҮ. Жаңа сабақ Суретпен жұмыс.*** Мұқағали Мақатаев (1931 -1976 ж.ж) Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауылында дүниеге келген.    Шын аты Мұқаметқали екен, аты пайғамбардың есіміне ұқсап кеткен соң, кейін ақын өз атын Мұқағали деп өзгертіп алады.Әкесінің аты Сүлеймен, анасының аты - Нағима.    Жанұяда Мұқағали, Қалимахан, Қалибек, Тоқтарбай, Көрпеш есімді балалары болған. Мұқағали бастауыш класты Қарасаз өңіріндегі шағын ауылдарда оқып, орта мектепті  Нарынқолдағы интернаттан бітіріп шыққан.

Қуат алып Абайдың тіл күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен          *М. Мақатаев*

Еңбектері: «Өмір дастан» «Аманат» «Шекарашы» «Аққулар ұйықтағанда»
***Топтастыру стратегиясы***

***1931-1976ж***

***ақын*** ***Алматы облысы,***

***Райымбек ауданы***

***М.Мақатаев***

***драматург*** ***аудармашы***

Ү. ***Оқулықпен жұмыс.*** а) Өлеңді мәнерлеп оқу ә) Өлеңге талдау жасау
Ү***І. Дәптермен жұмыс*** Мұқағали Мақатаев (1931 -1976 ж.ж) Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Ол- ақын, драматург, аудармашы.
Ү***ІІ. Шығармашылық тапсырма*** Ақын өлеңдеріне жазылған әндер топтамасынан үзінді тыңдау

- Туған жерiңнiң суретін сал.

2)«Оты сөнген, от ал менен, жүрегімді суырып алыңдар» деген тіркестерді қалай түсінесіңдер?
***Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...***
а) Оқушылар шығармашылығы
ә) Ақын өлеңдерін оқушылардың жатқа оқуы
Ү***ІІІ. Сабақты бекіту.***
26 Балалар, бүгінгі сабақтан не ұқтық?
27 ***ІХ. Үйге тапсырма*** Өлеңді мәнерлеп оқу.
***Х. Оқушыларды бағалау***

---

**Сөйлем мүшелері**



**Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы**
**М. Жұмабаев атындағы жалпы орта мектебі.**
**Бастауыш сынып мұғалімі Әбсемет Кулшат**

**Сабақтың тақырыбы*: Сөйлем мүшелері***
**Сабақтың мақсаты:** 1. Оқушылардың сөйлем, сөйлем мүшелері, Олардың байланысты туралы білімдерін нығайта отырып, оларды сөйлем ішінен жалаң және жайылма сөйлемді табу арқылы сұрақ қоюға үйрету.
2. Сөйлем мүшелерін ажырата білуін, Сөйлемнің мәнін терең ұғып, мағынасын аша білуге үйрету. Оқушылардың ойлау Қабілетін, тілін дамыту.
3. Әдемі жазуға, мәнерлеп сөйлеуге тәрбиелеу.
Нәтижесі: Оқушылар сөйлем, сөйлем мүшелері, олардың байланысы туралы білімдерін нығайта отырып, сөйлем ішінен жалаң және жайылма сөйлемді табу арқылы сұрақ қоюға үйренеді
Көрнекілігі: Суреттер, мақал-мәтелдер, венн диагроммасы, тірек сызба.
Сабақтың әдісі: Венн диаграммасы, топтастыру, сұрақ – жауап, тірек сызба.
Сабақтың түрі: Қайталау сабағы.

**Ұйымдастыру бөлімі.**

Амандасу. Психологиялық дайындық.
Қазақ тілім, өз тілім, ана тілім
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім
Қастерлейді ұл-қызың мәнгі сені
Болашығым, бақытым дара тілім

- Балалар бүгінгі сабағымызға бүгінгі сабағымызға қонақтар келіп отыр «Қонақ аз отырып, көп сынайды»- деген қазақтың мақалы бар. Бүгінгі сабақта білімімізді көрсетеміз.
- Бүгінгі сабағымыздың жоспары тақтада жазылып тұр.
- Мына жоспармен жұмыс істейміз.
  - «Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді».
  - «Жұмыла көтерген жүк женіл».
  - «Бойы сергектің-ойы сергек».
  - «Еңбек түбі береке».
  - «Кімнің ойы жүйрік?».
  - «Білгенге маржан, білмегенге арзан».
  - «Венн диаграммасы».
  - «Аймақ қарау».

16 – Бірінші жоспар «Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді» дегендей тірек сызба арқылы өткен тақырыпты қайталаймыз.

- Өткен сабақта қандай таөырыппен таныстық?
- Сөйлем
- Сөйлем дегеніміз не?
- Сөйлем мүшесі дегеніміз не?

- Сөйлемнің қандай мүшелері бар?
- Бастауыш даганіміз не?
- Баяндауыш дегеніміз не?

Жақсы өткен сабақты қайталадық .

Сөйлем: Жалаң
Жайылма
Тұрлаулы
Тұрлаусыз

17 Келесі жоспар: «Жұмыла көтерген жүк жеңіл».

***Жаңа сабақ*** Жұмбақ жасыру:

Жапырақты бояды
Атырапты бояды
Бояп-бояп барлығын
Сап-сарығып қояды.

- Балалар қазір қай мезгіл?
- Қай кезде қар суық болып, жаңбыр жауды?

| ***Күз*** | |
|---|---|
| **Жағымды** | **Жағымсыз** |
| Жемістер жинау,<br>Сабақ басталды | суық, жаңбыр, жел |

Суретпен жұмыс, күз туралы сурет. Балалар суретке қарап әгіме құраңдар. Осы сөйлемдерді сөлем мүшелеріне талдау.

Мысалы: Күз келді. Балалар оқуға барды. Осы сөйлемдерден жалаң сөйлемі бар сөйлемді айта қойыңдар.
Енді айтайықшы бастауыш пен баяндауыштан тұратын сөйлемді жалаң дейміз.
Сабақтың мақсаты: Сөйлем мүшелерін қайталап отыра, бастауыш пен баяндауышты табамыз.
Барлығымыз жұмыла бірге жаңа тақырып ашайық.

- Еңбек түбі береке,
- Өз беттеріңмен еңбек туралы сөйлем құраңдар.

Сергіту сәті
«Жел тұрды, жаңбыр жауды, күн ашылды, жел басылды»
Келесі жоспар: «Кімнің ойы жүйрік» Слайд көрсету Суретпен жұмыс
Ешкі, мысық, ит суреттері, бұлар қалай дыбыстайды ? Осы сурет бойынша әңгіме құрау.
Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдау.

- Олардың жүйрік екенін көрдік.
- Келесі жоспар «Білгенге маржан, білмегенге арзан»
- Ұстаздан шәкірт озар. Талаптыға нұр жауар. Күш білімде

Сөйлем мүшелеріне талдау. Білім туралы мақал айту. Берілген сызба бойынша тиісті сөйлем мүшелерін жазу.
***Венн диаграммасы.***

- Жақсы, бүгін жаңа өткен тақырыпты қайталадық. Ендеше өткенді қайталай отырып жұмбақ шешеміз.

**Жұмбақтар**

5. Өзім сөзде тұрамын Біткен ойды құрамын. **(сөйлем)**
6. Қоя салсаң бір тары Жаңалықты жеткізер. **(хабарлы сөйлем)**

- Ойды аяқтап орақ тұрады Жауап сөз қалып тұрады. **(сұраулы сөйлем)**

Ұранды, шаттықты, өкініш, аптықты
Білдіріп ойын талайдың
Шарға ине қадаймын
Балалар сендер қандай сөйлем білесіңдер (лепті сөйлем)

**Үй тапсырмасы: Дәптермен жұмыс**

**Бағалау: Формативті бағалау және сумммативті бағалау.**

**Қорытынды.**

Ана тілің арың бұл
Ұятың тұр боп бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрмет те

Қонағыңнан алтын алма, алғыс ал» дегендей бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.

**Рефлексия.**

**Үй жануарлары**

**БҚО, Казталов ауданы, Тереңкөл ауылы, Тереңкөл орта жалпы білім беретін мектебінің мектепалды даярлық тәрбиешісі**
**Ф.Қ. Жумагулова**

**Ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің технологиялық картасы**
**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің түрі:** Сурет салу
**Тақырыбы:** «Үй жануарлары»
**Мақсаты: Білімділік:** балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету, олардың төлдерін ажыратуға дағдыландыру. Төрт түлік малды күтуге, оларға қамқор болуға баулу.
**Тәрбиелік:** Төрт түліктің төлін сүюге, адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу. Пайдасын айтып, оларды баптауға, қорғап, қамқорлық жасауға баулу.
**Дамытушылық:** Үй жануарларына байланысты тақпақ, мақал- мәтел қайталай отырып, сұрақ жауап арқылы тіл байлықтарын, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
**Көрнекілігі:** үй жануарының суреттері, акварель бояу, қылқалам.
**Белингвизм:** үй жануарлары- домашные животные-domesticanimals

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың іс- әрекеті |
|---|---|---|
| Себепті қызығушылығын ояту кезеңі | Балалар, бүгін ерекше күн. Бізге қонақтар келіп отыр. олай болса, қонақтармен сәлемдесейік | Күннің көзі ашылып,<br>Көкке шуақ шашылсын.<br>Құтты қонақ келіпті<br>Төрімізге еніпті,<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал, кәнекей, бәріміз<br>Сәлем дейік, үлкенге.<br>Сәлеметсіздер ме, апайлар! |
| Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі | - Балалар, біз бүгінгі сабағымызда топтарға бөлініп отырмыз. Мен әрбір топтың алдына бір суреттің қиындыларын тастадым сол қиындыларды құрастырып көрейікші.<br>- Қандай суреттер шықты - Өте жақсы<br>- Ал, осы жануарларды бір сөзбен қалай атаймыз.<br>- Неге оларды үй жануарлары деп атаймыз?<br>- Иә, дұрыс үй жануарларын үйде ұстайтын болғандықтан үй жануарлары деп атаймыз<br>- Үй жануарларының көптеген пайдасы бар үстіміздегі киім, ішіп- жеп отырған азығымыз,, тамағымыз осының бәрі төрт түліктен алынады.<br>- Қой- төрт- түліктің ішіндегі аса жуасы, момыны. Аяғымызға киетін байпағымыз, киіз үй жабындылары, еденге төселетін киіздер бәрі де қойдың жүнінен жасалады.<br>-Қойдың төлі қалай аталатынын білесіңдер ме?<br>- Өте дұрыс<br>- Ал, енді ешкіге тоқталатын болсақ ешкінің түбіті, терісі, сүті, еті өте пайдалы оның әсіресе терісі мықты болады. Ертеректе ешкі терісінен сусын құятын ыдыс жасаған оны мес деп атаған.<br>- Ал ешкінің төлін қалай атайды? - Дұрыс<br>- Балалар, сендер таңертеңгі тамақтарыңа көбіне қандай тамақ ішесіңдер?<br>- Иа, дұрыс осы сүтті сиырдан сауып аламыз. – Сүттен басқа сиырдың сүтінен жасалатын ұлттық тағамдар өте көп. Олар құрт, ірімшік, май, қаймақ, айран, сүзбе т.б сиырдың еті де дәмді болады.<br>- Сиырдың төлін қалай атаймыз?<br>- Иә, бұзау деп атайды<br>- Түйенің сүті шұбат деп аталады. Шұбат әрі сусын, әрі тамақ, емдік қасиеті де бар. Түйеге ертеде жүк артып, көшіп- қонған кезде өте керек көлік ретінде пайдаланған. Өзге жануарлардан ерекшелігі шөлге, аштыққа төзімді.<br>- Түйенің төлі қалай аталады?<br>- Өте дұрыс<br>- Балалар, біз биыл жылқы жылын қарсы алдық. Жылқы- мінсе көлік, сойса ет. Жылқыны көлік ретінде де пайдаланады. Оның еті өте дәмді қазы- | • Жылқы, сиыр, ешкі, түйе, қой<br>• Үй жануарлары<br>• Себебі оларды үйде бағатын болғандықтан<br>• Қойдың төлін қошақан дейді<br>• Ешкінің төлін лақ деп атайды<br>• Шәй, сүт ішеміз<br>• Сиырдың төлін бұзау деп атайды |

| | | |
|---|---|---|
| | карта, жал- жая, қымыз адамға өте пайдалы емдік қасиеті бар.<br>- Ал, балалар, осы жылқының төлін кім айтады екен?<br>**Сергіту сәті:** Домбырады мен ойнаймын,<br>Дың,- дың,- дың$^{2}$ рет<br>Қозы, лақтар би билейді<br>Дың,- дың,- дың$^{2}$ рет<br>Енді ойнаймын сазсырнайда<br>У,- у,- у$^{2}$ рет<br>Құлын, бота би билейді<br>У,- у,- у$^{2}$ рет<br>Енді ойнаймын даңғырада<br>Даң,- даң,- даң$^{2}$ рет<br>Төлдер қашты, қатты састы<br>Даң,- даң,- даң$^{2}$ рет<br>7. Ендеше, біздің бүгінгі сурет салу сабағында осы үй жануарларының суреттерін салатын боламыз<br>**Жұмыс барысы:**<br>Балалар енді келесі кезекте осы үй жануарларының суреттерін салайық.<br>I топқа сиқырлы қағаз беремін осы қағазды субояқпен тегістей бояп шығу керексіңдер. Сонда сендерде төрт-түлік малдың біреуінің суреті шығады. Сол шыққан суреттерін топтағы бір бала шығып айтып өтеді.<br>II топқа трафарет беремін гуаш бояуы арқылы қылқаламмен бастырып төрт- түлік малдың суретін шығару керек.<br>III топқа осы төрт түліктің дайын суреті беріледі сендер осы суреттерді қажетті түсімен бояп шығуларың керек.<br>Ал, IY топқа төрт түлік малдың суретін қатты картонға салынған суретті сызық бойымен қиып шығару тапсырылады.<br>Осы жұмыстарды орындау алдында қауіпсіздік ережелерімен танысып алайық.<br>Қайшыны ұстағанда көршілеріңе ұшын қаратпай ұстаңдар, қайшылауға болмайды.<br>Субояқты пайдаланғанда көп суламай аздап қана пайдалану керек.<br>Мінекей, балалар сендер өздеріңе тапсырылған тапсырманы өте жақсы орындадыңдар<br>**Дидактикалық ойын: «Төлін тап»**<br>28 Балалар, мына жерге қарайықшы біздің үй жануарларымыз көктем мезгілі келгендіктен далаға жайылымға шыққан еді бірақ төлдерінен ажырап қалыпты оларға төлдерін табуға көмектесеміз бе?<br>- Балалар, осы жануарлардың дауысын ажыратып көрейік.<br>- Өте жақсы балалар, сендерді аналарыңыз, әжелеріңіз еркелеткенде қалай айтады? | • Түйенің төлі ботақан<br>• Жылқының төлі құлыншақ<br>-Балалар, жұмыстарын орындайды.<br>• Иа, көмектесеміз<br>• Жылқы- құлыншақ, сиыр бұзау, түйе- ботақан, қой- қошақан, ешкі- лақ<br>• Менің атам мені қошақаным дейді<br>• ал, мені ботақаным деп атайды |
| Іс- әрекеттің бағалау кезеңі | • Сонымен, балалар, біз бүгінгі сабағымызда нелер туралы әңгімелестік<br>• Осы үй жануарлары туралы тақпақ өлеңдер білеміз бе?<br>• Ендеше осы тақпақтарымызды айтайық<br>• Ал, жұмбақ білеміз бе?<br>• Енді балалар, бәріміз орнымыздан тұрып осы үй жануарларын қолымызбен жасап көрейікші<br>• Балалар, сендер бүгінгі сабаққа жақсы қатыстыңдар ендеше мен өте жақсы қатысқандарыңа мынадай смайликтердің суреттерін беремін<br>• Осымен сабағымыз аяқталды<br>• Сау болыңыздар. | • Үй жануарлары туралы<br>• Иа, білеміз<br>• Иа білеміз<br>• Иа, жарайды<br>• Мынау ешкінің мүсіні<br>• Мынау жылқының мүсіні<br>• |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білім:** Үй жануарлары суретін бейнелеуді үйрету
**Білік:** Үй жануарлары тақырыбымен танысты

**Дағды: Үй жануарларының суретін әр түрлі тәсілмен салуға дағдыланды**

**Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жасқайрат ауылы**
**Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебі**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**
**Құмарова Құралай Тұрғалиқызы**

| | | |
|---|---|---|
| Уақыты Мұғалімнің аты-жөні | **15.12. 2015** | |
| Сабақ тақырыбы | Жалаң және жайылма сөйлемдерге жаттығу жұмысы | |
| Жалпы мақсаты | Сөйлем және оның түрлері, жақты, жақсыз, жалаң, жайылма сөйлемдер бойынша алған білімдерін нақтылау, қайталату, еске түсіру, өз бетімен жұмыс, жаттығу, талдау жұмыстарын жүргізу; жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыра білуге үйрету; Сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшесіне дұрыс талдай білуге дағдыландыру; | |
| Оқудың нәтижесі | Сөйлем және оның түрлері, жақты, жақсыз, жалаң, жайылма сөйлемдерді өз беттерімен ажырата алады. Берілген тапсырмалар бойынша сөйлемді сөйлем мүшесіне талдап біледі. | |
| Дерек көздері және көрнекіліктер | Оқулық,әдістемелік құрал, интербелсенді тақта, «алтын ереже», плакат, түрлі – түсті қағаздар, тірек – сызбалар, кесте, сөйлем жазылған плакат, бағалау парағы | |
| Негізгі түсінік | Оқушыларда жай сөйлем және оның түрлері жақты, жақсыз, жалаң, жайылма сөйлем туралы негізгі ұғым мен нақты түсінік қалыптасады. | |
| Пәнаралық байланыс | Әдебиет, тарих, ауыз әдебиеті | |
| Ресурстар: | А3 парағы, маркер, бағалау парағы, смайликтер | |
| Стратегия: | Сын тұрғысынан ойлау, жеке, топтық, шығармашылық жұмыс | |
| Бірлескен іс-әрекет | Жеке, жұптық, топтық, жаттығу, талдау жұмыстары | |

| Ұйымдастыру кезеңі | Уақыты | Мұғалім іс әрекеті | Оқушы іс әрекеті |
|---|---|---|---|
| | 1минут | 29 Сәлемдесу<br>30 Оқушы қатысын тексеру<br>31 Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру<br>32 Оқушылардың зейінін сабаққа аудару | 18 Мұғаліммен амандасу<br>19 Оқушылар атын, тегін айтады<br>20 Сабаққа қажетті оқу құралдарын түгендейді.<br>21 Сабаққа назарларын аударады, тыныштық сақтайды |
| Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру | 2 минут | Мұғалім мен оқушыларда ішіне мерекелік тілек пен әдемі сөздер жазылған жүрекше болады. | Оқушылар бүгінгі сабаққа қатысты және мерекелік тілектерін жазып, жүрекшені әріптесіне береді. |
| Топқа бөлу | 2 минут | Оқушылар «жақты, жақсыз, жалаң, жайылма» болып 4 топқа бөледі. Топ ережесін естеріне салады. | Оқушылар «жақты, жақсыз, жалаң, жайылма» деп аталып, топқа бөлінеді. Топ ережесімен танысып, басшылыққа алады. |
| Қызығушылықты ояту.<br>Ой қозғау | 5 минут | І. «Білгенге маржан, Білмеске арзан» бөлімі.<br>І топ «Жақты сөйлем»<br>ІІ топ «Жақсыз сөйлем»<br>ІІІ топ «Жайылма сөйлем»<br>ІҮ топ «Жалаң сөйлем» Өздері туралы түсінік береді. Постер қорғайды.<br>Үй тапсырмасы 114 – жаттығуды тексереді. | Топ мүшелері тобының аты бойынша постерге жазып, түсінік береді. Мысал келтіреді. |
| Мағынаны тану.<br>Оқулықпен жұмыс<br>Интербелсенді тақтамен жұмыс. | 10 минут | ІІ. «Кітап – білім бұлағы» бөлімі. 115 – жаттығу. Барлық топ мүшелері өз топтарында оқып, түсініп, талқылайды.<br>І топ: түсінгендерін жақты сөйлеммен келтіреді.<br>ІІ топ жақсыз сөйлеммен жазады.<br>ІІІ топ жалаң сөйлеммен, ІҮ топ жайылма сөйлеммен жазып, сөйлем мүшесіне талдайды. Әр топ мүшесі 1 сөйлемнен жазса жеткілікті. | І топ пен ІІІ топ сөйлемдерін интербелсенді тақтаға жазып, сөйлем мүшесіне талдайды.<br>ІІ топ жай тақтаға, ІҮ топ дәптерлеріне орындайды. |
| Жеке, жұптық жұмыс | 10 минут | ІІІ. «Табыс кілті - талдау» Берілген парақшадағы сөйлемдерді оқып, қандай шығармадан алынғанын айтып, жай сөйлем түріне ажыратып, сөз табына талдау.<br>І топ: «Анасы Қорқытты құрсағында үш жыл тоғыз күн көтеріп жүріпті».<br>ІІ топ: «Жеті жаста Арыстанбаб келді маған».<br>ІІІ топ: «Ненің еті тәтті екенін татып, білу үшін Нұх масаны жібереді. Ол кешігеді.» | Топ мүшелері өздеріне берілген тапсырмаларды алып, 1 оқушы қандай, кімнің шығармасы екенін түсіндіреді, екінші оқушы сөйлем түріне ажыратады, үшінші оқушы сөз табына талдайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | IY топ: «Өлең – сөздің патшасы» | |
| Сергіту сәті | 5 минут | «Кім тапса, сол айтсын» Мақал – мәтелді түсініп, тыңдап, жауабын айту.<br>• Тасты да, басты да жаратын не?<br>• Түкіріктен көл бола ма?<br>• Жарым ырысқа кенелтетін қандай сөз?<br>• Шебер мен шешеннің ортақ жері?<br>• Тілді кесуге бола ма?<br>• Тауық түс көре ме?<br>• Ауырмай өлуге бола ма?<br>• Оқу үшін немен құдық қазу керек? | Әр топқа 2 мақал бойынша сұрақ қойылып, тез жауабын айтулары керек. |
| Ойтолғаныс Шығармашылық жұмыс | 5 минут | 107 – жаттығу. Әр оқушы өз тобындағы сыныптасының қандай өнері бар екенін жалаң сөйлеммен жазып шығуы керек. Мысалы тобында 3оқушы болса, 3 жалаң сөйлем жазады. | Әр оқушы өз тобындағы сыныптасының қандай өнері бар екенін жалаң сөйлеммен жазып шығады. |
| Рефлексия | 2 минут | Мұғалім топ мүшелеріне ПОПС формуласын ұсынады. | 1. «Менің ойымша ... »<br>2. «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »<br>3. «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »<br>4. «Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім ... » топ мүшелері өз пікірлерін ортаға салады. |
| Үйге тапсырма | 1 минут | 116 – жаттығу. Ауылымыздан шыққан танымал тұлғалар туралы шағын әңгіме жазу | 116 – жаттығу. Ауылымыздан шыққан танымал тұлғалар туралы шағын әңгіме жазады. |

## Интерактивті әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру

**Екібастұз қаласы «Екібастұз қаласы әкімдігі білім бөлімінің**
**№26 мектеп –гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**бастауыш сынып мұғалімі Арабаева Зауреш Оралбековна**

«Мен шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын»
А.Эйнштейн

«Сабақ беру — жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» Ж.Аймауытов

### Кіріспе

Бүгінгі күннің басты ерекшеліктерінің бірі «Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттігін дамыту тұжырымдамасында» келтірілгендей, ақпараттың «ақылға сыймайтын шамадан тыс, оны игеруде адамның биологиялық мүмкіншіліктерінен артық» мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу, оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді.

Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер*интер а к т и в т і*деп аталып жүр.

Интерактив – ағылшынның "өзара әрекет” деген сөзі. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделе отырып, "жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын” қазіргі білім беру парадигмасын(үлгі) қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді.

Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады және тек әрекеттесу арқылы үйренуге, үйретуге болады. Сол себепті қазіргі кезде әрекеттік педагогика ең танымал оқу жүйесіне айналған, яғни мектепте оқу процесінің негізін интербелсенді әдістемелер құрау керек те, әрбір мұғалім әр сабақта **интербелсенді әдістер**, құралдар мен тәсілдерді қолдануы қажет.

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интербелсенді оқу» дегеніміз **өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқу мен оқыту**, **диалог арқылы үйрену, үйрету,** яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші - өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»).

**Дәстүрлі оқытуда** көп жағдайда оқушының сабаққа **«таза парақ»** күйінде келіп, мұғалімнің оны сабақта біліммен «толтырумен» айналысатын құбылыс деп түсініледі. Оқушы сабақта білім ғана алып, сабақтан кейін бекіту жұмысымен ғана айналысады.

**Дәстүрлі оқытуда** шәкірт сабақта ғана жаңа білім алып, сабақтан кейін оны бекіту жұмысымен ғана айналысты.

**Ал интербелсенді оқуда** басты назарды үдеріске яғни оқушылардың қалай және қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне аударады. Мұндай сабақтарға оқушылар «таза парақ» күйінде келмей, алдын ала дайындалып келеді, олар сабақ басында тақырып бойынша өз түсініктерімен пікірлерін келтіріп, әрі қарай оларды дәлелдеу жүйесін құрады, пікірталас жүргізеді, өзге пікірлерді тыңдап , балама көзқарастарды ескереді.

**Интербелсенді әдістер мен тәсілдер** үйренушілердің тұлғалық тұрғыдан өзіндік және дербес түрде дамуына әкеледі, оларды өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

**Ал интербелсенді оқу,** оқыту басты назарды «процеске», яғни үйрену процесінің өзіне, оқушылардың **«қалай»** және **«қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне»** аударады. Мұндағы мақсат - оқушылардың өзара белсенді әрекеттер арқылы **өздігімен** білім игеруінде, оны ізденуінде, құрастыруында. Мұндай сабақтарға шәкірттер «таза парақ» күйінде келмей, алдын-ала дайындалып келеді, олар сабақ басында тақырып бойынша өз түсініктері мен пікірлерін келтіріп, әрі қарай оларды дәлелдеу жүйесін құрады, пікірталас жүргізеді, өзге пікірлерді тыңдап, балама көзқарастарды ескереді. Басқаша сөзбен айтқанда, шәкірт өмірде әр адамға қажетті білік-дағдыларды қалыптастырады. Ал сабақтан кейін сол білімдерін өздігімен дамыта түседі.

Сол себепті де интербелсенді оқу мен оқытуда үйренушілер келесідей әрекеттерді атқаруға дайын болуы керек:

- бірлескен жұмыс,
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту,
- бастамашылдық,
- кері байланыс жасау,
- проблема шешу, шешім қабылдау.

Интербелсенді оқу мен оқыту барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Мұндай сабақтарда бір ғана дұрыс жауап болмайды, өйткені басты мәселе дұрыс жауапты табуда емес, керісінше үйренушінің жеке тәжірибесіне негізделген іздену процесінің өзі болып табылады.

Оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық "жаңалық" ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Жағымды психологиялық климат, ахуал құруда сабақ басында қажет болған жағдайда сабақ ортасында да үйренушілердің көңілін көтеру үшін және олардың назарын сабаққа аудару мен жұмысқа ынталандыру мақсатында ойсергектер қолданған тиімді. Ойсергектер үйренушілерді еркін сезіндіріп, оларды секемдік пен сенімсіздіктен арылтудың тиімді амалдары болып табылады. Өзгені сыйлау арқылы біз басқа адамды өз айтқанымызға иландырып, өз дегенімізге ортақтастырамыз, бір мәмілеге келуге ынталандырамыз. Мен өз тәжірибемде сыныптағы оқушыларды дұрыс білмегендіктен оқушыларға бейджик тағуды ұсындым. Өйткені оқушының есімімен атау мұғаліммен оқушыны жақындастыра түседі. «Мені біледі екен ғой...» деп оқушы да ынталанып, реттеле түседі. Адамға шүбә мен сенімсіздік емес, сенім артқан жөн. Сенім арту арқылы біз басқаларға жауапкершілік жүктейміз, оларды шабыттандырып, оларға қанат бітіреміз. Әр оқушыға сенім артып тұрсақ «Білесіз! Сіздің қолыңыздан бұл келеді! Мен Сізге кәміл сенемін!» олардың білімге деген ынтасы мен ыждахаты шарықтап, оқушылардың тау қопаратындығы сөзсіз.

Қарым-қатынаста қысымнан бас тартып, «жұмсақ» әдістерді қолдану керек. Сондықтан да қысымға негізделген әрекеттерді педагогикалық қызметтен аластату керек, өйткені олардың игі нәтижеге апаруы неғайбыл нәрсе.Неғұрлым қатты қысым жасасақ, соғұрлым қарсылық та күшейе түспек. Сондықтан да білім беру ісінде еш қысымға жол бермей, қарым-қатынаста мейлінше жұмсақ болған шарт.

Дәстүрлі сабағымда оқушылармен кері байланыс жоқтың қасы болды. Түсінді ме? тақырыпты игерді ме? оған аса көп назар аудармай келесі сабаққа көше беретінмін. Ал қазір рефлекция кезеңінде осы сабақты білді ме, түсінді ме, талдап, қолдана алды ма оны жинақтай алды ма деп түрткі сұрақтар арқылы эссе жаздыртым отырдым. Эссені оқу арқылы кімнің нені түсінбегенін білдім. «Білемін, білдім, білгім келеді», «Сұрақтары бар қорап» әдістері арқылы алдыңғы сабақтарда нені білгілерің келеді ? нені өзгерткің келеді? деген сұрақтар арқылы оқушылардың пікірлерін біліп отырдым.

**Қортындылай келе,** алдағы оқу жылында барлық ұстаздар орта мерзімдік жоспар, қысқа мерзімді жоспармен жазу жоспарланып отыр. Сол білмеген ұстаздарға осы интерактивті жаңа әдіс-тәсілдердің түрлерін көрсету, жазу арқылы көмегім тиеді деген ойдамын. Өйткені мен аз ғана уақыт ішінде, ақпан, наурыз , сәуір 2015жылы курста болдым, мамыр айында және практика кезінде өз тәжірбемде осы әдіс-тәсілдерді қолданып оң-солын біліп қалдым. Мен осы бағдарламаның тәсілдерін қолдану барысында өз оқушыларымның бойынан мынадай өзгерісті байқадым: оқушылар жаңа қырынан ашылды, ойларын ашық, еркін айта білді, бір-бірін тыңдай біліп, жаңа ой қосты, бір-бірімен пікірлесті, сыни ойлауға дағдыланды, сенімді жұмыс жасады, топпен жұмыс жасауға төселді, өз бетімен жұмыс жасауға сыни тұрғыдан әділ бағалауды дағдыланды. Жоғары деңгейлі тапсырмалар беру барысында оқушылардың оқуға деген көзқарасында өзгерістер байқалды, білім алу үдерісіне жауапкершілігі артты, берілген тапсырмаларды орындауға шығармашылықпен қарай білуі байқалды. Олардың топ ішіндегі серіктестік қарым-қатынасы артып, бір шешімге келе білу, басқаның пікірін сыйлай білу, өз ойын ашық айта білуіне жол ашылды. Өздеріне деген сенімділігі, шынайы алған білімдерін бағалай білуі артты. Мұны олар өздерінің бағалау парақтарын толтырудакөрсетті.




Сондай-ақ бүгінгі заманға сай интербелсенді әдіс тәсілдердің оқушылардың дұрыс білім алуына, оқушылардың бойындағы оқуға деген қызығушылығының даму үрдісін арттыруға көп көмегі тиеді деген ойдамын. Біраз интерактивті әдіс-тәсілдерді айта кетсем...

Өздері құраған топ ережесі арқылы оқушыларды реттеп, тәртіпке шақыру.
«Рахмет» деп айтқанда тыныштлу.




**Он сұрақ.** Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі

**Серпілген сауал**

Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз. талқылайды.

**Ойлан, Бірік, Бөліс**

Оқушылар ойына келген жауаптарды немесе идеяларды барынша көп жазады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді (Бірік) және соңында мұғалім бүкіл сыныптың идеяларын талқылауды бастайды (Бөліс).

**Сұрақтары бар қорап**

Кабинетте қорап қойылып, оған оқушылар сабақтың соңында өз сұрақтарын қалдыра алады. Бұл сұрақтар келесі сабақтың басында талқыланады

**Ыстық орындық**

Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.
"Автор орындығы" оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады.Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

**«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі**

Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба?
Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

**Өрмекшінің өрмегі**

Тақырып бойынша өрмек арқылы сұрақтар қойып қолымызға байлаймыз. Соңында қатыспаған оқушы қалмау керек. Үй тапсырмасын сұрауда, сабақты қорытуда қолдануға болады.




**Басбармақ**

Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейін тексеріңіз.
Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін.
Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін.
Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.

**Константинополь**

Бүгінгі негізгі сөзден барынша көп қысқа сөздерді құрастыр
Сіздің нәтижеңіз қандай?
өте жақсы: 10 және одан да көп сөз
жақсы: 8 және одан да көп сөз
жаман емес: 6 және одан да көп сөз

**Әдебиеттер тізімі:**


1.«Методическое пособие для тренера. Программа «Street Law» (Сост. Мухтарова А.К., Булуктаев Ю.О., Калинина А.А., Асанбекова Г.С. – Алматы: Фонд «XXI век», 2001. – 153 с. кітабынан алынды.

2.«Казахстанская Ассоциация по чтению. Материалы тренинга **«Лидерство и менеджмент»,** 4-8 қаңтар 2004 ж, Алматы»кітабынан алынды.

3.Асхат Әлімов «**Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану**» Алматы -2014ж

4.«**Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер**» Астана 2014ж

5.**Мұғалімге арналған нұсқаулық** 3-деңгей

6. 3-апта 2-күн **«Әдіс-тәсілдер»**

7. 3-апта 5-күн **«Талқылау құралдары»**

**БҚО, Казталов ауданы, Тереңкөл ауылы, Тереңкөл орта жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Кдыргожина Жанила**

**Қысқа мерзімді жоспар.Лепті сөйлем.2 сынып.**

| | | |
|---|---|---|
| **Қазақ тілі** | *Уақыты: 26. 11. 2015.* | *Мұғалім: Кдыргожина Ж. К.* |
| **Сабақтың атауы** | Лепті сөйлем. 2 сынып. | |
| **Сілтеме** | Қазақ тілі оқулығы, қазақ тілі оқулығының әдістемесі | |
| **Сабақтың жабдығы** | Мұғалімге арналған нұсқаулық. Оқулық пен әдістемелер.Электронды оқулық, постер, маркер, карындаш, кесте, сызбалар, қосымша материалдар | |
| **Жалпымақсаттар** | Оқушыларғалептісөйлемніңмағынасынтүсіндіру,<br>көңіл - күйді, сезімдібілдіретінсөздертуралыалғашқытүсініктерінқалыптастыру. | |
| **Оқыту нәтижесі** | 1.Оқулықтағы жаттығулардыорындайды<br>2.Шығармашылық тапсырмаларменжұмысжасайды<br>3. Ізденеді<br>4.Талдаудыңбарлықтүрлерінмеңгереді<br>5. Өмірменбайланыстырады<br>6.Топтықжұмыстыұйымдастырукезіндекөшбасшылықбайқалады | |
| **Топқа бөлу** | Тақтадан ілулі тұрған стикерлерді алып, онда жазылған тыныс белгілері арқылы (сұрақ белгісі, нүкте ) 2 топқа бөліну. | |
| **Мұғалімнің іс-әрекеті** | | **Оқушының іс-әрекеті** |
| **Ынтымақтастық атмосферасы** | Ұйымдастыру.<br>Психологиялық дайындық. Музыка әуенімен тренинг өткізу. Жаман мінезімізден арылып көтеріңкі көңіл-күймен бүгінгі сабағымызды бастайық.<br>Ендеше:<br>Өзімізге:<br>Қонағымызға:<br>Елімізге:<br>Балалар топ ережелерін еске түсірейік. | Балалар өздерінің бойындағы жаман мінезді стикерге бір сөзбен жазып бүктейді де бәрі бірге шелекке тастайды.<br><br>Балалар бәрі бірге,<br>Сәттілік, қуаныш!<br>Жақсы көңіл - күй!<br>Ашық аспан, молшылық!<br>Балалар еске түсіріп айтып шығады.<br>-Бір-бірінің пікіріне сыйластықпен қарау.<br>-басқаның пікірін тыңдау;<br>-уақытқа бағыну;<br>-тапсырмаларды тиянақты орындау.<br>-шынайы, әділ бағалау. |
| **Үй тапсырмасын сұрау** | Блум бойынша<br>I. Білу Мақсаты: өтілген материалдар бойынша алған білімдерін тексеру.Тапсырма: Сөйлем туралы не білеміз? Белгіленген уақыт ішінде сұрақтар беру.<br>1. Сөйлем дегеніміз не?<br>2. Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді?<br>3. Сұраулы сөйлем дегеніміз не?<br>5-жаттығудың орындалуын тексеру.Оқушыларды формативті бағалау, мадақтау.<br>Топтар бірін-бірі қол белгілері арқылы бағалау. | |
| **Қызығушылықты ояту** | Жұмбақтарды шешу.<br>Сөзді құрап, доп тіземін,<br>Қоя салсаң, бір тары.<br>Жаңалықты жеткіземін.<br>(Хабарлы сөйлем)<br>Ойды аяқтап орақ тұрады,<br>Жауап сөз қалап тұрады.<br>(Сұраулы сөйлем) | |
| **Мағынаны тану** | II. Түсіну<br>Мақсаты: Лепті сөйлем туралы түсінік беру. Слайдта берілген тірек сызба арқылы лепті сөйлем туралы балалардың алғашқы түсініктерін байқау.Топқа тапсырма беріледі, үзіндіні оқып сәйкес бет – бейнесімен көрсету<br>**1-топ**.Жолаушы жылауықтар еліне тап болады. Жылауықтарды әрі жұбатады, бері жұбатады, бірақ олар жылауын бәрібір қоймайды. Жылауықтар еліне келгеніне жолушы қатты өкінді.<br>-Әттең-ай, қайдан ғана келдім бұл жерге!<br>- Қалай ойлайсыңдар, жолаушының бет-пішінінде қандай өзгерістер болды? Смайликпен бейнелеп көрсетеді.<br>**2-топ.**Мараттың досы жазғы демалысында ауылға кетті. Марат қалада қалды. Ол досын қатты сағынды. Бір айдан кейн досымен көшеде кездесіп қалды. Екеуінің | |

| | | |
|---|---|---|
| | қуанғандарын көрсеңдер!<br>-Алақай, достым келді!-Мен сені көргеніме қуаныштымын!<br>Олардың бет-пішінінде қандай өзгерістер болды?Смайликтермен көрсетеді.<br>Сөйлемдерді мәнерлеп, дауыс мәнерін келтіріп оқу.<br>Оқушыларға осы сөйлемдерге қатысты сұрақтар қою арқылы ереже шығару.<br>1. Әр сөйлем қалай оқылды?<br>2. Сөйлемдегі ой қандай көңіл - күйде айтылып тұр?<br>Электронды оқулықтан түсіндірме.<br>Адамның көңіл - күйін, сезімін білдіретін сөйлемді лепті сөйлем дейтініміз белгілі ал қандай көңіл күй дегенде өкіну, армандау, таңдану, ұрандату, қуану т. б<br>Лепті сөйлем көтеріңкі дауыспен айтылады.<br>Лепті сөйлемнің соңына леп белгісі (!) қойылады. (Слайд. Кестемен жұмыс) | |
| **Сергіту сәті** | Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір.<br>Жаттығу жасаймын.<br>Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ , сол аяқ<br>Жаттығу оңай-ақ. | Оқушылар денелерін жатықтырады |
| | III. Қолдану Қолдану<br>Мақсаты: Лепті сөйлем туралы білімдерін нақтылай түсу<br>Оқулықпен жұмыс.<br>1. Көркем жазу<br>2.1-жаттығу. Ауызша.Тақырыптық суретте берілген сөйлемдерді салыстыра оқып, сөйлем түрлеріне ажырату<br>2-жатығу. Жазбаша.<br>Жаттығу орындалып болған соң әр топтан бір оқушы тақтаға шығып оқып ,орындап беру. | |
| **Ой толғаныс Шығармашылық тапсырмалар.** | IY. Талдау<br>Мақсаты: Берілген сөздерден лепті сөйлем құра білу дағдысын жетілдіру.Электронды оқулықтан тапсырма: Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жаз<br>1. Біз, алақай, жеңдік<br>2. Бекер, ренжіттім – ау, қап<br>3. Мәңгі Тәуелсіздігіміз жасасын! | Әр топ мүшелері берілген тапсырманы бірлесе орындап орталарынан біреуі айтып береді. |
| **Сабақтықорытындылау** | Y. Жинақтау<br>Мақсаты: Лепті сөйлем туралы білімдерін қорыту, бекіту.<br>«Ыстық орындық» әдісі. | |
| **Бағалау** | Сабақ барысында кампиттермен ,қол белгілерімен формативті бағалай келе мұғалім түсіндіре жиынтық баға қою. | |
| **Рефлексия.Кері байланыс.** | Стикерлерге жазып тақтаға ілу.<br>Смайликтер арқылы<br>Не білдік? Не істедік? Бүгінгі сабақтан алған әсерлерің? | |


**Алматы облысы Іле ауданы Ақши ауылы**
**«№8 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»**
**мемлекеттік коммуналдық мекемесінің**
**математика пәні мұғалімі Қуанышбаева Алия Жақсыбайқызы**


| Пән: Алгебра | Күні: 18.12.2015ж | Сынып 7 «А» |
|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Екі өрнектің қосындысы мен айырымының квадраты тақырыбына есептер шығару | |
| **Сілтеме** | Күнтізбелік жоспар, оқулық 7 сынып «Алгебра» | |
| **Жалпы мақсаты** | -Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырмасының квадратының формулаларын есептер шығаруда қолдана білуді үйрену. Оқушыларға топтық және жекелеген тапсыр малар беру арқылы есеп шығару әдістерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топпен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру. | |
| **Оқыту нәтижесі** | - Есептер шығару барысында іздеп отырған формуланы тауып, қолдануға үйренеді;<br>- Топта жұмыс істеу дағдысы қалыптасады;<br>- Өз ісіне талдау жасай алады. | |
| **Негізгі идеялар** | 1. Диалогті қолдану; 2. Білім беруде АКТ- ны пайдалану; 3.Жұптық, топтық жұмысқа ұйымдастыру; 4. Өз бетінше ізденіп әрекеттенуге үйрету; 5. СТО. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | • «Ұтқыр ойдан ұтымды жауап» 1ұпай<br>• «Бәйге» ойыны 2ұпай<br>• Математикалық диктант 1ұпай<br>• Қатесі қайда? ойыны 1ұпай | |
| *Мұғалім іс- әрекеті* | *Оқушы іс- әрекеті* | *Оқыту әдістері* |
| Шаттық шеңберінде тұрып сабақтың ұранын біргелікте айтады.<br>2 мин | Шеңберде тұрып сабақтың ұранын біргелікте айтады, бір-біріне деген достығын, сүйіспеншіліктерін білдіру | Сыныпта ынтымақтастық атмосфера орнату |
| Өтілген тақырыптар бойынша топқа бөлу<br>2 мин | І-топ «»<br>ІІ-топ «»<br>ІІІ-топ «» | Сыныпта ынтымақтастық орнату |
| Көшбасшы мен спикер тағайындау | І-топ Назгүл мен Мерей<br>ІІ-топ Динара мен Гүлдана<br>ІІІ-топ Аяулым мен Бауыржан | Уақытты үнемдеу |
| Топпен осы сабақты өткенде қандай тақырыпты қамтыды соны топпен мазмұнды сызбаға түсіріп қорғауға тапсырма беріледі. 10 мин | Оқушылар өтілген тақырып бойынша оқып келгендерін, «Топтасып-ойлан-бөліс» әдісі бойынша мазмұнды сызбаға түсіреді, бір-біріне түсіндіреді. Топ мүшелері ортақ шешім шығарып топта талдайды.Тақтаға шығып қорғайды. | Диалогтық оқыту, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту |
| Оқулықпен жұмыс<br>18 мин<br>Топпен жұмыс | «Бәйге» ойыны арқылы оқулықпен жұмыс жасау №342, №343, №344, №345, №346, №349 | Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, қалай оқу керектігін үйрету |
| Сергіту сәті<br>Математикалық диктант<br>3 мин | Берілген тапсырманы өрнек түрінде жазады | сыни тұрғыдан ойлауын дамыту, дарынды оқушыларды анықтау |
| «Жинақтау» кезеңі<br>Жеке жұмыс<br>5 мин | «Қатесі қайда?» ойыны арқылы берілген тапсырманы жеке орындап, тақтадағы жауап арқылы өзін-өзі тексереді | Өз бетінше проблеманы шешу, өзін-өзі бағалау |
| Бағалау<br>2 мин | Топ басшылары бағалау критерийлері арқылы жиынтық баға шығарады | Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау |
| Үйге тапсырма беру<br>1 мин | 1) Формула жаттау<br>2)№346-349 есептерді шығару | |
| Рефлексия<br>«БББ» кестесі<br>2 мин | Сабақ туралы өз ойларын білдіру<br>• Білдім<br>• Білемін<br>• Білгім келеді | Кері байланыс орнату |

**Алматинская область Илийский район село Акший**
**ГКУ средняя школа № 8**
**Учитель русского языка и литературы**
**Аблаева Гульнафис Бакытжановна**



**Дата: 23.12.15г. Класс: 7А**
**Тема: Действительные и страдательные причастия**
**Цели урока:**

- Создать условия для развития положительной мотивации к учению, стимулировать раскрытие творческих возможностей уч-ся;
- Закрепить и обобщить все теоретические сведения, полученные по теме "Причастие".
- Развивать способности уч-ся правильно формулировать свои мысли в процессе актуализации знаний по данной теме;
- Воспитывать у уч-ся средствами урока уверенность в своих силах, чувство взаимопомощи.

**Ход урока**

**I. Стадия вызова (5 мин)**

1. **Организационный момент. (2мин)**

Класс разбивается на 2 команды по 5 человек
**У:** Здравствуйте, ребята! Прежде чем мы начнем наш урок, давайте настроимся на хорошее настроение.
Погладьте себя по голове
Обнимите себя
Пожмите соседу руку
Улыбнитесь друг другу
Надеюсь, ваше настроение улучшилось?

Сегодня наш урок будет не совсем обычным, поэтому мы разделились на 2 группы. Группы должны выбрать себе **капитана**, который будет управлять группой

1 группа-
2 группа-
Хочу напомнить, что у каждой группы на столах и здесь (на стене) находятся правила работы в группе. Эти правила составляли вы сами. Давайте озвучим их.

**2. <u>Правила работы в группе (1мин)</u>**

1. ***Говорим вежливо***
2. ***говорим по очереди, не перебивая друг друга,***
3. ***внимательно слушаем,***
4. ***если что- то непонятно, переспрашиваем партнера,***
5. ***четко высказываем свое мнение,***
6. ***соблюдаем порядок на парте,***
7. ***уважаем мнение собеседника.***

В течении всего урока прошу придерживать этих правил.

Вам есть, что сказать? (2мин)
1 гр:
«Вместе не трудно,
вместе не тесно,
вместе легко
и всегда интересно!»
2гр:
Ты мой друг и я твой друг
Вместе мы семья
То, что не смогу один
Сможем ты и я!

**3. Определение темы самими уч-ся (2 мин.)**

А теперь я предлагаю вам послушать сказку :
«В некотором царстве, в некотором государстве жили король Глагол и королева Прилагательное. Вскоре у них появилась дочь. Внешне маленькая девочка была похожа на маму. Она отвечала на вопросы: какой? какая? какие? Так же имела те же окончания, что и у Прилагательного, изменялась по родам, числам и падежам. А от отца Глагола она унаследовала такие признаки, как настоящее и прошедшее время, совершенный и несовершенный вид и возвтратность. Родители назвали свою дочь...». Как вы думаете, какое имя они дали своей дочери? ( ответ учеников).
О чём пойдёт сегодня речь на уроке? Правильно! О Причастиях!
<u>Сегодня мы закрепим наши знания о причастиях.</u>
Думаю, если мы будем работать дружно и в хорошем настроении, то мы обязательно добьемся свих целей.
Желаю всем удачи в работе!

**II. <u>Стадия осмысления (реализации) (20 мин)</u>**

**1. Собери правило ( 1 мин)**

А теперь давайте вспомним с вами, что такое причастие. Для этого из данных слов нужно собрать правило. (уч-ся из разбросанных слов собирают правило)
Давайте все вместе озвучим это правило:

***Причастие – это особая форма глагола, которая обозначает действие, но представляет его в виде признака лица или предмета.***

**2. Заполнение таблицы ( 5 мин.)**

У: Молодцы! А какие грамматические признаки имеет причастие? Кто мне поможет заполнить таблицу?

| **Признаки глагола** | **Признаки прилагательного** |
|---|---|
| Время (настоящее и прошедшее)<br>Читающий<br>Читавший | Отвечает на вопросы какой? Какая? Какое? Какие?<br>Играющий, играющая, играющее, играющие |
| Вид (совершенный и несовершенный)<br>Читавший<br>Прочитавший | Склоняется по падежам:<br>И.п. играющий мальчик<br>Р.п. играющего мальчика и т.д. |
| Возвратную и невозвратную форму:<br>Поднимающий<br>поднимающийся | Измсняется по родам:<br>улыбающийся (мальчик) – м.р<br>улыбающаяся (девочка) – ж.р.<br>улыбающееся (солнце).– ср.р. |
|  | Изменяется по числам:<br>улыбающийся (мальчик)– ед.ч.<br>улыбающиеся ( дети)- мн.ч. |

**3. Составление кластера (5мин)**
У: В составе причастий выделяются два разряда. Какие?
Уч-ся: действительные и страдательные.
У: Правильно. Теперь задание такое: 1 группа составляет кластер на действительные причастия, а 2 группа- на страдательные. Перед вами лежат все необходимые предметы для работы. У вас есть 5 минут для ?????? (музыка)

Примерный ответ уч-ся
1 группа.
2 группа
**4. Прием «Почтальон» ( 2 мин.)**
У: Молодцы! Теперь, чтобы узнать как вы усвоили правило, вам такое задание. Представьте себе, что вы почтальоны. У меня в руках письма. Их надо доставить по адресу. Здесь два дома ( дом страдаельных и действительных причастий ). Ваша задача доставить письма адресатам. Прошу подойтите ко мне по одному и выберите по одному письму. Вам нужно не просто отнести эти письма, а еще и объяснить почему.
(распределить причастия по разрядам: действительные и страдательные)

| Действительные причастия | Страдательный причастия |
|---|---|
| Танцующий | вымытый |
| уснувший | обманутый |
| говорящий | вывезенный |
| плачущий | открытый |
| синеющий | придуманный |
| седеющий | прочитанный |

**5. Редактирование текста ( 5 мин.)**
Давайте немножко усложним наше задание.
Перед вами несколько предложений . Вам нужно заменить некоторые слова причастиями. Затем расположите предложения так, чтобы получился текст и не забудьте озаглавить его.
Астана, которая находится в центре страны, стала столицей Казахстана.
Презентации новой столицы, которая состоялась 10 июня 1998 года, проходилаочень торжественно.
Гости, которые съехались на презентацию столицы, были поражены размахом строительства города.
Молодые девушки, которые встречали знаменитых гостей, были одеты в казахские костюмы.
Концерт на Центральной площади Астаны, который продолжался всю ночь, закончился незадолго до рассвета.
Разминка (2 мин)
**<u>III. Стадия рефлексии (20 мин)</u>**
**1. Игра «Сюрприз» (7ми.)**
**Капитан команды выбирает 1 тему из двух. Затем отвечает на поставленный вопрос. Вопрос можно обсудить в команде. Если отвечает правильно, то получают подарок.**
**1 тема «Сколько?» Вопрос: сколько причастий в тексте? « Гороховое чучело с укропом.»**
Ребёнка, задом наперёд надевшего штаны, шиворот-навыворот натянувшего рубашку и перепутавшего левый ботинок с правым, положить в таком виде на блюдо и с головой засыпать мелко накрошенным укропом. Этим вы улучшите вкус и внешний вид блюда и, кроме того, обогатите его витаминами.
**2 тема «Лови ошибку» Вопрос: сколько допущено ошибок в тексте ?**
Причастие – это особая форма глагола, которая обозначает действие, но представляет его в виде признака лица или предмета. Причастия имеют признаки глагола и наречия. Бывают совершенного и несовершенного вида, настоящего, будущего и прошедшего времени. Причастия, обозначающие признак предмета, который сам производит действие, называется страдательным. Причастия в предложении выполняют роль обстоятельства.
**2. Игра «ДА-НЕТка» (2 мин.)**
1. причастие – это особая форма прилагательного? (нет)
2. Причастие-это «особоя форма глагола»? (да)
3. Причастия изменяются по падежам? (да)
4. Причастия имеют форму будущего времени? (нет)
5. Действительное причастие - это причастие, которое испытывает на себе действие со стороны другого предмета? (нет)
6. причастие имеет признаки глагола и наречия? (нет)
7. причастия делятся на два разряда : действительные и страдательные?
8. причастия образуются с помощью приставок?
9. суффиксы -ущ-(-ющ-) – это суффиксы действительных причастий настоящего времени?
10. в предложении причастия выполняют роль обстоятельства?
11. причастия могут быть возвратными и невозвратными?

**3. Составление синквейна к слову ПРИЧАСТИЕ (2 мин.)**
**4. Оценивание ( уч-ся сами себя оценивают) (3мин.)**

**5. Д/з По карточкам (1 мин)**
**6. 6 шляп Боно (3 мин.)**

**Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Белоградов орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Рсалды Даулетхан**

**Сабақтың тақырыбы:** Лиро-эпос жырлары. «Қыз Жібек» жыры
**Сабақтың мақсаты:**
**Білімділік :** Лиро – эпостық жырлар жайында мағлұмат беру,«Қыз Жібек» жырының тақырыбы мен идеясын ашу.
**Дамытушылық:**Дүние тану жолындағы ой- өрісін, қиялының шамасын, еркін сөйлеуге, терең ойлауға, әдеби тіл байлықтарын дамытуға итермелеу.
**Тәрбиелік:** Жырды оқи отырып, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрмет тұтып, ата-ананы құрметтеу, адалдық, шын жолдастық, уәдеге берік болу сенімді асыл қасиеттерді оқушы бойына дарыту. Елін, жерін, Отанын сүюге, патриоттық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.
**Сабақтың түрі:** аралас сабақ
**Сабақтың әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, мәтінмен жұмыс, топпен жұмыс, көркем оқу, пікір айту.
**Сабақтың көрнекілігі:** слайдтар, сызба-кестелер, түрлі-түсті суреттер.
**Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка.
**Сабақтың барысы:**

**І. Ұйымдастыру кезеңі.**

а) сәлемдесу
ә) сабаққа қатысушылар мен қатыспаушыларды анықтау

**ІІ. Негізгі кезең**

**Мұғалім сөзі:** Балалар біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз Лиро-эпостық жырлар. Соның ішінде «Қыз Жібек» жырымен танысу.

Сондықтан да, сендерге үй тапсырмасы ретінде оқулықпен жұмыс жасау тапсырылған, яғни тақырыпты оқып келетін болып келіскенбіз. Жалпы лиро-эпостық жыр түрлерімен бүгінге дейін де әдебиет сабағынан таныспыз деп ойлаймын. Ендеше қазір ортаға сұрақтар қоямын, жауап беру арқылы өткенді қайталап өтейік:

**Сұрақтар:**

5. Қандай жырлар ғашықтық жырларға жатады? **(лиро- эпостық жырлар)**
6. Ғашықтық жырлардың тақырыбы не? **(екі жас арасындағы сүйіспеншілік сезім)**
7. Лиро-эпостық жырлардың кейіпкерлері кімдер? **(қарпайым адамдар)**
8. Ғашықтық жырларда не туралы баяндалады? **(халықтың тұрмысы, әдет-ғұрпы, адамның ішкі сезімі көбірек баяндалады)**

Дұрыс айтасыңдар, лиро - эпостық жырлар ғашықтық жырлар – лирикалық әрі эпикалық шығарма. Оқиға желісі бірін - бірі құлай сүйген екі жас арасындағы махаббатқа құрылады. Көпшілігінің оқиғасы сүйгеніне қосылуды аңсаған жастарға ескі салт - сана қарсы тұрып, мерт қылумен аяқталады. Әдетте, олардың бақытына кедергі болатын нәрсе - ата - аналардың қарсылығы немесе қызға ғашық басқа жігіттің жауыздығы, иә болмаса екі рудың араздығы болып көрсетіледі.
Лиро - эпоста халық арасында ауыздан - ауызға көшіп, біреуден - біреу жаттап алу арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп, баспаға іліккен.

Қазір оқулықта 53-бетті ашып, дәптерімізге бүгінгі ай-күнді жазып қояйық:

***Жиырма тоғызыншы қыркүйек***
***Сынып жұмысы***
***Лиро-эпостық жырлар. «Қыз Жібек» жыры***

**Кітаппен жұмыс:** (оқушылар оқиды ) Кітаптан лиро - эпостық жырлар туралы түсінікті оқу, ойларын жеткізу.
**Дәптермен жұмыс:** Лиро - эпостық жырлардың түрлерін топтастыру.
**оқушылар тақтаға (дәптерге) жасайды**
**(Оқушылар төмендегі нұсқаларды көрсетеді, қалып қойғаны бойынша толықтыру керек!)**

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» Айман - Шолпан
Сұлушаш Қыз Жібек
Күлше қыз Ләйлі - Мәжнүн
Құсырау – Шырын Қалқаман - Мамыр
Еңлік-Кебек

Мінеки, балалар өздерің топтастырып отырған лиро- эпостық жырлардың ішінен біз «Қыз Жібек» жырымен танысатын боламыз. «Қыз Жібек»- қазақтың өткен өмір тіршілігін өте шебер суреттеген жыр. Мұнда қазақтың көшпелі өмірі, әдет ғұрпы, халықтың мінез – құлқы, киім - киісі, жүріс - тұрыстарына дейін кең қамтылады. Жырдың негізгі идеялық - мазмұны - ескілік пен жаңалықтың тартысы. Балалар! Ұрпақ санасында мәңгі сақталатын, көркем жырға арқау болған басты кейіпкерлеріміз Төлеген мен Жібек бейнесінің қыр сырын жан - жақты ашу үшін «Қыз Жібек» кинофильмінің сюжеттерін арқау етсек. Есімізге түсірейік.

**ВИДЕО КӨРСЕТІЛЕДІ (8МИН)**

Жалпы сіздерге қосымша дерек ретінде айтып өтейін, Көркем фильм 1971 жылы режиссер Сұлтан Қожықовтың, жазушы Ғабит Мүсіреповтің жазғансценарийбойынша түсірілген. Сценарийді Ғабит Мүсірепов араб қаріптерімен жазған, сондықтан да оны ешкім түсінбегендіктен, фильмнің түсіру тобын жинап алып, жазушы бәріне өзі оқып берген.

**Композиторы** - Нұрғиса Тілендиев.
**Ән өлеңдерінің авторы** - Қадыр мырза Әли.
**Фильмнің авторлары:** Асқар Сүлейменов пен Олжас Сүлейменов.
Бүгінгі күні біз «Қыз Жібек» жырын төмендегі жанрлар ретінде білеміз.




Жаңа ғана көрген видеоролигіміз бұл осы «Қыз Жібек» фильмінен негізгі үзінді болып отыр.

Басты рөлдерде кімдер ойнағанын білеміз бе, балалар?

Иә. Жібектің рөлін сомдаған Меруерт Өтекешова, ал Төлеген рөлінде Құман Тастанбеков.

Ал, бұл кісілер жайлы тағы не білеміз?

Дұрыс айтасыңдар, бұл кісілер осы өмірде расында да Жібек пен Төлеген болып бірге отбасын құрып, өмір сүруде.

**Жырдың мазмұны жағынан негізгі бағыттарына тоқтала кетсек:**

Төлегеннің дүниеге келуі.

Төлегеннің Ақ Жайыққа жөнелуі.

Төлеген мен Қыз Жібектің кездесуі.

Қыз Жібектің түсі.

Бекежанның Төлегенді мерт қылуы.

Хорен қалмақтың Қыз Жібекті айттыруы.

Қыз Жібектің Сансызбайға қосылуы.

**Оқулықпен жұмыс**










Оқушылар орындап болған соң әр топтан 1-2 оқушы оқып береді, қалғандары толықтырады.

(келесі слайд көрсетіледі, оқушылар дәптерге толықтырады)

Балалар осы жыр барысында кейбір салт-дәстүрлерге куә боламыз. Айтыңдаршы, қандай салт-дәстүрлер көрініс табады?

**Дәптерге түртіп аламыз.**

Азан шақырып ат қою– ***бала өмірге келген соң үлкен атадарымыз баланың құлағына азан шақырып 3 реттен дауыстап есімін қояды***

Сүйінші– ***қуанышты хабарды жеткізу***

Қалың мал– **күйеу жігіт ауылының қыздың үйіне беретін кәдесі**

Бата– **игі тілек**

Жұбату– ***жақынынан айырылған, қайғыға ұшыраған адамдарға жылы лебізін белдіру, ниеттерін білдіру***

Теріс бата– ***қолды теріс қаратып айтылатын қарғыс***

Арыздасу– ***өмірден өтіп бара жатқан адамның туыстарына, жақындарына айтатын ақтық сөздері***

Естірту– ***жақын адамы қайтыс болған адамға келіп жақынынан айырылғанын айту***

Жоқтау– ***жақынынан айырылған адамның сол адам туралы айтатын сөзі***

Әмеңгерлік– ***жесір қалған келінді басқа жұртқа жібермей, өзінің келін болып түскен жұртында қалдыру, жақындарына қосу***

Қорытынды. Сабағымызды қорытындысы ретінде қазір алдарыңа карточка таратамын. Толтырып тапсыра қойыңдар.

**Үйге:** 1. Хрестоматиядан «Қыз Жібек» жырын толық оқып, жырдың композициялық құрылымын талдауға дайындалып келу.

2. Өздеріңе ұнаған жерден үзінді жаттау.

**Оқушыларды бағалау.**

*БҚО, Казталов ауданы,*
*Тереңкөл ауылы, Тереңкөл орта жалпы білім беретін*
*мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

***Қысқа мерзімді жоспар.Дуадақ. 3 сынып.***

| *Пәні* | *Әдебиеттік оқу* | | *Сынып 3* | *Мұғалім:Ищанова Л.С.* |
|---|---|---|---|---|
| Тақырыбы: | Қ.Жармағанбетов. «Дуадақ» | | | |
| Мақсаты: | 9. Әңгімедегі негізгі идеяны аша отырып, дуадақ туралы қосымша мағлұматтармен таныстыру.<br>10. Осы құстың ерекше қасиеттерін ажырата білуге және қорғауға баулу.<br>11. Топтық жұмыстарды талдауда оқушы көшбасшылығын және өзара бағалай білуге қалыптастыру.<br>12. Кейіпкер образына енуге үйрету. | | | |
| Күтілетін нәтиже: | 1.Дуадақ туралы кеңірек мәлімет алады.<br>2. Құстардың табиғаттағы маңыздылығын ұғынып, сурет кейіпкерін сөйлетеді.<br>3. Көшбасшылық қабілеті қалыптасады | | | |
| | Мұғалімнің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс |
| Ұйымдастыру бөлімі (2 мин.) | Сәлемдесу.Кезекші мәліметін тыңдау.Оқу құралдарын түгелдеу.<br>ОЖТ: «Сәттілік шеңбері» (1 мин)Тренинг арқылы топқа бөлу.(1 мин) | Барлығы қуаныш шеңберіне жиналып,бір-біріне сәттілік білдіреді. Қорапшадағы таңдаған құстар пішіндеріне қарай топқа бөлінеді. | | Құстар пішіндері |
| Үй тапсырмасы (5 мин.) | ДБЖ: Деңгейлік тапсырмалар<br>ОҮБ: Өзара критериалды бағалау | 1.Мәтінді түсініп оқу.<br>2.Бозторғай түрлері туралы мәлімет, дерек жинақтау.<br>3. «Мен жазушы болсам...» әңгімені өз ой елегімен өрбіту.Эссе жазу. | Ізденіс деңгейі | Деректер қоры |
| Ой қозғау (1 мин.) | АКТ: тақырыпты ашу үшін суретті болжау әдісі<br>ББҮ кесте.<br>ОҮБ: Өзара критериалды бағалау . Қол белгісі арқылы | Интербелсенді тақтадан түрлі құстар әлемінің (дуадақ) суреттері, дыбыстарын тыңдайды.<br>ББҮ кестесінің «Білемін» бөлімін толтырады. | Ой танымы | Интербелсенді тақта<br>ББҮ кестесі |
| Мағынаны тану (20 мин.) | **Білу және түсіну.**<br>АКТ: «Дуадақтар әлемі» бейне ролик тыңдату.<br><br>СТО: «Араласып кеткен оқиғалар» стратегиясы.<br><br>**Қолдану.** СТО: «Автор орындығы » стратегиясы.<br><br>**Талдау.**ОЖТ: топтық жұмыс.<br>ОҮБ: Өзара критериалды бағалау . Бағдаршам түстері арқылы | Бейнежазба таныстырылымы бойынша оқушылар іштей ой түйіп, түйсінеді.<br><br>Мәтін бір бет қағазға жазылып, бөлімдер бойынша бірнеше бөлікке бөлініп, партаның бетіне орындарын ауыстырып, араластырылып қойылады. Топтағы оқушылар мәтіннің бөліктерін оқып, ретін тауып құрастырып танысады.<br><br>Автор орындықта болған топ қойылған сұрақтарға жауап береді, мағынасы қиын сөздерге түсінік береді.<br>1 топ: «Құстар» Дуадақ туралы жаңа деректер келтіріп, постер дайындайды.<br>2-топ: «Экологтар» Саятшылық өнерде дуадаққа қатысты қандай ырым - жоралғы, қорғау түрлері бар? Дәлелдемелер келтіріп, постер әзірлейді.<br>3-топ: «Ғалымдар» Дуадақтың мәтіндегі күйзелісіне еніп, Қалтайға жоғары деңгейлі сұрақ дайындайды. Дәйектемелермен тұжырымдайды. Постерге сызба арқылы түсіреді. | Ой ұшқырлығы, топтық жұмыстағы белсенділігі, Блум таксономиясы қадамдары бойынша сұрақ қою дағдысы. | |
| Ой толғаныс (10 мин.) | **Жинақтау.**<br>СТО: «Әңгімені | Топтық жұмыста тақырып бойынша қандай идеялар қамтылатынын | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бірлесе жазу» стратегиясы.<br>ОҮБ: Өзара критериалды бағалау . Стикер арқылы бағалау. | топтастыру арқылы жазады.Блум таксономиясы қадамдары бойынша кәмпит қағаздарына оралған сұрақтарға жауап әзірлейді. | | |
| Бағалау (3 мин.) | ЖБ: критериалды бағалау | Топ басшысы берілген критерийлер мен дискрипторларға сүйене отырып әр топ мүшесінің ортақ ұпайын, бағасын шығарады. | Жиынтық бағалау | Бағалау парағы |
| Үй тапсырмасы (1 мин.) | Үй тапсырмасы беріледі<br>ДБЖ: деңгейлік тапсырма | 1.Дуадаққа байланысты деректер жию.<br>2.Мәтінді түсініп оқу.<br>3.Шығармашылық бағытта тақырыпқа сай кітапша жасақтау. | | |
| Кері байланыс (3 мин.) | ББҮ кестесінің “білгім келеді” және “үйрендім” бөлімдерін толтырады. | | | ББҮ кестесі |
| Мұғалімнің жазбалары | Мысалы, қабілеті орташа деңгейлі оқушы Қайдар Айда «*Мен мәтіндегі дуадақ құсының біздің анамызға қатты ұқсайтынын білдім.Мен ауырып немесе көп ойнап кешігіп келсем, анамда дуадақ сияқты шыр-пыры шығып қиналып қалады»* деп жауап жазды. Бесінші нөмірлі сұраққа үлгерімі өте жақсы оқушы Шамуратова Алида *«Қалтай аға, ол балапанды анасынан айырғанда, оның кебі өз басыңызға келетінін бір сәт ойландыңыз ба?»* деп жазған тұжырымы оқушылардың көбіне өмірлік сабақ болды деп ойлаймын. Себебі, оқушылар мәтінді нақты мысалдар келтіру арқылы өмірмен байланыстыра алды, теориялық білімді практикада ұштастыра алды. | | | |

**Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды орта мектебінің**
**математика пәні мұғалімі Оган Өрнек**

**Сабақтың тақырыбы:** Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысы.
**Сабақтың мақсаты:**
*Білімділік:* Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысының формуласымен таныстырып, осы формуланы қолдану арқылы есептер шығаруды үйрету.
*Дамытушылық:* Арифметикалық прогрессия және геометриялық прогрессия бойынша білімдерін және есеп шығару дағдыларын дамыту.
*Тәрбиелік:* Сыйластыққа, ұжымдастыққа және біріздлікке тәрбиелеу
**Сабақтың типі:** дәстүрлі
**Сабақтың әдіс – тәсілдері:** сұрақ-жауап, дәріс
**Сабақтың түрі:** Жаңа тақырыпты таныстыру сабағы
**Сабақтың көрнекілігі:** Интерактивті тақта, слайдтар, үлестірмелер
**Сабақ барысы: I.Ұйымдастыру** (2мин.)
*Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру, сабаққа дайындықтарын бақылау*
*Жағдаят жасау (көңіл-күйге байланысты)*
**II. Үй тапсырмасын тексеру .**
*а)* Өткен сабақтарды қайталап, ережелер мен формулаларды жаттап келу тапсырылған
*б) Өткен сабақты қайталау :*
***Ауызша:* *1.* *Тізбек дегеніміз не? 2. Тізбектің берілу тәсілдері 3. Тізбектің түрлері***
*4.Арифметикалық прогрессия дегеніміз не? 5. Арифметикалық прогрессияның айырымы деп қандай санды айтамыз?*
***Сызба арқылы жұмыс.***

| ***Прогрессия*** | ***Арифметикалық*** | ***Геометриялық*** |
|---|---|---|
| ***Анықтамасы*** | | |
| ***Тұрақты сан*** | | |
| ***n-ші мүшесінің формуласы*** | | |
| ***Алғашқы n-мүшесінің қосындысы*** | | |

**III. Негізгі кезең Жаңа сабақты түсіндіру. Мысалдар келтіру. (10мин.)**
Балалар, біз сендермен өткен сабақта геометриялық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысын табу формуласымен танысқанбыз. Ал, бүгінгі сабақта сіздермен осы тақырыпты кеңейте қарастыра отырып, «Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысы » тақырыбымен танысамыз. Осы тақырыпты біліп, игеру барысында есептер шығаруды меңгереміз. Ол үшін, ең алдымен балалар төмендегідей мысалды қарастырайық. Ұзындығы 1-ге тең АВ кесіндісін координаталар (сандар) осіне салайық.

Енді B нүктесінен оң жаққа ұзындығы $\frac{1}{2}$ болатын $BB_1$ кесіндісін өлшеп салайық, яғни $BB_1=\frac{1}{2}AB$. Ал $B_1$ нүктесінен оң жаққа үшінші $B_1B_2=\frac{1}{4}MN$ кесіндісін салайық және осылайша ұзындығы алдыңғы кесінді ұзындығының жартысына тең кесінді салуды жалғастырсақ, онда AB; $BB_1$; $B_1B_2$; $B_2B_3$; $B_3B_4$; .. тізбегін аламыз. AB=1 екенін ескерсек, төмендегідей тізбек шығады:

$1;\ \frac{1}{2};\ \frac{1}{4};\ \frac{1}{8};\ \frac{1}{16};\ ...;\frac{1}{2^{n-1}};...$ Бұл бізде кемімелі геометриялық прогрессияға мысал болады.

Тізбектің еселігі $q=\frac{1}{2}:1=\frac{1}{2}$ -ге тең шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның құрайды.

2-мысал: $3;-1;\frac{1}{3};-\frac{1}{9};\frac{1}{27};...;3\cdot\left(-\frac{1}{3}\right)^{n-1};...\qquad \left(q=-\frac{1}{3}\right)$

Яғни, біздің қарастырып отырған екі мысалымызда да прогрессияның еселігі $|q|\prec 1$. Реттік нөмірі өскен сайын прогрессияның әрбір мүшесі нөлге жақындай береді. Мұндай геометриялық прогрессия шексіз кемімелі геометриялық прогрессия деп аталады.

**Анықтама:** *Еселігі $|q|\prec 1$ болатын геометриялық прогрессияны* ***шексіз кемімелі геометриялық прогрессия*** *деп атайды.*

Осы шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысын табу үшін өзіміз білетін геометриялық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысы формуласына түрлендірулер жасай отырып, негізгі қажетті формуланы қорытып шығаруға болады.

$S_n=\frac{b_1(1-q^n)}{1-q}\quad (q\neq 1)$ формуласының оң жағын түрлендірейік:

$$S_n=\frac{b_1(1-q^n)}{1-q}=\frac{b_1-b_1q^n}{1-q}=\frac{b_1}{1-q}-\frac{b_1}{1-q}q^n \qquad (q\neq 1)$$

Егер $|q|\prec 1$ *болса,* онда n-нің мәні шексіз өскен кезде $q^n$ шексіз кемиді, сондықтан $\frac{b_1q^n}{1-q}$ өрнегінің мәні 0-ге ұмтылады.

Демек, n шексіз өскен кезде $S_n$ қосындысы $\frac{b_1}{1-q}$ санына ұмтылады.

$\frac{b_1}{1-q}$ саны еселігі $|q|\prec 1$ *болатын* **шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысы** деп аталады. Бұл қосындыны S әрпімен белгілеп, мына формуланы аламыз:

$S_n=\frac{b_1}{1-q}$ **, мұндағы** $|q|\prec 1$. ***(***)***

**Мысалы: 1-мысал:** $b_1=3$, $q=\frac{1}{3}$ болғандағы шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысын табайық.

**Шешуі: (***)** формуланы қолданып, қосындыны есептейік:

$S_n=\frac{b_1}{1-q}\qquad S_n=\frac{3}{1-\frac{1}{3}}=\frac{3}{\frac{2}{3}}=\frac{9}{2}=4{,}5$ **Жауабы: 4,5**

**2-мысал:** 2; -1; $\frac{1}{2}$ ; ... түрінде берілген шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысын табайық.

**Шешуі: Б**ерілгені бойынша $b_1=2$ және $b_2=-1$, онда еселігі $q=-\frac{1}{2}$ **(***)** формуланы қолданып, қосындыны есептейік:

$S_n=\frac{b_1}{1-q}\qquad S_n=\frac{2}{1-\left(-\frac{1}{2}\right)}=\frac{2}{\frac{3}{2}}=\frac{4}{3}=1\frac{1}{3}$ **Жауабы:** $1\frac{1}{3}$

**3-мысал:** 0, (03) шексіз ондық периодты бөлшекті жай бөлшек түрінде жазайық. **Шешуі:** Алдымен 0,(03) санын қосынды түрінде жазып алайық:

Бұл еселігі 0,01 болатын шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысы $S=\frac{0,03}{1-0,01}=\frac{0,03}{0,99}=\frac{33}{99}=\frac{1}{33}$

**Жауабы**: $\frac{1}{33}$

**4-мысал** 0,2(54) шексіз ондық периодты бөлшекті жай бөлшек түрінде жазайық:
**Шешуі:** Алдымен 0,2(54) санын қосынды түрінде жазып алайық:
0,2(54)=0,2+0,054+0,00054+…
Алынған қосындыдағы 0,054+0,00054+0,0000054+... қосылғыштар еселігі 0,01 болатын шексіз кемімелі геометрилық прогрессияның мүшелері болып табылады.

$S_n=\frac{b_1}{1-q}$ **формула бойынша** $S_n=\frac{0,054}{1-0,01}=\frac{0,054}{0,99}=\frac{54}{990}=\frac{3}{55}$ **аламыз.**

Демек, $0,2(54)=0,2+\frac{3}{55}=\frac{14}{55}$ **Жауабы:** $\frac{14}{55}$

**Оқулықпен жұмыс (15 мин.)**

**№236 (а, б) в) Үлгі:** $1-\frac{3}{4}+\frac{9}{16}-\ldots$ **алдымен** түрлендіру жасап аламыз.

$1-\frac{3}{4}+\frac{9}{16}-\frac{27}{64}+\frac{81}{256}-\frac{243}{1024}+\ldots$ $\frac{1}{4}+\frac{9}{64}+\frac{81}{1024}+\ldots$ **b**$_1=\frac{1}{4}$ **b**$_2=\frac{9}{64}$ **q**$=\frac{9}{64}\cdot\frac{4}{1}=\frac{9}{16}$

$S=\frac{\frac{1}{4}}{1-\frac{9}{16}}=\frac{1}{4}\cdot\frac{16}{7}=\frac{4}{7}$ **Жауабы:** $\frac{4}{7}$

**№237 (ә)** $3;\ \frac{1}{3};\ \frac{1}{27};\ldots$ шексіз геометриялық прогрессияның барлық мүшесінің қосындысын тап

**Шешуі: b**$_1=3$; **b**$_2=\frac{1}{3}$ **q**$=\frac{1}{9}$ **S**$=\frac{\frac{1}{3}}{1-\frac{1}{9}}=\frac{\frac{1}{3}}{\frac{8}{9}}=\frac{1}{3}\cdot\frac{9}{8}=\frac{3}{8}$ **Жауабы:** $\frac{3}{8}$

**№239 (а, ә) а) 0,(6)** шексіз периодтық ондық бөлшекті жай бөлшек арқылы жазыңдар.
**Шешуі:** Алдымен **0,(6)** санын қосынды түрінде жазып алайық.
0,(6)=0,6+0,06+0,006+0,0006+… Бұл шексіз геометриялық прогрессия болады. Мұндағы,

$b_1=0,6$ $b_2=0,06$ $q=0,06:0,6=0,1$ $S=\frac{0,6}{1-0,1}=\frac{0,6}{0,9}=\frac{6}{9}=\frac{2}{3}$ **Жауабы:** $\frac{2}{3}$

**ә) Шешуі: 2,(13)** =2+0,13+0,0013+0,000013+... $b_1=0,13$ $b_2=0,0013$ $q=0,01$

$S=2+\frac{0,13}{1-0,01}=2+\frac{0,13}{0,99}=2\frac{13}{99}$ **Жауабы:** $2\frac{13}{99}$

**Логикалық сұрақ қойылады.**

**№240 (б,в) Қосындыны есептеңдер: б)** $1-x+x^2-x^3+x^4-x^5+\ldots(0\prec x\prec 1)$

**Шешуі:** Алдымен түрлендіру жасайық, ол үшін топтастырып, ортақ көбейткіштерін жақша сыртына шығарайық $(1-x)+x^2(1-x)+x^4(1-x)+\ldots$

Енді көріп отырғанымыздай қосындыны есептеу оңайырақ болады
$b_1=1-x$ $b_2=x^2(1-x)$ $q=x^2$

$S=\frac{1-x}{1-x^2}=\frac{(1-x)}{(1-x)(1+x)}=\frac{1}{1+x}$ **Жауабы:** $\frac{1}{1+x}$

**в)** $1-\frac{b}{a}+\frac{b^2}{a^2}-\frac{b^3}{a^3}+\ldots(|b|\prec|a|)$ $\left(1-\frac{b}{a}\right)+\frac{b^2}{a^2}\left(1-\frac{b}{a}\right)+\ldots$

b₁=$1-\dfrac{b}{a}$ q=$\dfrac{b^2}{a^2}$ S=$\dfrac{1-\dfrac{b}{a}}{1-\dfrac{b^2}{a^2}}=\dfrac{\dfrac{a-b}{a}}{\dfrac{a^2-b^2}{a^2}}=\dfrac{a-b}{a}\cdot\dfrac{a^2}{(a-b)(a+b)}=\dfrac{a}{a+b}$

**Жауабы:** $\dfrac{a}{a+b}$

**№241** **Берілгені:** S=32 $S_5$=31 $b_1$=?

$$S_5=\frac{b_1(1-q^5)}{1-q}=31$$

**Шешуі:**

$$S=\frac{b_1}{1-q}=32 \Rightarrow b_1=32(1-q)$$

$$\frac{32(1-q)(1-q^5)}{1-q}=31 \Rightarrow 32-32q^5=31 \Rightarrow 33q^5=1 \quad q=\frac{1}{2} \; b_1=32\left(1-\frac{1}{2}\right)=16$$

**Жауабы:** $b_1$=16

**Қосымша: №244 (а,ә) №245 (а,ә)**

**Сабақты бекіту: 1. Тақтадан кестені толтыру**

| $b_1$ | q | S |
|---|---|---|
| 1 | $\frac{3}{4}$ | |
| | $\frac{1}{2}$ | $2\frac{2}{3}$ |
| 2 | | 108 |

**Жауабы**:

| $b_1$ | q | S |
|---|---|---|
| 1 | $\frac{3}{4}$ | **4** |
| **2** | $\frac{1}{2}$ | $2\frac{2}{3}$ |
| 72 | $\frac{1}{3}$ | 108 |

**2. ОЖСБ есептерінен шағын тест**

1. Арифметикалық прогрессияның алғашқы сегіз мүшесінің қосындысын табыңыз: 2; 4; 6; …

A) 70 B) – 72 C) 73 D) 74 E) 72

2. $b_n=\frac{3\cdot 2^n}{5^n}-\frac{3}{5}+1$ формуласымен берілген геометриялық прогрессияның $b_1$ табыңыз

A) $1\frac{3}{5}$ B) $-1\frac{2}{5}$ C) $\frac{4}{25}$ D) $\frac{1}{5}$ E) $\frac{3}{5}$

3. Арифметикалық прогрессияның 23- мүшесін табыңыз: 1; 3; 5; …

A) 38 B) 30 C) 12 D) 45 E) -36

**4.** $b_n=\frac{3\cdot 2^n}{5^n}-\frac{13}{25}$ формуласымен берілген геометриялық прогрессияның $b_2$ табыңыз.

A) $1\frac{1}{12}$ B) $\frac{6}{25}$ C) $-\frac{12}{25}$ D) $\frac{14}{25}$ E) $-\frac{1}{25}$

5. -5;-1;… арифметикалық прогрессияның 15- мүшесін табыңыз
A) 50; B) 51; C) 58; D) 62; E)70.

6. {$b_n$}- геометриялық прогрессия. $S_6$ табыңыз, егер $b_1$= - 9; q=2
A) 155; B) 311; C) 529; D) -567; E) 534.

**7.** 8; 4; ... шексіз геометриялық прогрессияның қосындысын табыңыз
A) 8 B) 12 C) 15 D)255/16 E) 16

Жандарбек Мәлібеков ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Өзбекстанға еңбегі сіңген сәулетші. 1942 жылы Қызылорда обылысы Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келген. Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін бітірген. Ташкент қаласындағы ғылыми зерттеу жобалау институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі, жобалар жөніндегі бас сәулетшісі, қазір Астанада тұрады.
Шотаман Уәлиханов ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Қазақстанға еңбегі сіңген сәулетші, мемлекет сыйлығының иегері, белгілі қоғам қайраткері. 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында туған. Мәскеу архитектуралық институтын бітірген. «Қазақ қала құрылысын жобалау» институтының қызметкері.
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны2006 жылы өзгертілді. Әнұранның сөзін жазған Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев жазған.
Жұмекен Нәжімеденов 1935 жылы Атырау обылысы Теңіз ауданы Қошалық ауылында туған. 1959 жылы Қазақтың Құрманғазы атындағы консерваториясында оқып жүрген кезінде курстас досы Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» атты әніне сөз жазған. Бұл ән қазақ халқының ұлттық әнұранына айналып, күні бүгінге дейін ұрпақ санасын отаншылдық рухымен жаңғыртып келеді.
Әнұранның әнін Шәмші Қалдаяқов жазған. Шәмші Оңтүстік Қазақстан облысында Қызылқұм ауданында туған. Ол жас кезінен-ақ тамаша әндер шығара бастайды. Шәмшінің әндері ерекше жұмсақ. Оның әндері қазақ эстрада музыкасын байытты. Әлемдік музыкада Штраус, Шопеннің вальстері қандай орын алса, Шәмшінің вальстері да сондай әсем.
IV. Қортындылау   Сендер бүгінгі сабақтан не алдыңдар ?
Қазақстан Республикасының рәміздері қашан бекітілді ?  Тудың авторы кім ?  Ту неліктен көк түсті ?
Туда нелер бейнеленген ?  Елтаңбаның авторлары кімдер ?  Елтаңбада нелер бейнеленген ?
Әнұранның сөзін жазған кімдер ?   Әнұранның әнін жазған кім?
**V. Бекіту** Сендер бүгінгі сабақтан кейінҚазақстан Республикасының  рәміздері туралы көп мәлімет алдыңдар деп ойлаймын. Келешекте Қазақстан Республикасының патриоты болып, Қазақстанда тұратынымызды , Қазақстан Республикасының рәміздерін мақтан ететіңдеріңді сенімдімін.
**Үйге тапсырма**:Өлеңдерді мәнерлеп оқып, үзінді жаттау.
**Бағалау**

---

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Алатау батыр ауылы,**
**№3 «Қазақстан» бастауыш мектебінің**
**еңбек пәні мұғалімі Рысбаева Рано Мырзалиевна**

**Сабақ тақырыбы:** «Өзбек халқының киім үлгілері»
**Сабақтың мақсаты:**
- Оқушыларға өзбек халқы, өзбек халқының киім үлгілері туралы түсінік беру, жұмыстың орындалу тәсілін үйрету.
- Оқушылардың өнерге деген құштарлығын, шығармашылық қабілеттерін, көркемдік шеберлігін дамыту.
- Оқушыларды ұқыптылыққа, үнемділікке, талғамдылыққа, іскерлікке, өзге ұлтты сыйлауға тәрбиелеу.

**Еңбек нысаны:** Тақия жасау.
**Материалы:** Түрлі – түсті қағаз.
**Сабақтың көрнекілігі:** Суреттер, қағаздан жасалған қуыршақтар, буклеттер.
**Сабақтың түрі:** дәстүрлі, топпен жұмыс.
**Сабақтың өткізілу әдісі:** әгімелеу, түсіндіру, сұрақ жауап.
**Пәнаралық байланыс:** бейнелеу, ана – тілі, орыс – тілі.
**Сабақ барысы:**
**26 Ұйымдастыру кезеңі.**
**а) Психологиялық ахуал.**
Құстар, құстар келеді
Жерді шуға бөледі
Көктем келді деп бізге
Жақсы хабар береді.
**27 Қызығушылықты ояту.**
- «Сөз ойла, тез ойла» ойыны арқылы топқа бөліну.

Тақтаға шашылған әріптерден сөз, сөз тіркесін құрастыру.
**1 – топ:** ЗҚАҚАТСАН – ҚАЗАҚСТАН
**2 – топ:** ПӨКТТҰЛЫ – КӨП ҰЛТТЫ
**3 – топ:** МЕЛКЕТМЕ – МЕМЛЕКЕТ

- Сөздерден сөйлем құрау

**ҚАЗАҚСТАН – КӨП ҰЛТТЫ МЕМЛЕКЕТ.**

- Сөйлемнің мағынасын ашу. (Оқушылардың ойын тыңдау, жауаптарын толықтыру).

**Үй тапсырмасын тексеру.**

- Украйна халқының ұлттық киімінің басқа халықтар киімінен қандай ерекшелігі бар?
- Украйна халқының киімдері неше түрге бөлінеді?
- Украйна халқының сендерге ұнады ма? Несімен ұнады?

**«Сәйкестігін тап» ойыны.**

Әр суреттің артында сан тұрады. Оқушылар сол санда тұрған киім қай ұлттық киімі екнін анықтау керек. Мысалы:

Украйн – 4 – 1топ Орыс – ? 1 – 2 топ

Қазақ – ? 3 – 3топ Өзбек – ? 2

- Сәйкестіксіз қалған киім қай ұлттық киімі деп ойлайсыздар?
- Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Өзбек халқының ұлттық киімдері».

Енді әр топ өзі суреттегі ұлт өкілдерінің ұлттық киімдері мәлімет беру.

Топтар бір – бірін тест әдісі бойынша бағалау.

**Ой қозғау.**

Балалар, біз күнделікті өмірде ана тілімізден басқа қатынас ретінде орыс тілінде көп пайдаланамыз және күнделікті сабағымызда ағылшын, орыс тілдерін үйреніп жатырмыз.

Қазір көктем мезгілі. Осы көктем мезгілінің ең алғашқы мерекесі – Аналар мейрамы. Осы мейрамға қатысты орыс тілінде бір шумақ өлең оқып өтейік.

Поздравляю с 8 марта
И в весенный этот денъ
Я желаю болъше с частъе
И улыбок всех людей.

- Біздің еліміз көп ұлтты және сол ұлт өкілдерімен тату – тәтті араласып өмір сүріп келеміз. Біздің еліміз Қырғыз, Ресей, Қытай, Өзбекстан мемлекеттерімен шекаралас. Біздің елімізде өзбек ұлт өкілдері көптеп кездеседі. Олар еліміздің оңтүстік өңірінде көптеп кездеседі. Өзбек халқының мерекелері, әні, биі бізге өте жақсы таныс.

**Сергіту сәті – Өзбек биі.**

**IV. Жаңа сабақ:** Біз жаңа үй тапсырмасын қорытындылау арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашып алдық. Сонымен бүгінгі жаңа сабағымыз.

Өзбек халқының ұлттық киім үлгілері.

Өзбекстан бізбен көршілес мемлекетіміздің бірі. Астанасы – Ташкент. Призденті – Ислам Каримов Мемлекеттік тілі – өзбек тілі, бірақ әліпбай Латын әріпімен таңбаланады. Өзбекстанның, Букара, Самарханд, Ферғана, Гулстан секілді керемет әдемі қалалары бар. Мәдениетімен өркениеті дамыған музыкалық аспаптарымен ән айтып, би билегенді ұнатады. Музыкалық аспаптарына Сырнай мен керней, дайра жатады. Сырнаймен кермей үрмелі аспаптары. Ерте заманда керней әскери аспап болған. Үнді хандармен әскерлердің шеруін сүйемелдеп жүрген. Ұзындығы
2 метрден асады. Дайра өзбектің соқпалы аспабы. Аспаптың үні таза шығу үшін ойнар алдында күнге немесе отқа қыздырып алған. Ұлттық тағамдары сорпа, самса, палау. Ал ұлттық киімдері өте әдемі, сары түспен жылтырақ араласқан зермен кестеленген киімдері өте тартымды келеді.

- Өзбек халқының ұлттық киімдері туралы әңгіелеу.

Әйелдер – шам матадан тігілген көйлек, шапан киеді.

Ерлер – шапан, жейде, шалбар, белбеу.

Бас киім әйелдерде – орамал, тақия.

Ерлерде – тақия, жүн қалпақ.

**IV. Оқулықпен жұмыс.**

I – топ: Мәтінді оқыту.

II – топ: Мәтінде не туралы айтылғанын сұрау.

III – топ: Қандай өрнектерді пайдаланады екен?

Мұғалімнің түткі сұрағы – Бұрыш, мендалъ өрнектері нені білдіреді?

**V. Практикалық кезең.**

Қауіпсіздік ережесі.

Тақия үлгісін жасап көрсету.

3 – топқа тақия жасату.

Әр кезең сайын оқушыларды әр ұлттың бас киімінің суреті арқылы бағалап отыру.

**VI «Кім жылдам» ойыны.**

Әр топқа 2 қуыршақ макетін беріп, өзбек халқының ұлттық киімін жасап, қуыршақ –
тарын киіндіру тапсырылады. Топтағы әр балаға жеке жұмыс беріледі.

1 – оқушы: Қыздың көйлегін жасайды.
2 – оқушы: Қыздың шалбарын жасайды.
3 – оқушы: Қыздың тақиясы мен аяқ киімін жасайды.
4 – оқушы: Ұлдың шапанын жасайды.
5 – оқушы: Ұлдың шалбарын жасайды.
6 – оқушы: Ұлдың тақиясы мен аяқ киімін жасайды.

**VII. Мақал – мәтелдер сайысы. Әр топ достық туралы мақал – мәтел айтып өтеді.**

**1 – топ:** Дос басыңа қарайды

Дұшпан аяғыңа қарайды.

Дұшпан күлдіріп айтады
Дос жылатып айтады.

Жүз теңгең болғанша
Жүз досың болсын.

**2 – топ:** Күлме досыңа, келер басыңа

Жаңа досың келгенде,
Ескідостың көзіненижас шығады.

Мал көтерер өлімді
Дос көтерер көңілді.

**3 – топ:** Дос сыртыңнан мақтар
Дұшпан көзіңе мақтар.

Досы көпті жау алмайды
Ақылы көпті дау алмайды.

Досың дос болғанша шаттан
Дұшпанмен дос болудан сақтан.

**VIII. Шығармашылық жұмыс.**
**1 – топ:** «Достық» туралы өлең шығару.
**2 – топ:** «Достық» туралы эссе жазу.
**3 – топ:** Сөзжұмбақ шешу.
**IX. Репикция.**
Әр топ бір – бірінің жұмысын талдау жасап баға береді.
3 – топтың оқушыларын ұйымдастыра қорытынды жасап бағалаймын.
Венн диаграммасын құру арқылы сабақты қорытындылау.
Үздік топқа кәдесый жасау.
**Үйге тапсырма:** Өзбек халқының ұлттық ойындары туралы мәлімет жинау.

---

## ТҮЗУЛЕРДІҢ ПАРАЛЛЕЛЬДІК БЕЛГІСІ

**Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,**
**Қармақшы аграрлы-техникалық колледжі,**
**Утепова Лаззат Алтынбековна математика пәнінің мұғалімі,**
**педагогикалық өтілі 6 жыл**

**Сабақтың тақырыбы:** Түзулердің параллельдік белгісі
**Сабақтың мақсаты:**
**А) Білімділік:** Түзулердің кеңістіктегі параллельдік белгісімен таныстыру, оны есептер шығаруда тиімді қолдану.
**Ә) Дамытушылық:** Оқушылардың ойлау қабілетін, теорияны іс жүзінде қолдана білуін дамыту.Шығармашылық қабілетін жүзеге асыру,танымдық дағдыларын дамыту.
**Б) Тәрбиелік:** Оқушыларды ізденімпаздыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу
**Сабақтың типі:** Жаңа сабақ
**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ
**Сабақтың әдістері:** Математикалық диктант,жұптық жұмыс, практикалық жұмыс, тест тапсырмалары, «БББ» әдісі.
**Сабақтың көрнекілігі:** Интерактивті тақта, бағалау парағы.

### Сабақтың барысы

**І.Ұйымдастыру әдісі**
-Оқушылармен сәлемдесу;
-Назарларын сабаққа аудару.
**ІІ. Үй тапсырмасын сұрау**

«Математикалық диктант»:

1. Кеңістікте **екі нүкте** арқылы бір ғана түзу жүргізуге болады.
2. Бір түзуде жатпайтын **үш нүкте** арқылы бір ғана жазықтық жүргізуге болады.
3. Егер екі жазықтықтың **ортақ нүктесі** бар болса, онда олар түзу бойымен қиылысады.
4. Бір жазықтықта жатпайтын ең болмағанда **төрт нүкте** бар болады.
5. Кеңістіктегі кез келген **жазықтықта** планиметрия аксиомалары орындалады.
6. Кеңістіктегі бір жазықтықта жатпайтын екі түзу **айқас түзулер** деп аталады.
7. Бір жазықтықта жататын және өзара қиылыспайтын екі түзу **параллель түзулер** деп аталады.
8. Тек бір ғана ортақ нүктесі бар екі түзу **қиылысқан түзулер** деп аталады.

**III. Жаңа сабаққа дайындық**
1.Кеңістіктегі екі түзу қалай орналасуы мүмкін?
2. Параллель түзулер мен айқас түзулердің ұқсастығы неде? Ал айырмашылығы?
**IY.Жаңа сабақ**
**5-теорема. Егер екі түзудің әрқайсысы үшінші бір түзуге параллель болса, онда бұл екі түзу өзара параллель болады.**

**Д ә л е л д е у.** b‖a, c‖a болсын(12, а-сурет). b мен с түзулері де параллель екенін дәлелдейік. Яғни, анықтамаға сәйкес:
1. b мен с бір жазықтықта жататынын;
2. b мен с түзулері қиылыспайтынын дәлелдеуіміз керек.

Түзулер бір жазықтықта жатпайды деп есептейік. деп а мен b түзулері жатқан жазықтықты, ал деп а мен с түзулері жатқан жазықтықты белгілейміз.

мен жазықтықтары әр түрлі (12, ә-сурет). b түзуінің бойынан қандай да бір В нүктесін белгілеп, с түзуі мен В нүктесі арқылы жазықтығын жүргіземіз. Ол жазықтығын $b_1$ түзуі бойымен қиып өтеді (12, ә-сурет).

$b_1$ түзуі жазықтығында жатады және а түзуін қимайды, ол а-ға параллель, демек, ол параллельдер аксиомасы бойынша b түзуімен беттеседі. Сонымен, b түзуі $b_1$ түзуімен беттесе отырып, с түзуімен бір жазықтықта (жазықтығында) жатады және оны қимайды, Демек, b және с түзулері параллель. Теорема дәлелденді.

**Y. Сабақты бекіту. Дайын сызба бойынша есептер шығару**

Интерактивті тақтада №21-25 есептердің сызбасын корсете отырып орындату

**YI. Қорытындылау**

**Тест тапсырмалары**

21. «Геометрия» сөзінің мағынасы
а) денені өлшеу ә) кеңістікті өлшеу
б) жазықтықты өлшеу **в) жерді өлшеу**
2. Дәлелдеусіз қабылданатын тұжырым
а) теорема **ә) аксиома** б) анықтама в) салдар
3. Дәлелдеуді қажет ететін тұжырым
**а) теорем** ә) аксиома б) анықтама в) Салдар
4. Геометрияның негізгі ұғымдары
а) нүкте ә) аксиома
**б) нүкте, түзу, жазықтық** в) теорема
5.Геометрияның негізгі салалары
**а) планиметрия, стереометрия** ә) аксиома, теорема
б) нүкте, түзу, жазықтық в) теорема, салдар

***«БББ» кестесін толтыру***

| Білемін | Білдім | Білгім келеді |
|---|---|---|
| | | |

**YII. Бағалау** ( критерий арқылы бағалау).

| № | Оқушылардың аты-жөні | Үй тапсыр-масын тексеру (8 балдық жүйе) | Жаңа сабаққа даярлық (1 балл) | Жаңа сабақты бекіту (1 балл) | Тест тапсыр-масы (5 балл) | Қоры-тынды балл | бағасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Қорытынды балл **«5»** -15-10 балл **«4»** - 9-6 балл **«3»-** 5-3 балл
**YIII.Үйге тапсырма** §5.Теореманы қайталау, №26 есеп

**Атырау облысы Қызылқоға ауданы Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебі**
**Теміршиева Айнұр Келдібайқызы Технология пәні мұғалімі**

**Сабақтың тақырыбы:** Ұлттық тағамдар: жент, қымыз, шұбат, айран. Сыныбы:6
**Сабақтың мақсаты:**
**Білімділігі:** Қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімдерін кеңейту, алған білімін тексеру, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге дағдыландыру;
**Дамытушылығы:** Қазақтың ұлттық тағам түрлерін жасай білуін және аспаздық қабілетін дамыту;
**Тәрбиелігі:** Қазақтың ұлттық тұрмыстық мәдениетінің ізгілікті рухын сезіндіру;
**Сабақтың әдісі:** баяндау, сарамандық жұмыс, сұрақ- жауап **Сабақтың түрі:** аралас сабақ
**Жаңа технология:** «Сын тұрғысынан ойлау»
**Сабақтың көрнекілігі:** ұлттық тағамдардан көрме, суреттер, интерактивті тақта, карточка.
**Сабақтың барысы:**
**І. Ұйымдастыру кезеңі**
а) Оқушылармен сәлемдесу.
ә) Оқушыларды түгендеу.
б) Оқу - құралдарын тексеру.
**Психологиялық тренинг**
Оқушылар бір – бірінің қолын ұстап, көздерін жұмып, іштей жақсы тілек тілейді.
**ІІ. Үй тапсырмасын сұрау.** *Топтастыру*




**Тест жұмысы. Сүт және сүт өнімдері**
1. Сиыр сүтінен қандай тағамдар алынады?
а) айран, шұбат, құрт
б) май, айран, қаймақ
в) шалап, қымыз, қатық
2. Лактоза дегеніміз не?
а) сүттің қанты
б) сүттің майы
в) сүттің минериалды заты
3. Өкпе ауруына шалдыққан адамдарды қай малдың сүтімен емдейді.
а) сиырдың сүтімен
б) ешкінің сүтімен
в) түйенің сүтімен
4. Сүттің құрамында адамның организіміне қажетті тағамдық заттар?
а) крахмалдар
б) белоктар
в) минералды қышқылдар
5. Тамақпен бірге сүт ішкенде, басқа тағамдардың құрамында қандай тұздар жақсы сіңеді.
а) дәрумендер
б) кальций
в) белок
6. Сүттің ең бағалысы
а) айран
б) жаңа сауылған сүт
в) қымыз
7. Сүзбе қандай тағамға жатады?
а) нәзік, қоймалжын, тез бұзылады
б) құнарлы азық
в) құрамында 72,5-82,5% сүт
8. Ана сүтімен тең бүйрек, ас қорытуға қажетті сүт.
а) түйе
б) қоймалжын сүт
в) ешкі сүті
9. Сүт өнімдерін ата
а) ірімшік, құрт, макарон, сұлы
б) қаймақ, сарысу, сая, жүгері
в) құрт, айран, қамыз, шұбат
10. Қой сүті қандай ауруға ем?

а) асқазан ауруына
б) өкпе ауруына
в) бүйрек ауруына
*Тест жауаптары:*
1 б)  2а)  3 в)  4 б)  5) б   6 б)  7 а)  8 в)  9 в)  10 а)

**III. Жаңа сабақ .**

Жаңа сабағымызды бастамас бұрын сіздерге жұмбақтар, сұрақтар қою арқылы бүгінгі сабағымыздың тақырыбын ашамыз.

17. Шәкіртке жанашыр,
Мейірман кім, жаны асыл (ұстаз)
18. Үстіне тігіп көк шатыр,
Астында қызыл дәу жатыр (қызылша)
19. Құрт неден жасалынады? (сүттен)
20. Қабат, қабат қаттама
Ақылың болса аттама (кітап)
21. Қазақ халқы сыйлы қонақтарға не тартады? (малдың басы)
22. Жасыл ала дөңгелек,
Бақшада жатыр дөңгелеп (қарбыз)
23. Қымыз ненің сүті? (биенің сүті)
24. Үсті тас, асты тас
Ортасында піскен ас (нан)
25. Торы тай
Табанында төрт ай (таға)
26. Ызақор бұғып жатыр
Сақалы шығып жатыр (жуа)
27. Бір жыланды таяққа іліп алдым
Ерге қана, пайдасын біліп алдым (қамшы)

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | **Ұ** | с | т | а | З | | |
| | | | | қ | ы | з | ы | **Л** | ш | а | | | | |
| | | | | | | с | ү | **Т** | т | е | н | | | |
| | | | | | | к | і | **Т** | а | п | | | | |
| | | | | М | а | л | д | **Ы** | ң | б | а | с | ы | Н |
| | | | | | | | | **Қ** | а | р | б | ы | з | |
| б | и | е | н | і | ң | с | ү | **Т** | і | | | | | |
| | | | | | | | н | **А** | Н | | | | | |
| | | | | | | т | А | **Ғ** | а | | | | | |
| | | | | | | ж | у | **А** | | | | | | |
| | | | | | | қ | А | **М** | ш | ы | | | | |

Қазақ - өте қонақжай халық, ол ұрпақтан- ұрпаққа жалғасуда. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған, әрі қастерлей білген. Қазақ халқы үшін дастарқаннан, дәмнен үлкен нәрсе жоқ.












Бұл тағамдардың бәрін ысырап етпей пайдалан білген.

**Жент (қоспа)** – ас қадірлі дастарқан дәмі. Ол қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын дәнді тағам . Жент былғау шеберлікті талап етеді. Ақталған тарыны келіге түйіп ұнтақтайды. Оған құмшекер, ұнтақталған ірімшік салып араластырады. Жылқы май болмағанда, сары майға былғаса да болады. Жент көбінесе соғым сойған кезде әзірленеді.

**Айран** - ұйытылған сүт. Оны каймағы алынған сүттен де, каймағы алынбаған сүттен де ұйытуға болады. Ол үшін сүтті 5-10 минут қайнатып, қанжылым қалыпқа түскенше суытады. Содан соң ұйытқы (ашытқы) қосып араластырады да, ыдысты жақсылап бүркеп тастайды. Ол 1–2 сағат аралығында ұйып болады. Ұйыған айран ашып кетпеуі үшін оны бетін ашып салқын жерге қояды. Айранды сусын ретінде, тағам ретінде де пайдалануға болады.

**Шұбат** - түйе сүтінен ашытылады. Шұбаттың құрамындағы май (8-9%), белок (3,5%), кейбір минералды тұздар мен дәрумендер ($B_1$,$B_2$,C) айрандағыдан едәуір көп. Түйенің сүті жылқының сүтінен майлы, сондықтан адам бір мезгіл ас орнына түйенің шұбатын ішіп те қанағаттанады.

**Қымыз** – биенің сүтінен дайындалатын денсаулыққа шипалы әрі жұғымды сусын. Қымыз қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Сары қымыз дертке шипа, денеге күш. Қымыз негізінен жылқы терісінен тігіліп, әбден – тобылғы түтінінің ысы сіңген сабада не болмаса ағаш күбіде ашытылады. Қымыздың ашытқысы «Қор» деп аталады.

**Бейне фильм:**Қазақтың ұлттық тағамдары,жасалуы,пайдасы туралы
(қымыз ,сүттен жасалатын тағам түрлері)

**IY Сарамандық жұмыс.** (сүзбе, айран жасау)

**Y. Жұмыс жасаған кезде ережені сақтау**

**YI. Сергіту сәті.** Ұлттық тағамға қатысты (тыйымдар мен ырымдар)

7. Нанды басуға болмайды.
8. Нанды бір қолмен үзіп алып жеуге болмайды.
9. Нанға пышақ шаншуға болмайды.
10. Дастарқанды пышақпен қыруға болмайды.
11. Тамақты сораптап ішуге болмайды.
12. Асты жерге төгуге болмайды.
13. Суды қарызға беруге болмайды.
14. Әкесі тірі адамға бас ұстауға болмайды.
15. Ожаумен итке ас құюға болмайды.
16. Дастарқан басында керілуге болмайды.

**17.** Дастарқанды басуға болмайды.

**ҮІІ. Пысықтау .** Сөз айналымы **«Сөз ойла, тез ойла».** Сөйлемді толықтырыңдар және аяқтаңдар.

**6-** Қаза ... та ұлт... ық та .... амдары ал ... ан түрлі
**7-** Дастар... андағы д .. м, т ... ғамнан а ... ыз тимей ке ... уге, бол ... айды.
**8-** Тама... і...уге шақыр ... анда, тама ... ты к... п күтт ...руге бол ... айды.
**9-** Қазақ ... а дастарқ ... ннан, дә ...нен үл ... ен нәрсе ж... қ.
**10-** Ет тағ ... дары: шұ ...ық, жа ..., қа ....ы, қуыр ...ақ, бұ ...ы.
**11-** Сүт тағам... ары: ай ...ан, қым ...з, шұба ...., май, құ... т.
**12-** Нан тағамдары: таба н...н, бауыр ... ақ, сам .. са, бәл ...ш.

**ҮІІІ. Сабақты қорытындылау**

**«Ой түйін»** сұрақ – жауап.

1. Ұлттық тағамдарды ата?
2. Ет тағамдарын атаңдар?
3. Сүт тағамдарын атаңдар?
4. Нан тағамдарын атаңдар?
5. Жылқы, сиыр, түйе не береді?

**Рефлекция.** «Екі жұлдыз, бір ұсыныс».Оқушылар өздерінің бүгінгі сабақтағы көңіл күйін смайликтер арқылы көрсетеді.

**Үйге тапсырма.** Ұлттық тағамдар: жент, қымыз, шұбат, айран туралы түсінік айту.

.Үйден ас туралы үш мақал жазып келу.

**Бағалау.**

| Р/с | Оқушының аты – жөні | Үй тап-сы тест | Сарамандық жұмыс | Салыстыра сипаттау | Сұрақ-жауап | Қорытынды | Бағалау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | |

Жұмыс орнын жинау.

---



*Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы*
*«№132 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ*
*Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі*
*Шотанова Гүлнур Амзеевна*

**Коучинг- сессия жоспары**

**Тақырыбы:** ***«Оқытуды басқару және көшбасшылық»***

**Мақсаты:** Көшбасшылық туралы ұғым қалыптастырып, оның маңыздылығына көз жеткізе отырып,
мұғалімдерді оқушылардың бойындағы көшбасшылық қабілетін дамытуға бағыттау.

**Күтілетін нәтиже:** Әр мұғалім көшбасшы ұғымын зерделейді. Тәжірибесінде қолданады. Оқушыларды көшбасшы болуға бағыттайды.

| № | Уақыты | Атқарылатын жұмыс | Ресурстар | Бағалау | Мұғалімнің іс-әрекеті | Коучердің іс -әрекеті |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 12.00-12.07 | Амандасу<br>Топқа бөлу | Әр қатысушы өзінің көңіл күйін смайлингтер арқылы көрсетеді.<br>Суреттер арқылы топқа бөлінеді<br>B-<br>C-<br>D-<br>S -<br>P- | | Топқа бөлінеді<br><br>Топтар біріге отырып «Алтын ереже» құрастырады | Қатысушыларды қарсы алады.<br>Топқа бөлінуді ұйымдастырады. |
| 2 | 12.07-12.10 | Психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында сергіту сәтін өткізу | «Мен кіммін?» | | Тапсырма парақшасын толтырады | Топқа тапсырмалар таратады |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 12.10-12.20 | Миға шабуыл | Постер, түрлі-түсті маркерлер | Формативті бағалау «Басбармақ» | Проблемалық сұрақтарға жауап береді, өз ойларын ортаға салып айтады. *Әр топ өзінің постерлерін қорғайды.* | Сұрақ қою:<br>1.Көшбасшы дегеніміз кім?<br>2.Оқытуды басқаруда көшбасшы рөлі қандай?<br>3.Көшбасшы оқыту сапасын арттыруда қандай әрекет етеді?<br>4. Әр тұлға өзін көшбасшылыққа жеткізе ала ма?<br>5. Көшбасшы ол ... |
| 4. | 12.20-12.30 | Бейнежазба көрсету «Күш бірлікте» | Бейнежазба «Топ ішіндегі көшбасшының рөлі» | | 1.Тыңдаушы<br>2.Өз ойларын ортаға салады | 1.Көрсетуші<br>2.Тыңдайды<br>3. Көшбасшы деген кім? түсіндіріп, ой бөліседі.<br>***Түсінік беремін*** |
| 5. | 12.30-12.32 | Сергіту сәті Макарена биі | Үнтаспа | Қол шапалақтау | Музыка ырғағымен коучердің көрсеткен іс-әрекетін шатаспай қайталау | Қимыл іс-әрекеттерді көрсету |
| 6. | 12.27-12.45 | Топпен жұмыс<br>1. Іскер көшбасшы<br>2. Эмоционалды көшбасшы<br>3. Өктемшіл көшбасшы<br>4. Сыйласымдық (демократияшыл) көшбасшы<br>5. Оқытудағы көшбасшы мұғалімнің моделі<br><br>Топқа берілген тапсырма орындалады | | Қол шапалақтау арқылы бағаланады | Топта талқылап,тапсырманы орындайды.<br>1- топтық көрініс<br>2- топтық көрініс<br>3- топтық көрініс<br>4- топтық көрініс....<br>5- топтық көрініс<br><br>Топтар өз көріністерін көрсетеді. | Тақырып бойынша тапсырмалар береді. Бақылайды |
| 7. | 12.45-12.47 | Бекіту | Тұсаукесер | | Сөйлемді аяқтау | Бақылайды |
| 8. | 12.47-13.00 | Рефлексия «Екі жұлдыз бір тілек» | Стикерлер | | Чемодан- келешекте бәрі керек<br>Еттартқыш-ақпаратты өңдеймін<br>Себет-бәрін лақтырамын<br>деп, парақшаларын суреттің тұсына жапсырады | Парақшаларды ұсынады, мұғалімдерге рахмет айтады |

**Бастауыш сынып оқушыларын сыни тұрғыдан ойлауға үйрету**

**ОҚО Шымкент қаласы Таскен т.а. №103 жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Турсунжанова Ляззат**



«Шәкірт-шәкірт емес, -Ұстазын ол сүймесе,
Ұстаз- ұстаз емес, Шәкірті үшін күймесе»-деп ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин айтқандай, өз ісін жетік білетін, үнемі ізденісте жүретін, мәдениетті ұстаз ел болашағының тізгінін ұстайтын қазіргі жас бүлдіршіндердің жүрегіне жол тапқанда ғана білім жетістіктеріне жететіні сөзсіз. Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы – бастауыш саты. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы да осы бастауыштан басталмақ. Бастауыш сынып оқушыларының ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дүниетанымын кеңейтетін –ұстаз шеберлігі.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамызға белгілі. Осы орайда, Кембридж бағдарламасының 2-модулі оқушыларды сыни тұрғыдан ойлау- оқушыларды жоғары ойлау, сынай ойлау деңгейіне жеткізеді. Бастауыш сынып оқушысы жаңалыққа жаны құмар, білмегенін білгісі келіп тұрады. Осы курс бойында үйренгенімді өз тәжірибемде қолданып, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылардың білімге деген сенімін нығайтып, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастырдым, ынтасын арттырдым. Сабақтағы басты өзгеріс- оқушылардың жаппай тілдік әрекетке түсуі. Оқушылардың ойлау деңгейі әлдеқайда жоғарылады. Әр тақырыптың идеясын оқушылардың өздерінің ашуы, кейіпкерге айналу, кейіпкермен бірге қуану сабақта жағымды эмоция, әсер қалдыратындай жағдайға жетті.

Әсіресе топтық жұмыстарда балалардың жандары жақындасып, бірге жасаған істерінің нәтижесін көру, оларды жоғары эмоциональдық жағдайға әкелетіндігі байқалды. Сабақта өздерін еркін ұстап, білім алуға деген құштарлықтары мен қызығушылықтары артты. Алған білімін кеңейту үшін өздігінен оқып, топта , жұпта жұмыс жасауға қалыптаса бастады.

Кембридж оқыту бағдарламасы бойынша оқушыларды сыни тұрғыда ойлауға үйрету ең негізгі ойды бүкіл ақпарат ішінен саралап, жинақтап меңгертуде көп көмегін тигізетіні сөзсіз.

Келешекте сындарлы оқытуды өз сабақтарыма қолдана отырып, тиянақты жұмыс жүргізгім келеді. Жеті модуль арқылы барлық оқушыны сабаққа ынталандыруда, өз ойларын ашық айта отырып белсенділіктерін арттыруда пайдасы көп екендігіне көз жеткіздім.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сынып\мерзімі | 22.10.2013 | | |
| Сабақтың тақырыбы: | «Араша» Қастек Баянбаев | | |
| Жалпы мақсаты: | 1.Оқушыларды Қастек Баянбаевтың өмірбаянымен, “Араша” мысалымен таныстыру, жеке қабілеті мен белсенділігіне сүйене отырып, мысалдағы түйінді ойды ашуға жағдай жасау.<br>2. Байланыстырып сөйлеу, шығармашылықпен жұмыс істеу, ойлау, іздену қабілетін дамыту.<br>3. Өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. Өзара құрмет сезімін тудыру. Басқаның пікірін сыйлауға, сөзін бөлмеуге, бірлікке тәрбиелеу. | | |
| Күтілетін нәтижелер: | Автордың өмірбаянымен, шығармасымен танысты.Топтық тапсырмаларды орындау арқылы білімді өз беттерімен игеруді, деңгейлік тапсырмаларды орындауды үйренді. | | |
| Сабақ әдісі: | Топпен жұмыс, Ой қозғау, диалог, топтастыру, СТО стратегиялары, «Галереяға саяхат» | | |
| Тапсырмалар: | Топтық және жұптық жұмыс, деңгейлік тапсырмалар | | |
| Керекті жабдықтар: | Акт, автор суреті , жануарлардың суреттері, бағалау парақшалары | | |
| Уақыты | Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті |
| 2 мин | Кіріспе<br>Сыныпты ұйымдастыру | «Шаттық шеңбері» | Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады. Үй және тұрғындар» ойыны бойынша топқа бөлініп отырады. |
| 5-мин<br><br><br><br>4-мин<br><br>8-мин<br><br><br><br><br>5-мин<br><br>2-мин<br><br><br>10-мин | Негізгі бөлім<br>Ой шақыру<br><br>Ой қозғау<br>АКТ<br>Оқулықпен жұмыс Джиксо әдісі<br>Дәптермен жұмыс<br>Сергіту сәті<br><br>«Галереяға саяхат»<br><br>Деңгейлік тапсырма | Үй тапсырмасы бойынша сұрақтарды әр топ бір-біріне қояды.<br>Интерактивті тақтадан ребус көрсетіледі.<br>Автор туралы түсінік беру<br><br>Оқушыларға оқулықтағы мәтінді оқуға береді.<br>Мінездеме жазу<br>Интерактивті тақтадан музыкалық би қимылдарын көрсетеді.<br>Суреттерді ретімен орналастыру арқылы постер жасау<br>1..Мысалдағы түйінді ойды тауып жаз | Сұрақтарға жауап береді.<br>Диалог, сұрақ-жауап орнайды.<br>Оқушылар ребусты шешеді.<br>Жауабынан жаңа сабақтың тақырыбын табады.<br>Тыңдайды, презентация арқылы көріп, қабылдайды, есте сақтайды.<br>Мәтінді оқып, топта талқылайды.<br>Дәптерге өзіне ұнаған кейіпкерге мінездеме жазып, бір-бірінің дәптерін тексереді. Топта талқыланып, үздік жұмысты оқиды.<br>Оқушылар қарап, іс – қимылдарды қайталайды<br>Суреттерді ретімен орналастыру арқылы постер жасап, қорғайды.<br>Деңгейлік тапсырмаларды орындайды А-1 деңгей В-2 деңгей |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2.Мысалға жоспар құрып жаз<br>3. 5 жолды өлең жаз | С-3 деңгей |
| 5-мин | Қорытынды Эссе жазу 5 мин<br>«Егер маған біреу жала жапса..»<br>Үйге тапсырма | 5 минуттық эссе жазуға тапсырма береді<br><br>Рөлге бөліп, мәнерлеп оқып келу | өз бетінше 5 минуттық эссе жазады. Топта талқылап, үздік шығарма оқиды.<br><br>Күнделігіне жазып алады. |
| 2-мин | Бағалау | Алгоритмдік бағалау | Бірін-бірі бағалайды. |
| 2-мин | Рефлексия | Стикер тарату | Не білдім ? Не білгім келеді ? |

**Сагадиева Бакытгул Лебековна Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**
**Алматы облысы, Қарасай ауданы «Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп» КММ**

Сабақтың тақырыбы: **Сан есімнен өткенді қайталау**

Сабақтың мақсаты: *Сан есімнен өткенді қайталау, сыни тұрғыдан ойлауға арналған тапсырмалар орындату арқылы оқушылардың шығармашылығын дамыту.*

Сабақтың міндеттері: *1. Сан есімге қатысты бар білімдерін пысықтай отырып, оқушы білімділігін арттыру*

*2. Өзінің білімдік қорын сыни тұрғыдан ойластыруға қабілетті оқушы тұлғасын дамыту.*

*3.Топпен жұмыста өзгенің пікірін тыңдай отырып өз ой тұжырымын жасай білуге, дәйектемелер арқылы негіздей білуге үйрету*

Сабақтың түрі: қайталау сабағы

Сабақта қолданылатын әіс-тәсілдер: "Топтастыру" стратегиясы "Кубизм" әдісі «Өзіңді өзің бағала» "Түртіп алу" стратегиясы Мағынасын аш Ой толғаныс

Сабақтың барысы

**І. Ұйымдастыру кезеңі** Амандасу.Түгендеу. Оқушылар назарын сабаққа аудару.Оқушыларды топқа бөлу

Оқушылар сыныпқа кіргенде оларға билет ұсынылады. Оқушылар сол билетте көрсетілген орындарға отырады.

Сыныптағы оқушыларды 6 топқа бөлемін.

I топ «Алғырлар» II топ «Тапқырлар» III топ «Ойшылдар» IV топ «Білімділер»

V топ «Білгірлер» VI топ «Зеректер»

Топ ережесімен таныстыру

1.Топта өзгелердің пікірін сыйлау.
2. Уақытты үнемдеу.
3. Өз ойын еркін айту.
4. Ынтымақтастықта жұмыс жасау.
5. Оқыта отырып оқу.
6. Шуламау

Топ басшыларына бағалау парағын беру

| № | Оқушының аты-жөні | Үй тапсырмасын орындауы | Сұрақтарға жауап беруі | Жаттығу жұмыстарын орындауы | Сабаққа белсене қатысуы | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| 3 | | | | | | |

**ІІ . Үй тапсырмасын тексеру.**

**124-жаттығу.** Көшіріп жазып, құрамындағы сан есімдерді мағыналық түрлеріне қарай ажырат.

Білімді бірді жығар, Бірді – есептік сан есім
Білекті мыңды жығар. мың – есептік сан есім
Екі достың бірі ыңғайлы екі – есептік сан есім
Біреуінің ебі жоқ. Біреу – жинақтық сан есім.
Екеуін де бірдей көрем, Екеу – жинақтық сан есім
Маған артық, кемі жоқ.

128-жаттығу. Берілген сан есімдермен сөйлем құрап жаз.

Екі-екіден – топтау сан есімі
Бес-бестен - топтау сан есімі
Он-жиырмадан – болжалдық сан есім
Отызға жуық – болжалдық сан есім
Екіден бір – бөлшектік сан есім
Бір бүтін оннан бес – бөлшектік сан есім
Оныншы –реттік сан есім
Жетеу -жинақтық сан есімі
Елу-алпыс – Болжалдық сан есім

**ІІІ. Білімдерін тексеру.**

«Жалпы сұрақ» стратегиясы сұрақтарға жауап бер.

Әр топқа тапсырма хат тапсырылады. Өткен тақырыптарға қатысты сұрақтар беріледі.

**ІV.Білімдерін бекіту**

**жаттығу жұмыстарын орындау**

**130-жаттығу**. Берілген есептік сан есімдерді реттік, топтау, жинақтық, болжалдық, бөлшектік сан есімдер жасап, сөзбен жазыңдар.
5, 7, 3, 20, 180, 1000, 34, 71, 82 , 120
**«Түртіп алу»** стратегиясы
1.**131-жаттығу.** Дара сан есімдерді жаз.
2. **131-жаттығу.** Күрделі сан есімдерді жаз.
3.**133-жаттығу.** Құрамындағы сан есімдерді цифрмен жаз.
**4.131-жаттығу.** Дара сан есімдерді жаз.
5.**131-жаттығу.** Күрделі сан есімдерді жаз.
6.**133-жаттығу.** Құрамындағы сан есімдерді цифрмен жаз.
**132-жаттығу.** Мәтінді оқып үзіндінің қай ертегіден алынғанын айтыңдар. Сан есім қатысқан сұрақтарға көңіл аударыңдар. (ауызша)
-Мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? *(«Сенің шашыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді.)*
-20 жыл болды.
-Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды? *(«Сақалыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. )*
-15 жыл болды.
-Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды? *(«Көзіңнен жас аққалы неше жыл болды?» дегені еді. )*
-10 жыл болды.
-Ата, өзіңіз нешеусіз? -Шырағым-ай, жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз.
(*«Менің бұрынғы әйелім өліп еді, қазіргі әйелімнің байы өлген; түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз қойда жүргенде мен өлген әйелімді сағынам, қазір әйелім үйде отыр, өзінің өлген ерін ойлайды», – дегені еді. «Жатқанда екеу, тұрғанда төртеуміз» дегені – сол еді.)*
Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?
*(«Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай-соқпай жөнге салып беретін кісі бар ма?» дегені еді)*
-Адамына тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер, - дегені *(шешуін маған жолдағаны еді.)*
**137-жаттығу.** Мәтінді оқып, құрамындағы сан есімдерді табыңдар. (ауызша)
VIII ғасыр (XVIII-XIXт ғасыр)
42 Жеті жүз отыз бірінші жыл – реттік сан есім
43 Мың екі жүз елу бес жыл - реттік сан есім
44 Он екі ғасыр – есептік сан есім
**VI. Қорыту. Сан есім дегеніміз не? Сан есімнің құрамдық түрлері Сан есімнің мағыналық түрлері**
**VII. Бағалау Топ басшылары топтағы оушыларды бағалап, ойларын айтады. бағалау**
**VIII. Үй тапсырмасы** Сан есімді қайталау
134-жаттығу. Сан есімдерді тіркескен сөздерімен бірге теріп алып, сөзбен жазыңдар.
136-жаттығу.Түйеқұсты сипаттап жаз.
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Бейсенбаева Гаухар Какимова Физика пәнінің мұғалімі**
**Алматы облысы Қарасай ауданы «Қ. Сәтбаев атындағы орта мектеп» КММ**

***Физика 7- сынып Сабақтың тақырыбы: Денелердің сұйықтарға батуы.***
***Сабақтың мақсаты***: 1.Білімділік:Денелердің сұйықтарға бату,жүзу және қалқып шығу шарттарын анықтау және оқушылардың білімдерін практикада қолдана білуге баулу.
2.Дамытушылық:Оқушылардың ойлау белсенділігін арттыру.
3.Тәрбиелік:Оқушылардың білімге құштарлығының , еңбекке икемділігінің дамуына ықпал жасау.
***Сабақ түрі:***Аралас сабақ
***Әдіс-тәсілдер***:индуктивтік-эвристикалық сұрақ-жауап.
***Көрнекті құралдар***:Архимед шелегі, мензурка, көлемдері бірдей ағаш,тығын, пластмасса денелер.
***Сабақтың барысы***:
І)Ұйымдастыру кезеңі.(оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа деген көңіл күйлері мен ниеттерін байқау)
ІІ)Үй тапсырмасын сұрау.23-жаттығудың 7,9 есептерінің шығарылуын тексеріп ,оқу материалы қайталанып болған соң,жетекші сұрақтар қойылады. а)Қандай күшті ауырлық күші деп атаймыз?
ә)Сұйықтарға батырылған денеге қандай күштер әсер етеді? б) Бұл күштер қалай қарай бағытталған?
в)Архимед күші неге тең болады? г)Архимед күші қандай шамаларға тәуелді?
д)Архимед күшінің батырылған дененің көлеміне тәуелділігі қандай? е) Архимед күшінің сұйықтықтың тығыздығына тәуелділігі қандай? ж)Архимед заңы қалай аталады? ІІІ)Жаңа сабақты түсіндіру. Денелердің жүзу тақырыбын тақтаға жазып,оқу материалын түсіндіру үшін, тәжірбие жасап көрсетеміз. а)Суы бар аквариумге пластмассадан жасалған денені саламыз, пластмасса суға батады.
***Тәжірбие негізінде оқушылардың қорытындысы***: Егер де Архимед күшінен ауырлық күші артық болса, онда дене сұйық түбіне түседі, батады.
ә ) Аквариумге салынған тығыннан жасалған дене судың бетіне қалқып шығады. Жасалған тәжірбиеден қорытынды шығарамыз. Егер Архимед күші ауырлық күшінен артық болса, онда дене сұйықтың бетінде қалқып жүреді.
***Тәжірбиеге талдау жасайық***: дене қалқып шыққанда сұйықтың бетінен әрі көтерілмейді, себебі Архимедтік күш кемиді. Архимед күші сұйықтыққа батырылған дененің көлемінен тәуелді екендігін еске салайық. Сұйыққа батырылған бөлігі кеміген соң, денеге әсер етуші Архимед күші де азаяды. б) Ішіне су құйылған аквариумге ағаштан жасалған денені саламыз. Тәжірбиеге байланысты мынандай қорытынды шығарамыз. Егер, ауырлық күші Архимед күшіне тең болса, онда дене сұйықтың кез-келген жерінде тепе-теңдік күйде тұра алады.
в)Көлемдері бірдей екі парафин шарикты алып, бірін суға , екіншісін керосинге саламыз. Парафин шар суда жүзіп жүр, керосиндегі болса батып кетті. Жауаптарымызды оқулықтағы кестеден судың, керосиннің және парафиннің тығыздықтарын

тақтаға жаза отырып дәлелдейміз. Егер дененің тығыздығы , сұйықтың тығыздығынан артық болса, онда дене сұйыққа батады Егер, дененің тығыздығы сұйықтың тығыздығынан кем болса, онда дене сұйықтың бетіне қалқып шығады. Сонымен денелердің жүзу шарттарын анықтап, таныстық. Сұйықтың ішіндегі денеге екі күш әсер етеді, ауырлық күші және Архимед күші. дене қалқып шығады сұйықтың ішіндегі дене оның кез-келген жерінде тепе-теңдік күйде болады.
дене сұйыққа батады. Денелердің сұйыққа бату,тепе-теңдік күйде болуы және қалқып шығуы сұйық пен дененің тығыздықтарына тәуелділіктерін анықтадық.
IV) Сабақты бекіту мақсатында 24-жаттығудың есептерін шығару.
1)Суы бар ыдыста мұз кесегі жүзіп жүр. Мұз ери бастағанда, ыдыстағы судың деңгейі өзгере ме?(өзгермейді)
2)Мұздың кесегі бензинде , керосинде, глицеринде жүзіп жүре ала ма?
> (800кг/м$^3$ )   > (710кг/м$^3$) <)
V) Электронды оқулық көмегімен кемелердің жүзуін көрсету.
VI)Тест жұмысы.
Сабақты корытындылау. Оқушылардың білім-білік дағдысының қалыптасуын бағалау.
Үйге тапсырма:§45,24-жаттығу:3,5 167-беттегі эксперименттік тапсырма
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Алматы облысы, Қарасай ауданы, Тұрар ауылы «Ә. Байсалбаев атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталықпен » КММ**
**Кенжалиева Акмарал Есенгалиқызы химия пәні мұғалімі**

Тақырыбы: **Темір және оның қосылыстары**

**Сабақтың мақсаты :**

**Білімділік :** темірдің периодтық жүйедегі орны , табиғатта таралуы , қасиеттері , қолданылуы , сонымен қатар ғылым мен техниканың қазіргі дамуындағы маңызы жайлы толық мағлұматтар беру .
**Дамытушылық :** химиялық сауаттылығын, танымдық қабілетін , сөйлеу мәдениетін дамыту ,химияға қызығушылығын арттыру .
**Тәрбиелік :** оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге жұмылдыру , ой - өрісін ғылыми түрде жеткізуге , өздігінен ізденіп еңбек етуге, жылдамдыққа , тапқырлыққа тәрбиелеу .
**Сабақ типі :** Дәстүрлі
**Сабақтың түрі :** Жаңа материалдарды меңгерту .
**Сабақтың әдісі :** түсіндіре әңгімелеу , топтастыру,СТО элементтерін қолдану.
**Көрнекіліктер :** интерактивті тақта , үлестірмелі материалдар,периодтық жүйе кестесі .
**Сабақтың барысы**
**І Ұйымдастыру :** Оқушылармен амандасу , оқушыларды түгендеу , сабаққа зейін аудару , оқушыларды топқа бөлу .
**ІІ. Жан – жақты білімін тексеру .**
1 – топ 1.Қосылыстарда +2 тотығу дәрежесін көрсететін металл ?( кальций)
2.Екідайлы қасиет көрсететін металл ? ( алюминий )
3.Коррозия сөзінің латынша баламасы ? (korrosio - желіну)
4.Тығыздығы ең көп металл ? (осмий)
5.Су керметтігінің құрамында қандай тұздар болады ?( магний мен кальций тұздары)
6.Қанға қызыл түс беретін металл ? ( темір)
7.Гипс құрамында қандай металл болады ? ( кальций )
2 – топ

- Қосылыстарда + 3 тотығу дәрежесін көрсететін металл ?( алюминий )
- Ең жеңіл металл ?( литий )
- Жемірілу қандай үрдіске жатады ? ( тотығу - тотықсыздану)
- Пириттің құрамында бар металл ? ( темір)
- Кермектіктің неше түрі бар ? ( 2 )
- Азот қышқылымен әрекеттеспейтін металл ?( алюминий )
- Темірдің маңызды құймаларын ата ? ( шойын , болат )

3- топ
1.VIII топтың қосымша топшасындағы , табиғатта ең көп тараған металл ( темір)
2.Кальций оксидінің техникадағы атауы ?( сөндірілмеген әк )
3.Сүйек пен тісте кездесетін металл ?( кальций)
4.Сұйық металл ?(сынап)
5.Табиғаттағы металдардың ішінде таралуы бойынша 1- орын алатын металл ?( алюминий )
6.Аса бағалы металлдар ? (алтын, күміс,платина )
7.Белсендігі тым төмен металдар ? ( мыс,алтын,күміс,платина )
**ІІІ.Жаңа сабақты меңгертуге дайындау кезеңі**
Жұмбақ арқылы оқушылар металлдың атын табады .
Қара металлургияның ,
Машиана трактордың жанымын ,
VIII қосымша топшада болсамда
Металдардың ішінде ең көп қолданылатын санымын . ( темір )
Оқушылар элементтің атын табады, сабақтың мақсатын анықтаймыз.
**IV. Жаңа сабақты меңгерту кезеңі.**
1. Темір VIII топ элементі . Электронды формуласы :
$_{+26}Fe 1s^2 2s^2 p^6 3s^2 3p^6 3d^6 4s^2$

Темір химиялық реакцияларда 2 немесе 3 электрон беріп , тұрақты қосылыстарында + 2,+3 тотығу дәрежелерін көрсетеді .
Табиғатта таралуы бойынша 2 – ші металл. Темірді ертеде «Аспан тасы» деп атаған. Жер бетіне жылына мыңдаған метеорит бөлшектері түседі, олардың құрамында 90% темір бар. Ең үлкен метеорит 1920 ж Америкадан табылған,салмағы 60т .1895 жылыГренландия мұздағынан салмағы 34т темір метеорит табылған ,қазір Нью-Иоркте сақталуда.Темір күн жүесінде ең көп тараған элемент.Жер ядросының 90%темір құрайды.Жер мантиясында 12%,жер қыртысында 5%темір бар.Жер қыртысында таралуы бойынша -6 орында.
Темірдің табиғи минералдары:
$Fe_2O_3$ магнитті темір немесе магнетит (72% Fe)
$Fe_2O_3$ қызыл теміртас немесе гематит (70% Fe)
$Fe_2O_3 \cdot 3H_2O$ лимонит (50% Fe)
$FeS_2$ пирит немесе күкірт колчеданы (52% Fe)
$FeSO_4 \cdot 7H_2O$ темір купорасы
**Темірдің алынуы :** $Fe_3O_4 + 4CO = 3Fe + 4CO_2$
$FeO + H_2 = Fe + H_2O$
$Fe_2O_3 + 2\ Al_2O_3$
**Физикалық қасиеттері.** Темір – жылтыр, күміс түстес ақ металл, оның тығыздығы – 7,87 г/см3. Балқу температурасы жоғары – 15390С. Темір иілімді, магниттелетін және оны жоғалтатын қасиеті бар, осыған орай техникада кеңінен қолданылады. Темірді электрмотор, электрмагнит трансформаторларының өзекшесін және микрофон мембранасын жасауға қолданылады. Іс жүзінде темірдің құймалары – шойын мен болат көбірек қолданылады.
**Химиялық қасиеттері.** Темір орташа белсенді металл. Белсенді бейметалдар темірді тотықтырады :
$2Fe + 3CI = 2FeCI$
$Fe + S = FeS$.
Қыздырылған темірдің жұқа жоңқалары оттекте темір қағын түзіп жанады :
$3Fe + 2O2 = Fe3O4$ (FeO Fe2O3)
Қыздырылған темір су буымен әрекеттеседі:
$Fe + H2O = FeO + H2$
Ылғал ауада темір тотығу өнімінің қоспасы тотпен қапталады :
$4Fe + 6H2O + 3O2 = 4Fe(OH)3$
Қышқылдармен әрекеттесіп, сутекті тотықсыздандырады:
$Fe + 2HCI = FeCI2 + H2$
Темір белсендінгі төмен металдарды тұздарынан тотықсыздандырады:
$Fe + CuCI_2 = FeCI_2 + Cu$
**Темірдің маңызды қосылыстары.**
Темірге тотығу дәрежесі +2 және +3 қосылыстардың екі қатары тән:
Fe O $Fe_2O_3$
Темір (II) оксиді Темір (III) оксиді
$Fe(OH)_2$ $Fe(OH)_3$
Темір (II) гидроксиді Темір(III)гидроксиді
Темірдің биологиялық маңызы. Адам денесінде темір құрамы 3-7 гр дейін (ткань, қан, ішкі organдарда) болады. Темір біздің организмге тамақ арқылы келеді. Ересек адамның тәулік қажеттілігі 11-30 мг құрайды.Бұлшықет белогы – миоглобин, құрамында Fe+3 катионы етке қызғылт түс береді. Қан белогы – гемоглобин, құрамында Fe+2 катионы, қанға қызыл түс береді, сүйек кемігінде түзіледі.Темір барлық жасыл өсімдіктер құрамына кіреді, хлорофилл түзуге, тыныс алуға қатысады.Медицина:Адам ағзасында темір мөлшері жетіспеуінен –қан аздық(анемия ауруы пайда болады. Ол дұрыс тамақтанбаудан,экологиялық себептерден,әлсіреу ,көп қан кету т.б. пайда болады.
**Қолданылуы:** Темір купоросы (FeSO4 · 7H2O) – ағаш сүрлеуде;
Fe3C – цементит шойында қолданылады.
(NH4)2SO4 · FeSO4 · 6H2O – Мор тұзы, тотықсыздандырғыш ретінде пайдаланылады.
Fe(NH4)2 · (SO4)2 · 12H2O – темір-аммонийлі ашудас, тері илеуде қолданылады.
Fe2O3 – темір сүрегі (бояу) шатырларды бояуда, болат пен шыны беттерін тегістеуде, термиялық пісіруде қолданылады.
**V. Жаңа тақырыпты бекіту кезеңі**
**22. 1- тапсырма «Сандарды сойлетейік» ойыны.**
**1-топ :**
**2-топ :**
**3-топ :**
2-тапсырма . **Химиялық эстафета**
Fe ---> $FeCl_2$ ---> $Fe(OH)_2$---> FeO
Fe ---> FeS---> $FeCl_2$--->$FeSO_4$
FeO---> Fe--->$FeSO_4$---> $Fe(OH)_2$
**Ой толғау кезеңі.**
**1-топқа :** Оқушылар «синквейн» тәсілін қолданып , темір тақырыбы бойынша бес жолды өлең құрастырады .
**2-топқа :** «Эссе стратегиясы» арқылы ой пікірлерін жазу . **3-топқа :** «Еркін жазу» стратегиясы арқылы оқушылар алған әсерін не үйренгені жайлы қағаз бетіне түсіреді .
**VI Сабақты қорытындылау .**
Сабақты тақырыпқа байланысты сұрақ – жауап арқылы қорытындылаймыз .
**VII . Оқущылар білімін бағалау.**
**VIII . Үйге тапсырма: Темір және оның қосылыстары. № 5- 8 жаттығу .**
---

**Шадиярова Айгүл Дәулеткелдіқызы**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**
**Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп**
**Алматы облысы, Қарасай ауданы**




**Сабақтың тақырыбы:Еліміздің даму бағыттары**

- Сабақтың мақсаты:
- 1.Оқушылармен еліміздің даму бағыттары жайында аңгіме жүргізу берілген мәтін арқылы жаңа сөздерді меңгерту,бірыңғай сөйлем мүшелерін қайталау,пысықтау
- 2.Дамытушылық:оқушылардың ауыз-екі сөйлем дағдыларын,танымдық қасиеттерін дамыту
- 3.Тәрбиелік:туған жерге қызмет ету,еліміздің дамыуына үлес қосатын,отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу

Сабақтың көрнекілігі:интерактивті тақта,оқулық,кесте,ватман,маркер
Пән аралық байланыс:география,Қазақстан тарихы
Сабақтың түрі:интерактивті аралас сабақ
Сабақтың тәсілі:түсіндіру,әңгімелеу,іздену,сұрақ-жауап




Сабақтың барысы:І.Ұйымдастыру кезеңі
Сабағымызды Ы.Алтынсаринның «Кел,балалар,оқылық» өлеңімен бастаймыз
Оқушыларды 3 топқа бөлу: 1-топ «Астана» 2-топ «Алматы» 3-топ «Шымкент»
Әр топ өз эмблемасын, топтың атын қорғайды Топ басшылары сайланады
ІІ.Өткен сабақты қайталау
Мұғалім:Үйге қандай тапсырма берілді? Оқушылардың жазған ойын тыңдау,әр топтың жауабын пысықтау.
ІІІ.Жаңа сабақ
Мәтінмен жұмыс,мәтінді оқу,аудару,жоспар құрастыру,сұрақ құрастыру
Әр топқа жеке тапсырма беріледі.Осы тапсырмалар бойынша топтың жауабын тыңдау
*Сергіту сәті:*
Туған жер туралы мақалдар айту
1.Отан отбасынан басталады
2.**Ел-елдің бәрі жақсы, Өз елің бәрінен жақсы.**
**3.Аққу көлін аңсайды, Адам туған жерін аңсайды.**
Сөздік жұмыс:оқулықта берілген сөздердің аудармасын келкесі бағандағы сөздерді қолдана отырып табу.

| | |
|---|---|
| *Ұзақ* | *Печать* |
| *Қысқа* | *Свобода* |
| *Дамыту* | *Задачи* |
| *Шағын* | *Программа* |
| *Баспасөз* | *Долгий* |
| *Дін* | *Короткий* |
| *Бостандық* | *Развитие* |
| *Міндеттер* | *Определен* |
| *Бағдарлама* | *Религия* |
| *Айқындалды* | *Обеспечить* |
| *Қамтамасыз ету* | *Малый* |

Топтарға тапсырма беру
1-тапсырма:мәтінге байланысты 5 сұрақ құрастыру
2-тапсырма:мәтінге жоспар құру
3-тапсырма:сурет салу
Оқулықпен жұмыс:2-тапсырма 80 бет.Берілген синонимдік қатардан артық сөзді табыңдар
· Бірлік,ынтымақ,бүтіндік,ұйымшылдық,бейнеткештік,ауызбірлік.
· Мерзім,мезгіл,рет,маусым,кезең,уақыт.
· Бостандық,еркіндік,азаттық,теңдік,рақымдылық.
IV Меңгерту
Келесі тапсырма «иә»,«жоқ». Дискуссиялық карта толтыру

| №Үзінділер | иә | жоқ |
|---|---|---|
| 1.Қазақстан өте ұзақ мерзімде нарықтық экономика бет бұрды | | |
| 2.Ауыл шаруашылығында 4,7 миллиондай фермер өсіп шықты | | |
| 3.Елімізде сөз бен баспасөз бостандығы,дін бостандығы тағы басқа демократиялық істер жүзеге асырылды | | |
| 4.Еліміздің алдағы дамуы еш жерде айқындалмады | | |
| 5.Бәрі де,халық игілігі үшін жасалып жатыр | | |

V Сабақты бекіту.
*Пікірлесейік.*Сұрақтарға жауап беріңдер.
1.Елімізде қандай күрделі өзгеістер болды?

2.Халқымыздың тұрмыс жағдайын көтеру үшін не істеліп жатыр деп ойлайсың?
3.Кәсіпкер деген кім?Егер кісіпкер болсаң,не істер едің?
VI Сабақты қортындылау:
Әр топ мүшелері жасаған жұмыс нәтижелерін өздері бағалайды.
VII Үйге тапсырма:Мәтінді оқу мазмұндау

----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы №75 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Баймаханова Акмарал Кенжемирзаевна**

| **Сабақтың тақырыбы** | **Дара және күрделі сан есім** |
|---|---|
| **Жалпы мақсаттар**<br>**Оқыту нәтижесі** | Білімділік мақсаты: Дара және күрделі сан есім туралы түсінік беру. Дара сан есімнің бір сөзден, күрделі сан есімнің екі, үш немесе одан да көп сөзден жасалатынын ұғындыру<br>Дамытушылық мақсаты: Оқушы тілінде мақал-мәтелдердің қолданыс аясын кеңейту, сөздік қорларын, шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру<br>Тәрбиелік мақсаты: Оқушыларды өз бетімен жұмыстануға, ойын еркін жеткізе білуге, өз тілін құрметтеуге, әдептілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br>Сабақтың түрі: Жаңа білім мен дағдыны меңгерту<br>Әдістері: Түсіндірме, көрнекі көрсету<br>Көрнекілігі: Электронды оқулық, санмен өрнектелген мақал-мәтелдер |
| **Топқа бөлу** | Пазл арқылы топтарға бөлу |
| **Психологиялық дайындық** | Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін.<br>Екі құлағың не үшін керек?<br>Ақыл кеңес тыңдау үшін.<br>Екі қолың не үшін керек?<br>Елге көмек беру үшін.<br>Екі аяғың не үшін керек?<br>Туған жерде жүру үшін! |
| **Үй тапсырмасын сұрау** | Дәптерлерін тексеру |
| **Қызығушылықты ояту**<br>**Мағынаны тану** | Оқулықтағы тапсырмаларды орындау.<br>Берілген жаттығуларды топтарға бөліп орындау.<br>Қосымша шығармашылық тапсырмалар.<br>**«Жұмбақ есеп»**<br>Тал басында тізіліп,<br>Он жапырақ тұр еді.<br>Жел соқты да үзіліп,<br>Ұшып кетті біреуі.<br>Ізінше оның жұлынып,<br>Түсті тағы бесеуі,<br>Тұр әлі де ілініп,<br>Жапырақтың нешеуі? (төрт)<br><br>Мына алты ақ алма,<br>Нұрбибі мен Ажарға.<br>Үш сарысы - Анарға,<br>Төрт қызылы-Жанарға.<br>Қанша сонда бар алма? (он үш)<br>- «Төрт,он үш» сөзі қай сөз табы?<br>- Сан есім<br>- Сан есім туралы не білеміз?<br>Сан есім мағынасына қарай есептік және реттік болып екіге бөлінеді.<br>Есептік + -ншы,-нші,-ыншы,-інші = Реттік<br>Қанша? Неше? Нешінші?<br>Заттың нақты санын білдіретін сан есімдерді есептік сан есім дейміз.<br>Заттың саналу ретін білдіретін сан есімдерді реттік сан есім дейміз. |
| **Сергіту сәті** | І топ. Халық әніне салу<br>ІІ топ. Рэп түрінде<br>ІІІ топ.Марш түрінде |
| **Ой толғаныс** | Сан есім құрамына қарай **дара** және **күрделі** болып екіге бөлінеді. Бір ғана сөзден тұратын сан есім **дара сан есім** деп аталады.<br>Екі немесе одан да көп сөзден тұратын сан есімдер **күрделі сан есімдер** деп аталады.<br>Күрделі сан есімдердің құрамындағы сөздер бөлек- бөлек жазылады.<br>Сөйлем ішінен дара немесе күрделі сан есімді табу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Мен кітаптың <u>жүз</u> бетін оқып шықтым.<br>Алмас <u>тоғызыншы</u> қабатта тұрады.<br>Менің әжем <u>жетпіс жеті</u> жаста.<br>Әлия <u>отыз бесінші</u> автобусқа отырды.<br><br>I топ. Сан есімі бар мақал-мәтелдер жазу<br>II топ. Сан есімі бар өлең жазу<br>III топ. Сан есімдерді қатыстырып сөйлем құрау (он бес, қырық жеті,бір мың тоғыз жүз қырық бес, жиырма екі)<br><br>Себеттерге дара және күрделі сан есімдерді теріп салу.<br>4,11,7,9,14,587,41,796,485,23,8,6.<br><br> дара сан есім<br><br> күрделі сан есім | |
| **Үй тапсырмасы** | Оқулықтағы тапсырмаларды орындау,ереже жаттау | Күнделіктеріне жазады |
| **Бағалау** | Бағалау парақшаларын толтыру. | |

| № | Жұмыс кезеңдері | Жұмыс мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br><br>Психологиялық дайындық<br><br>***<u>Оқушылардың мақсаты:</u>***<br>Жұмыс жасауға дайындалу<br>***<u>Мұғалімнің мақсаты:</u>***<br>Оқушыларға жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасау:<br>***<u>Міндеттері:</u>***<br>-қызығушілікты ояту;<br>-ойды жинақтау;<br>-сабаққа зейінді аудару;<br>***<u>Әдісі:</u>*** әңгіме.<br>Психл | **Слайд №2.**<br><br>-Көңіл күйлеріңіз бейнеленген бұлттардың қай түсіне сәйкес?<br>Көгілдір түсті таңдаған балалар: - Мен сабаққа әзірмін. Барлық тапсырмаларды ықыласпен орындаймын.<br>Жасыл түсті таңдаған балалар:- Мен үлгілі оқушымын. Мұғалімді мұқият тыңдаймын. Тапсырмаларды ұқыпты орындаймын.<br>Сары түсті таңдаған балалар:- Мен тәртіпті оқушымын. Сабақта белсенділік танытамын. Ұстаздың сенімін ақтаймын.<br><br><br>**Слайд №3**<br>-Жақсы көңіл-күйдің белгісі - күлімдеу.<br>Ендеше барлығымыз бір-бірімізге күлімдеп қарап, сабақты жақсы көңіл-күймен бастайық. |

<table>
<tr>
<td>2</td>
<td>Тірек білім, білік, дағдыларын белсендіру.<br><br><u>Оқушылардың мақсаты:</u><br>-кестелік және кестеден тыс көбйту және бөлуді қайталау;<br>-қалдықсыз бөлуді қайталау;<br>-есептеу дағдыларын жаттықтыру;<br>-көркем жазуға дағдылану;<br><u>Мұғалімнің мақсаты:</u><br>-ауызша есептеу қабілеттерін тереңдету;<br>- жаңа тақырыпқа дайындау;<br>- көркем жазуға баулу;<br><u>Әдістері:</u><br><br>- өзіндік жұмыс, сұрақ-жауап, БҮҮ кестесі;</td>
<td>Слайд №4<br><br>Математикалық диктант. «Үндемес ойыны»<br><br>1. 30*2 5. 12*2 9. 36:6<br>2. 30:2 6. 45:9 10. 72:9<br>3. 70*2 7. 14*3 11. 81:9<br>4. 70:2 8. 28:7 12. 100:5<br><br>Рефлексия. БҮҮ кестесін толтыру<br><br>
<table>
<tr><th>Білетінім</th><th>Үйрендім</th><th>Үйренгім келеді</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>28. Көркем жазу. 683 саны. Слайд №5<br>29. Үй тапсырмасын тексеру. (73 бет №7)<br>14,14,14,90,19,190<br>30. Бөлу мен көбейтудің компоненттерін қайталау.<br>31. Бөлу мен көбейтудің өзара кері амалдарын қайталау</td>
</tr>
</table>

**Тараз қаласы №47 орта мектебі Бастауыш сынып мұғалімі Алипбаева Дана**

**Сабақтың тақырыбы**: «Қалдықпен бөлу және оны тексеру».
**Мақсаты:** Оқушыларға қалдықпен бөлу ережелері мен оның шығару жолдарына түсініктеме беру.
**Міндеттері:**
1. Көбеейту кестесі туралы білімдерін тереңдету.
2. Ойлауын, есте сақтауын, ұғымталдығын дамыту.
3. Балаларды еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
**Сабақтың типі:** жаңа тақырыпты меңгерту.
**Сабақтың әдісі:** жұптық, ұжымдық, өзіндік жұмыс, СТО технологиясының стратегиялары
**Сабақтың көрнекілігі:** карточкалар, слайдтар.
**Сабақтың барысы.** -

| | | |
|---|---|---|
| 3 | **Жаңа тақырыпты түсіндіру.**<br><br>***<u>Оқушылардың мақсаты:</u>***<br>-бөлудің жаңа тәсілімен танысу;<br>меңгеру;<br>***<u>Мұғалімнің мақсаты:</u>***<br>-жаңа тақырыпты игеруге қолайлы жағдай туғызу;<br>-көбейту мен бөлу амалдарының өзара байланысын ашу;<br>*Әдісі:* түсіндіру: | -Балалар, кейбір жағдайларда бөлінгішті тең бөлуге болмайды, сол жағдайларда біз қалдықпен бөлеміз. Ондай бөлуді «Қалдықпен бөлу» дейді.<br><br>**2.Слайдтар бойынша жұмыс. (ауызша)**<br><br>**Слайд№6** 13:4=3 (қ 1) 3*4+1=13<br><br>**Слайд№7** 11:3=3 (қ 2) 3*3+2 =11<br><br>**Слайд№8** бөлудің компоненттерін атау.<br><br>**Слайд№9** бөлуді тексеру алгоритмі<br><br>**Слайд№10** балалардың өздеріне 2 мысалды орындату<br><br>**Слайд №11** берілген өрнектердің қатесін табу.<br><br>**3.Оқулықпен жұмыс.**<br><br>**Слайд№12 (ережемен таныстыру)**<br><br>**а)**12:2=6 **ә)**12:3=4 **б)** 12:5=2(қ2) 2*5+2=12<br><br>**Есеп шығару. Слайд № 13**<br><br>Кондитер цехында 18 тәтті нан<br><br>қорапқа 4 наннан салынды.<br><br>Қанша қорап қажет болды?<br><br>Есептің шартын құрып шығарыңдар.<br><br>1 қорап-4 нан<br><br>18 нан<br><br>Қорап саны -?<br><br>Ш: 18:4=4 (қ. 2)<br><br>Ж. 4 қорап (қалдық 2)<br><br>**Сергіту сәті.**<br><br>Есептедік, шаршадық,<br><br>Орнымыздан тұрайық.<br><br>Отырайық, тұрайық,<br><br>Соқтығысып қалмайық.<br><br>Қимылдатып аяқты,<br><br>Сәл дем алып алған соң<br><br>Шапалақты ұрайық.<br><br>Жазуды қайда бастайық.<br><br>Рефлексия. БҮҮ кестесін толтыру |

| Білетінім | Үйрендім | Үйренгім келеді |
|---|---|---|

**Тараз қаласы № 47 мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сұлтанаева Р. Т.**

**Сыныптан тыс сабақ:**
**Заманымен сырлас, уақытпен үндес қанатты қаламгер – Шерхан Мұртаза**
**Сабақтың тақырыбы:** Заманымен сырлас, уақытпен үндес қанатты қаламгер – Шерхан Мұртаза (сыныптан тыс сабақ)
**Мақсаты:** 1.Білімділік: заманымен сырлас, уақытпен үндес қанатты қаламгер - Шерхан Мұртаза ағамыздың өмір жолы мен тағдыр белестерін, шығармаларын меңгерту.
2. Дамытушылық: ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру.
3. Тәрбиелік: ұлтжандылыққа, батылдыққа, алғырлыққа, қайсарлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.
**Түрі:** дәстүрлі
**Типі:** жаңа білімді меңгерту
**Әдістері:** сұрақ-жауап, талдау, жинақтау. (СТО жобасы)
**Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, әдеиет, т. б.
**Көрнекіліктері:** электронды слаидтар, электронды окулық, қима қағазы, Шерхан Мұртазаның көркем шығарма жинақтары, т.б.
**Сабақтың барысы:** 1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасы.
3. Жаңа сабақ.
**І. Қызығушылықты ояту**
«Ой қозғау» стратегиясы.
Электронды слаидтардан портреттері мен өмірін, шығармашылығын көрсету.
**Шерхан Мұртазаның өмірі…**
Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28қыркүйекте Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ аталатын ауылда дүниеге келген. Талапты жас онжылдықты бітірген соң, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі.Университетті 1955ж. бітірген.

Шерхан Мұртаза — жазушы, қоғам қайраткері, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984), Қазақстанның халық жазушысы (1992) атағын алды. 12, 13-шақырылған ҚР Жоғарғы Кеңесінің, 2-шақырылған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. Сондай-ақ ол ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің мүшесі. Шерхан Мұртаза “Құрмет белгісі”, “Отан” (1999) ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Жамбыл облысының, Тараз және Астана қалаларының Құрметті азаматы.

1955 — 56 жылы Қазақ мемлекет көркем әдебиет баспасында, 1956 — 60 жылы “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас алаш”), 1960 — 63 жылы “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газеттерінде тілші, әдеби қызметкер, редактор, 1970 — 72 жылы “Жазушы” баспасы жанындағы“ Балалар мен жастар әдебиеті” бас редакциясының және “Жалын” альманахының бас редакторы, 1972 — 75 жылы “Жұлдыз” журналының бас редакторы, 1975 — 80 жылы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы, 1980 — 89 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің бас редакторы, 1989 — 92 жылы “Егемен Қазақстан” газетінің бас редакторы, 1992 — 94 жылы “Қазақстан” мемлекет телерадио компаниясының төрағасы қызметтерін атқарды.
**Жазушының шығармашылық жолы…**
Шерхан Мұртазаның балалық бал дәурені соғыспен тұспа- тұс келіп, шығармаларында қоғамның ащы шындығын кестелеп, соғыс жылдарындағы қиыншылықтар мен ауыл адамдарының әр алуан тағдырларын баяндап, ел басына қаралы қасіретті күн туған, сүттей ұйыған өмір жарастығын алай-дүлей бұзған, бақыттыны бақытсыз еткен соғыс жылдарындағы қазақ ауылы мен тұрмысын, қазақ әйелдерінің аянышты тағдырын әңгімелейді. Бұл туындыларының қатарына «41-жылғы келіншек» (1972), «Мылтықсыз майдан» повесі (1969), «Бір нәзік сәуле», «Жүз жылдық жара», «Аманат» романдарын, “Сталинге хат” (1988, “Бесеудің хаты”(1989) пьесаларын жатқызамыз.

Шерхан Мұртаза шығармашылық жолын студент кезінде Л. Лагиннің “Хоттабыч қарт”, М.Кәрімнің “Біздің үйдің қуанышы” шығармаларын қазақ тіліне аударумен бастады. Ал тұңғыш кітабы — “Құрылысшы Дәку” очерктер жинағы 1958 жылы жарық көрді. Қазіргі замандас бейнесі, соғыс жылдарындағы тылдағы адамдардың қажырлы еңбегін баяндаған “Табылған теңіз” (1963), “Бұлтсыз күнгі найзағай” (1965), “Белгісіз солдаттың баласы” (1967), “Ахметжанның анты” (1973), т.б. повестер мен “Интернат наны” (1974) атты әңгімелер жинақтары жарияланды. Өндірістің дамуы жөнінде, адам мен қоршаған ортаға қамқорлық туралы маңызды мәселелер көтерген, ғылыми-техникалық төңкеріс жайын сипаттаған “Қара маржан” романы 1976; (ҚР Мемлекет сыйлығы, 1978), мемлекет қайраткері Т.Рысқұловтың өміріне арналған (“Қызыл жебе”), 1, 2-кіт. 1980; ( “Жұлдыз көпір”, 3 кіт., 1984) роман-трилогиясы басылды. Ол Г.Х. Андерсеннің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін, Ш.Айтматовтың “Ботагөз”, “Қош бол, Гүлсары”, “Теңіз жағалап жүгірген тарғыл төбет” повестерін, “Боранды бекет”, “Жанпида” романдарын қазақ тіліне аударды. Шерхан Мұртаза шығармашылық жұмыстармен қатар Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі мен мемлекеттігін нығайту ісіне де белсене араласты. Қазіргі заманның, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін, ел, жер, тіл мәселелерін көтеретін көптеген мақала-эсселер жазды.
Шерхан Мұртазаның балалық шағы суреттелген шығарма…
«Ай мен Айша» романыны туралы әңгімелеу.
- Балалар, алдыңғы сабақта мен сіздерге М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаятын оқуға нұсқау берген болатынмын. Шығарманы барлығыңыз оқыған боларсыздар.
- Хикаяттың тақырыбы не жөнінде?
- Хикаят қалай аяқталатын еді?
ІІ. Мағынаны тану
-Біз Шерхан Мұртазның «Қызыл жебе» романынан алынған үзінді «Тұтқын бала» әңгімесімен таныспыз. Бұл әңгіме кешегі өздеріңіз оқыған М.Әуезов «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаятының жалғасы іспеттес. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы жазушының белгілі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өміріне арнаған шығармасы.
Әңгімені электронды окулықтан тыңдату.
Мәтінді бөліктерге бөліп, сұрақтар арқылы жұмыс жүргізу.
**«Болжау кестесі» стратегиясы** Не болады деп ойлайсыз? Оған қандай дәлеліңіз бар? Шын мәнінде не болды?

Бірінші. Шерхан Мұртаза: "Қызылжебе" романы.

Автор Тұрар Рысқұловтың туған, жүрген жерін, әсем табиғатын аса бір шеберлікпен, керемет көркемоймен шынайы суреттейді. Әкесімен бірге түрмеде отырған кезінен бастап, Түркістан автономиясының президенті болғанға дейінгі өмірі хронологиялық ретпен айтылады, қателеспесем. Қазақстанға теміржолды алып келген, бірқатар Кеңес республикаларының дамуына бірқатар еңбек еткен, ашаршылық жылдары Сталинге шындықты жазып, елін аман алып қалу үшін жанын салған тұлғаның өмірі баяндалады. Кітаптартымды, әсіресе бала кезінен бері танитын, өзі кезінде қызмет еткен үйдегі орыс қызы Наташаның Тұрарды іздеп тауып, оған тұрмысқа шығуы қызық оқиға. Кітап әрі тарихи дерек, әрі әдеби шығарма.

1- мәтін. Рысқұл не себепті түрмеде жатыр? Приходько мырза Рысқұлдың тілегін қабыл алғанда қандай мақсат көздеді деп ойлайсыз? Приходько мырза Тұрарды қайда жұмсауы мүмкін?

2- мәтін. Аркаша мен Наташаны гимназияға әкеліп тұрған Тұрар осы сәтте не ойлауы мүмкін?

3- мәтін. Тұрар түрменің ауласын тазартамын деп жүріп, қарғыс пен қасіреттің гиміндей естілген кісеннің салдырынан елең етіп тұтқындарға қараймын дегенде үйме тезегі бар арбасын құлатып алады. Мұны көріп тұрған надзиратель Тұрарға не деуі мүмкін?

4- мәтін. Ірің көз надзирательдің ашуының қабы ашылып кеткендей Тұрарды алқымынан алып, жерде шашылған тезек қиларын тұмсығымен тазартпақ болып төніп тұр. Сіздің ойыңызша, бұл сәтте Тұрарға кім арашашы болуы мүмкін?

Сөздікпен жұмыс

Камера-түрмеде кісі қамайтын жеке бөлме.

Губернатор-патшалық Ресейде арнаулы бір облыс бастығы.

Надзиратель-тәртіптің бұзылуына жауапты адам, бақылаушы

Гимназия-революцияға дейінгі Ресейдегі орта дәрежелі оқу орыны.

Кафедральді собор-қаладағы және монастырдағы ең үлкен шіркеу.

Кісен – қолға, аяққа салынатын темір бұғау, тұсау.

Бүгінгі сабақтан қанатына қырау қатқан Тұрардың балалық шақтағы қиын тағдырына ортақтастық. «Көп бейнеттің зейнеті болады» деуші еді ғой халық. Тұрар да қиындықтардан шыңдалып, жақсылыққа жеткен екен.

-Бүгінгі өтетін тақырыбымыз Ш. Мұртазаның шынайы шындықты жазған "Бір кем дүниені" айтсаңызшы!
Олай болса, өздеріңіз ізденіп келген, шағын әңгімелері "Бір кем дүниені" айтайық.

ДУАНАНЫҢ ЖИРЕН ҚАСҚАСЫ. Қасиетті қарт Қаратаудың қойнында, Қарағай деген байдың тоқсан тоғыз (99) жирен қасқа тұлпарлары болыпты. "Қанша дәулет бітсе де, бай қуанар егізге" дегендей, байекем сол сәйгүлік жирен қасқалар жүзге жетсе екен деп армандапты. Бірақ, Құдайдың құдіреті, биелері қайтып жирен қасқа құлын тумай қойыпты. Сондай күндердің бірінде бай ауылына ел кезген бір дуана келе қалады. Қараса, астындағы аты - Жирен қасқа! Бай жігіттерін жұмсап, дуананың атын тартып алады. Бұдан асқан қорлық, бұдан асқан зорақылық бола ма?! Сөйтсе, дуана жай дуана емес, қызыр шалған әулие кісі екен, таудан арқырап аққан асау өзенді бөгеп тастап, Жирен қасқамен өрге шапшып, бай ауылын қарғап кетіпті. Бай дәулеттен айрылып, қайтып мал-мүлік құтаймай қойыпты.

Тоқсан тоғыз Жирен қасқа хикаясын айтқан Өмірбек Байгелді. Біреуі-ақ жетпеген. Дуананың қарғысынан Қарағай елі, Еңбек Ері Байгелдінің тұсында ғана арылған.

ҚҰР АЛАҚАН

Жарты әлемді жаулаған тағы бір жаһангер - Александр Македонский - Ескендір Зұлқарнайын өлген соң табыттан қолы шошаңдап шыға беріпті. Бір данышпан алақанына бір шөкім топырақ салған соң ғана қолы сылқ етіп табытқа түсіпті.
Сөйтсе, Ескендір тірілерге: - Ей, жарандар, мен дүниенің жартысын жаулап, алтыннан тау тұрғызсам да, о дүниеге ештеңе алып бара жатқан жоқпын. Міне, қараңдар, - деп алақан ашып көрсеткені екен. Қайран дүние, тіршілікте кім тойған... Адамның ашқарақ көзі топыраққа ғана тояды.

АУЫЛ ИТТЕРІ

Ахмет Байтұрсынов: - Қинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес дарға асқаны, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен өз ауылымның иттері үріп, қапқаны, - деп еді-ау. Әттең, дүние-ай, 1937 жылы біздің әкейді де өз ауылымыздың шолақ белсенділері нақақтан жала жауып, ұстатып жіберді де, жоқ қылды ғой. Обалы кімге? Қорлықты көп көрдік қой. 1937 жылы "халық жауы" деп ұсталып, атылған, айдалған, асылғандардың бәрі кейін ақталды. Бірақ жазықсыз жапа шеккендер қайта тірілген жоқ.

Бір кем ғана дүние ме екен? Орны толмас орасан обал дүние.

ИТАЯҚТЫҢ КЕСІРІ

Шілденің шықылдаған ыстығында күншығыстан қарасаң, күнбатыс жақта Келіншектау ағып жатқан асау алтын өзен сияқты. Күннің аптабы қайтып, кешкі салқын түсе Келіншектау анық көріне бастайды. Сонда Келіншектау туралы ерте-ерте ертедегі аңыз еске түседі. Отыз күн ойын, қырық күн тойы болып, байдың қызы ұзатылады. Қырық түйеге артылған жасаудың бәрі алтын, күміс, гауһардан екен дейді. Ұзыннан ұзақ созылған дәулетжар көштің алдында келе жатқан қыз әкесі қызынан: - Қалай қызым, жасауыңа көңілің тола ма? - деп сұрапты. Сонда ұзатылып бара жатқан қыз:
- Ризамын, әке, тек итаяғым алтыннан болмады-ау, - депті. Мұндай тойымсыздыққа не айтарын білмеген әке байғұс қос қолын теріс қарата жайып жіберіп: - О, қанағатсыз мұндар, қаратас болып қатып қал! - деп, қатты қарғапты. Қарғыс Құдайдың құлағына шалынып, бүкіл асыл көш лезде қаратас болып қатыпты да қалыпты. Қанағатсыздыққа, тойымсыздыққа Құдайдың қаһары осылай тиіпті.

Қарап тұрсаң, мына қазіргі заманда да, сол бейшара қыздың абайсызда айтып қалған айып сөзін кешпеген Жаратқан ие мына қазіргі заманда түйені түгімен, кемені жүгімен жұтып жатқандарды қалай көрмейді - ғажап!

Бірақ Құдай асықпайды: бұл дүние болмаса, о дүние бар; зауал әйтеуір бір соғар. Бұл тек бір кем дүние емес, екі дүниеде де кешірілмес мол кем дүние.

АСАТУ

Көне түрік сұлтандарының салты: Сарай ақынының өлеңдері ұнаса, аузы толғанша алтын тіллә асатады. Ұнамаса, аузы толғанша жылқының тезегін асатады. Қазіргі ақын-жазушыларға да осы әдісті қолданса, әдебиет шыңға шығар еді. Бірақ "ералаш" қой.

ДАР МЕН ДАҢҚ

Өлтіру оңай. Тірілту қиын. Сталин дәуірінде небір марқасқалар атылды. Бас айыптаушы прокурор Вышинский. СССР Жоғарғы Сотының бастығы В.Ульрих. Атылды:
Бухарин, Рыков, Ходжаев, Икрамов, Рысқұлов, Сейфуллин, Майлин, Жансүгіров, Нұрмақов, Мағжан Жұмабаев... тағы басқа аса ірі қайраткерлер. Сталин өлгеннен кейін солардың бәрін ақтады. Ақтағаны былай тұрсын, мақтады. Бірақ одан не пайда? Моральдық, адамгершілік жағынан пайда бар шығар. Бірақ зорлықпен өлтірілгендерді қайтып тірілте алмайсың ғой. Бәлкім, кінәсізден "кінәлі" болғандардың жағдайы о дүниеде жақсы шығар. Бірақ, жалған дүниеге қайтып оралмайды ғой.
Осындай т.б. тамаша әңгімелерін оқушылармен бірлесе отырып, ой бөлісіп, пікір алмасу.

**ІІ. Толғаныс**

**«Еркін жазу» стратегиясы**

«Егер менің қолымда күштінің әлсізге жасаған әділетсіздігін таптайтын сиқырлы таяқша пайда болса…»

**Ойын: «Кім жылдам?»**

**Үйренгенім-табысы** (жеке жұмыс) Қима қағазын тарату.

**Зеделі сұрақ- дәлелді жауап** (пысықтау сұрақтармен жұмыс жасау.)

**Қорытынды:** Ш. Мұртазаның шынайы шындықты жазған "Бір кем дүниесіндегі" әңгімелерін оқушылармен бірлесе отырып, ой бөлісіп қорытындылау.

**Үйге тапсырма:** Ш. Мұртазаның шынайы шындықты жазған "Бір кем дүниені" ізденіп, тереңірек оқып келу.

**Білімдерін бағалау.**

---

**Тараз қаласы №47 орта мектебі**
**Тарих пәнінің мұғалімі Ақылбекова Ш.М.**

**Сабақтың тақырыбы:** Арманға қанат қаққан талапкер

**Мақсаты:** Еліміздегі білім беру жуйесін дамытудағы, жаңартудағы оң өзгерістердің бір түрі болып табылатын ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушылардың дайындығын байқау, жаңа тәсілдер арқылы оқушылардың біліктілігін пысықтау, нығайту.

**Психологиялық ақаулары қалыптастыру:** Сыныптың барлық оқушыларына салфетка таратып, оны бүктеген сайын бір бұрышын жыртып тастау. Салфетканы ашып қарағанда әрлүрлі бейне болып шығады.Неге?Оқушылар, міне, барлық оқушыларға бірдей тапсырма беріледі. Ал нәтежиесінде әртүрлі. Сендерге берілген білімде бірдей беріледі, бірақ қабылдаулары әртүрлі болады деп психологиялық ахуал қалыптастыру.

**Түрі:** Жұптық сайыс

**Жоспары:**

**1-тур.** Ежелгі замандағы Қазақстан
**2-тур.** Орта ғасырлардағы Қазақстан- Тұлғаны танисын ба?
**3-тур.** Жаңа замандағы Қазақстан-Картамен жұмыс
**4-тур.** Қазіргі замандағы Қазақстан

**Жүрісі:**

**І тур *Ежелгі замандағы Қазақстан*-** 6 жұп таңдап алады. Әр жұптың өзінің тапсырмалары бар..

**1-тапсырма:** ( тақтадағы дәуірлердің үстіне хронологиялық шеңберін анықтайды.)
Тас дәуірі Қола дәуірі Темір дәуірі Ерте темір Кейінгі темір
Палеолит Мезолит Неолит Энеолит
Ерте палеолит Орта палеолит Кейінгі палеолит

**2-тапсырма:** ( Берілген батырлар мен хандарды ажыратып орнына қою және батырдың немесе ханның бір оқиғасын баяндап беру)

| Сақтар | Ғұндар |
|---|---|
| | |

**Жауабы:** Скунха, Томирис, Мөде, Шырақ, Спитамен. Атилла.

**3-тапсырма:** ( Ежелгі адам өкілдерін табу)

1868 ж. Франциядағы Кроманьон үңгірінен табылды. Бұдан 40-35 мың жыл бұрын

1927ж. Солт.Қытайдан, Пекин маңындағы Чжаукон- дян үңгірінен табылды. Бұдан 500-200мың

1959-60жж. Шығыс Африкадан, Кения жеріндегі Олдувай шатқалы

1856ж. Германиядағы Неандерталь үнгірінен табылды.

**4-тапсырма:**( Ежелгі дәуірдің жаңалықтарымен таныстыру)

**5-тапсырма:**( Тұрақтардың орналасуын баяндау және еңбек құралдарының пайдалануын баяндап беру)

**6-тапсырма**:(Алғашқы кездегі епті адам мен саналы адам немесе аң аулап жүрген адамдарының іс-әрекетін рөлге салып көрсету).

**ІІ тур**. ***Орта ғасырлардағы Қазақстан*-** Тұлғаны танисын ба? Жұптар бір- біріне карточкадағы тұлғаны өзі қарамай алып көрсетеді. Тұлғаның қасиетін, ерлігін айтады. Тұлғаны көрсетіп тұрған оқушы тұлғаның атын табады.

Жасырын тұлғалар:
**III тур .** ***Жаңа замандағы Қазақстан-*** Картамен жұмыс, Қазақстанның контур картасына берілген тапсырмаларды белгілеу.
1.Үш жүздің территориясын белілеу.
2. Үш генерал- губернаторлықтың аумағын белгілеу.
3.С.Датұлы бастаған көтерілістің аумағын белгіле.
4. Бөкей ордасының аумағын беліле.
5.К.Қасымұлы бастаған көтерілістің аумағын белгілеу.
6. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі көтерілістерді белгілеу.
**IVтур.** ***Қазіргі замандағы Қазақстан-*** Тікелей сұрақ. Оқушыларға 30 сұрақ оқылады, оқушылар тек қана жауап жазады. Жауабы тексеріліп қорытынды шығады.
**1.** Жалпы ұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы?
**2.** Қазақстан қай жылы БҰҰ мүше болды?
**3.** Тұңғыш ашылған жоғары оқу орны кімнің есімімен аталды ?
**4.** 1950 жылдары Қазақстан комсомолы салынуын қамқорлыққа алған объектілердің бірі ?
**5.** Ежелгі Тараз қаласындағы қазба жұмыстарды кім бақарды ?
**6.** Қазақстанның бірінші дыбысты фильмі қашан шығарылды ?
**7.** Ұрпақ бірлігі мен сабақтастық жылы қашан болды ?
**8.** 1965 жылы Лениндік сыйлықтың лауреаты атағы берілген кәсіпорын ?
**9.**Ұлы Отан соғысы кезінде әдебиетте публицистикалық мақалаларымен елеулі құбылыс әкелген майдангер-офицер ?
**10.**1950-шы жылдары өсірген қаракөлі халықаралық көрмелерде көрсетілген шопан?
**11.** ҚР Президентінің 2007 жылғы халыққа Жолдауы ?
**12.** Қазақстанда жаңа"Білім туралы заң" қабылданды ?
**13.** «Қазақтың көне заманнан бергі тарихы» кітабы қай жылы шықты ?
**14.** Халықтар тұтастығы мен ұлттық тарих жылы қашан болды ?
**15.** «Үш жүз» партиясы қай жылы құрылды?
**16.** 1960 жылы Жамбылда қандай фабрика салынды?
**17.** КСРО-дағы ядролық қару сынақ қанша пайызы Семей полигонда өткізілді ?
**18.** Ұлттық қазақ театрына Қазақ Академиялық драма театры атағы берілген жыл ?
**19.** Бесеудің хатын кім жазды?
**20.**1992 жылы халық қаһарманы атағын алған қазақ батыры кім ?
**21.** Тіл білімі, әдебиет және өнер институттары ашылды ?
**22.** Ұлттық қазақ театры қай жылы ашылды ?
**23.** ХХ ғасырдың 60-80 жылдары халықаралық сайыстарда лауреат атағына ие болып,көптеген шетелдерге танылған әнші ?
**24.** Ұлы Отан соғысы жылдары республика қанша сырттан көшірілген адамдарды қабылдады ?
**25.** «Жазу тілі» кітабының авторы кім ?
**26.** ХХ ғ. 80 жылы бұрын Қазақстанда сатылмаған Қытайдың тауары ?
**27.** Қ.Сәтбаевтың 100 жылдық мерей тойы қашан тойланды ?
**28.** Қай жылы болашақ бағдарламасы қабылданды ?
**29.** «ХХ ғасырдың Гомері» атанған қазақ ақыны ?
**30.** Астана қаласы қай жылы бейбітшілік қаласы атағын алды ?
**Сабақты қорытындылау:«**Рефлексия» бес саусақ
Бас бармақ- мен үшін маңызды, қызық.
Балан үйрек- мен үшін қиын.
Ортан терек- мен үшін жеткіліксіз.
Шылдыр шүмек- менің көңіл күйім .
Кішкентай бөбек- менің ұсыныстарым.
**Міне оқушылар сендерге берілген тапсырмалар қиындық кертірді ме?**
**Сендер берілген білімді дұрыс қабылдап, пысықтап қайталап отырсандар алдағы сынақтан сүрінбей өтесіндер.**

---

**Тараз қаласы №47 орта мектебі**
**Тарих пәнінің мұғалімі Айсейтова Т.А.**

**Сабақтың тақырыбы:Қазақстан территориясындағы көне түркілер**

- **Сабақтың мақсаты:**

• ***Білімділік:*** Түрік қағанатының құрылуы, дамуы, ыдырау себебін, шаруашылығы мен мәдени өмірдегі ерекшеліктермен таныстыру, жан-жақты білім беру.
• ***Дамытушылы**қ*: Түркі дәуірінің тарихы мен мәдениетін баяндай отырып оқушылардың тарихи ойлап, қорытынды шығара білу қабілеттерін, ой-өрісін дамыту.
• ***Тәрбиелік***: Қазақтардың арғы ата-бабалары түріктердің жан-жақты даму тарихын оқыта отырып, оқушыларды отаншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.
**Сабақтың типі:** Жаңа сабақты меңгерту
**Сабақтың түрі:**Жарыс сабақ
**Сабақтың өту әдісі:** Түсіндіру, интерактивті оқыту әдістері, СТО элементтерін пайдалану.
**Пәнаралық байланыс:** география
**Көрнекілік:** слайд, суреттер, карта
**Сабақтың барысы:**

- **Ұйымдастыру кезеңі**
- Оқушылармен сәлемдесу
- Оқушыларды түгендеу

- Оқушылардың ынтасын сабаққа аудару
- Топқа бөлу 1-топ, 2-топ, 3-топ.

**ІІ. Үй тапсырмасын сұрау. І кезең.Семантикалық карта**

| Оқиғалар | Б.з.б. 55ж | Б.з.б. 188ж | Ү ғасыр |
|---|---|---|---|
| Ғұндар мен Қытайдың Хань әулеті арасындағы соғыс | | | |
| Ғұн империясының екіге бөлінген уақыты | | | |
| Еділ (Аттила) өмір сүрген уақыты | | | |

**ІІ кезең. Тарихи диктант. Қалып қойған сөзді мәтіндегі орнына жазыңдар**

1-топ. Ғұндардың құдыреттілігі сондай________________________________
__________билігін мойындаған.

2-топ. Ғұн қоғамында сауда ісімен қатар ______________________________
_________________________ісі кеңінен өріс алды.

3-топ. Ғұндар соғыс кезінде______________________________техниканы
______________________________қаруды пайдаланды.

**ІІІ кезең. Кім жылдам?** Сұрақтар

1.Ғұн мемлекетінің аумағын картадан көрсет?
2. Қытайлық ежелгі деректерде ғұндар қандай атпен белгілі болды? (хунну)
3. Қытай деректері бойынша ғұндардың алғашқы көсемі кім болды? (Шунь – вей «Шоң би»)
4. Ғұндардың жоғарғы билеушісін қалай атады? (Шаньюй)
5. б. з. б 188 ж болған қытайлықтар мен ғұндар арасындағы шайқас кімнің жеңісімен аяқталды? (ғұндар)
6. Ғұндар әскерінің негізін кімдер құрады? (атты әскер)
7. Еуропалық тарих ғылымында ғұндар қандай атпен белгілі болды? (халықтардың ұлы қоныс аударуы)
8. Аманат дегеніміз не?(кепілдікті білдіреді)

**ІІІ. Жаңа сабақ Ой қозғау:**

- Қазақ мемлекетінің қалыптасуына байланысты қандай ірі тарихи оқиға атап өтілді?
- Балалар, біздің арғы ата-бабаларымыз кім болған екен білемізбе.

Жоспары:

- «Түрік» атауы. Қағанаттың құрылуы.
- Түрік қағанатының халқы, кәсібі, тұрмысы.
- Ежелгі түркі жазулары.

**1.**Ерте орта ғасыр дәуірінде Римнің құлауында оңала алмай жатқан Еуропаға қарағанда орта Азияда күрделі өзгерістер болды. Б. з-дың І мыңжылдықтың орта шеңінде Қазақстан даласында ірі этникалық өзгерістер басталды. Бұл дәуір шартты түрде ежелгі түрік (ерте түрік) немесе көне түрік деп атаймыз. Түрік сөзі «төркін» «әскери ақсүйек» деген сөзден шыққан.

Алғаш «түрік» атауы қытай деректерінде 542 жылы кездеседі. Қытайлар түріктерді ғұндардың (хунну) ұрпақтары деп есептейді.

Түркілердің шығу тегі жөнінде аңызға байланыстырады. Баяғы заманда Алтай тауын мекендеген халықты жау шабады.Осы қырғыннан он жастағы жалғыз бала аман қалады. Баланы қасқыр асырап алып, сол баладан он ұрпақ тарайды. Қасқырдан тараған әулет деп, оларды «Ашина» (қасқыр) атаған. Бұлар ақыры жауынгер түркілердің тауларында қасқыр басы бейнеленді.
VI ғасырдың ортасында Бумын қаған түркі мемлекетінің негізін қалады. Ол көшпелі түркілерді Түрік қағанатына біріктіреді.

Осы кезеңнен Орталық Азияның тарихи сахнасында түркі этносы үстемдік етті.

**2.** ҮІ-ҮІІ ғасырларда түркілердің қолдауымен соғдылықтар Жетісу, Жоңғарияда, Шығыс Түркістанда, Оңтүстік Сібірде сауда орындарын құрды. Халқының басым бөлігі жер жыртумен , саудамен, қолөнермен айналысты. Түркілер өздеріне бағынышты соғдылықтарды «тат» деп атады. М.Қашқари «татсыз түрік жоқ» деп жазды. Себебі таттар түріктердің бүкіл қара шаруасын атқарды, сауда-саттығын жүргізді

**3.** Ертедегі түріктер ҮІ ғасырда өзіне тән алфавиттік жүйесі мен жазу емлесі бар руна (сына) жазуы дүниеге әкелген. Ертедегі түркі руына (сына) жазуларының көбі қайтыс болған кісілердің басына қойылған, бұл ескерткіштегі жазуларын «бітік таш» деп атаған. Бұндай ескерткіштер түрік көсемі Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк арналып салған. ҮІІІ ғасырдың 20-жылында Енисей аңғарында табылды. Ресей түркітанушы В.Ф. Радлов жазуды тұңғыш рет ажыратып оқып, үлкен тарихи жаңалық ашты.

**ІҮ. Сабақты бекіту:**

«Бумын» сөзжұмбағын шешу:
1.Түрік қағанаты шығыс және ..... болып бөлінді. (шығыс)
2.Халқының басым көпшілігі немен айналысты? (сауда)
3.Білге, Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері табылған жер. (Монғолия)
4.Түрік қағанының бірі. (Тоныкөк)
5.Қасқырдан тараған әулетті қалай атады? (Ашина)

***Сонымен балалар қандай тақырыппен таныстық?***
(«Түркілер әлемі» видеосын көрсету)
**Ү. Қорытынды.** Балалар бүгін біз қазақ халқының арғы ата-бабасы Ежелгі түркі халқымен таныстық. Ежелгі түркі жазуы түркі халқының жоғарғы мәдениетін көрсетеді. Түркі дәуірінен бүгінгі біздің заманымызға жеткен тарихи туынды Күлтегін ескерткіші. Бұл ескерткіш қазіргі таңда Евразия Гумелев атындағы университетінде қойылған. Бүгінгі ұрпаққа мұра ретінде жалғасын тауып отыр. Елбасының тапсырысы бойынша Монғолия жерінен Астана қаласына 2012 жылы И. Тасмағанбетов басшылығымен әкелінді.
**ҮІ.Бағалау:** Оқушылардың топтық жұмыстарының нәтижесіне қарай бағалау.
**ҮІІ. Үйге тапсырма:** Ежелгі түркілер туралы қосымша деректер жинақтау, мәтіндегі кестені толтыру, «Ашина» туралы реферат жазу.

---

**Тараз қаласы №36 орта мектебі**
**Ботамкулова Ақерке Батырбековна**

**Коучинг тақырыбы: " Оқушылардың оқу деңгейін бағалаудағы жаңа көзқарас "**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | "Оқушылардың оқу деңгейін бағалаудағы жаңа көзқарас " | |
| **Модуль** | Білім саласындағы жаңа қадам:<br>1.«Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» | |
| **Жалпы мақсаты** | Бағалаудың жалпы нысандарын түсіндіруге, бағалау түрлерінің мақсатын анықтауға және негіздеуге, бағалаудың формальды, және формальді емес жүйелерін анықтауға\бағалауға, әрбір мұғалім оқыту мен оқу сапасын жақсарта алатынын түсіндіруге көмектесу | |
| **Сілтеме** | Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 104-109 бет<br>Үлестірме нұсқаулық | |
| **Оқу нәтижесі** | Мұғалімдер оқушылардың білім деңгейін бағалауда бағалау жүйесінің мүмкіндіктерінің диапазонын кеңейте алады, жаңа өмір талабының мектепті дамыта отырып , оқушы деңгейінің дамуына көз жеткізе отырып, бағалау түрлерін түрлендіру тек оның өзгеруіндегі өлшемі екендігіне көз жеткізеді. «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» маңыздылығын түсінеді | |
| **Сабақта қолданылатын материалдар** | Флипчарттар, маркер, стикерлер, интерактивті тақта, презентация | |
| **Оқу әдістері** | ОүБ және оқуды бағалау<br>АКТ<br>Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету | 1. топтық жұмыс<br>2. жұптық жұмыс |
| **Дерек көздері** | Интернет желісі, портал материалдары | |
| **Тапсырмалар** | Көбелектің түрлеріне қарай топтастыру<br>Топ ережесін құру<br>Топпен жұмыс «Көбелек суретін салу»<br>Бағалау, бірін-бірі бағалау,БҮҮ, постермен жұмыс,сергіту сәті, презентация | |
| **Оқуға арналған тапсырма** | Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 109-114 беттер | |

**Сабақ бойынша коучпен мұғалімдердің іс-әрекеттері**

| Мұғалімдерге психологиялық ахуал туғызу | Коучтың іс-әрекеті | Мұғалімдердің іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **3 мин** | Жағымды психологиялық «Көбелектер» | Мұғалімдер ортаға шығып қобдишадан әріптесіне көбелек сыйлайды. |
| **2 мин** | "Көк көбелек», «Сары көбелек», «Жасыл көбелек», «Қызыл көбелек» түстеріне қарай төрт топқа бөледі. | Төрт үстелдің түсіне сай, көбелектің түсіне қарай бөлінеді. |
| **3 мин** | Бейне таспаны көрсету, топ ережесін құру | Бейнетаспаны бақылай отырып, негізгі ойды ашады. |
| **2 мин** | БҮҮ толтыру | Жеке толтырады, бірлесіп, ортақ шешім шығарады, кестеге жазады. |
| **10 мин**<br>**Мұғалімдердің іс-әрекетті дұрыс бағалау үшін жіті қадағалап үйренуге жол ашу және формативті бағалау** | Тапсырма : "Көбелек» суретін топ болып салады | Топпен бірлесіп жұмыс жасайды, өздерін бағалайды,қорғайды. |
| **2 мин**<br>**Бірін-бірі бағалау** | Топ мүшелерін бағалайды. | Сағат тілімен келесі топтың суретін бағалайды, қорғайды. |
| **10 мин**<br>**Критериилер бойынша бағалау** | Өз суреттерін критириилер бойынша бағалайды. | Критерии бойынша бағалайды, өздерінің, әріптестерінің бағасымен салыстырады. Нақты бағасын шығарады. |
| **Сергіту сәті** | «Кім икемді?» би қимылдарын | Топ мүшелері биді орындау |

| | | |
|---|---|---|
| **3 мин** | орындайды, топ мүшелері бас бармақпен бағалайды. Бағаның шынайлығына көз жеткізу керек. | барысында түрлі қимылдарды икемді орындаулары тиіс, жақсы баға алуға тырысу қажет. |
| **Ақпарлама**<br>**5 мин** | Презентация арқылы ОүБ -ға қысқаша мәлімет беру, рубрикаторлар таратылады. | Тыңдайды,танысады, өз тарапынан жеке сұрақтар болса қояды. |
| **Рефлексия**<br>**3 мин** | БҮҮ келесі кестесін толтырады<br>Стикерге өз пікірін білдіреді. | Кестені толтырады, кері байланыс парағын толтырады, стикерге «Екі жұлдық, бір тілек» жазады.. |

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы Циолковский атындағы**
**№84 жалпы орта мектебі ағылшын тілі пәні мұғалімі**
**Бекмуратова Акнур Карабаевна**

**Сабақтың тақырыбы: Who is clever?**

Сабақтың мақсаты: 1. Білімділік: Оқушыларды шығармашылық ізденіске бағыттай отырып, ой пікір сөз еркіндігін баулу және өткен сабақтардың тақырыбын еске түсіру.

2. Дамытушылық: Оқушылардың берілген сұраққа тиянақты жауап беру, тіл байлығын сөздік қорын молайту. Сабаққа қызығушылығын ынтасын белсенділік қабілетін арттыру.

3. Тәрбиелік: Оқушыларды ұйымшылдыққа және өз ойын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.

Сабақтың типі: Сайыс сабақ

Пән аралық байланыс: орыс тілі және қазақ тілі

Сабақтың көрнекілігі: интербелсенді тақта және кеспе қағаздар

Introduction

Good morning dear pupils! There are a lot of us and we are glad to see you today. Welcome to our game. Today we have a wonderful lesson. The theme of our lesson is “Who is clever?”. Now I will introduce you with the process of the game. Our game consists of 4stages.

1. puzzles.
2. translate the text.
3. answer the questions.
4. complete the sentences.

Do you understand me pupils? Now let’s begin the game. Our first stage is “puzzles”. And translate the answers in Russian and English.

Ok let’s start our lesson. The first task is puzzles.

First group

1. Жазда жайнайды кыста самғайды.
2. Айдалада ақ отау аузы мұрны жоқ отау.
3. Ағаштан ағашқа секіреді, банан жеп жетіледі.
4. Қасқырды қабады, қойды бағады.
5. Қолында бар саусағында жоқ.

Second group

1. Отбасында құмған, екі көзін жұмған.
2. Екі бала қатар тұрсада бірін бірі көрмейді.
3. Сүт береді бірақта сиыр емес
сиырлыкка соншалық үйір емес
сүт береді әйтседе дария емес
сақалы бар сақалы қария емес.
4. Ұрттаған сайын аспанға қарайды.
5. Суда құлшынады, құрғақта бұлқынады.

2. Ok pupil the next task is “translate the text”. First you will look at the picture and translate the text.

Monkeys.

1. group

These gorillas live in the high mountains of Rwanda in Africa. The highest mountain is 4505metres high. Today there are not many gorillas in the mountains because men hunted them for their fur.

2 group

There are 500000 of these monkeys in India. They like to live in forests but 250000 of them now live in towns because men are cut in down the trees. The people in the towns give them food. But it is not good for the monkeys and many die.

Answer the questions

1. Where are these gorillas from?
2. How many monkeys live in India?

The next task is “Do you know…”

I will read the questions, if you know the answer you should raise hand to answer as quickly as you can. And translate the questions.

1. What did Kazakhstan become an Independent state?
2. Who is the Head of the state of Kazakhstan?
3. What countries does Kazakhstan border on?
4. What is the first name of Astana?
5. What is the capital of Kazakhstan?
6. What official language is Kazakhstan?
7. Where is Alla Pugacheva from?

8. What large cities of Kazakhstan do you know?
9. When do we celebrate the holiday of Nauriz?
10. Who is the author of the novels “Abay zholy”?
11. Where the oil resources can be found in the Republic of Kazakhstan?
12. When the st. Valentines day celebrated?
13. What is the capital of Russia?
14. What are there in the flag of Kazakhstan?
15. What holiday is celebrated on 22nd of March?
16. Name of the 4 seasons.
That’s all.
3. This task is numbers will help you to build words, each number designates one letter.
Task: 13, 25 / 13, 15, 20, 8, 5,/ 9, 19 / 1/ 8, 17, 21, 19. 5./ 23, 9, 6, 5/
**Giving the points.**
**The lesson is over. Good – bye!**

---

**ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы №77 Хамза атындағы жалпы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі**
**Раимкулова Дилдара Файзуллаевна**

**Сабақтың тақырыбы: Қ. Баянбаев « Араша»**
Сабақтың мақсаты:Білімділігі:«Араша» өлеңін оқып түсіндіру.Қара сөзбен әңгімелеуге үйрету,мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру;
Дамытушылығы:Негізгі идеяларды суреттей отырып,оқушылардың белсенділігін шығармашылық қабілеттерін дамыту.Жаңа технологияны интерактивті тақтаны пайдалану арқылы білім сапасын арттыру;
Тәрбиелілігі:Тақырыптың өзектілігін негіз ете отырып,шындыққа,адалдыққа,адам бойындағы жақсы қасиеттерге үйретіп,жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.
Сабақтың түрі: аралас сабақ
Пәнаралық байланыс: дүние тану, бейнелеу
Көрнекіліктер: Интерактивті тақта, слайд, ассоцация,сауалнамалар.
Сабақтың барысы:1) Ұйымдастыру кезеңі.
2)Адамға ең жақын қасиетті не деп ойлайсыңдар?
-Адамдардың бір–біріне деген жылулық, достық, махаббат,сәттілік т.с.с
-Олай болса, бір–бірімізге деген күннің жылуын сыйлайық.

Күннің жылуы

Аспанда не ыстық?
Ал жерде не ыстық?
Әке мен шеше ыстық-
Сүйікті тым ыстық-
Туған ұл-қызы ыстық
Бәрінен «тыныштық» -
Деген сөз тым ыстық.
Жасасын туыстық
Достық пен тыныштық.

Үй тапсырмасын тексеру:«Бәйге» ойыны арқылы өткен сабақтарды пысықтау үшін интерактивті тақтада текшелердегі ұпайларды таңдайд ы.
«Бәйге» ойыны Сауалнама:
1. Тоқым қағар дегеніміз не?
2. Арғын қандай қолғадысын тигізді?
3. Адамдар табиғаттағы құбылыстар арқылы қандай өнерлерді үйренді?
4. Адамға ең жақын кім?
5. Үй жануарларының адамға пайдасы қандай?
6. Жабайы хайуанаттардың адамға пайдасы қандай?
7. Жәнібек қалайша жоғалып кетті?
8. Жәнібек қандай оқиғаларды бастап кешірді?
9. Басқа қалада жүріп адасып кетсеңдер не істер едіңдер?
Ой жинақтау, пысықтау:
Осы әңгімеде Жако қандай бала?
- Проблемалық сұрақ қою:
- Жаконың оқиғадан кейінгі іс әрекеті.

Ой қозғау «Жұмбақ жасыру»

- Шыбын, Мысық, Ит, Торғай, Дөнен.
- Бунақденелілерге нелер жатады?
- Құстарды ата.
Мінездеме беру

Жаңа сабақ

| | | |
|---|---|---|
| Белгілі ақын | | 1936 жылы |
| Аудармашы | Қастек Баянбаев | Алматы облысы |
| жазушы | | Қабанбай ауданы |

«Балаларға базарлық»
«Солақай қарт»
«Қолшатыр көтерген он батыр»
«Әсем әлем», «Жол», «Тәтті сабақ»

«Араша»

«Араша» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
А – төбелесу
Р – жанжалдасу
А – достасу
Ш – мұрын қанату,көзін көгерту
А – дауды немесе төбелесті тоқтату.
Мағынаны ашу.
А) «Араша» өлеңін оқи отырып мағынасын ашу, ұғындыру.
Ә) «Араша» сөзіне мағыналас сөздерді табу.
Б) Сөздік жұмысы:
Бөрткен дәндей-
Жайын ауыз-

Демонстрациялау әдісі.

Рольге бөліп оқыттыру. (интерактивті тақтадан слайд арқылы,демонстрациялап көрсету)

Шығармашылық жұмыс.

| Шыбын | торғай | Мысық | Ит |
| --- | --- | --- | --- |
| Жақсы жаман | жақсы жаман | жақсы жаман | жақсы жаман |

Осы жануарлардың қасиеттері арқылы проблемалық сұрақтар қою арқылы өмірімен байланыстыру.

Түсінгенін айту.

Қосымша сауалнама - Осы шыбын, торғай, мысық, ит, құнандардың жақсы-жаман қасиеттерін айту және өлең, жаңылтпаш, эссе жазу..

**Үйге тапсырма: «Араша» өлеңінің мәнін түсіну, оқу, мазмұнын айту.Достық туралы мақал-мәтел жазып келу.**

---

**ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы №101 жалпы орта мектеп**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Темиржанова Махира Эргашовна**

**Баяндаманың тақырыбы**: **Қазақ тілі мен әдебиет сабағында интерактивті тақтаны қолданудың тиімділігі**.
**Баяндаманың мақсаты:** өмірге жан–жақты дайындалған, еңбексүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, рухани – интеллектуалдық тұрғысынан бай азамат тәрбиелеу, білім беру; оқушыларды интерактивті тақтаны дұрыс қолдана білуге, жетік меңгеруге ықпал ету; берілген тапсырмаларда жаңа технологияның көмегімен сауатты, шапшаң орындауға үйрету;
ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, окытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Осы орайда ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек.
Кез келген оқытушы өзінің пәнін қызықты өткізуге, және де оқушыларының білімін арттыруға тырысады. Қазіргі кезде көптеген білім салаларында интерактивті тақталарды қолдану кең өріс алып келеді.
Қазақ тілі мен әдебиет пәндерін оқытудың оқушы қызығушылығын арттыруда өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан оқушылардың мектепте алатын білімі мен тәрбиесін жетілдіруде оқытудың жаңа формасы тиімді болмақ. Интерактивті тақта мұғалімнің сыныптағы әрбір оқушыға ақпаратты тиімді жеткізуіне көмектеседі. Интерактивті тақта әр түрлі бағытта оқытуды және сабақ беруді өзгертуі мүмкін. Олар сабақтан тыс, уақытты жоспарлауға, сондай-ақ сабаққа дайындалуға, оқушылардың зейінін аударуға және ынталандыруға, ақпараттарды көрсетуге, уақытты тиімді пайдалануға өте қолайлы.
Интерактивті тақта – барлық сыныпта оқыту үшін таптырмайтын құрал. Бұл визуалды ресурс мұғалімнің жаңа материалдарды оқушыларға өте тартымды және тез жеткізуіне көмектеседі. Бұл тақта ақпараттарды әр түрлі мультимедиялық ресурстардың көмегімен жеткізуге мүмкіндік береді: мұғалімдер мен оқушылар материалдарды түсіне және жете толық игере алады. Қиын мәселелерді жеңіл түсіндіріп, схемаларды беруде өте ыңғайлы.
Жалпы білім беру жүйесінде үйреншікті дағдыдан үйлесінді, күрделі сабақтастықтарды қамтуға, жаңа ақпараттық, компьютерлік жабдықтармен жұмыс істеуге көшу – қазіргі заман талаптарынан туындап отыр.
Шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады.Оқушы білімінің сапалы болуы ұстазының дәріс беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне, яғни кәсіби құзіреттілігіне тікелей байланысты. Оқушы үшін мектепте оқытылатын әрбір пәннің орны ерекше. Ал оқушының пәнге қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті үнемі ізденістермен жаңартып отыру әр ұстаздың міндеті болу керек.
Бағдарламалық – техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды, Интернет ресурстарын қолдана алады.
Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:
• Пән бойынша базалық білімді меңгеру;
• Алған білімді жүйелеу;
• Өзін - өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;

• Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
• Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.
Интерактивті оқыту әдісі – оқушының оқу үрдесін ұйымдастыруға толық қатынасын белсенді тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік ашатын тиімді оқыту әдісі.
Интерактивтік тақта арқылы дидактикалық материалдармен қоса неше түрлі дыбыстарды оқушаларға естіртуге болады мысалы: құстардың үнін, судың дыбысын т.б. Сонымен қатар айта кетерлік мұғалім ғана емес оқушыда тақтаны қолдана алады, мысалы айтқанда заттарды үлкейту немесе керісінше кішірейту, бір затты биік немесе аласа түрін көрсету, тақтада мұғалім арқылы дайындалған тапсырмаларды орындау.
Сабақта интерактивті тақтаны қолдану оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпалын тигізеді.
Өз тәжірибемде сабақты тартымды және динамикалы түрде жеткізу үшін интерактивті тақтаны пайдаланамын. Осы орайда интерактивті тақтамен өткізген қазақ әдебиет пәні бойынша «Мақалды жалғастыр» ойынын сіздерге үлгі ретінде көрсетіп кетсем:
«Мақалды жалғастыр» ойынын интерактивті түрде өткізу оқушылардың мақалдарды есте сақтап қалу қабілетін күшейтеді.
Мысал ретінде мына мақалдарды алуға болады.
Өнер алды- ................
Көп түкірсе .............
Елдің көзі ................
Ер қанаты ...............
Керекті сөздер: ақ тіл, қызыл тіл, өзен, көл, жүз елу, елу, ат, көлік. Осы мақалдарды ребус түрінде де беруге болады.
Қорыта келгенде:
Күнделікті сабақты таңқаларлықтай өткізу бұрын соңды болмаған ойын түрлерін қолдану, сөзжұмбақ, ребустар пайдалану, проблемалықпен оқыту, өмірмен ұштастыру, әрбір оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау болып табылады.

---

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдірудегі шығармашылығы**

**ОҚО, Сайрам ауданы, Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясы бастауыш сынып мұғалімі Юлдашева Унсунжан Талиповна**

Қай заманда болсын, ата-ананың, қоғамның алдында тұрған басты індеттердің бірі дені сау, адамгершілігі мол, білімге құштар, салауатты өмір салтын ұстанатын есті, еңбексүйгіш, саналы, құзіретті тұлға тәрбиелеу.
«Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білдіретіндігінен... Көпшілікті адамшылыққа тәрбиелеу үшін жас буынды жақсылап тәрбиелеу қажет»,- деп Мұхтар Әуезов айтқандай жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім жауапты сала екендігі бәрімізге белгілі.
Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып, өз алдына отау тігіп, өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті – әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары, тәрбиелі, білімді ұрпақты өсіру.
Еліміз өркениетті елдер қатарынан орын алып, ұрпағымыз қоғам қажеттілігіне сай болып жатырса – бұл ұстаздар еңбегі.
«Мұғалім – мектептің жүрегі» демекші, оқушыға білім нәрін себуші жүректің қызметі сапалы болса, жемісі де шырынды болмақ. Қазіргі заман талабына келсек, ұстаз алдында тұрған жүк ауыр десек те болады. Оның қызметін тұтастай адамтану ғылымы деп алсақ, бұл ғылым адамның күрделі де қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу шеберлігімен көрінеді.
Ұстаздың жан-жақтылығы, үнемі ізденіс пен шығармашылық жолындағы талабының болуы шәкірт жүрегіне бірден-бір жол салады. Ондай ұстаздан шығармашыл, құзіретті және жаңа үлгідегі мұғалім күтіледі.
Кәсіби құзіретті маман – бұл пәндік білім жүйесінің, іскерлік пен дағдының, кез-келген ғылыми білім сапасын меңгерген маман ғана емес, оқыту технологиясының жүйесімен, оқушылардың өмірге дағдыландыру құзырлығын айқындау бағытындағы әдіс – тәсілдермен қаруланған жаңаша мұғалімі.
Кәсіби құзыреттілігін жетілдірудегі бастауыш сынып мұғалімдерінің моделі.
Бастауыш сынып мұғалімі өзінің кәсіби шеберлігін шыңдау арқылы шығармашылық жұмысын төмендегіше жоспарлауға болады.
Жаңашыл мұғалімге қойылатын талаптардың бірі үздіксіз өз білімін жетілдіріп, әдістемелік шеберлігін жаңартып отыру.
1. Әдістемелік-ғылыми басылымдарға шолу.
2. Өзінің саяси білімін жетілдіру.
3. Өзара тәжірибе алмасу.
4. Білім жетілдіру курстарына бару.
5. Ғаламтор жүйесімен жұмыстану.
6. Әр түрлі деңгейдегі семинарларға қатысу.
Өскелең елдің болашағы оның жас ұрпағының білімділігімен өлшенетіні бүгінгі таңда ақиқатқа айналып отыр. Сондықтан біздің елдің дамуының негізгі бағыттарының бірі – білім беру жүйесін жетілдіру, әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастыру және мұғалімнің жаңашылдығы болып табылады.
Білім берудің негізі бастауыш мектепте қаланады. Ол туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында : «Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Осы сатыдағы оқу мен тәрбие оң уәжді қалыптастыруға және оқу қызметін білуге, оқу, жазу, санаудың берік дағдыларын үйренуге, тілдік қарым-қатынастың қарапайым тәжірибесіне, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан таныта білуге, мінез-құлықтың мәдениетіне бағдарланады, кейін негізгі мектептің жалпы білім беру бағдарламалын меңгеруге база жасайды.» Яғни түпті мақсат мұғалімнің жаңа үлгідегі моделі – шығармашыл ұстаз, жаңашыл педагог екендігін дәлелдей келе, құзіретті тұлға тәрбиелеудегі бастапқы негіз екенін көрсетеді.

---

**ОҚО, Сайрам ауданы, Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы**
**мектеп-гимназиясы ән-күй пәні мұғалімі Имамалиев Равшанбек Абдирахманович**

**Тоқсандық тақырыбы: Әлемді шарлаған музыкалық асапаптар.**
**Сабақтың тақырыбы: Табиғатпен үндескен сыбызғы.**
**Сабақтың мақсаты**: Музыка аспаптары, соның ішінде ұлттық музыка аспаптары туралы мағлұмат беру.
**Білімділік мәні :** Аспаптардың құрылысы мен түрі, неден жасалатынын ажырата білуге үйрету.
**Дамытушылығы:** Оқушылардың ойлау қабілетін дамыта отырып, эстетикалық бағыт беру және ұлттық аспаптарға деген қызығушылықтарын арттыру.
**Тәрбиелік мәні:** Музыкалық аспаптар арқылы ұлттық өнерін танып, білуге, ұлттық музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру.
**Сабақтың түрі:** дәстүрлі **Сабақтың типі**: Жаңа сабақты меңгерту
**Сабақтың әдісі:** Жаңа сабақ түсіндіру , әңгімелеу, музыка тыңдау, шығармашылыққа баулу .
**Пәнаралық байланысы:** Музыка әдебиеті , тарих, әдебиет, технология,бейнелеу.

**Сабақ барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі.**
**Үй тапсырмасы: Ежелгі музыкалық аспаптар: дабыл, дауылпаз, асатаяқ, қоңырау, даңғыра**

**Актуалдау:**

Ұлттық музыка аспаптары өте көп. Біздер өткен сабақтарда дабыл, дауылпаз, асатаяқ, қоңырау, даңғыра аспаптарымен таныстық, бүгін тағы бір ұлттық аспап- сыбызғымен танысамыз.

**Жаңа сабақ: Табиғатпен үндескен сыбызғы.**

Табиғатқа үнсіздікпен құлақ түрсең, түрлі дыбысты, әуен сазды ести аласың.Ертеде бір адам көл жағалауымен келе жатса, бір дыбысты естиді. Көл жағалауында қамыстан желдің тербеуімен шығып тұрады. Қамысты үрлеп көрсе, әдемі дыбыс шығады. Қазақ халқы осы аспапты сыбызғы деп атайды. Қамыс тез сынғыш болып келгендіктен оның сыртын қойдың ішегімен қаптап қоятын болған.
Сыбызғы тәріздес музыкалық аспаптар көптеген халықтарда бар. Қырғыздарда шоор, башқұрттарда курай деп атайды.

**Ән орындайық! «Болайықшы осындай»әні**

Жақсы бала еңбекшіл
Ер азамат болады,
Қиындықты жеңіп кіл
Құшағы гүлге толады.
Қайырмасы:
Еңбекшіл осындай,
Болайықшы досым-ай.
Таза бала мұнтаздай,
Сүйсінеді қараған
Ұқыпты деп бұл қандай
Жақсы көрер бар адам.

**Қорытындылау :** Сыбызғы аспабы неден жасалады, қалай ойналады?
Сыбызғы аспабына ұқсас басқа халықтардың аспаптарын ата?
Тағы да қандай ұлттық музыка аспаптарын білеміз?

Бірақ, біз, қазақ халқының ұлттық музыка аспаптарын осы кезден бастап ажырата білуіміз керек. Ұлттық аспаптарымызды, музыкамызды құрметтеуіміз керек.

**Дәптерге суретін салғызу.**

**Үйге тапсырма**: Табиғатпен үндескен сыбызғы. Болайықшы осындай»әні.
**Бағалау.**

---

**ОҚО, Сайрам ауданы, Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы**
**мектеп-гимназиясы бастауыш сынып мұғалімі Парпиева Гулчехра Икрамовна**

**Бастауыш сыныптарда ойын технологиясын пайдалану**

Ойын - балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менің»қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін - өзі дамытуға мүмкіндік береді. Ойын - әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.
Бастауыш сыныптарда ойын технологиясын пайдалану. Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.
Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс - әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Мен сол себепті «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту» деп өзімнің проблемалық тақырыбыма сүйенемін.
Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай -

ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы..«Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді. Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Мокаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған.
Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.
Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.
Ойын
Ұлттық Дидактикалық Логикалық
«Ақсүйек»
«Көкпар»
«Қанталапай»
«Арқан тартым»
«Көксерек - мөксерек» «Мың бір мақал»
«Ғажайып алаң»
«Сергіту сәті»
«Сөз құрау»
«Жұмбақ есеп»
«Әріпті кубиктер»
Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:
- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.
- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.
Ұлттық ойын ойнау баланың салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер - өзара қарым - қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады.
Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері.
Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мен өз сабағымда грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой - өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін.
Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс - тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.
Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойынын ойнатуға болады.
1. Қ әрпінен басталатын қалалардың атын жаз. Мысалы: Қарағанды, Қызылорда, Қостанай.
2. Тек қана е, ы, і дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: ы - ыдыс, Ыдырыс, ыстық
І - ілгіш, ірімшік, тіршілік. е - береке, текемет, ертең.
3. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздер ойлап жаз. Мысалы: нан, қазақ, қырық
«Дыбыс таңдау ойыны»Ойынның шарты бойынша таңдаған дыбыстан ғана басталатын сөйлем жазу. Мысалы: Қойдан қалып қойған қозыны Қанат қораға қамап қойды.
«Адасқан әріптер»ойыны дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.
1. р, о, б.- бор
2. а, ш, а, ғ.- шаға
Лексика бойынша
«жалғасын тап» ойыны. Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөз жазылады. Оларды қалған оқушылар тауып, қосып айтулары тиіс.
1. Ұяда....
Ұшқанда
2. Көп...
Терең...

«Кім білгір»ойыны. Тақтаға заттардың, жан - жануарлардың суреті ілінеді. Суретке байланысты мақал - мәтелдерді кім біледі?
«Жылдам жауап»ойыны. Оқушыларға әзіл аралас сұрақтар беріледі. Сұраққа толық тұрақты сөз тіркестерімен және мақал - мәтелдермен дұрыс әрі жылдам жауап берілуі керек.
Морфология саласы бойынша.
«Ойлан тап»ойыны.
1. Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? Асқазан
2. Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? Ақбөкен
3. Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? Жетісу, Талдықорған
«Ойна да ойлан»ойыны.
1. адамның туыстық атауларын білдіретін зат есімдерді жаз.
2. қолмен ұстауға, көзбен көруге болатын зат есімдерді жаз.
«Кім тез тауып, оқи алады?» ойыны.
Мына сөйлемдерде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады?
Абай жайында баяндама біз өмірбаяны тыңдадық.
«Ұйқасын тап ойыны» Өзінше ноян, Қорқақ кім?.. қоян."Бата алмас түлкі, Үсті тікен.. кірпі
«жалғасын тап ойыны»
Атаңның баласы болма,
/адамның баласы бол/
«Сөз қуаласпақ ойыны»
Ойынның шарты: 1 - қатардағы оқушыларға «бастауыш», 2 - қатарға «баяндауыш»деп ат қойылады.
«Бастауыштар»сөйлемде бастауыш болатын сөздерді айтады, «Баяндауыштар» оған қимылды білдіретін сөздерді қосып, сөйлем құрайды.
Әр ойынды ойнар кезде сол ойынға сәйкес өлең оқу арқылы қызығушылығын арттыруға болады. Сабаққа ынтасын, ықыласын бірден аудару мақсатында өлең есепте қолданудың маңызы зор. мысалы:
Бізде қызық ойын бар
Ал, ықылас қойыңдар.
Қане, тәртіп сақтайық,
Баспалдақтан аттайық,
Есептеуден қашпайық,
Жүлделі болып қайтайық.- балалар зейіндерін аударып, тақтаға екі жағынан жарыстыра сатылап, мысалдарды шығарту. Балалар төменгі сатыдан жоғарғы сатыға шығып мәредегі ойыншықты алады. Бұл ойынды «қоянға көмектесейік» немесе «балапанды құтқарайық» деп атауға болады.
Әр сабақта ойын түрлерін орынды қолданып, оны қызықты етіп өткізу арқылы бүлдіршіндердің оқуға деген ынта - ықыласын, пәнге қызығушылығын арттыруға болады. Ойын баласы сабақта зерігіп, шаршаған кезде қолданылатын ойынның бір түрі «сергіту сәті» Сабақта сергіту сәтін оқушының шаршағанын басу үшін ғана емес, оның тәрбиелік мәніне де назар аудару қажет. Мысалы: « Ұзын құлақ, сұр қоян». Немесе, дене қимылдарына қатысты сергіту ойындары: «Әй, шымыжық, шымыжық»

Сондай - ақ, меңгерілген тақырыпты иә болмаса, жаңа сөзді бекіту мақсатында әуенмен ауаға жазу арқылы да байланыстыра аламыз. Түрлі би қимылдары арқылы да сергіту сәтін жандандыруға болады. Мысалы:«Шөжелерім», «Әйгөлөк». «Қаражорға»
Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып, ойландырып, балаға тәрбиелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқушы дамып, нашар оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше іс - шараларға араласып, өз үлесін қосып отырады.
Қорыта айтқанда, кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой - өрісін ойын арқылы дамытады.
Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжер, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.
Ойындар - оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды.
В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты»,- деген екен. Ендеше, сыныпта және сыныптан тыс уақытта ойын технологиясын пайдаланудың нәтижесі қандай?
Олай болса жас бүлдіршіндерді оқытуда
Оқы да біл,
Ойын - еңбек.
Ойна да күл,
Ойын - оқу,- деп сөзімді аяқтағым келеді.

**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**


1. А. Ысқақов. «Қазіргі қазақ тілі». «Ана тілі»: 1991ж
2. С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты». – Алматы: 1997ж
3. журнал «Педагогика жаршысы»№4 2010,№3 2010ж,
4журнал 12 жылдық білім №4, 2006ж
5 журнал «Қазақ тілі мен әдебиеті»№2, 2005,№11, 2007,№1, 10 2008,№4, 9 - 2009ж


---

**ОҚО, Шымкент қаласы «Ленгір көмекші мектеп-интернаты»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен**
**әдебиеті мұғалімі Сұттібаева Гүлнұр Әшімқызы**

**«Тапқыр достар» сайысы**

**Мақсаты:** Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылықтарын арттыру. Оқушыларды тіл мәдениетін сақтай білуге, тіл тазалығы үшін күресуге, сөз өнеріне баулу. Ойлау қабілетін дамыту.
**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, кеспе қағаздар түрлі - түсті слайдтар
**Мұғалім сөзі:** Құрметті ұстаздар және оқушылар бүгінгі «» атты қазақ тілі және тарих апталығының аясында 5-сынып оқушылары арасында өткелі отырған «Тапқыр достар» сайсына қош келдіңіздер! Әділ қазы мүшелерімен таныс болыңыздар!
**Сайыс кезеңдері**
1. Кім жылдам?
2. Сөз тапқанға...
3. Ойлан тап
4. Сен білесің бе?
5. Мен тәуелсіз елдің ұрпағымын.

Сайысқа қатысушы топтар: «Тұлпарлар» тобы, «Қырандар» тобы
**1 - кезең «Кім жылдам?» деп аталады.** Әр топқа сұрақ қойылады.
1.Омоним дегеніміз не? (Біркелкі дыбысталып айтылатын, бірақ мағынасы басқа сөздер)
2.«Керқұла атты Кендебай» ертегісі қандай ертегі түріне жатады? Қиял-ғажайып ертегі
3.Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не?халық арасында ауызша туындағын, ауызша сақталған шығармалар
4.Фонетика нені зерттейді? Тіл дыбыстарын зерттейді
5.Ер Төстіктің тұлпарының аты? Шалқұйрық
6. «Түлкі, аю, қойшы» қандай ертегі? Хайуанаттар туралы ертегі
II топқа
1.Синоним дегеніміз не? Мағыналары бір-біріне жақын, бірақ дыбысталуы әртүрлі сөздер
2. Аяз би ертегісінің негізгі кейіпкері? Жаман
3. «Толағай» әдеби ертегісінің авторы кім? Ә.Тәжібаев
4. Ер Төстіктің әкесінің аты кім? Ерназар
5. Абайдың анасының аты? Ұлжан
6.  Б.Соқпақбаевтың шығармасы?
**II - кезең «Сен білесің бе?»** Мақал – мәтелдердің келесі сыңарларын жалғастырып айту
Ітопқа
- Кең болсаң — кем болмайсың
- Біреу тоңып секіреді — біреу тойып секіреді
- Бірлік болмай,  тірлік болмайды
- Қалауын тапса, қар жанар
- Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады
- Ерлік білекте емес …бірлікте
- Өтіріктің құйрығы …бір тұтам
- Анасын танымаған, Алласын танымас
- Отан үшін отқа түс, күймейсің
- Өнер алды — қызыл тіл

*II топқа*
*1.Ұрлық түбі қорлық*
*2.Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл*
*3.Жер байдың елі бай*
*4.Әке жүрегі таудан үлкен, ана жүрегі теңізден терең*
*5.Ана баулыған бала епті, әке баулыған бала есті*
*6.Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей*
*7.Жақсы сөз жарым ырыс*
*8.Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса жер ырысы*
*9.Ер қанаты ат*
*10. Айдағаның бес ешкі, ысқырығы жер жарар*

**III-кезең «Ойлан, тап»**
Екі топқа сөздер беріледі, сол сөздерден сөз құрастырып жазу
Ітоп ҚҰЛЫНШАҚ
ІІтоп ЖОМАРТТЫҚ
**IҮ кезең «Сөз тапқанға...»** Екі топқа әріптер беріліп сұрақ қойылады. Сол сұрақтарға берілген әріп бойынша жауап береді.
1-топқа: К, С, Т
2-топқа: Б, Қ, Д
І-топқа
1. Қандай маман иесі болғың келеді?
2. Қай ақынның өлеңдерін сүйіп оқисыз?

3. Бос уақытыңызда немен айналысасыз?
4. Мектеп үйіңізден қашық па?
5. Спортшылардын кімдерді білесің?
II-топқа
1. Мектептегі қай мұғалімді үлгі тұтасыз?
2. Достарыңыз бар ма?
3.Айтыскер ақындарыды атаңыз?
4. Оқушы қандай болу керек?
5. Қай әншінің өлеңдерін тыңдайсың?
**Ү –кезең. «Мен Тәуелсіз елдің ұрпағымын»**
Әділ –қазылар алқасы сайыс жеңімпаздарын анықтап, марапаттайды.
Сайысты қорытындылау.
«Кездесерде қуанамыз бәріміз,
Қоштасарда қиналады жанымыз.
Кездесу мен қоштасудың арасын,
Жалғастырып жатсын дәйім сағыныш.» дей отырып бүгінгі «Тапқыр достар» атты сайысымызды аяқтаймыз. Келесі кездескенше күн нұрлы болғай,бай қуатты болыңыздар. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып,жарқын болашақта, егеменді еліміздің еңселі ұрпақтарына сенім артып жүре берейік. Ең бастысы әрдайым бірге, әрқашан алда болайық достар. Сау болыңыздар!!!

---

**Тақырыбы: «Қиял теңізіне саяхат»**



**ОҚО, Шымкент қаласы «Ленгір көмекші мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбиешісі Амеева Меруерт Мамырбековна «Қиял теңізіне саяхат»**

Тақырыбы: «Қиял теңізіне саяхат»
Оқу іс-әрекетінің мақсаты: Балалардың теңізге шығудағы мақсатты көздету судың қасиетін, теңіздегі балықтар туралы, теңіз асты заттар, теңіздің адамға тигізер пайдасы туралы, теңізден алынатын байлығымыз жөнінде түсінік беру. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігінарттыру.
Тәрбиелігі: Мәдениеттілікке, жауапкершілікке,тазалыққа баулу.
Білімділігі: Жеке бастың тазалық ережелерін сақтауда судың алатын орны, салауатты өмір салтын дәріптеуде, адам өмірінде судың маңызды роль атқаратынына көз жеткізу.
Көрнекі құралдар: Балық суреті, су асты өсімдіктерінің суреті, глобус, лабиринт суреттер, кеменің суреті, жұмбақтар т.б.
Ұйымдастыру кезеңі: Кіріспе сөз.
Балалар бүгін бізге апайлар, ағайлар қонаққа келіпті, ендеше амандасайық. Балалар сабағымызды бастамас бұрын көзімізді жұмып теңізді елестетіп көрейікші (Теңіздің әнін жай қойып). Айналамыз шексіз үлкен, толқынды, керемет ары-бері ұшқан көп шағалалардың үндері естілді, алдымыздан айдаладан бір арал көрінеді. Жарайсыңдар, балалар көзеріңді аша қойыңдар. Теңіз сендерге ұнады ма?
-Балалар,біз бүгін кемемен саяхатқа шығамыз.
-Кемемен қайда жүруге болады?
-Суда,өзенде, мұхитта, теңізде.
-Дұрыс балалар.
Бір сәтті мына жер шары яғни глобусқа көзсалып көріңдерші. Жер шарының үштен екі бөлігін су алып жатыр.Жер бетіндегі барлық адамдардың тіршілігі теңіздермен , мұхиттармен тығыз байланысты. Теңіздер мен мұхиттардың бетінен көтерілген бу жауын-шашын болып жерге түседі. Біздің тыныстайтын оттегіміздің бірталай бөлігін бізге солар беріп отырады. Балық, краб, омар, теңіз ұлу, теңіз капустасы сияқты дәмді де нәрлі тамақ өнімдері осы теңіз бен мұхиттан алынады. Сондықтан да балықшылар «Көк теңіздің өрісі – балықшының егесі» -деп тегіннен тегін айтпаған. Теңіздер мен мұхиттардың түбінен мұнай өндіріледі, теңіз суынан ас тұзын аламыз, аз да болса күнделікті дастарқанымызда теңіздің бір бөлігі тұр.
-Мыны суретте теңізде кездесетін балықтардың бір тобы.
-Камбала, акула, губан, кит, дельфин т.б.
-Ал мынау теңіз астында кездесетін өсімдіктер. Моллюскілер, устрица, янтарь түсті ұлу, калмарлар, меруертті ұлу сегізаяқ, мидиялар. Міне осылай аз да болса теңіз туралы мәліметтер алдық.
-Енді саяхатқа шығу үшін ең алдымен бізге не керек екенін біліп алайық.
-Балалар, саяхатқа яғни теңізге немен барамыз?
-Кемемен
Жарайсыңдар, ендеше мынау біздің теңіз, мұндағы кемемізге отырып жаңағы өзіміз елестетіп көрген аралымызға барамыз.
-Теңізде келе жатырмыз, айналаның бәрі су, су көп неге тағы су алдық?
-Теңіз суы тұзды, оны ішуге болмайды.
-Дұрыс, бірақ теңіздің суы тұзды болғанымен денсаулыққа өте пайдалы. Одан дәрі жасайды, ал біз тамағымызды ауырмас үшін тұзды сумен шаямыз ғой, солай емес пе?
-Ия
Балалар біз математика аралына келіппіз, мұнда сендерге Буратинаның тапсырмасы бар екен, қане түсін айтыңдаршы? Кім оқиды екен?
«Балалар мына тапсырмамды шешіп берсеңдер мен сендерді осы аралдан шығарамын, шеше алмасаңдар осы аралда қаласыңдар»
-Табақта үш алма
Қолымда үш алма
Болды барлығы

Неше алма
-Тағы бір тапсырма бар екен. Мына ілулі тұрған гүлдерді түсіне қарай ажыратып, неше екенін санап бер дейді.
-Жарайсыңдар енді біз бұл аралдан шығып, жолға шығайық.
-Қараңдар тағы бір аралға кезіктік, мұнда да хат бар екен, түсі қандай? кім оқиды?
1) Сергіту сәтін жасаңдар
2) Ал енді су туралы кімдер тақпақ айтады?
1- қыз. Біз келеміз кемеде
Су бетінде тербеліп
Соқса егерсалқын жер
Дем аламыз тыныстап
2-қыз.Сылдырлайды мөлдір су
Мөлдір суға қолың жу
Жуынсаң сен әрдайым
Аппақ бетін маңайдың
Тазалықтың досы
Су деген осы.
-Мына жаққа қараңдар бізге қарай бір балық жүзіп келді.
-Қандай балық болды екен?
-Дельфин жүзіп келді.
-Дельфиннің сендерге тапсырмасы бар екен.
1.Жұмбақ жасыру
1)Жылға қуып ағады
Ағып көлге барады
Ішсең шолің қонады
Шешуін кім табады. (Бұлақ)
2) Құйрығы жерге тимейді
Жотасы жерге күймейді (Балық)
3) Күннің көзін жабады
Айдың бетін жабады
Жаңбыр болып жауады
Шешуін кім табады. (Бұлт)
2.Екі бала тақтаға шығып, мына сандарды өсу ретімен тез қосқанда, қандай сурет шығатынын көреміз, кім тез аяқтаса жеңіске жетеді.
Шешуі: қайық
3.Ойын «Айырмашылығын тап»
-Балалар, мына суретке зер салып қарайық, кім маған әңгіме құрастырып береді.
-Бала. Теңіз шексіз үлкен. Шағалалар ұшып жүр. Балықшылар кемеден балықтарды түсіріп жатыр.
Мақал-мәтел. Судың да сұрауы бар. Бұлақ көрсең көзін аш. Сусыз өмір жоқ. Су ішкен құдығыңа түкірме Балалар, бүгінгі саяхатымыз аяқталды.
Қорытынды: Теңіз туралы не түсіндіңдер?
Теңіз патшалығымен таныстық, қандай суды қолдану керек екен?
Оқу іс-әрекеті қорытылып, балаларды мадақтау.

---

**ОҚО, Сайрам ауданы Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясы география пәні мұғалімі Исаев Махкамбой Абдикадирович**

**Сабақтың тақырыбы:«Ауадағы су буы. Тұман және бұлт»**
Мақсаттары:
Білімділік: Ауадағы су буы мен тұман, бұлт туралы түсінік қалыптастыру
Дамытушылық: Өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту, шығармашылыққа баулу
Тәрбиелік: Оқушыларды татулыққа, бірлікке тәрбиелеу
Сабақ түрі: Аралас
Көрнекілігі: бұлт түрлерінің суреті, сызбалар, «Су буының мөлшері» кестесі
Сабақ барысы:
I. Ұйымдастыру бөлімі
1.Оқушылармен амандасу.
2.Сыныпты түгендеу.
3.Оқушылар назарын сабаққа аудару.
II. Үй тапсырмасын тексеру
I. «Кім жылдам?» ойыны ойналады.
Сұрақтары:
1.Жел дегеніміз не?
2.Желдің жылдамдығы немен өлшенеді?
3.Желдің қандай түрлері болады?
4.Желдің бағыты мен күшін қалай анықтайды?
5.Желдің маңызы қандай?
6.Жел мен өсімдіктің арасында қандай байланыс болуы мүмкін?
II. Венн диаграммасы арқылы бриздер мен муссондардың айырмашылығы мен ұқсастығын көрсетіңдер?
Бриздер Ұқсастығы Муссондар

Жаңа сабақ Қанатсыз құс маңып барады,
Көзінен жас тамып барады. (Бұлт)
І.Қызығушылығын ояту.
1.Су табиғатта қандай күйде кездеседі?
2.Тұман қалай пайда болады?
3.Бұлттылық дегеніміз не?
4.Бұлттың қандай түрлерін білесіңдер?
Құйып жауған жаңбырдан кейін көшеде қақ тұрып қалғанын көресіңдер. Үйдің шатыры, ағаштың жапырағы, шалғын –бәрі суға малшынған.Күн шыққаннан кейін су тиген заттардың бәрі құрғайды. Жаңбыр суы жоғалып кетті. Қалай ойлайсыңдар, қайда кетті? (Буға айналып, ауаға тарады).
ІІ. Мағынаны тану
Жер бетіндегі буланудан атмосфера құрамындағы су буы пайда болады. Мұхиттар мен теңіздерден, өзендер мен көлдерден, батпақтардан, ылғалды топырақтардан да буланып, атмосферадағы су буына айналады.
Ылғалдылық:
1. Абсолют ылғалдылық - 1м3 ауадағы су буының граммен алынған мөлшері
2.Салыстырмалы ылғалдылық - 1м3 ауадағы су буының граммен алынған мөлшері
Ауаның салыстырма ылғалдығы шаш гигрометрі деп аталатын құралмен өлшенеді.
1м3 ауада түрлі температурада болатын су буының мөлшері:
Жер бетінен біршама биіктікте атмосферада жиналған
ұсақ су тамшылары мен мұз кристалдарының шоғыры
Будақ бұлттар Шарбы бұлттар Қабат бұлттар
Түтіліп үйіліп жатқан Мұз кристалдарынанжүнге немесе Сұрғылт бұлт, тұрады, өте биікте мақтаға ұқсайды аспанда торлағанда бұлыңғыр ауа райы қалыптасады, ұзақ ақ жаңбыр жауады
Оқулықпен жұмыс. Сәйкестігін тап:
1.Будақ бұлттар А.Ұзаққа созылған ақ жаңбыр жауады.
2.Шарбы бұлттар Ә. Түтіліп үйіліп жатқан жүнге, мақтаға ұқсайды
3.Қабат бұлттар Б.Малдың ішкі шарбы майына ұқсайды
Жауабы: 1- Ә, 2-Б, 3-А.
Мақалды толықтыр:
Жел дауылды айдайды, (бұлт жауынды айдайды)
... – жаңбыр хабаршысы. (Бұлт)
ІІІ.Ой – толғаныс.
1.«Тұманның пайдасы мен зияны»
2. «Ойланайық!»
Салтанат аспанды торлаған бұлттарға қарап, әр нәрсенің бейнесіне ұқсатып отырды. Құрбысы оған телефон соғып, көл маңына серуендеп келуге шақырды. Салтанат барар – бармасын білмей ойланып қалды. Қандай кеңес берер едіңдер? Ауа райы өзгеруі мүмкін бе?
**Оқушыларды бағалау**
**Үйге тапсырма: § 22 Бұлттың ерекшелігіне байланысты кесте толтыру**

---

**ОҚО, Сайрам ауданы, Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы**
**мектеп-гимназиясы өзбек тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Шеримова Хурматай Гултораевна**

**Тақырыбы: XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры**
**Сабақтың мақсаты:** Компьютерді пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылығын, ойлау қабілетін дамыту. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Логикалық сауаттылығын және компьютерлік іскерлігін дамыту.
**Сабақ Ү кезеңнен тұрады.**
**І кезең « Бәйге»**
Қарап тұрмай бәйгеге де еріңіз,
Шәкірттерге әділ баға беріңіз.
Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар шығарып,
Бәйге,бәйге,бәйгелерді көріңіз
(Пән бойынша сұрақтар)
- Пинформатика негізгі құралы не? ( компьютер)
- Енгізу құрылғыларын ата? ( пернетақта, тінтуір)
- Көру құрылғысын ата? ( монитор)
- Паскаль программасы қандай қызметші сөзден шыққан? (Proqram )
- Енгізу операторы? (Read )
- Шығару операторы ( Write)
- Паскаль программасын сақтау батырмасы (F2)

**ІІ кезең « Полиглот »**
Келді кезек полиглотты шешуге,
Жауаптарын күштілерге есуге.
Қазақ, орыс, тілдерін тек білсеңіз,
Әрбір ұпай шәкірт саған несібе
( Мақал мәтелдердің жалғасын қазақ, және орыс тілінде жалғастыру)
45 Білікті бірді жығады, Білімді кімді жығады? ( Мыңды, тысяча)
2. Өнер ненің бұлағы? ( Білім, знание)

3 .Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің не?  ( Жоқ, нет)
4.Қыз елдің көркі, Не жердің көркі? ( гүл, цветок)
5.Анасынан кім үйренеді? ( қыз, девушка)
6.Өнер алды қызыл не? ( тіл, язык)
7.Бас екеу болмай, Мал нешеу болмайды? ( екеу, два)
8.Ер қанаты не? (ат, лошадь)
9.Туған жер қандай бесігім? ( алтын, золото)
10.Не инемен құдық қазғандай? (оқу, учеба)

**ІІІ кезең « Ғажайып пәндер»**

**Әр пәннен бір сұрақ**

- Биология – Қазақстанда қанша қорық бар? (10қорық)
- География – экономикасы жақсы « жеті » елді ата Франция,Италия,АҚШ,Англия,Канада, Жапония,ГДР)
- Қазақ әдебиеті – Ш.Құдайбердиевтің 1722 жылы болған оқиға негізімен жазылған поэмасын ата? ( Қалқаман Мамыр)
- Информатика- компьютер құрылғыларын ата? ( Жүйелік блок, монитор, пернетақта, тінтуір, принтер)
- Математика- cos2x неге тең? (cos2x = cos2x- sin2x)
- Физика – изопроцестор дегеніміз не? Қанша түрі бар? (Жылулық қозғалыс кезінде энергияның түрленуіне қатысты жалпы заңдарға негізделген процесс. Түрлері: Изотермиялық, Изобаралық, Изохоралық)

**ІY кезең « Егер мен болсам ...»**

Егер болсаң мамандықтың иесі,
Не істер едің бұл өмірге жүйелі,
Асыл тастан өнер жастан шығар деп,
Бабам айтқан, баба сөзі киелі

Тышқанның шаригі кірленіп, жүрмей қалғанда не жасар едің? Ол үшін сіздерге алты зат беріледі? Табақтағы су, сабын, орамал, ақ парақ, спирт, мақта ( Жауабы: тышқанның шаригін алып спиртке малынған мақтамен сүртеміз. Содан кейін ғана тышқанның ішін спиртпен тазалап сүртеміз де шарикті ішіне салып, қолдануға болады.)

**Y кезең « Жорға »**

Ең қиыны жарыстың жорға келді,
Мықтылары қалыпты жеңсін енді.
Тез жауап бер ойланып тұрып қалмай,
Осы ойыннан көреміз ерен ерді.

( Пән бойынша берілген сұрақтарға жылдам жауап беру керек)

- Windows дегеніміз не? (Операциялық жүйе)
- Информатиканың негізгі құралы? (Компьютер)
- Енгізу құрылғысы? ( Пернетақта)
- Көру құрылғысы? ( Монитор)
- Компьютерде жұмысты қандай батырма арқылы орындалады? (Пуск)
- Пуск батырмасы қайда орналасқан? ( Есеп тақтасында )
- Тінтуір қанша батырмалы болуы мүмкін? (2 немесе 3)
- Баспаға шығару құрылғысы? ( Принтер)
- Принтердің қанша түрі бар? (үш түрі бар)
- Паскаль программасы қанша бөліктен тұрады? ( екі бөліктен тұрады)
- Программа қай тілде жазылады? (Латын)
- Программаны сақтау батырмасы? (F2)
- Программаның қатесін тексеру батырмасы? (Alt+ F9)
- Программадан шығу батырмасы? (Alt +X)
- Енгізу операторы? (Read)

**Сабақ кезеңдері арқылы информатиканың жетістігін оқушыға жеткізу.**
**Сабақты қорытындылау.**

---

## Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы №127 жалпы орта мектеп  бастауыш сынып мұғалімі Рахимова Гулжауһар Елікбайқызы**

Жас жеткіншектерге бүгінгі күн талабына сай білім мен тәрбие беру ісі педагог- мамандарға үлкен жүк артады. «Тәлім-тәрбие мен оқыту ісінің нәтижесі іс-әрекеттерден гөрі мұғалімдерге көбірек тәуелді»-деген Ы.Алтынсариннің көрегендікпен айтқан пікірінің қазіргі уақытта да маңызды болып отырғаны да осының айғағы.

Білім беру жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер оқыту үрдісін озық технологиялармен қамтып жетілдіруді талап етеді. Осы тұрғыда оқытудың жаңа технологияларын жете меңгеріп , оны оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктеріне орай орынды қолданудың мәні ерекше. Жаңа технологияны жетік меңгеру сонымен қатар мұғалімнің интелектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология қолданылып жүргендігі мәлім.Мысалы, Д.Б.Эльконин, В.В. Давыдовтардың «Дамыта оқыту», Ж.Қараевтың «Деңгейлеп саралау» технологиясы, М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту» технологиясы, Джордж Соростың ашық қоғам институты «Сорос-Қазақстан»

қоры арқылы келген «Сын тұрғысынан ойлауды, оқу және жазу арқылы дамыту» жобасы, «Ынтымақтастыққа оқыту» технологиясы т.б

Мен оқытудың ұтымды әдістерін, соның ішінде «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасынан жұмыс жасау арқылы алған білім негізін дамыта отырып тәжірибеге енгізу жұмыс істеуге құштарлық туғызып білім беруде нәтижеге жеткізетінін байқадым.

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған ойлау. Оқушының бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді.

Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педегогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз- оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

**Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады.**

---

**ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы №77 Хамза атындағы жалпы орта мектеп бастауыш сынып мұғалімі Эманова Шахида Моминжановна**

**Сабақтың тақырыбы:** 2 санын көбейту және бөлу кестесін құрастыру.

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Оқушыларды деңгейлеп оқыту арқылы2-ге көбейту кестесін құру, түсіну, меңгерту және есте сақтауға жаттықтыру.

**Дамытушылық**:Оқушылардың ой өрісін дамыту.Өздігінен түсініп орындау дағдысын жетілдіру.Жұппен оқытуға дағдыландыру.Зерек болуға тәрбиелеу.

**Сабақтың типі**: аралас сабақ

**Оқыту әдісі**: жұппен оқыту

**Көрнекіліктер:**интер белсенді тақта кітапхана ресурстары

2.Оқушылардың жылдам ойлау,есептеу қабілетін,ауызша сөйлеу мәнерін дамыту,есептер шығаруда өз бетінше іздеп шешімін табуға, пікір айтуға қалыптастыру

3.Оқушыларды шапшаңдыққа,білгірлікке, ұтымды ой айтуға тәрбиелеу.

Сабақтың типі: білімді пысықтау

Сабақтың түрі: ойын сабақ

Сабақтың көрнекілігі:оқулық,слайдта жазылған есептер,қима қағаздар

Сабақтың барысы: 1.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де.
Қуанайық бәріміз
Арайлап атқан күнге

2.Үй тапсырмасын тексеру.

3.Өткенді қайталау




«**Кім нәтижеге бірінші жетеді? ойыны.** Тізбек бойынша есептер шығару

Пысықтау» сөзі шығады.

-Балалар, біз бүгінгі сабақта нені пысықтаймыз?

- Білімімізді

-Дұрыс айтасыңдар, бүгін білімді пысықтау сабағы.

Сабағымызды әртүрлі ойындар арқылы жүргізетін боламыз.

Оқулықтағы 1-тапсырманы орындау.

**«Белгісіз санды тап» ойыны** кесте бойынша бөліндінің мәнін табу Топпен орындалады.

**Ітоп**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Көбейткіш | 3 | 5 | 8 |
| Көбейткіш | 2 | 4 | 3 |
| Көбейтіндінің мәні | | | |

**ІІ топ**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бөлінгіш | 10 | 18 | 15 |
| Бөлгіш | 5 | 9 | 3 |
| Бөліндінің мәні | | | |

**«Жаңылмай тап» ойыны**. «+», «-»таңбасының тиістісін қойып жазу.

60…15…5=80 60…(15…5) = 40

60…15…5=70 60…(15…5) = 50

№2 Қосуды көбейтумен алмастыр.

4+4+4+4=4х4

50+50+50=50х3

9+9+9+9=9х4

17+17+17=17x3
14+14+14=14x3
Барлығын вуыстыруға бола ма?
**Сергіту сәті.**
**Өзіндік жұмыс.** Оқулықтағы №6 тапсырманы орындайды
**«Ойлы болсаң,озып көр» ойыны Оқулықтағы** №7 тапсырмаға ауызша жауап беру
**«Иә» немесе «Жоқ» ойыны Топпен жұмыс.**

- 18 санын 6-ға арттыратын болса, 25 шығады;
- 7 саны 20 санынан 17-ге кем;
- 100-ден 30-ды азайтқанда 70 шығады
- егер 35 санын 10-ға кемітсе, 25 шығады;
- 26 мен 7 сандарының айырмасы 18-ге тең;
- 4 дм-де 40 см бар
- азайғыш - 24, азайткыш - 8. Айырманың мәні 16-ға тең;
- 15 саны 7 санынан 9-ға артық.
- 1кг-да 1000 г бар

**YI. Сабақты қорыту.** Ауызша жаттығулар орындау
**Үйге тапсырма: №5есеп**
**YII. Бағалау.**

---

**ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы №77 Хамза атындағы жалпы орта мектеп бастауыш сынып мұғалімі Эманова Манзура Азатбековна**

**Тақырыбы:** 6 санын қосу және азайту.
**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларды 6 санын қосу және азайту тәсілдерімен таныстыру. Оқушылардың ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын арттыру, ойлауын, танымдық қабілетін, белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін арттыру.
Оқушыларды мақсатқа жетуге, ұйымшыл болуға, әдептілікке тәрбиелеу.
**Түрі**: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі желісіндегі саяхат сабақ.
**Әдіс-тәсілдері**: түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, өзіндік және ұжымдық жұмыс, салыстыру, талдау, жинақтау.
**Көрнекілігі:** Слайд, диск, сандар қатары, үлестірмелі материалдар.
**Сабақтың барысы:** І.Ұйымдастыру кезеңі.
**Психологиялық дайындық**.
Біз кішкентай балдырған,
Сескенбейміз ешқашан
Талап, жігер бойымда
Білім алу ойымда.
Қызығушылықты ояту. Үнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдатып, қосылып айтқызу.
-Балалар, бүгінгі сабағымыз күндегі сабағымыздан өзгеше. Өйткені біздер ертегілер еліне саяхатқа шығамыз. Ертегі тыңдауға қалай қарайсыңдар.
-Бүгінгі сабағымыз басынан аяғына дейін «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің желісінде болмақ.
-Ендеше, кім осы ертегіні баяндап береді?
ІІ.Үй тапсырмасын тексеру. 1.Мақта қыздың тапсырмасы.
Оқулықтағы №4 тапсырманың орындалуын тексер! Бұл тапсырманы оқушылар үйден орындап келген еді, ендеше мақта қыздың айтуы бойынша есепті оқып тексерейік.
2.Сиырдың тапсырмасы. «Өткенге көз жүгіртпей, жаңаға ұмтылма!»
-Ендеше, сиырдың бұйрығы бойынша өткенге көз жүгіртіп, еске түсірейік.
Өткенді еске түсіруге тапсырмалар орындатылады.
ІІІ.Жаңа сабақ. Ағаштың тапсырмасы. «Білгеніңнен көп екен білмейтінің,
Анық оны білмесең, жүрмейтінің».
-Ағаштың тапсырмасына мысыққа енді мен көмектесейін. Көрнекі құралдың көмегімен 6 санын қосу және азайту тәсілін түсіндіру.
3. Қыздардың тапсырмасы. №2 тапсырманы орында. Кестені жаз және жатта.
**Сергіту.**
**4.Дүкеншінің тапсырмасы. Есепті толықтыр және шығар.**
**Бұтақта 7 құс қонып отыр. 2 құс -------------? Неше құс ---------?**
**Ш: Бұтақта-7 құс**
**Ұшты-2 құс**
**С: Қалды-? Құс**
**Ш: 7-2=5**
**Ж: 5 құс қалды.**
**5.Тауықтың тапсырмасы:** математикалық диктант. Топтық жұмыс.

| І-топ | | ІІ-топ | |
|---|---|---|---|
| 10+0 | 10-5 | 7+2 | 9-3 |
| 5+4 | 8-2 | 5+0 | 6-2 |
| 1+5 | 6-4 | 4+3 | 5-3 |

**Сергіту сәті:** Кім тез есептейді? Ойыны. Логикалық есеп.
10 асықтың үшеуін
Досың сұрап алады.

Айтшы сонда нешеуі
Өз қолында қалады?

Бесбайда бар 5 іні
Естайда бар 2 іні
Қоссаң 5 пен 2-ні
Неше болар шешуі?

6.Тышқанның тапсырмасы. Артық па, кем бе, әлде айтшы тең бе?
Тапсырманы орындағанда «Спорт» сөзі шығады.
IY. Сабақты бекіту. Допты лақтыру арқылы 6 санын қосу мен азайту туралы білімдері тиянақталады.
-Енді балалар мысық келген жолымен кері қайтып келе жатса, алдынан доп лақтырып ойнаған бір топ балалар кездесіпті. Олар бүгінгі білген-түйгендерін ортаға салып жатыр екен. Мысық балаларға біраз қызыға қарап тұрып, тауыққа қарай бет бұрыпты. Әрі қарай жалғастырылады.
Y. Қорытындылау.
-Бүгінгі саяхат сабақ ұнады ма?
-Саяхат сабағымызда санға нешені қосу мен азайтуды үйрендік?
YI. Бағалау
Үй тапсырмасы №5

----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**ОҚО, Сайрам ауданы, Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясының еңбек пәні мұғалімі Имамалиева Наима Азадбековна**

**Сабақтың тақырыбы: Құрақты тігіп дайындау және қолдану.**
**Сабақтың мақсаты: Құрақтың түрлерімен танысу, Құралған бұйымды астарлау жолын үйрену. Тарауды қорытындылау.**
білімділігі: Құрақ құрау өнерінің шеберлігімен, ұлттық өнермен танысу.
дамытушылық: Құрақ өнерін жетілдіруде оқушылардың ою – өрісін дамыту.
тәрбиелілік: Құрақ өнері арқылы қыз баланы әсемдікке, кез - келген затты қиюластыра білуге, ерінбеуге шебер болуға баулу.
Сабақтың түрі: Аралас сабақ. Пән аралық байланыс: Математика, бейнелеу өнері.
Сабақ көрнекілігі: құрақтың түрлі үлгілері, түрлі — түсті маталар, астарлық мата, мақта, көшпелі тақта, қоржын, асық, құрақ үлгілер буклеті, қайшы, бор, өлшегіш таспа, ине, жіп, қалам, бағалау
бетшесі, т. б. керекті құралдар
Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.
а) Сабаққа қатыспаған оқушыларды белгілеу.
ә) Сабаққа дайындығын тексеру құралдарын толықтыру.
б) Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
в) Бағалау бетшесін таныстыру.
II. Кубизм әдісі. Оқушылардың білімін бақылау сұрақтары.
Пысықтаңыз. Сұрақтар.
II Суреттеңіз. Құрақ түрлерін ата.
III Салыстырыңыз. Венн диаграммасын қолдану.
IV Анықтаңыз. Сарамандық жұмыс.
III. Сарамандық жұмыс.
1 Кіріспе нұсқа.
1. Құрақ бөлшегіне астар қию жолдары.
2. Астар мен құрақ бөлігін біріктіру. Көктеу.
3. Құрақ көрпеше немесе жастық ішіне мақта немесе жүн салу.
4. Ашық жерлерін біріктіру.
5. Буйымды дайындау.
2 Ағымды нұсқа.
1. Техникалық қауіпсіздік ережелерін қайталау.
2. Құрақ бұйымын астарлық шыт матаның бір шетінен орналастырып, жиектеп сызып аламыз.
3. Сызылған сызық бойынша матаны қиып алу.
4. Қиылған астар мен құрақ бөлшегін оң бетімен беттестіріп, теріс бетінен шетін 1 см тігіске есептеп сызу.
5. Сызылған сызық бойымен көктеп тігіп шығу.
6. Бір шетінен 10-15см тігусіз жер қалдыру.
7. 10 – 15 см тігіс жерден бұйымды оң бетіне айналдырып, ішіне тегістеп жүн немесе мақта салып ашық жерін ішкі тігіспен тігу.
IV. Қорытындылау.
V. Бағалау, үйге тапсырма.
Сабақтың жүрісі. Тақтадағы сабақ жоспарын таныстыру.
Бағалау бетшесімен таныстыру.

____________
Бағалау бетшесі.
Оқушының аты – жөні.
Пысықтаңыз. Суреттеңіз. Салыстырыңыз. Анықтаңыз. Қорытынды.
5, 10 ұпай. 10 ұпай. 5, 10 ұпай. 15, 20, 25 ұпай. ұпай.

II. Кубизм әдісі.
Пысықтау.
Оқушылардың білімін бақылау сұрақтары.
1. Құрақ дегеніміз не?
2. Құрақтан қандай бұйымдар жасауға болады?
3. Құрақтың қандай түрлерін білесіңдер?
4. Құраққа мата қалай таңдалады?
5. Құрақтар бір – біріне қалай біріктіріледі?
6. Құрақ неліктен ортасынан бастап құралады?
7. Жиектеме не үшін қажет?
8. Суреттегі құрақтарды ата.
9. Құрақтардың ерекшеленуі.
10. Құрақ құрағанда қандай талаптарды орындау қажет?
11. Құрақ құрау өнерінің неше түрі бар?
12. Құрақ құрау өнері тек қазақ халқында ма әлде...?
13. Құрақты қию үшін қандай құралдар қажет болады?
14. Құрақ бұйым әдемі болу үшін не керек?
Суреттеу.
Ботакөз құрақ. Математикалық фигуралары бар, ортасы төрт бұрышты шетіне үшбұрыш тігілген, жиектеме тігісі бар үш түрлі матадан тігілген ботакөз құрақ.
Гүл құрақ. Алты қырлы фигурадан тұратын, жиектеме тігісі бар, үш түрлі матадан тігілген гүл құрақ.
Бауырсақ құрақ. Ромб, үшбұрышты, төрт бұрышты фигуралардан құралған шетінде жиектеме тігісі бар, бес тірлі матадан тігілген бауырсақ құрақ
Салыстыру. Венн диаграммасы.
Ши құрақ. Ортақ қасиеті. Жұлдызша құрақ
1. Мата. 3 түрлі 1. Мата. 3 түрлі
2. Ұзындығы көлеміне 2. Ұзын. көлеміне байланысты
байланысты ұзарады №2 ұзарады
3. Ені. енсіз өзгермейді. №3 3. Ені. енсіз өзгермейді.
4. Ұсақ бөлшектері №4 4. Ұсақ бөлшектері
5. Тігілуі. ортасынан басталады №5 5. Тігілуі. ортасынан басталады.
6. Жиектеме тігісі бар №6 6. Жиектеме тігісі бар
III. сарамандық жұмыс.
Астарды қияр алдында матаны жайып үстіне құраған бұйымды орналастырамыз. Құрақ жиегінен жиектеп сызып, сызық бойынша қиып алынады. Қиылған астармен құрақ бұйымды оң бетімен беттестіріп шетіне 1см тігіс есептеп сызып шығамыз, сызылған сызық бойынша көктеу керек. Ал құрақ көрпешенің арасына мақта және жүн салу үшін бір шетінен 10-15см тігілмеген жер қалдыру керек. Бұйымның ашық жерінен жүн немесе мақта салынады. Егер жүн салатын болсақ жақсылап жуып, тазалап кептіріп алу керек. Кепкен жүнді түтіп көрпеше ішіне тегістеп салу керек. Көрпешенің жүнін салғаннан кейін ашық жерін ішкі тігіспен тігеді. Үлкен көрпеше болса, көрпешенің үстінен ұзыннан тепшіп тігеді.
IV. Қорытындылау.
Сонымен қатар құрақ құрау адамды үнемділікке үйретеді. Кішкентай мата қиындысынан сәнді заттар жасау қабілеттілікке тәрбиелейді. Өз қолдарымен жасаған бұйым әрқашанда ыстық болады. Сондықтан уақыт тауып жиі – жиі құрақ құраумен, тігін тігумен айналысқан жөн.
Ал жақсы оқушылар мынадай сұрақтарға жауап берейік.
1. Құрақ өнерін астарсыз тігуге болама?
2. Астарды қалай қиямыз?
3. Бұйымды тіккенде тігіске неше см алу керек?
4. Көрпеше тігу үшін ішіне не салынады?
5. Оны қалай саламыз?
6. Жүнді жуу қажет пе?
7. Ал мақтаны ше?
**V. Бағалау. Үйге тапсырма. Құрақты тігіп аяқтау.**

---

**ОҚО, Сайрам ауданы, Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясының биология пәні мұғалімі**
**Сарманов Абдивали Мусиртаевич**

**Сабақ тақырыбы:** Асқорыту мүшелерінің құрылысы
**Сабақ мақсаты:**
**Білімділік**: Мүшелерде астың қорытылу құбылысын, ас қорыту сөлдерін, ферменттердің әсері туралы түсінік бере отырып, асқорытудың адам денсаулығына қажеттілігін ұғындыру;
**Дамытушылық:** Оқушылардың білімдерін жетілдіру мақсатында оқушылардың дүниетанымын ойындар ойнату арқылы дамыту;
**Тәрбиелілік:** Дұрыс және ағзаға пайдалы тағамдармен қоректену арқылы салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу;
**Сабақтың типі:** Дәстүрлі емес
**Сабақтың түрі:** Жаңа сабақ
**Сабақтың әдісі:** Түсіндірмелі көрнекілік, сұрақ – жауап.
**Сабақтың көрнекілігі:** Асқорыту жүйесінің құрылысы суреттері, тірек – сызбалар,

электрондық оқулық.
**Пәнаралық байланыс:** медицина, әдебиет
**Сабақ барысы:**
**Ұйымдастыру:** Сәлемдесу;
Түгендеу;
Бейімдеу
**«Тазалық – денсаулық кепілі, денсаулық – байлық негізі»**
**«Жақсы көңіл күй»** тренингі. Сіздерге арналған текшелер
Сабақ барысында мақал – мәтелдерді қолдана отырып, әр бөлімге көшіп отырамыз.
**Үй тапсырмасы:** мәнжазбаларға шолу жасау
**«Дені саудың жаны сау»**
**«Миға шабуыл»** үй тапсырмасына арналған сұрақтар
1.Ас қорыту сөлі мен ферменттердің рөлі қандай?
2.Тамақ өнімдері дегеніміз не?
3.Коректік заттар дегніміз не?
4.Ас қорыту дегеніміз не?
5.Адам ағзазы үшін тамақтың маңызы қандай?
6.Су мен минералды тұздардың ерекшеліктері мен қызметі қандай?
7.Дәрумендердің ағза үшін маңызы
**«Денсуалық ауадан аумайды, барында кім оны ойлайды»**
**«Сөзжұмбақ»**
1.Бұл фермент майларды глицерин мен май қышқылдарына дейін ыдыртады
2.Адам организімінің дене салмағының 60% құрайды
3.Бұл коректік зат жасуша мембранасының құрамына кіретін қандай материал
4.Нәруыздар, майлар, көмірсулар, су, дәрумендер бұлар
5.Организмнің негізгі құрылыс материалы
6.Организімде тамақ өнімдерінің қандай процестері жүреді
7. Нәруыз текті заттар
8. Организмдегі негізгі энергия көзі
**«Шынықсаң – шымыр боларсың»**
**«Білгенге маржан»** жаңа сабақ түсіндіру
Асқортыу мүшелерінің құрылысы. Асқорыту жолына жеке – жеке тоқталамыз.
1.Асқорыту жүйесі.
2.Ауыз қуысы
3.Жұтқыншақ
4.Өңеш
5.Асқазан
6.Ашішек
7.Тоқішек
8.Бауыр
9.Ұйқы безі
10.Бауыр
**«Ұйқы – тынықтырады, жұмыс – шынықтырады»**
**«Кім жылдам»**
**1.Адамда асқорыту жолының ұзындығы:**
**А**) 3-5 м ә) 8-10 м б) 15-18 м
**2.Дәм сезу рецепторлары қайда орналасқан?**
А) жұмсақ таңдайда ә) ұрттың сілемейлі қабығында б) тілде
**3.Асқорыту және тыныс жолдары қай жерде қиылысады?**
а) Ауыз қуысында ә) жұтқыншақта б) өңеште
**4.Асқорыту жолында асқазаннан кейін не орналасқан?**
а) ашішек Ә) тоқішек б) ұлтабар
**5.Тоқішектің бөлімдері**
А) ашішек, жиекішек, тікішек
Ә)соқырішек, ашішек, мықынішек
Б) соқырішек, жиекішек, тікішек
**6.Ашішек бөлімдері**
А)ұлтабар, тікішек, ашішек
Ә)ұлтабар, ашішек, мықынішек
Б)Соқырішек, жиекішек ,тікішек
***«Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде»***
***«Жинақтау»***
**1.Сіздерге суреттер беріледі сол суретті ретімен орналастырып, атын тақтаға жазу.**
**2. Сұрақты суретте**
1.Орналасқан жері ауыз қуысы, өзі тағамды ұнтақтауға көп көмек көрсетеді
2.Бұл ішектің бір бөлігі тұйықталып, бүйен деп аталады да,құрт тәрізді өсінді – соқырішек түзеді
3.Ас қорыту бездерінің ішіндегі үлкен без.
**3. Биологиялық диктант**

Асқорыту жолының қабырғасы <u>ішкі, ортаңғы, сыртқы</u> үш қабаттан тұрады.Жұмсақ таңдайдың артқы бөлігі <u>бөбешік</u> түрінде болады. Жұтқыншақтың төменгі жағы тартылып, <u>өңешке</u> жалғасады.Өңеш көкет арқылы өтіп, XI кеуде омыртқасы деңгейінде <u>асқазанға</u> ашылады. Асқазанның ішкі сілемейлі қабығындағы қатпарлар арасында көптеген <u>ұсақ бездер</u> болады. Соқырішекте құрт тәрізді өсінді - ұзындығы 8-15 см <u>аппендиксі</u> болады. Асқорыту қызметінен басқа ұйқы безі <u>ішкі секрециялық</u> қызметін де атқарады. <u>Бауыр</u> – күрделі түтікшелі без.

**4.Ас қорыту жүйесі** кесте толтыру

**5. Жолдастарыңды салауатты өмір салтына шақыр.**

......................................жатпаңдар,
........................................тастаңдар.
........................................жадырап,
......................................бастаңдар.

**Үйге тапсырма:** §43 Асқорыту мүшелерінің құрылысы. Денсаулық туралы мақал – мәтелдер жинақтау.

**Қорытынды:** бағалау

---

**ОҚО, Сайрам ауданы, Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясы физика пәні мұғалімі Касимбекова Хурсанай Мадкаримовна**

### Физикалық кеш

***«Біле бер қанша білсең – тағы тіле,***
***Жетерсің мақсатыңа біле, біле».*** ***Ж.Баласағұн.***

Сыныптан тыс уақытта ойын түрінде өткізілетін білім сайысы оқушылардың білімін шыңдап, пәнге деген қызығушылығын оятады. Төменде физикадан өткен білім сайысының үлгісін ұсынып отырмын.

**Ойынға қатысушы топтар:**

**«Электрон» тобы, «Атом» тобы.**

**1. Мұғалімнің кіріспе сөзі.** Сайыстың мақсатымен, оның өткізілу түрлерімен ойын шарттарымен, ойынға қатысушылармен таныстыру.

**2-сайыс. «Иә» не «жоқ»**

«Иә» десең белгіні көтересің, «жоқ» десең көтермейсің. Әр дұрыс жауап 2 ұпаймен бағаланады.

**Сұрақтар:**

- Аттас зарядтар бір-бірімен тартыла ма? (жоқ)
- Заттар үш күйде бола ала ма? (иә)
- Кедергінің өлшгеу бірлігі секунд. (жоқ)
- Кедергінің өлшеу бірлігі секунд. (жоқ)
- Электролиз заңын ашқан ғалым Фарадей. (иә)
- Жылдамдық өлшем бірлігі м/с. (иә)
- Температураны өлшейтін құрал динометр. (жоқ)
- Массаның өлшем бірлігі кг. (иә)
- Джоульмен өлшейтін физикалық шама энергия. (иә)

**3-сайыс. Эксперименттік сайыс.**

**Тапсырма.** Денелердің көлемін есептеп өлшеу.

а) мензурка арқылы (1-топ)

б) сызғыш арқылы (2-топ)

**4-сайыс. «Кім жылдам?»** Оқушы жауабы 5 балдық жүйемен бағаланады.

**1-топ.**

1. Бір тонна мақта ауыр ма, 10 ц темір ауыр ма?
2. Оттегі, азот сұйық күйде бола ала ма?
3. Қоянның жылдамдығы 15м/с, ал дильфиннің жылдамдығы 72 км/сағ. Олардың қайсысы үлкен жылдамдыққа ие болады.

**2-топ**

1. Сынап, темір, қорғасын газ тәріздес күйде бола ала ма?
2. 3 сағатта 20 км жол жүргеншаңғышының орташа жылдамдығын есептеп шығар.
3. Қыстыгүні қандай аяқ киімнен аяқ тез тоңады: Кең аяқ киімнен бе, әлде тар аяқ киімнен бе? Неліктен?

**5-сайыс. «Ойынды жалғастыр»**

1. Бірлікті бірді жығыр ... (білімді мыңды жығар)
2. Бір елі ауызға ... (екі елі қақпақ)
3. Жүз сомың болғанша ... (жүз досың болсын)
4. Отыз тістен шыққан сөз ... (отыз рулы елге тарайды)
5. Бір кісі қазған құдықтан ... (мың кісі су ішеді)
6. Жеті жұрттың тілін біл ... (жеті түрлі білім біл)
7. Екі жақсы қас болмас ... (екі жаман дос болмас)
8. Білгенің бір тоғыз, ... (білмегенің тоқсан тоғыз)

Әділқазы алқасынан ұпай саны сұралады.

**6-сайыс. «Кім көп формула біледі?»**

**Қорытынды. Кеш аяқталып, ойынға белсене қатысқан оқушылар марапатталды. Көп ұпай жинаған оқушыға «Озық ойлы оқушы» атағы беріледі.**

---

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Ақсүмбе ауылы**
**С. Қожанов атындағы жалпы орта мектебінің**
**бастауыш сынып мұғалімі Дүйсенбек Күлпаш Сапарқызы**

**Тақырыбы:**Қазақстан Республикасының рәміздері
**Мақсаты:**
**Білімділігі:**Оқушыларды аса маңызды мемлекеттік белгілер- рәміздермен жан-жақты таныстыру.
**Дамытушылығы:**Оқушыларға мемлекеттік рәміздерің аса маңызды екенін, оны құрметпен мақтан тұту керектігін ұғындыру,ой өрісін кеңейту.Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.
**Тәрбиелігі:**Отанды сүюге,рәміздерін құрметтеуге үйрету, өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу.
**Түрі:**ашық сабақ
**Әдісі:**түсінік беру, сұрақ-жауап, венн диаграммасы
**Көрнекілігі:**презентация ( Желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік монументі, ҚР рәміздері, ҚР рәміздерінің сызбасы, ҚР рәміздерінің авторларының портреттері)
**Сабақтың барысы:**
**I. Ұйымдастыру кезеңі:**амандасу, кезекшімен сұхбат, сабаққа даярлау
*Сабақты Қазақстан Республикасының әнұранымен бастау* (әнұран орындалады)
Психологиялық дайындық.
Әрбір адам – туысым, досым, бауырым
Әрбір сабақ – үйрену, ұғу, ұлағат
Әрбір ісің – тірлік, тірек, адамдық
Әрбір сөзің – шындық, бірлік, адамдық
**II.Үй жұмысын сұрау**
Ш. Сариевтің “Тәуелсіздік монументі” өлеңін жатқа айту, мазмұнын түсіндіру.
Тәуелсіздік монументі– Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің бес жылдығына орай Алматы қаласында салынған сәулетжәнемүсінөнері ескерткіші.

1996 жылыАлматыдағыРеспублика алаңындаҚазақстантәуелсіздігінің бес жыл толуы құрметіне биік обелиск түрінде тұрғызылған монументті құрылыстың авторлары: архитекторШ.Уәлиханов(топ жетекшісі), мүсіншілеріН.Далбай,Ә.ЖұмабаевсәулетшілеріҚ.Жарылғапов,Қ.Монтақаев, т.б. бас конструкторыС.П. Каламкаров.Тәуелсіздік монументісол жылы 16 желтоқсанда ашылды. Ескерткіштің ашылу салтанатынаҚазақстан РеспубликасыныңПрезидентіН.НазарбаевпенТүркияпрезиденті
С. Демирельқатысты.Қазақтың қолданбалы өнерінен тамыр тартқантәуелсіздік монументініңнегізгі ортасында композициясы ұлттық өрнекпен көмкерілген текшелі діңгек тастан құралып, оның биіктігі 28 м-ге жетеді. Көк аспанға қарай шаншыла бой көтерген орталық діңгектің ұшар басы қауызы ашылмаған қызғалдақ тәрізді жұмырланып мүсінделген әрі оған Қазақстанның елтаңбасы ойылып түсірілген. Оның үстіңгі жағындағы қоладан құйылған қанаттыбарыстыңүстінде оң қолында қыран құсы, сол қолында садағы, белінде қанжары мен асынып алған қорамсағындағысауыт, бұзаралтынғамалынған жебелері бар дулығалы жас сарбаздың қырыштай мығым бітім-тұлғасы (биіктігі 6 м, ал салмағы 4 т) аса айбарлы кейіппен,тәуелсіздік монументініңберіктігі мен ауқымдылығын айқын аңғартады.
Тәуелсіздік монументініңекі қапталын айнала қазақ халқының тарихи өткен өмір белестерінен сыр шертетін шағын архитектор-мүсіндемелік бедерлі бейнелер, яғни сонау сақтар дәуірінен тәуелсіздіктің жариялануына дейінгі тарихи кезеңдерді:Томиризаманынан бастапәл-Фараби, қазақ хандығының құрылуы,Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама,жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес,қазақпенорысхалқы арасындағы байланыстар,ұлт-азаттыққозғалыстары,2-дүниежүзілік соғыс,Желтоқсан көтерілісімен Тәуелсіздіктің жариялануын көрсететін ұтымды шешім тапқан көрініс-суреттер орналасып әрі олар бір-бірімен жымдаса жалғасып, көркем жарасым тапқан.
Діңгектің төрт жағында орналасқан төрт мүсіндік бейне де тәуелсіздік монументінің архитекторлық және мүсіндік шешімін дәл тапқандығымен ерекшеленеді. Дала данасы ақылгөй абыз ата мен жүрегі мейірімге толы ақ жаулықтыЖер-анажәне олардың алдыңғы жағындағы құлыншаққа мінген бала мен қыздың бейнесі ескерткіштің сәулетті символик. мазмұн-сипатын ашумен қатар, ұлттық рухы мен сыр-сымбатын айқындап асқақтата түседі. Ол 20 ғасырдың соңына қарай ұлттықсәулет өнерітарихында өз орны бар мүсіндік және сәулетшілік ой шығармашылығы тоғыстығынан туған озықархитекторжәдігерлерінің біріне айналды.
**Тіл дамыту сұрақтары:**
1.Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қай тіл ?
*Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі*
2. Қазақстан қандай мемлекет ?
*Қазақстан көп ұлтты, егеменді мемелекет*
3.Қазақстан халқының саны қанша ?
*Қазақстан халқының саны – 17 млн*
4. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті кім ?
*Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев*
5.Қазақстан қашан тәуелсіз болып жарияланды ?
*Қазақстан 1991 жылы 1желтоқсанда тәуелсіз болып жарияланды*
6.Теңгенің жаңа түрі қашан айналымға енді ?
*Теңгенің жаңа түрі 2006 жылы қарашаның 15-інде айналымға енді*
7.Қазақстанның бас қаласы және астасын атаңдар.
*Қазақстанның бас қаласы және астасы - Астана*
8.Қазақстан жері неге бай ?
*Қазақстан жері пайдалы кендерге бай бай*
9.Бүгінгі күні Қазақстан қандай ел ?

*Бүгінгі күні Қазақстан білімді, дербес, жоғары мәдениетті, дамыған ел*
10. Қазақстан Республикасының рәміздеріне нелер жатады ?
*Қазақстан Республикасының рәміздеріне Ту, Елтаңба, Әнұран жатады*
Сергіту сәтті
**ІІІ. Жаңа сабақ**
1992 жылы 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер Ту, Елтаңба, Әнұран бекітілді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Жарлығымен 4-маусым «ҚР Мемлекеттік рәміздер күні» болып белгіленді.
Автор туралы түсінік: Тұманбай Молдағалиев (20 наурыз 1935 жыл, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, "Жарасу" совхозы – 10 қазан 2011, Алматы қаласы) – қазақтың біртуар ақыны.
1.Мәтіндіндерді оқып, түсідіру. Оқушылар тізбектей оқиды.
Мемлекеттік ту
Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі1992 жылы Мемлекеттік Туды бекітті.   Тудың авторы  Шәкен  Ниязбеков. ШәкенНиязбеков ҚР Мемлекеттік Туының авторы, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі.1938 жылы 12-қарашада Тараз қаласында дүниеге келген. Ленинград жоғарғы көркем өнер училищесін бітірген. Алматы қаласының бас суретшісі.
Ту неліктен көк түсті ? Оның себебі, бүкіл дүниеге көк жүзі, аспан әлемі ортақ. Жер шары ұлттарға, мемлекеттерге бөлінгенмен, аспан ешқашан бөлінбейді.Күн де бәрімізге ортақ. Күн сәулесі бәріне нұрын шашады, сәулесін төгеді. Ал қыран болса, киелі, қасиетті құс деп есептелген. Егемендік алған Қазақстан қыран сияқты биікте болсын дегенді білдіреді. Тудағы ою-өрнек қазақ елінің танымын, өзіндік ерекшелігін көрсетеді.
Қазақстан Республикасының Елтаңбасы
Елтаңбадан сол елдің тарихы, дәстүрі толық танылуы керек. Сондықтан да Елтаңбаның ортасынды шаңырақ тұр. Елтаңбаның екі жағында қанатты пырақтар бейнеленген. Жылқы, жүйрік ат қазақьа ерекше бағаланған. Пырақ – мал шаруашылығының басым болғанын бейнелейтін жиынтық бейне. Шаңырақ біздің Отанымыздың біртұтастығын білдіреді. Жоғарғы жағында бес бұрышты жұлдыз бейнеленген. Ал төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Елтаңбаның авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шотаман Уәлиханов.
Жандарбек Мәлібеков ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Өзбекстанға еңбегі сіңген сәулетші. 1942 жылы Қызылорда обылысы Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келген. Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін бітірген. Ташкент қаласындағы ғылыми зерттеу жобалау институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі, жобалар жөніндегі бас сәулетшісі, қазір Астанада тұрады.
Шотаман Уәлиханов ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Қазақстанға еңбегі сіңген сәулетші, мемлекет сыйлығының иегері, белгілі қоғам қайраткері. 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында туған. Мәскеу архитектуралық институтын бітірген. «Қазақ қала құрылысын жобалау» институтының қызметкері.
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны2006 жылы өзгертілді. Әнұранның сөзін жазған Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев жазған.
Жұмекен Нәжімеденов 1935 жылы Атырау обылысы Теңіз ауданы Қошалық ауылында туған. 1959 жылы Қазақтың Құрманғазы атындағы консерваториясында оқып жүрген кезінде курстас досы Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» атты әніне сөз жазған. Бұл ән қазақ халқының ұлттық әнұранына айналып, күні бүгінге дейін ұрпақ санасын отаншылдық рухымен жаңғыртып келеді.
Әнұранның әнін Шәмші Қалдаяқов жазған
Шәмші Оңтүстік Қазақстан облысында Қызылқұм ауданында туған. Ол жас кезінен-ақ тамаша әндер шығара бастайды. Шәмшінің әндері ерекше жұмсақ. Оның әндері қазақ эстрада музыкасын байытты. Әлемдік музыкада Штраус, Шопеннің вальстері қандай орын алса, Шәмшінің вальстері де сондай әсем.
IV. ҚортындылауСендер бүгінгі сабақтан не алдыңдар ?
Қазақстан Республикасының рәміздері қашан бекітілді ?
Тудың авторы кім ?
Ту неліктен көк түсті ?
Туда нелер бейнеленген ?
Елтаңбаның авторлары кімдер ?
Елтаңбада нелер бейнеленген ?
Әнұранның сөзін жазған кімдер ?
Әнұранның әнін жазған кім?
**V. Бекіту** Сендер бүгінгі сабақтан кейінҚазақстан Республикасының рәміздері туралы көп мәлімет алдыңдар деп ойлаймын . КелешектеҚазақстан Республикасының патриоты болып, Қазақстанда тұратынымызды , Қазақстан Республикасының рәміздерін мақтан ететіндеріңді сенімдімін.
**Үйге тапсырма**:Өлеңдерді мәнерлеп оқып, үзінді жаттау.
**Бағалау**
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Құрт - адам денсаулығына қажетті құндылық**

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы Циолковский атындағы №84 жалпы орта мектебінің 6 «Ә» сынып оқушысы Туғанбаев Бейбіт Махмутұлы**
**Жетекшісі: Математика пәнінің мұғалімі Мадарбекова Асел Аширкуловна**

Іші - бауырымыз құрысып - тырысып, көзіміз қарауытқанда, ойбай дәруменіміз азайып кетті деп шығамыз. Ондайда банан, киви, апельсин жеу керек деп ақыл айтатындар да табылады.
Осы біздің атам қазақ апельсин көрмей өсті ғой, олар неге құлап, талып қалмаған деп таңғаламыз. Сөйтсек, олардың ішкен - жегені нағыз дәрумендердің көзі екен. Көгорай шалғынды жалпағынан басып жайылған сиырдың сүті, түйенің шұбаты мен жылқының қымызы – дәруменнің, күш - қуаттың көзі осылар екен. Дүкендерде сатылатын сырды қазақшалап сыртына "ірімшік" деп жазып қояды. Бірақ сырдың дәмі қазақтың қозы қарын қосып қайнатқан ірімшігінің садағасына да татымайтынын, әсіресе, ауыл қазағы жақсы біледі. Әңгіме оның дәмінде ғана емес. Ғылыми зеттеулер көрсеткендей, сиырдың құрамында, 100 грамға шаққандағы ақуыздың мөлшері 22, 85 - 34, 52% болса, қазақ ірімшігіндегі ақуыздың мөлшері 40 - 42% екен. Сыр құрамында көміртегі ары кетсе 4, 52%- тен аспайды, ал ірімшікте ол 10, 93% болады. Адам ағзасындағы сүйек ұлпаларының мықты болуы үшін ең қажет элемент фосфор болса, дәстүрлі әдіспен жасалған ірімшік құрамында фосфор 0, 51%, ал кальций 2, 3% мөлшерінде кездеседі екен. Ал қуаттылығына келсек, 100 грамм сыр 268, 8 - 401, 38 қуат берсе, 100 грамм ірімшік 408, 4 қуат береді. Құртымыз да химиялық құрамы мен калориясы жағынан қала дүкендеріндегі сүзбені (творог) он орап алады. Сүзбеде ақуыз мөлшері 14, 5 - 18, 6% болса, қазақ құрты ақуызға өте бай – 52, 6%. Ал 100 грам сүзбе 87 - 227 - ге дейін қуат берсе, құрттан 370, 1 қуат алуға болады.
Бабаларымыз кие тұтқан жылқы малының сүті – қымыздың емдік қасиеті ежелден мәлім. Дені сау адамның ағзасы 1 тәулікте орта есеппен 50 мг. С дәруменін қажет етсе, 1 литр қымыз құрамында 200 - 260 мг. С дәрумені бар. Қымызда сонымен қатар сөл бөлу және жүрек жұмысын жақсартатын В тобы дәрумендері: В(1), В(2), В(3), оның ішінде қанның жасалуына қатысатын В12 дәрумені, ағзадағы тотығу - тотықсыздану реакцияларына әсер ететін С тобы дәрумендері, А дәрумендер тобы, липоид, бар. Қымыз нағыз антибиотик. Ол ағзаға тарағасын, ішектегі шіру процесін тежейді. Шіріткіш микробтарға, ішек таяқшаларына және сарғыш стафилококтарға қарсы жойғыш күші бар қымыз құрт ауруы, сүзек, дизентерия, күл (дифтерия) бактерияларына тосқауыл қояды. Кеңес заманы тұсында 1958 жылы қымызбен емдейтін сауықтыру орталығы ашылған.
Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Пісіліп майы алынған айранды қайнатып кенеп дорбада сүзіп алып тұздап өреде кептіріп сақтайтын тағам түрі. Жасалу тәсілдеріне қарай құрт сықпа құрт, ақ құрт, қара құрт, майлы құрт деген түрлерге бөлінеді. Қазақ ырымы бойынша кеппеген құртты жеуге, алуға болмайды. Егер өреден құрт алып жесе, жауын жауады деген ырым бар. Сабада жиналып пісілген іркітті майы алынғаннан кейін түбіне май жаққан үлкен қазанға құйып қайната береді. Құрт қайнап жатқан кезде оның түбі күйіп кетпес үшін арнаулы құрт былғауышпен (басында қырғыш темірі болады) әлсін - әлсін қазанның түбін, ернеуін қырып араластырып отырады. Әбден қойылған құртты қапқа құйып керегеге асып қояды, сонда оның қалған суы тағы да ағып, құрғайды. Бұдан кейін қолмен бөлшектеп, тақтайшаға, шиге, қолмен сықпалап өреге жайып кептіреді. Көгермей, қызбай біртегіс кебу үшін өреде жатқан кезде оны бірнеше рет аударыстырады. Осындай әдіспен қайнатып, кептіріп алған құрт жыл бойына, кейде 2 — 3 жылға дейін сақтала береді. Құрт күшті ас, ол әр түрлі тамаққа қосылады. Құрттан істелетін немесе құрт қосылатын тағамдардың кейбір түрлерін айта кету қажет.
Ж а с қ ұ р т. Сүзбеде тұрған құртты сары маймен жентектеп бастырма ретінде шаймен бірге дастарқанға қояды. Әсіресе кепкен құртқа, бауырсаққа тісі өтпейтін қарттар үшін өте кенеулі ас саналады. Ертеректе жас құртты мипалауға, құйрық - бауырға қосқан.
Құрттың сарысуын сүт қосып қайнатып, ірімшік жасайды, ауырған малға ішкізеді, әйелдер бас жуады, сондай - ақ одан тері илеу үшін малма жасайды.
Қ ө б і к. Қайнап жатқан құрттың қалқып алған беті. Майлы, кенеулі ас ретінде жас балаларға, қарттарға қалқып беру салт болған. Бұрын құрт қайнатқан үйден көбік жалаймыз деп, ауыл балалары келіп жиналатын әдет те болған.
Ыстық құрт. Қайнап жатқан құртты алып, май қосып сапырып ішетін кенеулі ас. Өкпе ауруына, суық тиіп ауырған сырқаттарға ем саналған.
Сықпа құрт. Мұның қайнатқан құрттан айырмашылығы сол ашыған айран қапқа құйып сүзіледі де тұздалып, әр түрлі үлгімен бөлшектеліп тақтайшаға кептіріледі. Сықпа құрт та бастырма ретінде пайдаланылған. Мұндай құрт жайған әйел ауыл балаларына арнап дөңгелек жасап, жіпке тізіп мойындарына іліп қуанту салты болған.
М а л т а. Езілген құрттың таусыншақ түйіршіктері, ол әрі жұмсақ, әрі сүйкімді ас саналады. Ұзақ сапарларда ауызға салып суын жұтқан кезде әрі сусын, әрі қорек болған.
Езген құрт. Сорпаға, тұздыққа, көжеге және басқа тағамдарға қосу немесе сұйық күйінде ішу үшін кепкен құрт астауға салып ұнталады, келіге түйіледі немесе қол тиірменге тартылады. Езген құрт — ұлттық тамақтардың ең бір сүйкімдісі және кенеулісі.
А қ м а л т а. Езген құрттың ең соңғы шайындысы. Ол өте жұғымды және тез сіңетін тағам болып саналады, оны сол сұйық түрінде ішеді.
Ұнтақ құрт. Арнайы түйіп ұсатқан немесе қап түбінен жинап алған үгінді. Оны сүттің піскен қаймағына былғап жейді.
Қ ұ р т - м а й. Сары майға батырып табақ жасайтын кепкен сықпа жалпақ құрт. Оны асығыс кезде дәм таттыру үшін немесе жеңіл - желпі түстік ретінде дастарқанға қояды. Кейде құрт, ірімшік, май тағамдарының қосындылары да құрт - май деп аталады.

**Қазақстанның ұлттық бренді – құрт.**

Ұлттық брендті құру – Қазақстанның өзекті мәселесі. Мәдениет, тарих қайраткерлері және бизнес - құрылым өкілдері де осы мәселе бойынша ізденісте. Ұсыныстар өте көп. Біреулер ұлттық бренд домбыра, қобыз сияқты музыкалық аспаптар десе, екіншілері қымыз және шұбат сусындары деп санайды, ал үшіншілері киіз үйді жақтайды. Келешекте Қазақстанның атын шығаратын не екені белгісіз. Таңдау қиын, ұлттың сәні – кешке киетін сәнді киім емес. Ал, Алматылық Айдар Шалбарбаев уақытын текке өткізіп жүрген жоқ.

Айдар Шалбарбаев 19 жыл бойы құртқа ұлттық бренд мәртебесін беруге ат салысуда. Әлі нәтижесіз.
– Ұлттық бренд туралы сөз қозғалған кезде, мен тыс қала алмаймын, – деп Айдар Ақаралұлы атап кетті. – Мен қазақтың байырғы тағамы құртты әлемдік нарыққа шығару керек деп санаймын. Оның мыңжылдық тарихы бар, және бүгін құрттың дайындалу рәсімі ұмытылған жоқ. Қазір ұлттық брендi ойлап табу мәселесі туралы айтсақ, назарымызды неге құртқа аудармасқа?! Бір кездері құр көшпенділерді ұзақ жорықтарда және соғыстарда аштықтан құтқарған. Бұл азық өте ұзақ сақталады, ал ол кезде тоңазытқыштар болмаған. Мен өзім де құртты жеп өстім.
1990 жылы Айдар Ақаралұлы құрт және оның мәртебесі туралы күрделі ойлай бастады.
– Менің алғашқы білімім – мүсінші - суретші, сондықтан бастапқыда, суретші ретінде, мені құртың мүсіні қызықтырды. Және мен сыйға тартатын құрт құру бойынша жұмыс істей бастадым, - деп жалғастырды. – Ол кезде тағамның құрамы мен сапасы туралы, оның жасалу технологиясы туралы ойлаған жоқпын. Менің бірінші ойлап шығарған құртым үшбұрышты боды, және әр бұрышы үш жүзді білдірген. Осы бұрыштарда қазақтардың негізгі игілігі – киіз үй, қойлар, жылқылар, түйелер. Сонымен қатар, сыйлық ою түрінде де әзірленген. Бұл Қазақстанға келген әр шетел азаматына өте жақсы сыйлық. Басқа шетелде демалыста болып, сол елден естелік және жейтін сыйлық әкелу – бұрыңғы туристік дәстүр. Түркиядан біз әлемге әйгілі пахлавасын, Үнді елінен шайларын әкелеміз. Әр елде достарына сый ретінде әкелуге болатын, ерекше тағамдары бар. Ал, Қазақстан не ұсына алады? Тек базарда кемпірлермен тауарсыз түрінде сатылатын құрттан басқа ештеңе жоқ.
Жылдар бойы құрт тақырыбын зерттеген Айдар Шалбарбаев тұзды домалақтардан ерекше тауар шығаруын біледі.
– Егер мен бастапқыда тек мүсіні туралы ойласам, кейін мені құрттың дайындалу технологиясы қызықтырды, – дейді Айдар Ақаралұлы. – Мен ұлттық ащы сүт өнімдерінің өндірісін зерделедім. 2004 жылы осы зерттеуіме патент алдым. Осы патент қазіргі заман технологияларын қолданып, шетелдерге мақтанышпен шығарылатын сапалы құрт шығаруға мүмкіндік береді. Мен біздің құрт голландықтардың ірімшіктері, түркілердің йогурті сияқты әлемдік асханада өзіне лайық орын алуы қажет деп ойлаймын.
Айдар Шалбарбаев құртты өндірудің үш бағытын ойлап шығарды. Бірінші «сыйға тартылатын құрт». Бұл құрт шоколадпен қапталған және жаңғақ қосылған.
Екінші бағыт – етті құрт(жылқы, қой, сиыр еттері). Бұл құрт байырғы ата - бабаларының әдісі бойынша жасалады. Үшіншісі – балық құрт. Бұл өнімді сыра ішетіндер жақтайды деп ойлайды зерттеуші. Осы құрт балықтың әр түрінен жасалып, балық мүсінінде болады.
Айдар Ақаралұлы өз зерттеулерімен көптеген жерлерге барып, көмек сұрады, бірақ жолы болмай жүр. Жақында, ол премьер - министр Кәрім Мәсімовтың блогі туралы біліп, премьер - министрге ұлттық брендті құрғаны туралы хат жазды. Жауабын әлі алған жоқ.
– Мен, өзім де құртты өндіретін цех ашар едім, – дейді зерттеуші. – Бірақ, қазақтың байырғы тағамын ұлттық бренд бола алмас еді. Ол үшін құртты жетілдіру бойынша зауыттар жүйесін ашу қажет.

**Қорытынды** Құрт – адам денсаулығына қажетті құндылық екеніне көз жеткіздім. Бұл тағамның емдік, тұрмыстық пайдасы бар. Қазіргі заманда жастардың көбі осы тағамды, оның денсаулыққа пайдалы екенін білмейді. Өз сыныптастарымнан құрт туралы не білетіндерін сұрастырғанда, біреуі де білмей шықты. Қазақ тілі сабағында сыныптастарымды жобаммен таныстырдым. Оларға құрттың өте маңызды тағам екенін түсіндіре алдым деп ойлаймын. Өз отбасым да, құрбыларым да осыған көз жеткізді.
Айдар Шалбарбаев құрттың ұлттық бренд бола алатыны туралы ойларын айтты. Мен осы зерттеушінің сөздеріне қосыламын. Менің ойымша, құрт Отанымыздың ұлттық брендi мәртебесіне лайық. Құртымыз әлем нарығына шығып қана, өз еліміздің балалары осы тағамның пайдасын көре алады деп ойлаймын. Себебі, қазір құртты тек қазақ халқы біледі, ал егер осы тағам ұлттық бренд болса, оны тек шетелдер ғана емес, өз еліміздің барлық тұрғыны дәмін татып, бағалайды. Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық тағамы – құрт адам денсаулығына қажетті тағам. Біз, Қазақстанның жастары осы құнды тағамның жойылуына жол бермеуіміз керек.

---

**Алматы облысы Қарасай ауданы «Қырғауылды ауылындағы қазақ орта мектебі МДШО» КММ Бастауыш сынып мұғалімі**
**Умержанова Ритта Орысбаевна**

**Тақырыбы: Қош бол, Әліппе**

**Мақсаты:** Оқушыларға бар білімнің білімнің бастауы әліппе оқулығының қадір қасиетін білуге, ата-аналармен бірге мерекелік көңіл күйі арқылы білімге құштарлыққа талғамдарын тереңдете түсуге ана-тілін қастерлеуге тәрбиелеу.
**Сабақтың түрі:** Ертеңгілік
**Сабақты көрнекілігі:**Әліппе макеті,шарлар, пәнге арналған көрнекіліктер.
**Сабақтың барысы:** Мұғалімнің сөзі ____________________ «Жетпіспен жеті» көрінісі.
**Авторы:**Жеті жасар баласын,
Жетпісте шал жетектеп.
Келе жатыр көшеде,
«қайда әлгі мектеп?» деп
Жетпіс келді сүрініп,
Жеті келді жүгіріп.
**Ата:** Балам балам жақсы бол,
Міне сенің мектебің
Сабағыңа зейін сал
Ақылды бол тентегім
**Немересі:** Уайымдама аташым,
Улкен болды балашың.
Тентектікті қоямын ,
Жақсы бала боламын.

**Мұғалім:**Сәлеметсіз бе, ата. Немереңізді мектепке алып келген боларсыз. Қандай көмегім керек.
**Ата:** Қырғауылды қазақ орта мектебінің 1 «а» сыныбына қабылдаған еді апайын қалай таба алады екенмін.
**Мұғалім:** Адаспай дәл таптыныңыз ата 1 «а» сыныбының жетекшісі: Өміржанова Рита боламын. Ата сабақ басталатын уақыт болып қалды. Жүреғой балақай!
**Ата:** Ее-е-ей заманай кеше ғана менде осындай бала едім, зымыраған уақытқа не шара.
**Авторы:** Жеті кетті жүгіріп,
Жетпіс қалды кідіріп.
**Мұғалім:** Өсті міне бойларың,
Өсті ойлар ақылың.
Қуанышқа ортақпын,
Құтты болсын тойларың.
Құрметті ата-әжелер кеше ғана үлкен тебіреніспен жүрексіне мектеп табалдырығын аттап балалар осы белестен өтті,араға 4-ай уақыт салып 42 әріппен танысып өздері жазып оқи алатын оқушы болды. Бүгінгі күнде сүйікті әліппемен қоштасқалы отыр. Олай болса «Қош бол,әліппе» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіз. Осы тойымыздың иелері 1 «а» сынып оқушыларының биін тамашалаңыздар «бальс»
(оқушылыр ортаға шығып орналасады)
**Мұғалім:** Келесі кезекті тобымыздың кішкентай жүргізушілері; Нұрғали, Алан, Айданаға берейік.
**1- жүргізуші:** Қайырлы күн халайық!
**2- жүргізуші:** Армысыздар аналар,
Бармысыздар балалар.
Сөзіме құлақ салыңыз
Бір серпіліп қалыңыз.
**3- жүргізуші:** Армысыздар мұғалімдер әз жандар
Білім іздеп инемен құдық қазғандар
Құшақ жая қарсаламыз сіздерді,
Би де билеп, әнде бүгін шырқалар.
**1- жүргізуші:** Шашу шашу шашамыз
Ақ сандықты ашамыз,
Бұл мереке бұл тойдың
Бастаңғысын жасайық.
**2- жүргізуші:** Я халайық халайық
Мұнда назар салайық
Қайсы күшті кім биші
Талабына қарайық
**3-жүргізуші**: Қош келіпсіз өр тұлғалы әкелер,
Қыран құстай болашағын мәпелер
Бүгін міне әліппемен қоштасады,
Азамат боп кешегі сәби бөпелер.
**1-жүргізуші:** « Қош бол Әліппе» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер
**2- жүргізуші:** Достар! Осы мен Әліппемен қоштасуды жөн көрми отырмын.
**3-жүргізуші:** Ой! Не болды? Неге олай дейсің.
**1-жүргізуші:** Менің жылағым келіп тұр
**2 -жүргізуші:** Мен білемін, неге жылығың келіп тұрғанын себебі сен әліппені қыймай тұрсың.
**3- жүргізуші:** Иә иә әліппемізге рахмет айтсақта, қыймай тұрмын.
**1- жүргізуші:** Жарайды одан да әліппені ортаға шақырайық.
-Оқушылар ( әліппе әліппе, хормен)
- Ортаға қораптан жасалған әліппе шығады
**Әліппе:** Армысыздар жас достар ,
Армысыздар ата- ана
Бүлдіршіндер балғындар.
Менің аттым әліппе ,
Міне өзіңді дәріпте
Міне осылай ержеткен
Ағаң менен апкеңде.
Армысыздарма балалар! Біз бірге әліппені бітірдік. Сендер менен үйренгендеріңді ана тіліне көрсетіп мені ұятқа қалдырмаңдар жарайды ма? « хормен жарайды».
**1-жүргізуші:** Балалар енді біз әліппені ренжітпей әндерімізбен өлеңдерімізді арнайық.
**Хор әліппе**
**Мұғалім:** Әліппе біздің балалардың сізге арнаған тақпақтары бар. Соны сізге оқып берсін
**1-ші оқушы:** Алфабиттың А тұрады басында,
Әрқашанда Ә тұрады қасында
Байқадыңба Б тұрады үшінші,
Ал осының сыры неде түсінші.
**2-ші оқушы:** Көлге айналған бұлақтың,
Қайнар көзін көріп пе ең?
Том том қалың кітаптың
Басы болар әліппенің.
**3-ші оқушы:** Қош бол құтты әліппем,
Көп нәрсені үйреттің.
Таныстырып әріппен,
Тақылдатып сөйлеттің.
**4-ші оқушы:** Келгенде алғаш мектепке,
Білмеуші едік әріпте.
Оқимыз қәзір ертерек,
Үйреткен осы әліппе.
**5-ші оқушы:** Әліппе деген алтын жол,
Апарар сені алысқа.
Жеңіл емес ауыр жол,
Тырысып бақ намысқа.

**6-шы оқушы:** Әліппем менің Әліппем,
Өмірді келем танып мен.
Қайталап айтам мың рет,
Әліппе рахмет көп рахмет!
**7-шы оқушы:** Енді біз оқи аламыз,
Әріпті қосып әріпке.
Риза боп саған жүреміз,
Сүйікті біздің әліппе.
**8-ші оқушы :** Нүкте, үтір, жақшаны білдік,
Азат жолмен жазуды білдік.
Бас әріптен бастап сөйлем жаздық
Нүкте қойып аяқтадық.
**1-ші оқушы :** А деген аналарғой ардақты
**2-ші оқушы :** Ә деген әкелерғой салмақты
**3-ші оқушы :** Б деген балаларғой әдемі
Біздің елде үшеуі де кәделі ( хормен барлығы бірге )
Атам маған әманда
Әдепті жан бол деген
Ата сөзі санамда
Жасы үлкенге жол бер деген
Атам менің әрқашан
Кішіпейіл бол деген
Ата сөзі санамда
Жасы үлкенге жол берем
Атам менің иәрқашан
Әділеттібол деген
Ата сөзі санауда
Журем тура жолменен
**Әліппе:** Оу балалар менің әріптерім қайда?
Оқушылар: Біз мұндамыз ( балалар хормен)
**А**. А деген анағой.
Ана деген дана ғой,
**Ә**. Ә деген ол әкелерғой салмақты.
**Б.** Б дегенің балағой,
Жұмсаса апаң барағой.
**Г**. Г дегенің гу деп алғаш бөбектер ,
Гуілдейді бөбектер.
**Ғ.** Ғалым ғылым ғасырды ,
Ғ білімге асырды.
**Д**. Достарым сөздеріңнің бәрі дұрыс,
Д дыбысы даналықтың белгісі.
**Е.** Е елге есті ер керек,
Ер жет өсіп ертерек.
**Ж**. Жан жақсының жақсылық,
Жатыр Ж дан жаралып.
**З.** Зау зау ұшады зырылдап,
Зымыранша зырылдап.
**И**. Ирина изденді,
Инжинер мына біз деді.
**К**. Кекілік ау кекілік
Кетіп қалма секіріп.
**Қ.** Картқа қол бер
Жасқа жол бер.
**Л**. Лашын биік самғайды
Лашын көкті шарлайды.
**М**. Мектеп берген біліммен
Марқаясың жас улан.
**Н.** Наурыз айы келгенде
Наурыз тойы тойлансын.
**П.** Бала отыр партада
Оқы бала шаршама .
**Р.** Әріпте бар Р деген діріл дыбыс
Мұның сырын әрине білген дұрыс.
**С.** С әріпі сұлулықтың сымбаты
Сыпайылық сан алуан сын тақты.
**О**. Озат болып оқыңдар
Ойға білім тоқыңдар.
**Ө.** Өсті міне балалар
Өсті ақыл ойларың.
**Х**. Келіп тұрған хат хабар
Х әріпінен басталар.
**Ы.** Ыдысты саздан жасаған
Ықылас біздің жақсы адам.
**І.** Інісіне бағалы
Іңкәр ішік алғанды
**Т.** Т дегенім жеңімпаз
Туымыз ғой қолдағы.
**2 жүргізүші ;** Ризабек Самалдың орындауында ән «Әліппе» (Хормен Қош бол Әліппе)
**Әліппе:** Қош болыңдар балалар!
**Хор.** « Рахмет саған әліппе»
**Ана тілі:** Балалар мен сендерді жаңа достарың Ана- тілі боламын. Менің ішім қызыққа толы.
Менде келдім дамылда тойыңа,
Оқы талмай санаңа түй жас бөбек
Сыр құямын, нұр қиямын бойыңа,
Таза ұста мені қастерле.

**Ана тілі** Балалар мен сіздерді сынағалы отырмын . сіздер 42 әріп танып оқуды санауды жақсы меңгерген екенсіңдер менің тапсырмамды орындауға дайынсыңдарма.
(окушылар дайынбыз)
**Ана- тілі:** Жарайсыңдар
Келесі тапсырма :Әліппе сендерге не үйретті?
**1-ші оқушы:** Оқуды, жазуды, есеп шығаруды,ән айтып, би билеуді.
**2-ші оқушы:** Үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор болуды, жерімізді, елімізді, қорғауды үйрендік.
**3-ші оқушы :** Отанды, ата анамызды, достарымызды, табиғатты, мектебімізді қорғауды үйрендік.
**4-ші оқушы:** Ұстаздың көрсеткен жолы, ата ананың ақылы болашаққа деген сенім.
**Ана тілі:** Жарайсыңдар балалар, енді 3ші тапсырма қандай өлеңдердің, өнерлерің бар, ортаға салыңдар.
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------
**Ана тілі:** балалар өнерлерің күшті маған қатты ұнады өнерлерің өрге жүзсін.
**1 жүргізүші:** Ендігі сөз кезегін сынып жетекшімізге береміз.
Мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ------------------------------------сөз беріледі.
Бастауыш сыныптың оқу ісі жөніндегі орынбасары ______________________________ сөз береміз.
Қорытынды сөз; -----------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Алматы облысы Қарасай ауданы «Қырғауылды ауылындағы қазақ**
**орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталықпен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**Бастауыш сынып мұғалімі Кузембаева Кырмызы Каимовна**

**Сабақтың тақырыбы:** «Әке мен бала» Ы.Алтынсарин
**Мақсаты: Білімділігі:** Тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсарин өмірі мен оның шығармашылығы туралы білімдерін қалыптастыру.Әке мен бала әңгімесінің мазмұнын меңгерту.
**Дамытушылығы:** Балалардың тыңдай білу, әңгімелей білу іскерліктері мен байланыстырып сөйлеу дағдыларын, сын тұрғысынан ойлай білуін, ойын ашық айта білуге , орынды қолдануға үйрету.
**Тәрбиелілігі:** Бала бойына әкені сыйлау, құрметтеу, өнеге тұту сияқты ізгі қасиеттерді сіңіру. Әке мен бала арасындағы қарым – қатынасты нығайту. Жаман әдеттен аулақ болуға, қанағатшылдыққа, ақылды, тіл алғыш болуға, жақсы жолдас бола білуге тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Ы.Алтынсариннің суреті, мақал-мәтелдер, венн диаграммасы
**Әдіс-тәсілдері:** «Сын тұрғысынан ойлау » технологиясы, ойын
**Сабақтың түрі:** дамытпалы сабақ
**Сабақтың типі:** жаңа білімді меңгерту
**Сабақтың барысы:** І.Ұйымдастыру кезеңі
1. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.
2. Психологиялық дайындық
Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз
Барша жанды құрметтеп,
Бас иеміз біз.
**Ой қозғау**
**ІІ. Үй тапсырмасын тексеру. Өткенге шолу**
Тез жауап бер.
- Қазақ алфавитінде неше әріп, неше дыбыс бар?
Жауабы: 42 әріп, 40 дыбыс бар
- Әріп дегеніміз не, дыбыс дегеніміз не?
Жауабы: Әріпті көреміз, жазамыз. Дыбысты естиміз, айтамыз.
- Дыбыстар нешеге бөлінеді?
Жауабы: Дауысты, дауыссыз дыбыстар
- Дауысты дыбыстың қандай түрлерін білесіңдер?
- Жуан дауысты дыбыс, жіңішке дауысты дыбыс.
- Жуан дауысты дыбыстарды ата?
Жауабы: (а, о, ұ, ы)
- Жіңішке дауысты дыбыстарды ата?
Жауабы: (ә, е, ө, і, ү)
1) **«Ақсақалдың ақ батасы»** өлеңі жатқа сұралады
Бата туралы айту
Батаны тойларда үлкен кісі береді. «Бесікке салу» «Тұсау кесу» «Сүндет той» тағы басқа тойларда беріледі. Ас ішіп болғасын бата береді.
2) Ойын**: «Жалғасын тап!»** Мақалдарды жалғастырып айту.
Ата –бәйтерек Батамен ер көгерер Атадан бала туса игі,
......-.................. ........-........................ ..............-....................
**3)** Ойын: «**Жұбын тап!»**
Жұп дауысты дыбыстарды тапқызу
А-ә, о-ө,ы-і, ұ-ү жуан және жіңішке жұп дауыстылар. Олар өзара ұқсас дыбысталады.
**ІІІ. Жаңа сабақ**
**Дәптермен жұмыс**
Дәптерімізді ашайық,
Қолға қалам алайық.
Салақтықтан қашайық,
Әдемі етіп жазайық.
49-жаттығу: Сөздердің дыбысталуын салыстырып оқу. Берілген сөздердегі а, ә дыбыстарының өзара ұқсас дыбысталуын анықтау.
«Ішіне-сыртына» әдісі арқылы жуан-жіңішке айтылатын сөздерді бөліп жазу. (бары-бері, сан-сән, ар-әр)
1. Ы.Алтынсарин туралы мәлімет беру**: Ыбырай Алтынсарин** Қостанай облысында дүниеге келген, әліппе жазған, балалар әдебиетінң атасы, алғаш мектеп ашқан, ағартушы, ұстаз, жазушы.
2. «Әке» деген сөз қандай жақын,қандай ыстық десеңші! Өмірде әкесін жақсы көрмейтін бала жоқ шығар,өйткені бала үшін әкенің орны бөлек қой. Менің өмірдегі қымбат,ең қымбат адамым ол- сүйікті әкешім. Кішкентайдан ақылшым, қамқоршым. Әкешім бақытты аман-сау болуыңызды тілеймін.
Әке-асқар тау ( тау суреттері ілінеді)
Ана- қайнар бұлақ ( бұлақ суреті ілінеді)
Бала жағасындағы құрақ ( құрақ суреті ілінеді)
3. **Мәтінмен жұмыс: «Әке мен бала»** мәтінімен таныстыру. Мәтінді бөлімдерге бөлу. (бала, әке, шие, ұста,таға, тиын, егін )
1. Бір адам он жасар баласын ертіп егіннен жаяу келе жатса, жолда жатқан бір ескі тағаны көріп, баласына айтады:
- Балам,анау тағаны ала жүр. Бала әкесіне:
- Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын ?- дейді.

Әкесі үндемейді, тағаны өзі еңкейіп алады да, жүре береді.

2.Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі манағы тағаны соларға үш тиынға сатады. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алады.Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірден алып жеп, баласына қарамай аяңдап жүре береді.

3. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан іліп алып, аузына салады.Біршамадан соң және бір шие, онан біраз өткен соң таңы бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолыннан түскен шиені он шақты рет иіліп жерден алып жейді.

4. Ең соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтады:

- Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға ерініп едің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің.

5. Мұнан былай есіңде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең, көптен де құр қаласың,- депті.

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрамыз,
Екі қолды созамыз.
Оңға, солға бұрылып ,
Бір отырып, бір тұрып,
Сәл тынығып аламыз.

**IV. Бекіту.**

**Ой толғау :** Мәтін мазмұнын талдауға байланысты сұрақтар қою.

- Әкесі мен баласы қайдан қайтты?
- Олар жолда нені көрді?
- Әкесі баласына не деді?
- Бала әкесіне қалай жауап қайтарды?
- Әкесі тағаны қалай пайдаға асырды?
- Әкесі шиені неғылды?
- Әкесі баласына қандай ақыл айтты?

**Венн диаграммасын құру.**

**Әке: Бала:**

Үлкен кісі Жас бала
Тағаны алады Тағаны алғысы келмейді
Ақылды адам Ақылсыз бала
Шие сатып алады Шие сатып алмады
Еңбектенеді Еңбектенбеді

**VI. Қорытындылау**

Мақалдармен таныстыру.

1. Еріншек екі істер
2. Еріншектің ертеңі бітпес

Осы мақалдың қайсысы мәтінге сәйкес келеді, тапқызу, дәлелдеу.Мақалдың мағынасын ашу, талдау.

«Талаптыға нұр жауар» мақалын түсіндіру, екі баланы салыстыру(оқулықта берілген суреттегі бала мен кейіпкер баланы салыстыру)

**Кейіпкер бала:** еңбектенген жоқ, тағаны алмады, ақылсыз бала, сатып алмады.

**Суреттегі бала:** еңбектенеді, мақсат қояды, ақылды бала.

**Ұқсастығы:** Жас бала

**VII.Бағалау. Білімдерін бағалап, мадақтау.**

**VIII.Үйге тапсырма:** Мәтін «Әке мен бала» түсініп оқу, мазмұндау, мақал-мәтел жазу, жаттау

---


**«Қырғауылды ауылындағы қазақ орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталықпен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**Мектеп психологы Мусабекова Шакизат Дуанбаевна**


## Тренинг : «Біз бір командамыз!»

**Мақсаты :**

1. Хроматикалық түстердің ұнамдылығына байланысты топтағы қарым-қатынасты бағалау.
2. Қарым-қатынасқа түсу барысында көңіл-күйді, эмоцияны сезіне білуге жұмылдыру.
3. Топтағы белсенділікті арттыру.

**Қажетті құралдар:** плакат, 7х3 см тіктөртбұрышты түрлі түсті қағаз дайындау, маркерлер, лента, газет орамдары.

**I Ұйымдыстыру кезеңі:**

Қатысушылар бүгінгі күнгі жаттығуға дайындықтарын шартты белгілермен көрсетуді өтіну.

А) екі алақанын ашып жүргізушіге көрсету. Бұл белгі «мен бүгін белсенді жұмыс істеуге дайынмын».

Б) екі алақанын өзіне қаратса, «мен бүгін белсенді жұмысқа дайын емеспін» - белгісін білдіреді.

В) егер де бір алақанын ашық, екінші алақанын өзіне қаратса, бұл белгі: «мен жаттығуға дайынмын, бірақ көңіл-күйім онша емес» - дегенді білдіреді.

**II Негізгі бөлім:**

**<u>«Көңіл – күй түстері»</u>**

*<u>Нұсқауы:</u>* Үлкен плакатқа тіктөртбұрышты түрлі – түсті қағаз ретімен жабыстырылады. Плакаттың жоғарғы жағына белгілі бір көңілді білдіретін сандар жазылады, яғни

Өте-өте ұнайды – 5
Өте ұнайды – 4

Ұнайды – 3
Кейде ұнайды – 2
Кейде ұнайды, кейде ұнамайды – 1
Әрбір топ мүшесі түстер маңындағы сандарды қалауы бойынша ретімен «Х»белгісі арқылы белгілеп шығады. Жүргізуші әрбір қойылған белгілерді есептеп, сатылық деңгей түрінде нәтижені шығарады. Тиісті мінездемелерді қалыптастырады (мысалы күлгін түс көп ұпай жинаса, онда топта эмоционалдылық, көтеріңкі көңіл-күй орнаған).

Плакат үлгісі

| | Өте-өте ұнайды – 5 | Өте ұнайды – 4 | Ұнайды – 3 | Кейде ұнайды – 2 | Кейде ұнайды, кейде ұнамайды – 1 |
|---|---|---|---|---|---|
| Көк түс | | | | | |
| Қызыл түс | | | | | |
| Қызғылт түс | | | | | |
| Жасыл түс | | | | | |
| Сары түс | | | | | |
| Күлгін түс | | | | | |

*Қолданылатын түстер:*
1. Көк - тұрақтылық, суықтық
2. Қызыл - ашушаңдық, белсенділік
3. Қызғылт сары – суықтық, сенімділік, тұрақтылық
4. Жасыл – зейінділік, топтық сезу
5. Сары – эмоционалды тұрақтылық, жылулық
6. Күлгін – эмоционалдылық, көтеріңкі көңіл-күй.

**« Атыспақ»**

*Нұсқау*: Бөлменің ортасын лента арқылы немесе қандайда бір белгімен екіге бөлеміз. Қатысушылар екіге бөлініп белгінің екі жағына шығады. Алдын ала дайындалған газет орамдары (қарды дөңгелектегендей газетті скочпен орап дөңгелектеу) екі топқа бірдей көлемде беріледі. Қатысушыларға тапсырма өз жағындағы газет орамдарын арғы бетте тұрған қатысушыларға лақтыру. Ойын соңында қай бетте аз газет орамдары қалса сол топ жеңіске жетеді.

**ІІІ Қорытынды:**
**Жанды анкета**
- Бүгін өзіңізге не алдыңыз?
- Не ұнады?
Әр қатысушымен талдау жасай отырып, қажеттілігінің деңгейі қандай еді, қандай нәтиже берді, салыстыру.

---

**Алматы облысы Қарасай ауданы Қырғауылды ауылы**
**«Қырғауылды ауылындағы қазақ орта мектебі мектепке**
**дейінгі шағын орталықпен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**бастауыш сынып мұғалімі Ералиева Ақниет Айжарыққызы**

***Сабақтың тақырыбы:***Мен елімді сүйемін. Сырбай Мәуленов.
***Сабақтың мақсаты:*** 1. «Мен елімді сүйемін» мәтінінің мазмұнымен таныстыру, түсіндіру. Сырбай Мәуленов өмірімен, шығармашылығымен таныстыру.
2. Оқушылардың шығармашылық қабілеттін арттыру, сөйлеу дағдысынжетілдіру. Өз ойын еркін айтуға дағдыландыру, білімге құштарлығынарттыру.
3. Оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып ,туған елдің табиғатын қорғауға және құрметтеуге тәрбиелеу.
***Сабақтың көрнекілігі :*** Білім ордасының суреті, слайд.
***Сабақтың түрі :*** Аукцион сабақ
***Сабақтың әдісі:*** Сұрақ –жауап ,түсіндіру, ой тастау
***Сабақтың жүрісі:***
І. Ұйымдастыру бөлімі
Оқушыларды топқа бөлу.
1-топ Гүл. 2-топ Күн. 3-топ Жер.
Психологиялық дайындық.
Күн жарығын алақанға саламын,
Ізгі, әрі нәзік жанды, мейірімді,
Жүрегімде басып ұстап қаламын
Болып кетер сонда дереу жан жағым.
- Балалар, біздер білімді болу үшін бізге не керек?
- Біз білімді қайдан аламыз?
- Ендеше балалар, бүгінгі біздің сабағымызда *Білім ордасын* аукционға саламыз. Осы білім ордасынан біздер алдағы уақытта керекті білімді алатын боламыз. *Аукцион* дегенміз бұл ең көп ақшаға сату деген сөз.

- Ал, бүгін біз, ақшаның орнына білімімізді сала отырып, ең көп ұпай жинауға тырысамыз. Көріп тұрғанымыздай аукцион бірнеше сатыдан тұрады. Әр сатыдан өзімізге тиісті ұпай санын алып отыруымыз керек. Ең көп ұпай жинақтаған топ, бүгінгі білім ордасының иесі болып табылады.
1-саты. «*Ой жинақтау*» сатысы Бұл жерде біздер үй тапсырмасын тексереміз.
Үй тапсырмасы :
1. «Сен ұйықтап жатқанда» әңгімесінің мазмұнын айту.
2. Сұрақтарға жауап алу.
а) Әңгіменің авторы кім?
ә) Бердібек Соқпақбаев кім?
б) Бердібек Соқпақбаевтың әңгімесінде не туралы айтылған?
в) «Сен ұйықтап жатқанда» әңгімесінде қандай маман иелері жұмыс істейді?
II . Жаңа сабақты түсіндіру
2-саты. «*Ой қозғау сатысы*»
-Балалар, «туған » сөзіне сөз тіркестерін айтайықшы. Қандай сөздерді жалғап айта аламыз? (күтілетін жауаптар: туған ел, туған жер, туған өлке)
Дұрыс айтасыңдар, балалар. Туған жер, туған ел тіркесін қалай түсінесіңдер?
( Оқушылардың ой-пікірін тыңдау.) Мұғалімніңтүсіндіруі.
- Дұрыс айтасыңдар,туған жер дегеніміз туып-өскен жерің. Қазір барлығымыздың тұрған жеріміз қалай аталады?
–Ендеше бұл біздің туған жеріміз. Алматы қаласы Алатау бөктерінде орналасқан. Бейне көрініске назар аударайық. Қандай әсер алдық.
– Енді балалар, көптеген ақын- жазушыларымыз өздерінің туған жеріне арнап өлеңдер, шығармалар жазған. Сондай жазушыларымыздың бірі Сырбай Мәуленов атамыз.
3- саты. *Мағына тану.*Біздер қазір мағына тану сатысына көтерілеміз.
1. Сырбай Мәуленовтің өмірімен таныстыру. Слайд арқылы түсіндіру.
2. Мәтінді мәнерлеп оқу арқылы түсіндіремін. Оқушыларға оқытамын.
4-саты. *Топтастыру.*Орталықтармен жұмыс.
а) Әдебиет орталығы. Туған жер тақырыбында:
1 топ. Өлең құрастыру.
2 топ. Шығарма жазу.
3 топ. Сурет салу.
2.Мақал-мәтел жарысы. Туған жер туралы мақалдар айтып жарысу.
ә) Дүниетану орталығы.Болашақта үлкен азамат болғанда туған жеріміздің табиғатын қалайша қорғар едің? (Оқушылардың пікірін тыңдау)
б) Театр орталығы. Көрініс «Кімнің мекені жақсы?»
- Сонымен балалар, кімнің мекені жақсы болды?
- Әрбір адамның туған жерінен артық жер жоқ екен. Мейлі ол салқын болсын, мейлі ол шөл болсын. Сондықтанда балалар әрқайсысымыз туған жерімізді қадірлеп, оның табиғатын қорғай білейік.
Жеңімпаз топты анықтау.

III. Сабақты қорыту
-Бүгін балалар, біз қандай тақырыппен таныстық?
- Ендеше, балалар бүгінгі сабағымызды қорыту үшін маған шаңыраққа уықтарды қадауға көмектесулерің керек.
- «Мен елімді сүйемін» мәтінін кім жазған?
-Сырбай Мәуленов кім?

Үйгетапсырма:
1. «Мен елімді сүйемін» мәтінін мазмұндау.
2.«Туған ел-алтын ұям» тақырыбына шығарма жазу.
3. Мәтінге байланысты сурет салу.
Оқушыларды бағалау

---

**Алматинская область Карасайский район КГУ «Средняя школа село Кыргауылды с дошкольным мини цетром »**
**Учитель русского языка и литературы Тлеуова Роза Саримсаковна**

**Тема урока: « Домашнее животные»**
**Цель урока:**
*Образовательные*: умения назвать домашних животных. выразительно читать стихи переводить с русского языка на казахский
*Развивающие* : Развить речь ,мышление, обогатить словарь.
*Воспитательные:* Призывать детей любить и беречь домашних животных
*Оборудование*: учебник, картинки, интерактивная доска, слайды

**Ход урока**
**I. Организационный момент** (цепочка- пожелания круг)
-Здравствуйте, ребята. Достаньте книжки, тетради приготовимся к уроку. Кто дежурный? Кого нет в классе?
-Ребята, с каким настроением вы пришли на урок? Проверка домашнего задания
- Кто фермер? -…………..
- Ферма какая? -……………

- Кто там работает? -…………….
- Что делают мальчики? -……………
- Что желает Гриша? -…………….
- Что делает Юра? -…………………

*Работа по картинке. Составить предложения*

№1 Доярка доит корову
№2 Чабан пасёт овец
№3 Девочка кормит козу

**II. Введение в тему**

Игра «Кто как голос подаёт?»
Слайды:№1 корова, курица, коза
№2 свинья, лошадь, петух
№3кошка, собака, гусь
- Как одним словом назвать тех кого вы видели на экране ?
- Домашние животные и птицы
Игра. Кто лишний ? А сейчас внимательно посмотрите на экран и скажите
- Кто среди этих животных лишний?
Слайд:
1) Собака, свинья, медведь
Медведь лишний потому что он дикий
2) Лиса, волк, корова
Корова лишний. Потому что она домашнее животное
- Скажите какие животные называются дикими?
- Те животные которые живут в лесах
- Какие животные называются домашними?
- Те животные, которые живут у на во дворе
- Какие загадки о домашних животных вы знаете?
– Ученики загадывают загадки о домашних животных?
–

**№1**

А) Не дедушка, а с бородой
угадай кто он такой? (козел)
Б) Сама пёстрая, есть зеленое, дает белое (корова)

**№2**

А ) День жует и ночь жует
Ведь траву не так легко
Переделать в молоко (корова)
Б) Шубу дважды в год снимает
